



«ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАР»



ДӘУІР АҚЫНЫ

ОРТАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА

**«Ұлы тұлғалар»
ғылыми-ғұмырнамалық сериясы**

ДӘУІР АҚЫНЫ

(Ұлы ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровқа арналады)

**АЛМАТЫ
2002**

ББК 84 (5Қаз.)

Д-22 Дәуір ақыны: Ұлы ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровқа арналады /
Құраст. Ф.Қ. Бектұрбекова. – Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2002.-255
бет.-«Ұлы тұлғалар» ғылыми-ғұмырнамалық сериясы.

ISBN 9965-473-51-X.

ББК 84 (5 Қаз.)

Бас редактор

Филология ғылымдарының кандидаты

С.С. ҚОРАБАЙ

Жауапты редактор

Орталық ғылыми кітапхана директоры

К.Қ. ӘБУҒАЛИЕВА

Редакция алқасының мүшелері:

Л.Д. ӘБЕНОВА, Т. БЕРІКБОЛОВ

Құрастырушы

Ф.Қ. БЕКТҰРБЕКОВА

Қазақтың ұлы ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыровқа арналған ғылыми-
ғұмырнамалық жинаққа өмірі мен шығармашылығы, таңдамалы еңбектері,
зерттеулер мен естеліктер, еңбектерінің хронологиялық көрсеткіші және
өмірі мен еңбектері туралы әдебиеттер тізімі енгізілген.

Бұл жинақ әдебиет пәнінің мұғалімдері мен сұлтанмахмұттанушыларға,
ғылыми қызметкерлер мен аспиранттарға және көпшілік оқырман қауымға
арналған.

470225004

Д-----

00(05)-02

© Бектұрова Ф.Қ.

құрастырушы, 2002

ISBN 9965-473-51-X.

МАЗМҰНЫ

Құрметті оқырман.....	
Алғысөз.....	
Сұлтанмахмұт Торайғыровтың өмірі	
Мен шығармашылығына шолу.....	
Сұлтанмахмұт Торайғыровтың өмірі мен	
Қызметінің негізгі кезеңдері.....	

I – бөлім

ТАҢДАМАЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫ

Алаш ұраны.....	
Таныстыру.....	
Нүрекеңе.....	
Секілді өмір қысқа, жарты тұтам.....	
Оқып жүрген жастарға.....	
Достыма ұмытпастық үшін хат.....	
Арманым.....	
Жарлау.....	
Шығамын тірі болсам адам болып.....	
Ендігі беталыс.....	
Туған еліме.....	
Тұтқындағы Байтұрсынның “Масасына”.....	
Бір адамға.....	
Өмірімнің уәдесі.....	
Асыл сөз.....	
Ақ сәуле.....	
Қожеке, келдіңіз бе көңілім сұрай?.....	
Түсініктер.....	

II – бөлім

СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВТЫҢ АҚЫНДЫҒЫ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕР МЕН ЕСТЕЛІКТЕР

Қирабаев С. Ақын тағдыры.....	
Ахметов З. “Алаш” деп ұран салған ақын.....	
Еспенбетов А. Реалистік поэма бітімі.....	
Кәкішев Т. Сұлтанмахмұттың “Айқаптағы” қаламгерлігі хақында.....	
Мәшһүр Жүсіптегі Қ. Сұлтанмахмұт және Сәкен.....	
Ергөбек Қ. Сұлтанмахмұт социализмді қалай түсінді.....	
Мұсағитов М. “Айтыс” поэмасы неге аяқталмаған?.....	
Оразбеков М. Саяси тұлғаларға ақындық көзқарас.....	
Ахметов Ж. Сұлтанмахмұт шығармаларындағы	

фольклорлық нақыштар.....	
Мұхтар Әуезовтың естелігінен.....	
Әлімхан Ермековтың естелігінен.....	
Әлкей Марғұланның естелігінен.....	
Шәйбай Аймановтың естелігінен.....	
Шәймерден Торайғыровтың естелігінен.....	
Нұрке Жаналиннің естелігінен.....	
Бекхожин Қ. Сұлтанмахмұтке.....	
..	

III – бөлім

КӨМЕКШІ КӨРСЕТКІШТЕР

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың еңбектерінің хронологиялық көрсеткіші.....	
Сұлтанмахмұт Торайғыровтың Орталық ғылыми кітапхана мен Әдебиет және өнер институтының қорында сақтаулы қолжазбалары.....	
Сұлтанмахмұт Торайғыровтың өмірі мен еңбектері туралы әдебиеттер.....	
Сұлтанмахмұт Торайғыровтың еңбектерінің әліпби көрсеткіші.....	
Есімдер көрсеткіші.....	
Көрсеткішті құрастыруға пайдаланылған мерзімді Басылымдар мен әдебиеттер тізімі.....	
Авторлар туралы мәлімет.....	

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасы 2001-жылдан бастап «Ұлы тұлғалар» деген арнайы ғылыми-ғұмырнамалық серия шығара бастады. Ондағы мақсат – халқымыздың ұлттық зиялыларын, елеусіз қалған есіл ерлерімізді қалың көпшілікке насихаттау.

Қиын тағдыр кешкен қызықты тұлғалары бар XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде қысқа ғұмыр кешкен қыршын дарын Сұлтанмахмұт Торайғыровтың алатын орны ерекше.

Сұлтанмахмұт Торайғыров – XIX ғасырдың аяғында дүниеге келіп, XX ғасырдың бас кезінде өмір сүрген демократ-ақын, дәуір дидарын анықтап, айқындайтын ұлы тұлға!

Ол қазан төңкерісіне дейінгі қазақ халқының ауыр тұрмысын өз көзімен көріп, солардың қамын ойлаған және өзінің шығармашылығында сол кездегі тұрмыс көріністерін реалистік тұрғыдан терең суреттеген ақын. Қазақ халқын оқуға, өнер-білімге шақыра отырып, қожа-молдаларды қатал сынға алды, олардың кертартпа, кесірлі қылықтарын аяусыз әшкереледі. Ақын ел ішіндегі ескі әдет-ғұрыптарға қарсы тұрып, әсіресе әйел теңдігі мәсілесіне айрықша көңіл бөліп отырды, қалың-мал алу мен әменгерлікті жоюды көкседі.

Сұлтанмахмұт Торайғыров қазақ поэзиясында әлеуметтік қоғамдық сарындарды мейлінше күшейте, өткірлей түсті. Сонымен бірге ол қазақ лирикасының ішкі мүмкіншілігін молайтып, жаңа сатыға көтере білді, қазақтың көркемпрозасы мен поэмаларының қалыптасуына ерекше еңбек сіңірді.

Сұлтанмахмұт табиғатында сатирик ақын. «Абай, Сұлтанмахмұт дамытқан сатира уыты, әрине, сол өздері өмір сүрген замандағы халқымыздың эстетикалық талап, талғамынан келіп туған жәйттер еді»¹, - дейді М. Тілеужанов. Қоршаған айналадағы бойкүйездікке төзбестік білдіру, күнделікті өмірдегі кемшіліктерден бастап әлеуметтік теңсіздікті жер-жебіріне жете сынау – оның барлық шығармаларына ортақ қасиет.

Ұсынылып отырған ғылыми-ғұмырнамалық жинақта Сұлтанмахмұт Торайғыровтың өмірі мен қызметінің негізгі кезеңдері берілді.

«Таңдамалы шығармалар» бөлімінде Сұлтанмахмұт Торайғыровтың өз қаламынан шыққан бірқатар еңбектеріне ғылыми-текстологиялық салыстырмалар жүргізіліп, 1912-жылдан бастап жарық көрген «Айқап», «Абай», «Таң» журналдары мен «Қазақ», «Сарыарқа» газеттерінде жарияланған еңбектері, сонымен қатар 1922, 1933, 1950, 1957, 1967, 1987, 1993, 2002-жылғы жинақтар тегіс қамтылып, негізге алынған. Жинақтың соңында өлеңдеріне түсініктер берілген².

¹ Тілеужанов М. Астарлы әзіл. Алматы, 1978. 27 б.

² Сұлтанмахмұт Торайғыров: Үш томдық шығармалар жинағы. Алматы: Жібек жолы, 2002. 1-ші том. 175 б.

«Ақынның ақындығы туралы зерттеулер» бөлімінде ғалымдар мен ғылыми-қызметкерлердің бірқатар зерттеулері мен естеліктері берілген.

Ғылыми-биографиялық серияның «Көмекші көрсеткіштер» бөлімінде Сұлтанмахмұт Торайғыровтың өмірі мен шығармашылық еңбегін сипаттайтын мәліметтер әліпби тәртібімен орналасқан: әуелі қазақ тілінде, содан соң орыс тілінде берілген, оның өз еңбектері хронологиялық ретпен әр жылдың ішінде әліпби бойынша орналасқан.

Кітаптың соңында еңбектердің әліпби және есімдер көрсеткіші берілген. Онда еніп отырған цифрлар, олардың өмірі мен шығармашылық еңбегін сипаттайды және хронологиялық көрсеткіштерінің тұсындағы рет тәртібін білдіреді.

Оқырмандардың көңілінен шығады деген ниетпен, осы еңбек туралы ұсыныстарыңызды мына мекен-жайға жіберулеріңізді сұраймыз:

480100, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 28.

Орталық ғылыми кітапхана.

Ғылыми-библиографиялық бөлім.

Тел.: (3272) 61-02-39

Факс: (3272) 61-02-60

E-mail: cnb@academset.kz

АЛҒЫСӨЗ

Туған халқы үшін қызмет етуді басты парызы санап, елім деп еңіреп өткен асқақ арманды өршіл ақын, алаш ардағы Сұлтанмахмұт Торайғыров небәрі жиырма жеті жыл ғана ғұмыр кешті. Аз болса да, мағыналы өмір сүріп, бар білгені мен талантын халқына арнады, қалам қуатын ұлт болашағына жұмсап, қазақ әдебиетіне үлкен үлес болып қосылған мәңгілік туындылар қалдырды.

Бүкіл поэзиясының бағдарламалық шығармасы болған «Оқудағы мақсат не?» атты өлеңінен бастап оқу-білімге ұмтылуды, өнері асқан халықтардан үлгі алып, алдыңғы қатарлы елге айналуды мақсат еткен ақын арманы биік мұраттарға толы еді. «Қараңғы қазақ көгіне, Өрмелеп шығып күн болам» деген ол қарапайым халықтың ғана мұң-зарын, ой-тілегін күйттеген жоқшысы, жоқтаушысы емес, бүкіл ұлттың рухани әлеміндегі ой қазынасының шамшырағы, ұлт бірлігі мен тұтастығының жалынды жаршысы болды. Арманшыл ақынның мәңгілік өлмес мұрасы, сан қырлы айшықты таланты халқымыздың өзін-өзі тану үрдісіндегі ұлтжандығын өсіру әспетіндегі үлкен бір орны бөлек тағылымы да тәрбиелік мектеп десек те қонымды.

Сұлтанмахмұттың тұғыры биік классикалық шығармасы – «Қамар сұлу» романы қазақ әйелінің аянышты тағдырын суреттей отырып, сол кездегі өмір шындығын, қоғамның әлеуметтік сыр-сипатын тереңдей ашқан көркем туынды ретінде қазақ әдебиетінің төрінен ойып орын алса, «Кім жазықты?» - ақынның қоғамдық өмірді жан-жақты ашып көрсеткен ең күрделі шығармасы, ұлт әдебиетінде өлеңмен өріліп жазылған бірінші роман. Аты айғайлап айтып тұрғандай, өмірдің әділетсіз жақтары мен кеселдері жазықтыларды іздеп шарқ ұрады, астарына үңіледі. «Адасқан өмір» поэмасы туралы әңгіме қозғасақ, бұл – Сұлтанмахмұт поэзиясының биік шыңы. Негізгі өзекті ойы адам өмірді өз мақсат-тілектеріне орайластырып бағындыра алады және соған әрдайым ұмтылуға тиіс екендігіне нық сеніммен қорытынды жасаған шығармада автордың қысқа ғұмырында өзі бастан кешкен өмір сабағынан тәлім алған тағылым негізінде надандық пен теңсіздікті аяусыз сынай отырып, жоғары адамгершілік мұраттарды асқақ ақындық үнмен жырға қосады. Ақын жүрегін жарып шыққан шындық оның «Кедей» поэмасының басты тақырыбына айналды. Бүкіл өмірі мен тұрмыс-тіршілігі қанауда өткен кедейдің бойынан адамдық ізгі кісілігін жоғалтпаған асыл белгілерін шебер суреттеген көркем құндылығымен ерекшеленген, ащы шындықты ашына жырлаған өрелі туынды болып қалды.

Ақынның поэзиясы әлеміндегі қай қтуындысы болсын, әңгіме, мақала, очерктері болсын, тақырыбы жағынан сан қырлы болып, қоғамдық өмірдің толғағы жеткен көкейкесті мәселелерін кеңінен қамтыды. Оның осыған дейін оқуға тыйым салынған туындылары ішінде «Айтыс» дастаны – ұлттық идеяны жырлау тақырыбындағы ең шоқтығы биік шығарма. Қым-қуат қилы кезең, алаш ұраны асқақтап тұрған 1919-жылы жазылып, аяталмай қалған бұл

шығарманың ақын мұрасындағы орны бөлек, ұлттық идеясы басым қуатты да құнды туынды. Қала мен дала ақынын айтыстыра отырып, туған халқының мүшкіл халін жыр жолдарына сыйдырған, ұлт болу мәселесін батыл көтеріп, осы тұрғыдағы даму бағдарламасы дерліктей публицистикалық-философиялық ой толғаған дастан ғибраты мол, мазмұн мен кестелі тілге бай шығарма ретінде қазақ поэзиясынан өз орнын енді тауып отыр.

Алаш туы астында
Күн сөнгенше сөнбейміз
Енді ешкімнің алашты
Қорлығына бермейміз! –

деп отаншылдыққа, ұлтжандылыққа шақырған «Алаш ұраны» атты өлеңі Алаш қозғалысының әнұраны дерлік дәрежеге көтеріліп, жұртшылықты дүр сілкіндірді, ұлттық рухты азаттық туындай биікке аспандатты.

Сұлтанмахмұт поэзиясы – ақындық шеберліктің, туған жерге, Отанға шексіз берілген ұлтжандылықтың, биік парасаттылық пен азаматтықтың жарқын мектебі.

Алаш ұранды ақының екінші өмірі енді басталды. Қайталанбас тұлғаның бұған дейін айталмай келегін өмір белестерінің белгісіз бетері енді ашылып, талай жылдар бойы тыйым салынып келген сүбелі шығармаларын қайта тануға бет бұрылды. «Дәуір ақыны» жинағының Сұлтанмахмұттану ісінде жаңаша бетбұрыс болып, біртуар талант иесін терең тани түсуге игі ықпал етеді деп ойлаймыз.

Серікқазы ҚОРАБАЙ,
филология ғылымдарының
кандидаты

Сұлтанмахмұт жас ақындардың ішіндегі бір күшті ақын еді. Өнер-білім сәулесін аңсап, құлаш ұрып, кедейлік, жоқшылық зарын шегіп, жауыз тұрмыспен жанталасып, алысып, жеңе алмай, мерт болды. Тірі жүрсе, өзі айтқандай, қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болғандай, от-жалындай зулаған болат қайрат, құрыш жігердің, кекті жүректің ақыны еді».

Жүсіпбек АЙМАУЫТОВ

СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНА ШОЛУ

Қазақ халқы ой дүниесінде аз жасап, көп іс тындырған Сұлтанмахмұт Торайғыров халқымыздың аяулы перзенттерінің бірі. Сұлтанмахмұт Торайғыров – қазақ халқының XX ғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы, ғажап ақыл-ойшысы. Ол – ұлы Абай дәстүрін жалғастырушы. Абай ашқан поэтикалық мүмкіндікті өзі өмір сүрген қоғам шындығын, қайшылығын бейнелеуге еркін де кең пайдаланған шебер. Сұлтанмахмұт өлеңдегі Абай өрнегін шебер пайдаланушы ғана емес, өзінің ақындық қуаттарынымен жаңалаушы, ілгері дамытушы. Ол – қазақ халқының XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті аталатын тұтас дәуірдің айрықша ірі тұлғасы. Қоғамдық-әлеуметтік өмір шындығын шығармаларында батыл да анық реалистік сапада көрсетумен, шығармаларының көркемдік қуаты жөнінен ол өз биігін ғана анықтаған жоқ, тұтас бір дәуір – XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті табиғатын айқындаған ұлы құбылысқа айналды.

Сұлтанмахмұт Торайғыров – екі дәуір тоғысында, аса күрделі кезеңде тіршілік кешті. Ол Ресей тарихының, Ресейге бағынған қазақ халқы тарихының аса бір өрлеу кезеңінде – тарихи дамулар, күрес-көтерілістер қиян-кескі соғыстар, дүрбелеңді рефолюциялар дәуірінде жасады. Ресейде, әуелі прогресшіл әсер етуі, кейін империализмге ұласып, реакцияшыл бағыт алуы; 1850-1907-жылдардағы бірінші дүниежүзілік империалистік соғыс; қазақ халқының 1916-жылғы ұлт-азаттық көтерілісі, 1917-жылғы ақпанда болған буржуазиялық-демократиялық революция, сол жылғы Ұлы Октябрь социалистік революциясы – Совет өкіметінің орнауы. 1918-1920-жылдар арасындағы азамат соғысы... Осының бәрі ақынның көз алдында болып жатты. Сондықтан да ақынның өмір-тіршілігіне, күнделікті қызметіне, дүниетаным – көзқарасына, шығармаларының тақырыптық мазмұны мен жанр, түріне зор әсер етті. Із-таңбасын салды. Өйткені, ақын – заман перзенті. Сұлтанмахмұттай ірі ойлы, асау жүрек, асқан шабытты, Н. Хикмет айтқандай, лапылдап жанып тұрған ақын көз алдында болып жатқан ірі өзгерістердің қайсысына да бейтарап қарай алмайтын еді. Заманына лайық, ірі табиғатына сай Сұлтанмахмұт Торайғыров өзінің саналы саяси өмірін, творчестволық қызметін:

Шындықтың ауылын іздеп түстім жолға,
Разымын, не көрсем де осы жолда.
Шаршармын, адасармын, шалдығармын,
Бірақ бір табамын деп, көңілім сонда –

деп бастады. Өмір бойы осы сертін орындау жолында қызмет істеді. Жарғақ құлағы жастыққа тимей, өзіне, халқына өнер-білім, еркіндік, бақыт іздеді.

Сұлтанмахмұт 1893-жылы 29-қазан күні қазіргі Көкшетау облысының Қызыл ту ауданында туып, төрт-бес жасынан Павлодар облысының

Баянауыл ауданында өседі. Оның туған әкесі, Әубәкір аты ұмытылып, Шоқпыт – Шоқа атанған кедей шаруа екен. Қазақша хат біліпті.

Болашақ от ауыз, орақ тілді ақын алты жасында әкесінен оқып, хат таниды. Қара таныған баланы осыдан кейін кейде Шоқпыт өзі оқытып, кейде ауыл арасындағы молдаға беріп оқытып, баласын оқудан үзбейді. Болса да малға жарымадық, енді тек Сұлтанмахмұт білімге жарлы болмасыншы деген тілек үстінде жүреді көз ашық, көкірегі ояу әке. Сұлтанмахмұт 1902-1903-жылдары Әлі деген молдада, 1904-1905-жылдары Тортай деген молдада, 1906-1907-жылдары Мұқн деген молдада оқиды.

Молдалардың ішінде Мұқан біраз оқыған, әдебиеттен хабардар, өзі де өлең шығаратын көңілінің желі бар жан екен. Ол араб, парсы ертегілерін қазақша өлең етіп жазады; біреуді мақтап, біреуді мазақтап өлең шығарады. Оқушыларын қазақ халқының ауыз әдебиетімен, Шығыс әдебиетімен таныстырады. Ол кезде Шығыс халықтарының нәзіралық жолмен жырланып, түрлі вариацияға ұшырап, қазақ даласына жеткен шығармалары болғаны мәлім. Ол шәкірттерін осы шығармалармен таныстырады екен. Шәкірттерін өлең жазуға қызықтырады, машықтандырады.

Дәріс беретін молдаға еліктеуші шәкірттің бірі – Сұлтанмахмұт. Ол Мұқан молдаға еліктеп, он үш жасында өлең жаза бастайды. Тұңғыш жазған өлеңі, «Секілді өмір қысқа жарты тұтам» деп аталады. Тырнақ алды өлеңінде Сұлтанмахмұт өзін оқытушы молдалары, оқуы туралы, ақындыққа талпынып жүргені жайында сыр айтады.

Сол кезде Баянауыл қаласында медресе ашылып, Сұлтанмахмұт 1908-1910-жылдары сонда оқиды. Молданың үйінде жатып оқыған Сұлтанмахмұт малай есепті жүреді. Сабақтан босағанда су әкеліп, отын жарып, шәй қайнатады. Молданың малын күтеді. Жығылған үстіне жұдырық дегендей, өлең атаулыға жаны қас молда өлең жазсаң, теріс батамды беремін деп, бала Сұлтанмахмұтты қорқытып ұстайды. Тәліміне қарай ақынталап бала бұл жылдары басылыңқы жүреді. Тұла бойы толған тұмар, мойнында дұғалық, аузында зікір, оқығаны намаз болды. Қари болам деп, «құранды» он үш парасына дейін жаттап алады.

1911-жылы Шоқпытқа көрші ауыл Нұрғали деген кісіні молдалыққа жалдайды. Нұрғали Троицк қаласында жаңаша тәртіппен оқыған кісі екен. Ол қазақ, татар тілінде шығатын газет, журналдарды, әдебиет, пән кітаптарын алдырып, оқып тұрады. Сұлтанмахмұт бойдағы тұмардың жалғандығына, ескі оқудың кертартпалығына көзі жетіп, ескіден безініп, өрісті жаңалыққа - өнер-білімге шындап бет бұрады. Өлең, әңгіме жазуға ден қояды. Жаңаша білім алып, қанаттанған ақын, бұл жылдары «Дін», «Сарыбас», «Соқыр сопы», «Оқу», «Кезек қашан келеді?» секілді бірсыпыра өлең, «Зарландым» деген ұзақ әңгіме жазады. Шығармашылық жол бастауында жазған өлеңдері мен әңгімесінде ақын ескі оқу мен жаңа оқудың айырмасы өнер-білімнің пайдасы туралы, дін, байлық, кедейлік, еңбек жайында толғанады.

Жаңа талап үшін аздаған кеңестің өзі қаншалық бағдар айқындауға жетеді десеңізші. Нұрғалидан бір жыл дәріс алған Сұлтанмахмұт енді шетке кетіп, елеулі оқу оқығысы келеді. Үлке қаланың біріне барып, іргелі оқу орнынан білім алу, халқының қызметіне жарайтын азамат болу – Сұлтанмахмұттың бар ынта-тілегіне айналады. Асқақ арман жетелеген ақын 1912-ші жылы қаршаша айында оқу іздеп, Троицк қаласына барады. Троицк медресесіне түскен, білімге ындыны кеуіп шөліккей жеткен ынталы шәкірт іздегенім табылды, енді дегеніме жетем, халқыма жұлдыз емес, ай емес, күн болам деген ойға келеді. «Шәкірт ойы» атты өлеңінде:

Қараңғы қазақ көгіне

Өрмелеп шығып, күн болам.

Қараңғылықтың көгіне

Күн болмағанда кім болам? –

дейді ақын. Жапырағын жайған жас емендей, көңілін қуаныш кернеп, толықсыған ақын ізденіп көп оқиды. Тебіреніп көп жазады. Оның «Оқудағы мақсат не?», «Анау-мынау», «Қандай?», «Зарлау», т.б. бірсыпыра көлемді, көркем, ойлы өлеңдері осы кезде жазылған.

Өкініші – Сұлтанмахмұт бұл медреседе көп оқи алмайды. Бір қыс оқыған соң «аузың асқа тигенде, мұрның қанар» дегеннің кебі келіп, көз ауруына ұшырап, медреседен шығып қалады. «Жығылған үстіне жұдырық» дегендей, осы кезде жөтел пайда болады, өкпесін дерт шалғаны байқалады. Ақынның теңіздей толқыған көңілі басылып, жадап-жүдейді.

Көзі аздап жазылған соң, жазда Сұлтанмахмұт Троицк маңындағы елге бала оқытуға барады (Ол кезде Троицк маңында қазақ ауыдары көп болған). Бұл елде жүргенде Сұлтанмахмұт көбінесе бала оқытумен, шығармашылыққа әзірлігін күшейтіп, кітап оқумен болады. Бірді-екілі өлең және «ауырмай есімнен жаңылғаным» деген әңгіме жазады.

Күз Сұлтанмахмұт Троицк қаласына оралады. Троицкіде бұл кезде «Айқап» атты демократтық бағыттағы, қазақ халқы үшін аса көп прогрессивті істер атқарған журнал шығып тұратын. Ақын «Айқап» журналының редакциясына хатшы болып орналасады. 1913-1914-жылдың қысында «Айқап» редакциясында қызмет істейді. Сұлтанмахмұттың ойы толысып, өрісі кеңейген, әр өнерге бой ұрып, оның қайсысына болсын жетем деп сенген, шабыты тасқындап, өлең, әңгіме, мақала дегендей әр жанрда өндіре жазған кезі – осы «Айқап» басқармасында қызмет істеп жүрген кезі. Ол «Қамар сұлу» романын, «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан», «Өлең және айтушылары», «Қазақ ішінде оқу, оқыту жолы қалай?» деген мақалаларын, көптеген өлеңдерін осы кезде жазады. Аталғандардан өзге «Тентектің жинаған шоқпары», «Тамшы» деген кітаптар жазып, баспаға берген екен, өкінішке қарай, ол кітаптары жоғалып кеткен. Демек, бағыт-бағдары сәйкес, үні үндес журнал редакциясында қызмет атқару, онда да ұйымдастырушылардың біріне айналу Сұлтанмахмұттай жаны үнемі дауыл тілеп тұратын сұрапыл ақынның тынысын барынша ашып жібірген еді. Бірақ, өзінің әрі ізденіп оқығысы келгендігінен, әрі ымырашылдыққа төзбейті,

бетке айтар өрлігі әсерінен ақын, публицист болып қалыптасқан С. Торайғыров «Айқап» редакциясынан кетеді.

1914-жылдың жазында Сұлтанмахмұт өзінің туған ауылы Баянауылға қайтады. Ондағы мақсаты – ауылда біраз уақыт болып, қаржы жинап алып, үлкен қалалардың біріне тағы да оқуға кетпек болады. Осы оймен ол елде бала оқытады; ел жастарын оятпақ, оқу, мәдениетке талпындырмақ әрекетіне кіріседі. Бұл үшін «Шоң серіктігі» деп ат қойып, мәдени-ағарту ұйымын ашады.

Сол жылы күзді күні Сұлтанмахмұт Семейге барады. Мақсаты – орысша оқуға түспек. Бірақ, «қайда барса – Қорқыттың көрі» дегендей, тағы да сәтсіздікке ұшырайды; тиісті мектепке түсуге білімі жетпейді, кісі жалдап, керегін оқуға қаржысы болмайды. Қатты қысылады, қорынады. Сонан кейін Қатонқарағай жағына оқытушы болып кетеді. Бұл сапары жөнінде Сұлтанмахмұттың өзі былай деп жазады: «Қатонқарағай кеткенім – ызаға шыдамадым, ең шыным – күн көру үшін кеттім: қолымдағы қаражатым Семейде бір-ақ ай тұруға жететін болды. Семей қанша айтқанмен қалалы, сынды жер ғой, онда кем көрініп жүргенше, парықсыз қазақ арасына кетейін деп ойладым».

Шарасыздық билеген Сұлтанмахмұт 1916-жылдың күзіне дейін Қатонқарағай, Зайсан жағында болып, бала оқытады, сәті түсіп, мүмкіндік туған жерде оқытушы жалдап, өзі орысша оқиды. Елде жүргенде ақын бірсыпыра шығарма жазады, оның ең көрнектісі – «Кімжазықты» деген өлеңмен жазылған романы.

Сұлтанмахмұт Торайғыров 1916-жылдың күзінде Томскіге барып курсқа кіреді. Орта мектепке даярланады. Оқуға аса зор ынта, ерен күштарлықпен кіріседі. Тиісті сабақтарынан өзге орыс халқының классикалық әдебиетін, тарих, философия, жағрапия кітаптарын көп оқыған секілді.

1917-жылдың наурыз айында Ресейде буржуазиялық-демократияшыл ақпан төңкерісі болып, уақытша өкімет орнаған кезде, ел ішінде болу ойымен Сұлтанмахмұт Торайғыров Семей қаласына келеді. Бір ойландыратын сауал: Сұлтанмахмұт ақпан төңкерісін қалай түсініп, қалай қабылдады?

Патша өкіметінің құлауы – кімді де елең еткізген құбылыс болғаны мәлім. Қарапайым халық патша тақтан құлады, енді әділдік орнайды деп ойлайды. Ақпан төңкерісін бұқара халықтың, халық өмірін жырлаушы – ақын, жазушылардың көбінің шын мәнінде бостандық деп ұққаны хақ. Сол секілді, Сұлтанмахмұт та патша үкіметінің құлауы, ақпан төңкерісін алғашында шын бостандыққа балағаны рас. Бірді-екілі өлеңінің әр жерінде:

Құрт аурудай жайлаған,
Құртпаққа бізді ояған,
Қанымызға тоймаған,
Қолымызды байлаған
Өшті залым қарасы...

Бостандық бізге болып тұр,
Ай мен Шолпан күніміз...

Бұл мысалдың мәнісін ұға алсаң сен,
Келген заман бостандық жаңбырмен тең.
Жаңбырдан соң көгерер Сарыарқадай,
Бостандықтың күшімен көгерсін ел, -

деп жырлады.

Тек Сұлтанмахмұт қана емес, қазақтың сол кездегі оқығандарының қай-қайсысы да ақпан төңкерісін осы шамада түсінгені анық. Бәрі де енді таң атты, күн шықты, бұғау, қанау, теңсіздік, мұқтаждық жойылды; халық біткен бостандық, теңдік алады, әр халық өз алдына ел болады, өз мемлекетін құрады деп білді.

Семейге келген Сұлтанмахмұт әлеумет өміріне тереңдеп араласу ниетімен қазақ оқығандарына жолығады. Солар құрған қазақ комитетінің кіші хатшысы болып қызмет істейді. «Сарыарқа» газетіне өлең, мақала жазып тұрады. Бірді-екілі өлеңдерінде алашты, оның басшыларын дәріптеді.

Бірақ Сұлтанмахмұт демократтық-революциялық бағытты жақтады, саяси-әлеуметтік мәселелер жөнінде социалистік идеяға жуық ойлар айтты.

Мысалы, Сұлтанмахмұттың «Социализм» деген мақаласын алайық. Онда ақын социализм туралы түсінік бермейді (мақаланың ол жағы жарияланбай қалған), оқу, мәдениет, ғылым, техника жайлы, қазақ халқының ілгері дамуы, мәдениетті ел болуы туралы сөз етеді. Ақын дүниедегі ғылым-білімді екі жікке айырып ұғады: бірі – дене азығы, екіншісі – ар азығы; дене азығы – техника, ар азығы - әділдік деп ұғады. Өзгеге солай ұғындыруға тырысады.

Сұлтанмахмұт мақаласында Еуропаның қазір біз сұқтанып жүрген оқу-өнеріне, ғылым-техникасына қазақ халқы жете ала ма? Жете алса, қалай, қанша уақытта жетеді? – деп сұрау қояды. Оған, қазақ халқы Еуропаның оқу-өнеріне, ғылым-техникасына жетеді, онда да аз мерзімде, берісі 15-20, әрісі 30-40 жылда жетеді деп жауап береді (Бұл қазір шындық-болмысқа айналғаны мәлім). Қазақ халқын революцияға, әділеттік қоғамға үндеді, Еуропаның оқу-өнерін, ғылым-техникасын тез үйренуге шақырды.

Көз алдында өтіп жатқан осынау аласапыран оқиғалар, өзгерістер, халықты алдау шаралары Сұлтанмахмұттың үміт-арманын, сенімін бұлдыр-сағымға айналдырды. Сол себепті де ақын бірді-екілі өлеңдерінде сары уайымға түсті. Оның аузынан жаңылдым, адастым деген сөздер жиі шыға бастады. Ақырында, «Сарыарқа» газетінде 1917-жылы 12 қараша күні «Жас жүрек» деген өлеңін жариялады.

Онда ақын:

...Бұл күнде адасудан көз ашпадым,
Не нәрсені көздесем, тап баспадым.
Дүниеден басқа рахат тілемеймін,
Кеш, арым, мен білместің адасқанын, -

дейді.

Кей жолдастар Сұлтанмахмұттың осы антына күдік келтіреді: ақының өлең соңында мойындап отырған адасуы қай адасу? Оны алашордаға қосылып, жаза басып, жаңылғандығына өкінді деуге бола ма? Ондай қорытынды шығаруға ешбір дәлеліміз, сүйенішіміз жоқ дегенді айтады. Рас, адам өмірінде түрлі адасу болады: саяси жолынан адасу, мамандық сайлап, жар тандап адасуы мүмкін адам баласы. Бірақ, өмірбаянынан мәлім, Сұлтанмахмұттың басында соңғы екі үрлі адасу болған жоқ. Бола қалған күнде де оған Сұлтанмахмұт күйрей кешірім сұрап жатпайды. Ол тіршілікке мойымас қажыр, ерекше сүйіспеншілікпен қарайтын жан. Тіршіліктің сәтсіздігін жеңеді. Сондықтан оның «Адасқаным» деген сөзін саяси жолынан адасқанын, ағат жіберіп алғанын айтып отыр деп ұқпағанда қалай ұқпақпыз? Басқаша ұғу мүмкін емес.

Сұлтанмахмұттың ұлтшыл-алашордашылдар ықпалында жүріп те, олармен (алашорда басшыларымен) бір ойда, бір көзқараста болмағанын мына жағдай тағы дәлелдейді. 1918-жылы наурыз айында Совет үкіметі алашордаға ұсыныс жасады: енді сөзді қойып, іске кірісіңіздер... Жергілікті Советтерге қосылыңыздар дегенді айтты¹. Совет үкіметінің осы ұсынысын «Абай» журналы, оның редакторлары Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мұхтар Әуезов, тағы басқалар журнал мұқабасының бірінші бетіне «Міне, алақай» деген хабар жазып, барынша қуанып қарсы алды.

Алашорда үкіметі Колчак үкіметімен ресми бірігіп, әскерін, қару-жарағын соған беріп, Кеңес өкіметіне қарсы соғыс бастаған кезде, яғни 1918-жылдың маусым айында Сұлтанмахмұт емделем деп еліне, Баянауылға кетті. Ақынның бұл кетуі алашордадан кету болып табылады. Бұлай дейтініміз: ол кезде Сібірде, Баянауыл жағында Колчак, алашорда үкіметі үстемдік жүргізіп тұр еді. Ақын олардың қызметіне қатыспады. Емделді, үйінде жатып, өлең, поэмалар жазды, елеусіз мұғалім болып қызмет атқарды.

Торығып жүрген кезінде, өз ауылында жатқанда Сұлтанмахмұт саяси-әлеуметтік, философиялық кітаптарды көп оқиды, социализм жайында, соғыс, революция жайында көп нәрселер оқыған көрінеді. Утопист-социалистердің (Жан-Жак Руссаның, Шарль Фурьенің, тағы басқалардың) К. Маркстің, Ф. Энгельстің, Г.В. Плехановтың, Н.Г. Чернышевскийдің, В.И. Лениннің шығармаларын оқығаны байқалады.

Бұл Сұлтанмахмұтқа зор әсер етеді: білімін тереңдетіп, көзқарасын кеңейтеді; көп ой салады, күш береді. Бұл кезде ол «Социализм» деген мақала, «Осы да әділдік пе?», «Неге жасаймын?», «Адасқан өмір», «Кедей», «Өң бе, түс пе?», «Дауылдағы әбігер», «Ғайса кім?» деген шығармалар жазады.

Ақын бұл шығармаларында дүниеге, заманға үміттеніп қарайды; оның алдан жарқын болашақ күтетіні, демократтық-революциялық ой-пікірі, көзқарасы айқын көрінеді. Мысалы, 1919-жылы жазған «Өң бе, түс пе?» деген өлеңінде мынадай жолдар бар:

¹ «Сарыарқа» газеті, №356, 12 март, 1918 жыл.

Зор толқын Ресейді қаптағаны,
Ескі өкімет тәртібін таптағаны.
Патша, төре, байлар мен обырларға
Бар екен тұрмыстың да сақтағаны...

Сағынар шын теңдікті халық еркін,
Ол үшін орындар ел барлық сертін.
Қанаушының біржола көзін жойып,
Жалшы, кедей, жайнандар емін-еркін..

Шын топан тасып еді солар үшін,
Кектеген миллионның жинап күшін,
Жұмыскер жасаған революция
Байлар үшін дейсің бе, айтшы, кісім?

Бұл өзі өң бе, түс пе, қандай сурет?
Анықтап білу оны кімге міндет.
Ресейден паразиттерарылғанда
Қазақты басып жатқан қандай індет...

Оның үстіне, бұл кезде елде Ұлы Октябрь социалистік революциясы жасалып, Совет өкіметі орнағалы біраз болып қалған еді. Шет-шалғай өлке, облыстардың бірінен соң бірінде Қызыл Армия жеңіп, Совет өкіметі орнап жатты. Совет өкіметі мен Коммунистік партияның лениндік ұлт саясаты арқасында кешегі отар, бұратана саналып, сан тимеген ұлттар бірінен соң бірі советтік автономия алып, өзін-өзі басқара бастады.

Бұл айтылған фактілер, зор тарихи істер Сұлтанмахмұттың көңіліне медеу, жанына азық болды, рухын көтерді. Оған үміт, сенім, күш берді. Ақын рухани аурудан айықты. Тән ауруынан айықпаса да, жан ауруынан, күйзелуінен айықты.

Сұлтанмахмұттың сөз болып отырған кезеңде жазған өлеңдерінің біразы жөнінде кейбір жолдастар күдік келтіріп, дау айтып жүр. Оларды әзірге былай қойып, күдіксіздерін, даусыздарын: «Адасқан өмір», «Кедей», «Айтыс» поэмаларын, тағы басқаларын алсақ, оларда ақынның халық, революция жағында екені, Совет өкіметінің жеңілуін, әділетті қоғам орнауын тілейтіні айқын көрінеді.

Мысалы, «Адасқан өмірде»:
Бейшараны шын досқа санар едім,
Ол үшін оқ астына барар едім.
Бай жағы жүз мың болса, кедей жалғыз,
Қорықпай жалғыз жақта қалар едім, -

деді.

Ақын осы поэмасында капиталистік қоғамды:
Жоғалсын «бұл сенікі, менікілік»,

Осы ғой адамзатты қырған індет, -
деп мансұқ етеді, сынайды. Оған қарама-қарсы әділетті қоғамды:
Мен ғашықпын көруге әділдікті,
Тегіс қылып көркейтіп өмір түсін...
Сол уақытты тездетуге қылмақ қызмет
Бақ іздеген адамға парыз-міндет, -
деп дәріптейді.

1919-жылы қазан айында, бұрын «Абай» журналында өзімен бірге істеген бір жолдасына жазған хатында:

Ақты аударып, қызылдың көрсең түсін,
Оң бағытқа баспай ма сенің ісің.
Үкіметті жұмыскер қолына алса,
Қырсық болар деймісің кедей үшін, -
дейді.

1919-жылы, желтоқсан айында Колчак үкіметі құлап, Сібірде, Павлодар, Баянауыл жағында Кеңес өкіметі орнайды. Осы кезде Сұлтанмахмұт мұғалімдікті тастап, Павлодар қаласына барады. Сондағы уездік-төңкеріс комитетінің бастығы Г. Жигаревқа жоығады. Жигарев Сұлтанмахмұтты Шідерті болысына төңкеріс комитетінің бастығы етіп жібереді. Оған ел ішінде Кеңес өкіметінің жолы, саясатын түсіндіруді, сайлау жүргізуді тапсырады.

Шідертіде болыстық-төңкеріс комитетінің бастығы болып екі-үш ай істегеннен кейін Сұлтанмахмұттың ежелгі ауруы меңдейді, төсек тартып жатып қалады. Ауырып жатып, 1920-жылдың алғашқы айларында ол «Атыс (қала ақыны мен дала ақынының айтысы)» деген поэма бастайды. Бірақ ол шығармасы аяқталмай қалады.

Дала ақыны буржуазияшыл-ұлтшылдардың, алашорданың пікір-көзқарастарын, авотномия алу, өз алдына мемлекет болу жөніндегі сөздері мен істерін баяндайды, қазақтың ертедегі феодалдық тұрмысын, салтын, қалпын дәріптейді. Қала ақыны дала ақынын, оның пікір-көзқарастарын, талап-әрекеттерін сынайды. Бірақ поэма аяқталмағандықтан, оның кімге қосы, қалай істе деп кеңес беретіні айтылмай, анық болмай қалады.

Сұлтанмахмұт Торайғыров, әлгі Шідертіде сырқаттағанынан, үйінде ауырып жатып, 1920-жылы 21-мамыр күні, 27 жасында өлді, тіпті жастай көз жұмды. Жапыраған жайып, гүлін аша алмай, қыршын кетті.

Қыршын кетуі үстіне Сұлтанмахмұттың осы қысқа өмірінің бәрі кемшілікте, мұқтаждықта, азапта, тартыс-күресте өтті. Жасынан жетім қалды, өгей ана қолына қарады. Кедей болды, ішер асқа, киер киімге жарымады, оның шетке кетіп оқуға, кең білім беретін мектепке түсіп оқуға қаржысы болмады. Ол ауру болды: әлгі кемшілік пен мұқтаждық, тән азығына да, жан азығына да тарығу оны ауруға шалдықтырды, өкпесін сырқат алды, құрт жеді. Бірақ, Сұлтанмахмұт мұның бірде-біріне қажып, мұңаймады.

Тұрмыста үмітім көп жеңем деген,

Жеңуге жігеріме сенем деген...
Менде жоқ қажу деген, ашу деген,
Тарығып, болымсызға сасу деген,-

деп, үнемі жарғақ құлағы жастыққа тимей, өнер, бақыт, шындық іздеумен болды. Өмірі құлышыныс, күреспен өтті.

Сұлтанмахмұттың іздеген шындығы: халықтың дертіне ем табу, «қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып, күн болу», «халықтың мұздаған жүрегін жібіту», көз жасын тыю, теңсіздікті, мұқтаждықты жою, сөйтіп, халықты ерікті, мәдениетті, бақытты ету еді. Сұлтанмахмұт өзінің бұл жолда істеген еңбегінің жемісін өз көзімен көре алмай кетті. Өйткені, Сұлтанмахмұт қазақ халқының Коммунистік партия мен Совет өкіметінің лениндік ұлт саясаты негізінде өз алдына ерікті, басқалармен дәрежесі тең ел болуын – Қазақ автономиялы Советтік Социалистік Республикасының құрылуынан бұрын қайтыс болды.

Сұлтанмахмұт Торайғыров әдебиетің әр жанрында жазатын қабілетті, талантты ақын-жазушы, ғажап ақыл-ойшы. Қиыншылықпен өткен қысқа өмірі ішінде ол 110-дай өлең, 5-6 поэма, 2 роман, 7-8 мақала, очерк, әңгіме жазды.

Ақын шығармаларының бірімен бірі тұтаып жатқан екі түрлі негізгі қасиеті бар. Ол – шығармаларының реалистігі мен халықтығы.

Жазушы шығармаларының ақырыптары – түгелдей шынайы өмір, қазақ халқының Сұлтанмахмұт тұсындағы өмірі. Сұлтанмахмұт шығармаларының жиыны қазақ халқының Ұлы Октябрь социалистік революциясынан бұрынғы, революция жылдарындағы қоғам тіршілігінің, дүние, қоғам тануының, әдет-ғұрпы мен мінез-құлығының әрі нағыз шындығы, әрі әділ сыны, халықтың ой-арманы, тілек мақсаты. Сұлтанмахмұт революциядан бұрынғы бірсыпыра өлең-жырларыда қамығып, қайғырады, қайғы-шерді шертеді. Оның кейбір өлеңдері арнайы элегия болып жазылған. Бастан-аяқ мұңшыл-күйшіл сезімге құрылады. Ақын бұлардың бірінде жеке адамның басына түскен қайғы-қасіретті, мұң-шерді айтып, мұңданса, екіншісінде жалпы халықтың, еңбекші бұқараның басындағы ауыртпалықты, жалшы, малшының жоқшылығын, аяныш халін, қайғы-шерін жырлайды. Дүниені, өмірді жаншылған, азап шеккен, кекті шерлі адамдардың көзімен бейнелейді.

Бірақ, Сұлтанмахмұт шығармаалрындағы элегиялық сарындар жігерсіз, жасық қайғы емес. Тұрмыстан түңілуден аман, қайта болашақтан зор үміт күтке, жігерлі, жарқын болашақты аңсайтын оптимистік рухы жығылмаған мұң. Жарқын болашақты сағыну, соны іздеу, жанымен тілеуі.

Ақын, бір жағынан, өз тұсынан, өз заманынан жеріді; оның кем-кетігін, кертартпа ескілік, теңсіздік, зорлық-зомбылық сияқты дертін сынайды, жерден алып, жерден салып қарғайды, сықақ тілімен мазаққа айналдырады. Мұны ол кейде ишаралап аллегория, тәмсіл-мысал, аллегория, фельетон түрлері едәуір орын алады.

Ақын, екінші жағынан, зор үміт, жарқын болашақ күтіп, шындықтың ауылын іздеп, сол үшін не бәлені болса да көтерем, қандай қиыншылыққа,

азапқа болсын төзем деп, буырқанып, бұрсанады, қиындық-азап, күрес-тартыс тілейді. Бұл ретте Сұлтанмахмұт Лермонтовтың құдайдан күні-түні бұлік, дауыл сұрайтын «Жалауы» сияқты, соны көзге елестетеді.

Тегі Сұлтанмахмұттың қайғы, шер туралы өлеңдерінің, уайым, налу сарынымен жазылған өлеңдерінің өзінде де шиыршық атып, толғану, үміт, арман айту, соны аңсау, сол жолда арпалысып, азап шегу сыры айқын аңғарылып, оптимистік үні айқын естіліп тұрады.

Сұлтанмахмұт – реалист ақын. Оның әлгі қайғысы, заманнан жеруі, жарқын болашақ күтуі – бәрі құр қиялдан туған нәрселер емес, қазақ өмірінің шындығынан туған мәселелер еді. Қазақ арасындағы надандықты, жалқаулықты, шаруаға қырсыздықты, теңсіздікті, зұлымдықты, жинақтап айтқанда, қазақ бұхарасының сол кездегі ауыр, аянышты халін дәл көріп, терең түюден туған қайғы, жеру, үміт еді.

Сұлтанмахмұт – сыншыл реалист ақын. Ол қазақ қоғамы таптық-әлеуметтік, мәдени-шаруашылық өмірінің егжей-тегжейін, шын бейнесін, қазақтың тұрмыс-салтын, мінез-құлқын нақты, дәл, дұрыс көрді. Оның жақсысын, жаңасын қадірлеп, мақтап, жаманын, мінін сынап көрсетеді.

Торайғыров – күшті сыншыл реалист. Сыншылдықтың күштілігі сол – ол қазақ қоғамы тіршілігінің болмашы кемшіліктерінің өзін көріп, келекелеп сынай білді. Мысалы, «Айт» деген өлеңінде ақын айт күнгі ауылдың, ауылдағы жас, кәрінің, бай, кедейдің қалпын суреттейді. Онда:

Жалғыз-ақ дорба астында кедей кәріп,
Аштықтан өңі кеткен әбден арып
Әркімдер тиын-тебен беріп жатыр
Дегенде: «Құтты болсын айт шәріп», -

деп көп ішінде қайыршының ауыр халін, жүдеу өңін көреді. Сондай-ақ, ақын «Қымыз» деген өлеңінде қымызға жан біткеннің құмарлығын, қымыз десе, жұрттың үлкен-кіші демей, би, төре, қойшы-қолаң демей, қырымнан жиналатынын, қымыз аузына тисе, лепіріп сөйлейтінін, сөйлегенде қымызы барды қошеметтеп сөйлейтінін, жағымпазданатынын дәл байқап, шебер мысқылдайды. Қымыз байдың тек жұртқа, әсіресе би-болысқа сөзін сөйлеті құралы ғана емес, жашы-кедей, жарлы-жақыбайларды тегін жұмыс істеу, соларды елеусіз, білдірмей қанау көршісіне бай: «»Құдық аршы, әне тұр жылқы жеріп -деп бұйырады.

Бармаса, ашуланып, үйіне ұрсар:

Ендігәрі көрші деп қымыз беріп, -

дейді ақын. Қымыз байлық, бар, үстемдік ету – би-болыс болу құралы деп қорытады ақын.

Ақын қазақ бұқарасының басындағы екі бірдей қанауды – бектік-феодалдық, капиталистік-отаршылдық қанауды дәл бедерледі. Халықты екі жақты қанап отырған бір адам екенін, яғни, қазақтың байы, феодалы екенін: ол бір жағынан, өзінің ежелгі ру басылық, ақсақалдық, байлық правосын пайдаланып қанаса, екінші жағынан, патша өкіметінің өкілі: болыс, ауынай,

би ретінде қанап отырғанын ашық айтады. Мысалы, «Бір адамға» деген өлеңінен осы жәйтті көреміз:

Бір үйде жиюлы екен қазына-мал,
Көрсетті бәрін бізге ақсақал шал:
«Бұрынғы атамызға сыйға берген,
Біздерде мынадай бар, мынадай бар?..»

Ол рас, аталарың шенге алыпты,
Арзан қып, қымбат емес, кемге алыпты.
Апыр-ай, қалай бұлдаған сатқандарын,
Оқа, түйме, сылдырлақ теңге алыпты!

Суреттер және көрдім жүзі жарқын,
Ойладым: «Оңдырған-ау баққан халқын»,
Соншама құны толық бұлды түйме,
Артында қалдырмас па жақсы даңқын?

Дедім мен: «Құтты болсын шекпеніңіз,
Артқыға қандай егін еккеніңіз?
Жусақ та, денемізден кетер емес,
Сондағы тұқым шашып сепкеніңіз».

Көргенде күміс кесе, алтын аяқ,
Бір сөзді тамағыма қойдым таяп:
«Қай момынның малы бар бұл аяқта?»
Демейінше болмады, қарап жай-ақ!

Отырдым, көрсем жекіп тастар ма деп,
Шал айтты: «Көріңіздер, жасқанба» деп,
Кесені қолыма алып қарай бердім:
Ішінде нақақ көзден жас бар ма деп.

Осы сияқты, Сұлтанмахмұт қазақ арасындағы ескіні де, жаңаны да айқын көрді. Ол қазақтың малға, шалға сатылып, шарифат, әмеңгерлік жолын ұстап, ескіліктің, надандықтың құрбаны болып отырған Қамар сияқты қыздармен қатар оқу, білімге, бостандық-теңдікке ұмтылған Аппақай сияқты әйелдерінің де бар екенін көре білді. Қазақтың дала мен қаланың барлық жаман мінез, әдетін ұғып, елге масыл болып жүрген Әжібай, Жүсіп сияқты жастарымен қатар, Әнуар, Хасен сияқты талапшыл, жаңашыл, үлгілі жастары бар екенін көре білді.

Сөйтіп, Сұлтанмахмұттың революциядан бұрын жазған шығармаларында халық өмірінің шындығы реалистікпен суреттеледі. Оның шығармаларында прогресшіл, белсенді романтизм мен сыншыл реализм ұштасып жатады.

Елімізде 1917-жылы болған ұлы революциялар Сұлтанмахмұтқа зор әсер етті. Революция жылдарында ақын аздап толықсу арқылы жаңа идеялық биікке көтерілді, революцияшыл бағытқа келді.

Сұлтанмахмұт 1917-1920-жылдары бірсыпыра күрделі шығармалар жазды. Бұл шығармаларында ақын қазақ арасындағы әлгі екі бірдей қанау шектен асып, арқасына әбден батып, ашынған, шыдамы таусылған, енді наразылық айтып, ол тәртіпке қарсы күресуге бел байлаған кедейді көрді. Шығармаларында солардың бейнесін жасады. Сол арқылы ескі дүниенің: құлдық жауыздық дүниесін сынады, мансұқ етті.

Сонымен бірге, ақын қоғам құрылысын, әлеметтік тіршілігін өзгерті, жақсарту, еңбекші халықтың күн көрісін жеңілдету, жақсарту жөнінде пікір айтты: жақсы, әділ қоғамдық-әлеуметтік құрылыс болу керек деді. Соның принциптерін суреттеді, ол қоғамдық құрылыс тез орнайды деп әбден сенді.

Сұлтанмахмұт – сыршыл-лирик ақын. Оның өлең-жырларының басым көпшілігі лирика болып келеді. Ақын өзінің өлеңдерін, өз сөзімен айтқанда, қайнаған қанның, қиналған жанның, толғантқан көңілдің, толғанған жүректің сығындысы етіп жазады. Яғни, ол өзінің дүние, қоғамда, тұрмыс, тіршілікте сезген-түйгенін, аңғарған-тоқығанын, көрген-білгенін, алған әсерін – бәрін өзінің ішкі дүниесінен өткізіп, жан сыры етіп баяндайды. Өзін жеген қайғы, қуантқан шаттығы, өзінің мұңы, арманы етіп суреттейді.

Қазақ халқының Абайдан бұрынғы әдебиетінде поэзияның, соның ішінде лириканың тек бір ғана жанры – саяси лирика ғана болушы еді. Ол көбінесе насихат, үгіт, арнау, мақтау, жерлеу, сықақ ету формасында жазылатын, келісі, кестелі әлсіз, сырдаң, шешен сөз, тақпақ, мақал-мәтел орайында болып келуші еді. Жоғарғы тарауды айттық, ұлы Абай қазақ поэзиясын байытты, оны көп жанрлы етті. Ол ең алдымен, қазақ поэзиясында бұрыннан бар саяси лирика жанрын ұсартып, дамытты. Оның үстіне қазақ әдебиетінде лириканың мәдениетті елдер поэзиясында болтын басқа жанрлық үлгілерін тыңнан, тұңғыш рет енгізді, махаббат, табиғат, көңіл-күйі лирикасын қосты. М Мұны айтып отырған себебіміз, қазақтың XX ғасыр басындағы бірқатар көрнекті ақындары ұлы Абайдан үйренді. Абайдың ізі, үлгісімен лириканың барлық жанрында да жазды. Соның бірі – Сұлтанмахмұт Торайғыров. Оның өлеңдерінде саяси лирика да, махаббат лирикасы да, табиғат лирикасы да көңіл-күй лирикасы да бар.

Сұлтанмахмұт өлеңдерінде махаббат, табиғат лирикасынан саяси лирика мен көңіл-күй лирикасы әлде қайда басым жатады. Ақын өлеңдерінде көбінше саяси-әлеуметтік мәселелерді, халықтың көкейін тескен мұң-тілегіне айналған мәселелерді сыр етіп, өз халі, өз арманы, өз мұңы, өз қуанышы етіп айтады. Ол арнаулы саяси лирикасында ғана емес, табиғат, махаббат, көңіл-күйі жөніндегі лирикалық өлеңдерінде де сөзді әлеумет өміріне, саяси мәселеге қарай бұра береді. Сұлтанмахмұттың лирикалық өлеңдері көлемді, ұзақ болып келеді. Мұның екі түрлі себебі бар. Бірінші, Сұлтанмахмұттың лирикалық өлеңдерінің көпшілігі ақынның жас шағында, пісіп жетпеген, лириканың жанрлық бар құпиясын меңгере қоймаған кезінде жазылған.

Сондықтан оның лирикалық өлеңдерінің бәрі бірдей бас-аяғы жинақы, жұп-жұмыр болып келе бермейді. Екінші, әлгі айтқан, ақында саяси лирика басым. Саяси лирикада қын көбінше бір үлкен, күрделі тақырыпты, заманның өзекті бір мәселесін сөз етеді. Оны дәл айқындап, жан-жақты бейнелеу үшін ақын белгілі бір тарихи дәуірді, белгілі бір тап өкілдерінің мінез-құлқын, моральдық болмысын суреттейді. Олардың характерін жасау үшін бұл қажет тәсіл. Адам мен ол өмір сүрген қоғам келбетін байланыста бейнелеймін дегенде өлеңнің көлем мөлшері ұзарып кетеді. Лирикалық толғау, кішігірім поэма дәрежесінде болып шығады.

Қорыта айтқанда, Сұлтанмахмұт – лирик. Көбінше саяси лирика жанрында жазған ақын. Оның лирикасы жаңа идеялы, терең мағыналы, ақынның өзі айтқандай, оқушының жанына пайда, дертіне шипа беретін шығарма. Бұл – Сұлтанмахмұттың өзіне тән ақындық бір өзгешелігі. Өзіне тән әдеби стилі.

С. Торайғыров бас-аяғы бес-алты поэма жазған ақын. Олардың әйгілісі, күрделісі «Адасқан өмір», «Кедей» поэмалары.

Өмірбаянында айтылғандай, Сұлтанмахмұт 1917-жылдың күзінде жазған «Жас жүрек» деген өлеңінде өмір бойы алдандым, адасудан көз ашпадым, өмірім – адасқан өмір деп білді. Соның артынша, 1918-жылдың орта кезінде жазған поэмасын «Адасқан өмір» деп атады.

«Адасқан өмірдің» кейіпкері бір-ақ кісі. Әдебиеттік «Мен» яки лирикалық герой. Ол өзінің өмірін бес кезеңге бөліп: мен бала, мен жігіт, мен тоқтадым, мен кәрі, мен өлік деген бөлімдерге бөліп баяндайды. Кісінің туатуғанынан өлгеніне дейінгі қалпын, ой-арманын жыр етеді, суреттейді.

Лирикалық герой өз өмірінің екінші кезеңін – «Мен жігіт» деген бөлімін айырықша мән беріп, толық суреттейді.

Мен жігіт, он бес-отыз арасында.

Бұл жаста көп бересі, аласым да.

Алдымда толған мақсат, толған таңдау,

Алайын мынасын ба, анасы ба?..

Осылай ол өмірден өнер, жол таңдайды. Әуелі байлықты, онан кейін әкімдік, қолбасылықты, үшінші ғалымдықты, өнер тапқыштықты таңдайды. Бірақ осының бәрінен орынды дәлелдер айтып, капитализм тұсындағы байлықтан, әкімдік қолбасылықтан, өнер-ғылымнан бұқара халыққа, кедей бейшараға келетін пайда жоқ деп, дәлелдеп безіп шығады. Демек, лирикалық геройдың өмір жолы, өнер таңдауы мен одан безінуі - өзі өмір сүрген қоғам әділетсіздігін сынау формасы. Ақырында ол әділдікті таңдайды:

Ендеше мен жабысам негізгі іске.

Әділдікте бар негіз, бақ та, күш те,

Қарғаймын, әділдіктен басқа жолды,

Өңім тұрсын, кірмесі түнде түске, -

дейді.

Қоғамдық өмір, әділдік, теңсіздік, дін, адамгершілік, еңбек, кәсіп, тап, байлық, кедейлік, қанаушылық, ұлт соғыс, өнер, ғылым сияқты көптеген

күрделі, саяси-әлеуметік мәселелерді, дүние, қоғам, өмір, өлім сияқты бірсыпыра философиялық мәселелерді қозғайды. Айтылған мәселелер жөнінде маңызды, ойлы, философиялық қорытынды жасайды. Оларды еңбекші бұқара мүддесі тұрғысынан талдап, таратады. Поэманың кей жерінде кейіпкер налып, қайғырып, тарыққандық үн білдіріп отырады: поэма кейіпкердің өлімімен аяқталады. Дегенмен, жалпы алғанда, поэмада жігер, қайрат, ілгері үміт, оптимизм күшті. Кейіпкер әділдік іздеуге, соның жолында қызмет істеуге, арпалысып, бейнет шегуге құлшынады. Әділдік заманы орнауға жақын тұр.

Сол уақытты тездетуге қылмақ қызмет,
Бақ іздеген адамға пақыр-міндет, -

дейді.

«Адасқан өмір» - күшті философиялық поэма.

Ақын «Адасқан өмір» поэмасының бір сәтінде:

Бейшараны шын досқа санар едім,
Ол үшін оқ астына барар едім.
Бай жағы жүз мың болса, кедей жалғыз,
Қорықпай жалғыз жақта қалар едім, -

деп, ант еткен еді. Сол антына сай, «Адасқан өмір» поэмасынан кейін, 1919-жылдың бас кезінде С. Торайғыров, адасып келіп тапқаным осы, мен өле-өлгенше осы таппен бірге болам дегендей, «Кедей» поэмасын жазды.

Сұлтанмахмұттың бұл поэмасының кейіпкері де бір-ақ кісі – қазақ кедейі. Поэманың желісі, мазмұны сол кедейдің өмірі, көрген-білгені, сезген-түйгені, ой-арманы болып келеді. Соның бәрін бастан-аяқ кедей өз аузынан баяндайды. «Адасқан өмір» поэмасында тіршілік, болмыс сыры, қоғам келбеті бір лирикалық герой бейнесіне жинақталып берілген болса, «Кедей» поэмасында жалшы, малшы тағдыры жинақтау формасында көрініс тапты.

Кедей, әуелі ауылда бай, феодалдың қызметін істеген; солардың отын жағып, күлін шығарған; суын әкеліп, асын пісірген; егінін егіп, пішенін шапқан; баласына қараған; қысы, жазы малдарын баққан, әйтеуір, күні-түні тыным көрмеген. Сонда да жылы сөз естімеген, бүтін киім кимеген, тойып ас ішпеген.

Онан кейін, кедей қаладағы капиталистің жұмысын істеген: темір жолда, завод-фабрикада, шахтада күніне 14-15 сағат өліп-талып жұмыс істеген, тепкі көрген. Сонда да алған ақысы пәтер үйіне, тамағына, киім-кешегіне жетпеген. Сондықтан ол саудагерден, алып-сатардан, өсімқордан несиеге мал, бұл, азық-түлік алып, қарызға белшесінен басқан.

Салыстырыла, жарыстырыла бейнеленген екі бірдей қанаудан кедей күйзеліп, жабырқайды, ойланып-толғанады, өзін бір сәт мырзалармен салыстырады:

Анау Жақып сән түзеп, сауық құрған,
Құрдасым емес пе еді бір күн туған...
Жақыптың қай еңбегі менен артық:

Етігін де шешкен соң біреу тартып?

Туғаннан мені жоқ қып, оны жарытып?-

дейді. Осыдан ол қорытынды жасайды: өзін сол күйге түсірген қоғамдық құрылыс-капитализм екенін, байлықтың ұрлық жемісі екенін, үстем салт-сана рухани қысымшы екенін, өзінің адамдық қасиетін: бақытқа, жақсы тұрмысқа талпынатынын, сол жолда қызмет етуге әл-қуаты, талап-жігері жететінін аңғарады. Өз жағдайын аңғарған кедей теңсіздікке түсірген қоғамдық тәртіпке наразы болады, бақыт үшін күресуге бел байлайды:

Жоқ, мен бұған разы тіпті болман.

Бақытты іздеу керек басқа жолдан...

Бұған көніп жүргеннен өлген артық:

Іштен тынып, жанғаннан сөнген артық

Текке өлмей, тауға-тасқа басты соғып,

Жолында не кез келсе көрген артық, -

дейді.

Ақырында, кедей өз елінде көрген азабына шыдамай, бақыт іздеп басқа елге кетеді:

Шыдамай елден кетем, жерден кетем,

Бай мен биттің жеуіне қаным сорып, -

дейді. Поэма осылай аяқталады. Шығарма финалы туралы ойлануға тура келеді.

Ақын «Кедей» поэмасының ақырын сықақ етіп, ақырғы бөлімін «Бақытқа жететін оңай жол (яғни елге масыл болу)» деп аяқтаған. Осыдан поэманың ақыры біраз тұйық, күңгірт, екі ұшты болып шыққан. Біздіңше, Сұлтанмахмұттың поэмасын бұлай аяқтауының мынадай себебі бар: капиталистік құрылыстан азап, теңсіздік көрген, оны мансұқ еткен кедей қоғамдық құрылысты жаңартуға, жаңа әділетті қоғам орнатуға, (ақын бірінші поэмасында дәріптеген әділдікті орнатуға) кеттім деуге тиіс еді. Әңгіменің ұзына бойынан, тұтас рухынан сондай ой аңғарылады да. Бірақ автор ол ойды кедейге ашық айтқызбайды. Оның аузына тек:

Жүрегімді белгісіз нәрсе қысып,

Шақырып тұр, мінекей кеттім сонда, -

деген сөздерді ғана салады. Өйткені алдыңғы ойды: жаңа қоғам орнату деген ой-мақсатты автор өзінің бұған дейін жазылған «Адасқан өмір» поэмасында айтып қойған. Сондықтан ол ойды жаңа поэмасында қайталауды хош көрмеген. Бірақ екі шығармада да айтпақ ойы бір-бірімен сабақтас, жалғас, диалектикалық бірлікте екенін сездіру үшін ақын «Адасқан өмір» поэмасының асылын, негізгі идеясы орыс тілінде қорытып, «Кедей» поэмасына эпиграф етіп берген. Екі шығарма табиғатында өзара ұқсас мотивтер мол.

Алдыңғы поэмасы сияқты, Сұлтанмахмұттың «Кедей» поэмасы да бір адамның аузынан айтылады. Екі шығарма да езілген, жаншылған, қорланған, қор болған жанның өмірден түйген сыры, тағдыры. Екі поэманың да кей жерлерінде торыққандық үн бар. Дегенмен, жалпы рухында оптимизм күшті.

Жеңем деген сенім бар. Лирикалық геройдың әбден ашынғаны, арпалысқа мықтап бел байлағаны айқын көрініп отырады.

Ойшыл, зерек ақын Сұлтанмахмұттың «Адасқан өмір», «Кедей» поэмалары философиялық мәселелерді, замананың түйінді проблемаларын қозғайтын революциялық идеяны суреттейтін терең пікірлі, жаңа заманды лирикалық-философиялық шығармалар. Сонымен қатар, олар ақынның қоғам, табиғат-өмірінен түйгені, алған әсері, ішкі дүниесі, жүрегінің сығындысы. Лирикалық-философиялық поэмалар осылай туған.

Ақынның бұл поэмалары өз тұсындағы қазақ әдебиетінде мазмұн, идея және түр, жанры жағынан зор жаңалық еді. Қазақтың жазба әдебиетінде Сұлтанмахмұттың бұрын, ол өмір сүрген кезеңде мұндай поэмалар бола қойған жоқ еді.

Сұлтанмахмұттың өлеңдерінде әлеуметтік лириканың басым болуы да, оның поэмаларының философиялық-лирикалық болып келуі де кездейсоқ емес. Ол бір жағынан, ақынның поэзияны өзінше түсінуінен: өлең дертке шипа болуы керек деп білгенінен. Екінші жағынан, сол заман, уақыт күрделілігінен туған нәрсе. Соғыстар, революциялар заманы ақын алдына терең философиялық проблемаларды, түйінді мәселелерді қозғауды, көлденең тарты. Қуат дарыны мейлінше мол, табиғаты күрделі, ізденісі өрісті Сұлтанмахмұт уақыт артқан міндетті абыроймен шешті. Жаңа ойға, философиялық проблемаға сәйкес жаңа идея, жаңа мазмұн, жаңа түр туғызды.

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың романдары – «Қамар сұлу» (1914), «Кім жазықты» (1915). Бұлар қазақ тіліндегі тұңғыш романдардан саналады. Қазақ әдебиеті тарихында маңызды орын алады.

«Қамар сұлу» романының тақырыбы - әйел теңдігі мәселесі, қазақ әйелінің бас бостандығы, теңдігі, әлеумет қайраткері болу мәселесі.

«Қамар сұлу» романындағы ұнамды кейіпкерлер – Қамар, Ахмет, Омар, Хасен – бәрі де көзі ашық, көңілі ояу, ақылды, ұстамды, ескілікке қарсы жандар, сол кездегі қазақ ауылындағы жаңа адамдар.

Автордың сипаттауынша, Қамар сұлулығы үстіне ақылды, алды-артын ойлайтын пайымды, ұстамды аздап оқыған, сөзге ұста ақындығы да бар қыз. Сол қасиеттерімен ол көзге түседі, ауызға ілінеді; ел ішінде оның жақсы атағы жайылады: сұлу Қамар, ақылды Қамар, ақын Қамар аталады. Оны қызы бар үйдің баршасы үлгі етеді. Сол сияқты, Ахмет те оқыған, зерек, ақылды ел аузына ерте ілінген жігіт. «...Ахмет ақыл-ой зеректігі үстіне, сұңқардың баласындай, бітімі жақсы, көзге түсерлік көркі де бар, сөзге шешен, ойдан шығарғыш ақын, жарып салма өткір еді. Той секілді жұрт жиналған жерде өлең болсын, ойын болсын, газет-журнал, кітап оқып, насихат болсын ең арты, біреуді сықақтаған қулық болсын бас бәйгі Ахметтікі еді. Тартынбай, тамылжыта сөйлеген сөзімен үлкен-кшілердің аузынан суын ағызып, көңілдеріндегі уын шығара жаздаушы еді. Соның үшін де елдің атқа мінер, ақсақалдары: «Оқыды деп Жәукенің баласын айт».

Қамарды қызға үлгі қалатыны сықылды, боз балаға Ахметті үлгі қылып тұрушы еді...» - деп суреттейді автор.

Осындай зерек, ақылды, оқыған, пайымды, ұстамды болғанынан олар – Қамар мен Ахмет - өздерінің хал-жайларын айқын аңғарады: екеуінің екі тап өкілі екенін бірі байдың қызы, екіншісі кедейдің баласы екенін, бірін-бірі сүйе тұра екеуінің қосыла алмайтындарын, үстем тап, ескілік қалып, әдет заңы қосылуға жол бермейтінін әбден біледі. Бірақ, көзі ашық, парасатты жандардың оларды жеңіп, еркіндік, теңдік алу мүмкіндігіне, сол жолда өздерінің табанды, құлшынып күресуі керек екеніне ақылдары жетпейді, батылдары бармайды. Екеуіміз ғашықпыз, теңбіз, қосылуға лайықпыз. Тек қосыла алмаймыз. Ескілік, әдет заңы жол бермейді деп, аһ ұрып, қарап отырады. Ескілік Нұрым, Қалтан, Оспадан өздеріне не істесе соған көне береді.

Жазушы басқа Қамардың әкесі Омарды да, ағасы Хасенді де көзі, көңілі ашық, ақылды, жігерлі адамдар етіп, екеуін де Қамарды Нұрымға беруге қарсы етіп суреттейді. Оспан мен Қалтан Қамарды Нұрымға беру керек дегенде, Омардың жан дауысы шығып: ...Сыпыра бұзылған иттер, дендерің сау ма? Мәжнүн болмасандар... Ұялмай-қызармай, періштедей қарашығымды төрт аяқты малдан жаман, дөңкиген жауызға ұйғардық деп не беттеріңмен айтып отырсыңдар? Түсіңе кірсе қорқатын ноянға Қамарды барады, мені береді деп ойладыңдар ма? Қысқасы, мойныма қапшық салып, қайыр тілеп күн көрсем де, Қамарды оған беріп, жылата алмаймын, деп қарсы болады. Бірақ, оқиға барысында Омар ол бетінен қайтып қалады. Нұрым, Оспан, Қалтандардың айтқандарына көніп, айдауларына жүре береді. Қамарды Нұрымға береді. Нұрым бастап, қожа-молда қызына қанша азап көрсетсе де, мыңқ етпейді.

Демек, жазушы ұнамды кейіпкерлерін баста ақылды, жігерлі етіп суреттеп, кейін божыратып жібереді, ынжық, дәрменсіз етіп шығарады.

Сұлтанмахмұттың «Қамар сұлу» романынан гөрі «Кім жазықты?» романы бірсыпыра жақсы шыққан. «Кім жазықты?» романында ол өмірді кең қамтиды, бірқатар күрделі әлеуметтік мәселелерді қозғайды: романның оқиға, тартыстары дәлелді, нанымды, кейіпкерлері, әсересе, ұнамды кейіпкерлері анық, жігерлі, іс-әрекет адамдары болып көрінеді.

Дәлдеп айтқанда, бұл романында Сұлтанмахмұт қазақ халқының сол кезеңдегі қоғам, әлеуметтік тіршілігінің қалпын, суретін әдемі кескіндеген: Қазақ арасындағы түрлі тап, топ өкілдерінің тұрмысын, қазақ әйелдерінің ауыр хал-жайын, қазақ халқының мінез-құлқын, ғұрып-әдетін, дүниеге көзқарасын – бәрін дәл, толық, шебер көрсеткен; халық саяси-әлеуметтік өмірінің ең маңызды, ең түйінді мәселелері жөнінде, қазақ халқы тағдыры хақында сұрау салған, соған жауап іздеген.

Роман аяқталмай қалғандықтан бұл үлкен сұрауға ақын пәлен жазықты деп нақты айтқан жауап таба алмаймыз. Бірақ романның желісі мен жалпы сарынынан ақынның бұл сұрауға беретін жауабы айқын аңғарылады. Ол

мұның бәріне сол кездегі саяси-әлеуметтік құрылыс, патша үкіметінің отаршылдық саясаты жазықты деген ойды ашық аңғартады.

Сұлтанмахмұттың публицистикалық шығармалары: «Зарландым», «Ауырмай есімнен жаңылғаным», «Өлеңмен жазылмақ драманың материалы», «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан», «Өлең мен айтушылары», «Социализм».

«Зарландым» деген шығармасын автордың өзі әңгіме деп атаған. Оған өлеңмен жазған кіріспесінде:

Роман деуге болады мұның өзі,
Фельетон тәртібінше әрбір сөзі –

деген.

Дұрысына келгенде, Сұлтанмахмұттың бұл шығармасы – көркем очерк. Сондай-ақ, оның «Ауырмай есімнен жаңылғаным», «Өлеңмен жазбақ драманың материалы» деген шығармалары да көркем очерк. Ел ішіндегі ескі салт, жайсыз мінез-қылық, қараңғылық салдары, қазақтың ұлы, қызының еркіндігі туралы очерктер.

Ақын солардың бәрінде де өмірде болған, көзімен көрген, есітіп білген факті, оқиғаларды баяндайды. Оларды өмірде болған қалпынша хабар есепті айта салмай ептеген, белгілі сюжетпен келтіреді, біршама әрлеп, көріктеп суреттейді, арасына көптеген келісті диалогтар енгізіп отырады. Әрбір сөзін әңгіме, фельетон тәртібіне қиыстырады. Сұлтанмахмұттың бұл шығармалары мейлі факты, оқиғаны таңдап алуы жөнінен болсын, сәтті шыққан. Жақсы көркем очерктер. Ақынның жүре бара проза жанры табиғатын терең меңгеріп, көшелі жазушы болып қалыптасарын аңғартады.

Сұлтанмахмұттың «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан», «Өлең мен айтушылары» деген шығармалары әдебиет, көркем өнер тақырыбына жазылған билиография, әдеби сын, рецензия. Ол бұл мақалаларында қазақтың бұрынды-сонды әдебиетіне, өз тұсында шыққан бірқатар өлең кітаптарына келелі, дәлелді сын айтады: әдебиеттің бағыт-бағдары, міндеті жөнінде құнды, өз тұсындағы қазақ публицистикасына жаңа пікір айтады.

Торайғыровтың «Қазақ ішінде оқу, оқыту жол қалай?», «Социализм» деген шығармалары оқу, мәдениет қоғам, ғылым тақырыбына жазылған. Оларда автор қазақ халқының ілгері дамуы мәдениетті болуы, «Адам баласының жеңіл күн көруіне қажет ілімдері» - техниканы тез үйренуі туралы бағалы, өз көзімен қарағанда данышпандық пікірлер айтады.

Жинақтап айтқанда, Сұлтанмахмұттың соңғы төрт шығармасы («Өлең мен айтушылары», «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан», «Қазақ ішінде оқу, оқыту жолы қалай?», «Социализм») газет-журналдық, шын мағынасында публицистикалық мақалалар. Сұлтанмахмұттың тек ақын, романист емес, сонымен бірге публицист болғанын да дәлелдейді.

Сұлтанмахмұттың публицистикалық шығармаларының бәрі де актуальды, күрделі, көкейтесті мәселелер жөнінде жазылған; бәрі де аса мазмұнды, терең мағыналы. Сонымен бірге, автордың ой-пікірлері жүйелі, дәлелді, сөз байламдары, сөйлем қисындары жарасымды, шешен.

Шығармаларынан ақынның қазақ, татар әдебиетінен, ұлы орыс халқының классикалық әдебиетінен мейлі тақырып-идея жағынан болсы, мейлі шеберлік жағынан болсын ұтымды үйренгені айқын аңғарылады. Бұған ақынның өз шығармаларында қозғаған, жырлаған мәселелері, көптеген шығармаларының сұраулы – «Қандай?», «Бұлар кім?», «Кезек қашан келеді?», «Оқудағы мақсат не?», «Кім жазықты?», «Осы да әділдік пе?», «Неге жасаймын?», «Өң бе? Түс пе?», «Ғайса кім?» деген секілді болып келуі дәлел. Ақын қазақ қоғамының заман туғызған мәселелері жөнінде сұрау қойып, соған жауап іздейді. Шешім таппақ болады. Оны көбінше еңбекші бұқара мүддесі тұрғысынан қарап, қоғамның ілгері дамуы мүддесіне сай шешеді.

Максим Горький: «Орыс әдебиетінің бір үлгілі, бір аса бағалы жағы сол – ол мейлінше кең: ол қоймаған сұрау, ол жауап табуға тырыспаған сұрау жоқ. Ол көбінше сұрау болып келетін:

Не істеу керек?

Қайда жақсы?

Кім жазықты? –

Деп келетін әдебиет» - дейді.

Сұлтанмахмұт орыс халқы классикалық әдебиетінің осы қасиетін, дәстүрін ұқты, творчестволықпен үйренді. Қазақ халқының Абай, Ыбырай негізін салған жаңа, сыншыл-реалистік әдебиетін ілгері дамытты, жаңа биікке көтерді.

Бейсембай КЕНЖЕБАЕВ,
филология ғылымдарының докторы, профессор

СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ

1893-жылы қазан айының 29-күні қазіргі Көкшетау облысының Қызыл ту ауданында туып, төрт-бес жасынан Павлодар облысының, Баянауыл ауданында өседі.

1902-1903-жылдары Әлі деген молдада оқиды.

1904-1905-жылдары Тортай деген молдада оқиды.

1906-1907-жылдары Мұқан молдада оқиды.

1908-1910-жылдары Баянауыл қаласындағы медреседе оқиды.

1911-жылы Нұрғали молдадан дәріс алады.

1912-1914-жылдары Троицк шаһарында Рахманқұлидың медресесінде оқиды.

1913-1914-жылдары «Айқап» журналында хатшы қызметін атқарады. «Сарыарқа» газеті, «Абай» журналында түрлі қызмет істейді.

1914-жылдың жазында өзінің туған ауылы Баянауылда «Шоң серіктігі» атты мәдени ұйым ашпақшы болады.

1915-1916-жылдары Тарбағатайдағы Терісайрық болысында бала оқытады.

1916-жылдың күзінде Томскіге барып курсқа кіреді.

1917-жылы наурыз айында Семейдегі құрылған қазақ арасында жұмыс істейтін облыстық комитетке мүше болады, кіші хатшының қызметін атқарады.

1919-жылы Шідерті болысын революциялық комитеттің бастығы болады.

1920-жылы 21 мамырда ұзаққа созылған аурудан қайтыс болады.

***ТАҢДАМАЛЫ
ШЫҒАРМАЛАРЫ***

АЛАШ ҰРАНЫ

Алаш туы астында
Біз – алаштың баласы.
Күніміз туып көгерді,
Сарыарқаның даласы.
Құрт аурудай жайлаған,
Құртпаққа бізді ойлаған,
Қанымызға тоймаған,
Қолымызды байлаған,
Ерімізді айдаған,
Елімізді лайлаған.
Жерімізді шимайлаған
Өшті залым қарасы.

Жасасын алаш, жасасын!

Алаш туы атында
Қолдайтын – алаш бабамыз.
«Туысқандық», «теңдік» деп,
Туын қолға ап шабамыз.
Берілгенде тілектер
Жарылмай ма жүректер?!
Заң жасайтын орынға
Жұртпен бірге барамыз!
Қатардан орын аламыз!

Жасасын алаш, жасасын!

Алаш туы астында
Қуә болсын арымыз.
Көркейтуге алашты
Құрбандық біздің жанымыз,
Былай тұрсын малымыз!
Алаш деген ел үшін,
Сарыарқаның жері үшін,
Бостандық берген ер үшін
Төгілсін біздің қанымыз!
Аялмасын жанымыз!

Жасасын алаш, жасасын!

Алаш туы астында,

Өлсек, бірге өлдік біз.
Нежақсылық, не қайғы,
Көрсек, бірге көрдік біз!
Ішкі жанжал таласты,
Күншілдікпен қарасты
Мына жерге көмдік біз!

Жасасын алаш, жасасын!

Алаш туы астында
Күн сөнгенше сөнбейміз.
Енді ешкімнің алашты
Қорлығына бермейміз!
Адамдықтың жолына,
Бастаған ерлер соңында,
Басқаға көңіл бөлмейміз,
Қандай шайтан келсе де,
Аулдауына көнбейміз.
Өлер жерден кеттік біз,
Бұл заманға жеттік біз!
Жасайды алаш, өлмейміз!

Жасасын алаш, жасасын!

1917

ТАНЫСТЫРУ

Қара қазақ:

Тұрғанда Құдай иіп мұндай заман,
Сұрайтын бір сөзім бар сенен, балам.
Тап біздің осы Семей облысының,
Көш басшы адамдарын айтшы маған.
Біздағы жоспарлайық өзімізше,
Десе де түк білмейтін қазақ надан.

Оқыған:

Ешкімнің Әлиханға бар ма сөзі?
Демейді қандай қазақ оны оң көзі.
Семей тұрсын, жеті облыс бар қазақтан,
Талассыз жеке дара тұр ғой өзі.

Елі үшін құрбандыққа жанын берген,
Бит, бүрге, қандалаға қанын берген.
Ұрыдай сасық ауа,, темірлі үйде
Зарығып, алаш үшін бейнет көрген.

Түймеге жарқылдаған алданбаған,
Басқадай бір бас үшін жалданбаған.
Көркейер қайткенде алаш деген ойдан
Басқа ойды өмірінде малданбаған.

Заманда басқан аяқ кейін кеткен.
Жасымай алашына қызмет еткен.
Болса да қалың тұман, қараңғы түн,
Туатын бақ жұлдызына көзі жеткен.

Қара қазақ:

Басында ол қарағым тұр ғой дайын,
Тез ұзақ өмір берсін бір Құдайым.
Дулатов, Байтұрсынов, Бөкейханов,
Білемін бұл үш ердің айтпай жайын.

Кешегі қара күнде болмап па еді
Қазақ үшін шам қылған жүрек майын?!

Қазаққа кеше заман қандай еді?
Ашылмас сорға толған маңдай еді.
Керек күні сойып жеп, сату үшін
Шөп беріп асыраған малдай еді.

Жастан да, кәріден де үміт сөніп,
Астында жұдырықтың жүрдік көніп.
Амалдап әркім жасап өз басы үшін,
Кімге кім қарап еді көңіл бөліп.

«Күн не?» десе «пристав», «уезд» дедік,
«Жер не?» – десе - «болыстық» демеп пе едік?
«Саясат, ілім, өнер не?» дегенде,
«Соларға үйір бол» деп жауап бердік.

Кімде еді билік мансұқ мұнан басқа,
Жақсы осы дедік ішер аста?
Жұрты үшін көріне бұзған жан рахатын

Кім еді сол заманда кәрі, жаста?..

Алты миллион қазақта болып па еді,
Солардың түріне ерген әлеуметтен?
Қысқасы, «ашыршылықта берген құйқа,
Көр артық» жайшылықтағы қымыз, еттен.

Оқыған:

Әлімхан Ермекұлы жас жігіттен
Келеді екінші боп бұл ретпен.

Қазақта мұндай жігіт көрмедім деп,
Ардақты қарт Потанин лепес еткен.
Ақ жүрек, алғыр ойлы, адал жан деп,
Тумай жатып жастарға жаңқы кеткен.

Томдағы инженерлік сабағында,
Жетеді бір жылдан соң тамамына.
Жеткізейін қолымды ілім үстіне,
Біртүрлі биіктік бар талабында.

Қайдағы кем-кетікті нашармен дос,
Ұлық пен байларды көрмейді қош.
Сорлымен соңғы нанын бөліседі,
Білгенін үйретуге алды әм бос.

Бір міні – танымайды бай ыңғайын,
Бар ынтамы – жақсарту нашар жайын.
Сорлымен сөйлесуге арланғандар
Көп емес пе көрсетіп не қылайын?!

Жеттім деп көкірек керіп, әуресініп,
Байларменен шанаға бірге мініп,
Қарапайым халықтар сөзін айтса,
Уақытым жоқ деп, қолдарын сермеп жүріп.

Кететінін көрдік қой талайлардың,
Тиеді кімге қайыр ондай жаннан?!
Ермеков бұл мінезге дұшпан кісі,
Тоқтайын енді бармай онан арман.

Сөйлеп кетсе, қозғалар бойда жаның,
Тас болса да, ерітер жүрек қанын.

Шындығы, тереңдігі, әділдігі,
Тусаң ту осылай дегізер жанның бәрін.

Ақ жүрегі, ақтығы, адалдығына
Бір ауыз қарсы айта алмай, құриды әлің.
Халел мен Әлімханның алда екені
Биыл Семей Съезінде-ақ болды мәлім.

Қара қазақ:

Құп, балам, айтқанымның бәрі де рас,
Бізді де ұсындырған сол екі жас.
Семейдің съезінде байқадық қой,
Ол екеуі жарайды болуға бас.

Тұрғаны рас екеуінің сөзге ағып,
Шын сөзіне босамас жүйке не ғып.
Семейдің съезінде екеуі ғой
Кісі тыңдар сөз айтқан құлақ салып.

Меніңше, Ермеков деген бала
Ұқсайды ұшқыр қыран қаршығаға,
Сөз білімін сынайтын жер ілгері,
Әзіргісі адал ғой жеке дара.

Ермеков адалдықтан сенгіш адам,
Жұртты да адал ғой деп ергіш адам.
Біле ме ер қадірін, ат жүйрігін,
Бездірер ме деп қорқам халық надан.
Өзі сеніп, басқадан көп алданса,
Адам қаны бұзылар осы арадан.

Ол әлі жап-жас бала кірленбеген,
Шынды айтуда танбайтын еш пендеден.
Түбінде көңілім түзу әзірге деп,
Алдап, арбап жүретін түрге енбеген.

Оқыған:

Ғаббасұлы.

Онан соң Ғаббасұлы Халел мырза,
Түрі емес, көрген адам сөзіне ырза.
Тап басар, әдісі көп артты ойлайтын,
Не аңқау, не болмаса емес қызба.

Жас жігіт университеттен оқып шыққан,
Халыққа қызмет парыз деп миына ұққан.
Алданбас, алыс болжар, алдан көрер,
Болса да оған мәлім жерге тыққан.

Айлаға қарай біліп айла құрғыш,
Табады қайдан болса, содан ілгіш,
Бір іске тура план құруында
Деуге болар Семейде осы білгіш.

Соның ойы тереңге бойлайтұғын,
Түстемей үстеп қарап қоймайтұғын.
Көрінген минутінде шешіп салар
Шертіктің тап жиырма күн ойлайтынын.

Ызаны ұмыта алмас өшін алмай,
Ондайға іші зәрлі, сырты балдай.
Өзі айтпаса, түсінен ұқтырмайды
Екенін жүректегі ойы қандай.

Шын деп ұққан мақсұтқа жету үші,
Бір істі өз ісіндей ету үшін
Сол жолда қабылдаудан бас тартпайды,
Болса да оған керек қандай пішін.

Сөзден де көбінесе іске құмар,
Тез болмайтын істерден тайқып шығар.
Мың сөзден құйқылжытқан оның көзіне
Істеген бір азғанбай ісің ұнар.

Призыв себебінен білді халық,
Толқығанда тоқтатқан ақыл салып,
Ығын-шығын қырғыннан өз уезін
Қалды ғой ақылымен аман алып.

Қара қазақ:

Шырағым, әрине, рас мұның дағы
Ел бағы – ондай жігіт табылғаны.
Съезде жер жайынан сөйлегенде,
Көрінді тереңдігі бізге дағы.
Секцияға бөлінген әртүрлі іс,
Халелсіз байланды ма бірі тыныш?

Халел мен Әлімханның көзінен өтпей,
Сықылды орнықпайтын ешбір жұмыс.

Отыз-қырық секцияға кірген кісі,
Екі-үш күн ақылдасып үлкен-кіші.
Түзу деп жасап шыққан жобалардың
Қалды ғой іске аса алмай ешбірісі.

Бірінен соң біреуі тауып мінін,
Жобаны жасаушының бұзар түрін.
Дәлелі сондай күшті, әм орынды,
Қозғалтуға болмайды ешкім тілін.

Ол екеуі мінбеге шыққан кезде.
Халықтың жұмысы болмас басқа сөзде.

Құлақ қоймай бетімен дуылдасар,
Егерде мінбе үстіне шықса өзге.

Меніңше, Халел деген – сынсыз жүйрік,
Не түрлі ұзақ салсаң, шабар шүйгіп.
Арбайып қол-аяғы алдан келер,
Алашты қақпайсың ба, сонда сүйсініп.

Оқыған:

Поштайұлы.

Онан соң Поштайұлы Мұқыш келер,
Білмеймін, халық аузы бұған не дер.
Өзі юрист, жас жігіт жаңа талап,
Шықпайды деуге бола ма мұнан өнер?

Жастардың қатарында жүр ғой бірге,
Тап ондай болмаса да сөзге шебер.
Ашық дәлел, айқын сөз көрмесек те.
Кей-кейде сыбырымен жүріп жеңер.

Басы үшін ойға алғанын орындауға,
Жиіркен,бестен әртүрлі түрге де енер.
Мырзаның ілтипатын көбірек тартар,
Қолында күш, дәулет бар, бақ пен бедел.
Жастардың байқағаны әзір осы,
Күнінде соңырғысын халық көрер.

Қара қазақ:

Әркімнің өзіне лайық бар ғой орын,
Өнер шығар оңында бар ма порым?
Құр бекер оқыған деп атақ қылып,
Поштайдың айтпа бізге араққорын.

Елден кетіп, біреудің өлімін аңдып,
Қайынында үйірімен жүр ғой қаңғып.
Қазақта іс білетін кісі аздықтан,
Жүрсіндер сүйемелдеп жоқты бар ғып.

Қайынын комитетке сайлаймын деп,
Жаз бойы қойған жоқ па жұртты дал ғып.
Көнбейміз біз мұныға дегендерге,
Қоқандап, мылтық атып, басты даң ғып.

Қарғау да, жарылқау да қолымда деп,
Көрсетіп халыққа өзін үлкен жан ғып.
Соңыра шар билігі жуанда деп,
Жуанның көңілін тауып, өзі тән ғып.

Учредительный собраниеде өтпек ойы,
Солайша ептеп-ептеп бір амал ғып.
Оныңның жайы бар ма біз көрмеген,
Жаз өтті, жалғыз іс жоқ ол жөндеген.

Қайынында қымыз ішіп жатар болса,
Бұл елге комиссар боп неге келген?
Әділ болса, ағасын тыймас па еді,
Арқа тұтып, нашарды көгендеген.

Иесін көшіріп, қорасын салар ма еді?
Шілікті мен Сарыадыр деген жерінен*.
Білеміз университетке бір кіргенін,
Жөндеп тыңдау бере алмай бос жүргенін.

Онда да бостандықтың арқасымен,
Төрт жылды сегіз жылда бітіргенін.
Былтырғы жыл бітіруден үміт үзіп,
Болам деп елге болыс күтінгенін.

* Мұқыштың туысқаны Абу Жүсіп «Мамыт» деген аз атаның «Сарыадыр», «Шілікті» деген қонысын тартып алып, қора салған.

Ұнатпас бұл заманда Поштай, Шорман,
Әуелде қылығы жоқ халыққа оңған;
Жеті атадан күн көрген жұрт үстінен,
Қайткенмен құтылар ма жетім жолдан.

Білмеймін Мұқышыңда оқу қанша,
Милоин оқу бітірсін, маған салса.
Ыңыранып, көп жұтынып, баптаймын деп,
Бір түйе боталайды сөз айтқанша.

Құр бекер оқыдым деп қоқиғанмен,
Туыс, талант болмаса, болмайды ем.

Туыссыз құр оқуға сүйенгендер,
Винті жоқ құр май құйған машинамен тең.

Не болмаса жүйрік деп жабыны асырап,
Кілем жауып бергендей Тойғыз әжем.
Бәйгіден ондай жабы келе алмайды,
Болса да дорбаң жібек, меруерттен жем.
Атлас кілем жапсаң да бәйге әперер,
Деп айтпассың басында ми болса сен.

**Оқыған:
Жақып Ақбайұлы.**

Белгілі Жақып мырза Ақбайұлы,
Қызмет қылар кісінің бұ да бірі.
Азды-көпті атағын былай қойы,
Тексергенде, мынау ғой оның сыны.

Тап берме, құр даурықпа, жеңіл ақыл,
Көрмегенсіп жүретін жұртты мақұл.
Болмаса ақкөңілсіп жылайтыны,
Тіпті ғылым, таланттан бойы тақыр.

Жақыпша атақ алам деген болсаң,
Бір орысты боқта да, іске шытыл.
Жабылсаң да сотқарлық мінезіңнен,
Жұрт үшін деп шығады қазір атың.

Себебі, ол уақытта қазақ жұрты,

Ұлыққа қошеметшіл бәрі қатын.
Ақмола облысында Науан қазірет,
Қосшығұлов үшеуінің пішіні жақын.

Боқтаудың не жұмыстың турасында,
Екенін тексермей-ақ қояр батыр.
Үш ауыз сөздің басын қоса алмасаң,
Не жыла, не тақтай теп, ал кеп ақыр?..

Сабазды ерлік қысып сөйлетпеді деп,
Орынсыз құтырғандай аруақ шақыр.
Болмаса ауырдым деп сөз кезінде,
Жанғалидікіне* бар да отыр, қымыз сапыр.

Әттең, дүние-ай, көп сөз бар, тамағым деп,
Сыбырлап қой мінбеге барып жақын.
Міне, халық, тамағым айтқызбады деп,
Сонан кейін шегініп жөтел, қақыр.

Жайлықта менің атым пәленіп деп,
Көшедегі халыққа айтып лапыр.
Дәл келер Крыловтың баснясында,
«Сусыз бөшке жол алар» деген нақыл.

Кей-кейде құтырғандай сөйлер қызып,
Иықты қысқан болып, түсті бұзып.
Сөз әнімен кеткенсіп қолды сермеп,
Ерін тістеп, бұғып қап, қылшы қызық.

Тарсылдат маңайында стол болса,
Жұрт десін есіл ерде қайрат сонша.
Дірілдеп орындықтан ұша жазда,
Дұрысын теріс, терісін соғып оңша.

Қара казак:

Рас, осы Жақыптың анық түсі,
Кешегі съезден-ақ шықты мысы.
Алыстан әулиедей көрінсе де,
Үш күннен соң жоламас әлі кісі.

Жақыптан биік мансұқ үмітті едік,
Түк те жоқ, партия ғой бар жұмысы.

* Жанғали – Жақыптың жататын үйі.

Райымжанмен екеуі бірге жүріп,
Съезде салған жоқ па жұртқа бүлік.

Ақсақал, бізді сайла, олар жас деп,
Жүрді ғой пәтер сайын қаңғып кіріп.
Екеуінің толқытқан әлегінен,
Екі күн съезд тұрды қаңтарылып.
Бұрынғы болыстардан айрықсызын,
Көңліміз суыды ғой сонда біліп.

Қосылды екеуіне Мұқыш тағы,
Қайда барса, баяғы бастың қамы.
Сайла деп бір кісімен сөйлесті ме,
Әлімхан, Халел, Нәзипа – жастар жағы.
Сайлаңдар, кім лайық болса, соны,
Деп тұрды, білінбей ме нанынбағы.
Биік мақсат, идея, шын сүйгіштік,
Әм және мінсіз таза көңіл ағы.

Жақаң, Мәрсек ол уақыт елге шапты,
Түн бойы әр пәтерле ақапа қақты.
Көрсетіп партияға ұста екенін,
Жұртқа айтуға мынандай амал тапты.

«Мені сайла, әйтпесе қор болғаның»,
Деп Райымжан көтерді Найман жақты.
Қасеннің^{*} Жақып жығылып аяғына,
Ұмыт деді бұрынғы өткен шақты.
Сонымен Қарқаралы түгенделіп,
Екі уйез ел Найманмен қылар шартты.

Өскемен, Зайсан жағы айтты сонда,
Үш уйездің кісісі тұр ғой қолда.
Өткізейік Жақыпты бірінші ғып,
Екіншіге Мәрсекті сендер қолда.

Еңбек қып бірге жүр ғой үшіншіге,
Мұқыштың тілегін де сыйғыз жолға.
Ешкімге жалынбайтын мырзалар ғой,
Халел мен Әлімханың тұрсын сонда.

Қазақшылық пайдадан қаламыз ба?
Түспей жатыр білгіштер өздері оңға.

^{*} Қасен Ақайұлы – Қарқаралы уезіндегі Жақыптың бақ күндес күшті адамы.

Тегінде делегаттар елден барған,
Бәрі де ел билеген қасқырлардан.
Елге барып комитет сайлай қалса,
Деген ойды көбінесе есіне алған.

Соңыра олар-дағы қолдасады деп,
Айтпаса да ішінле көңілі бардан.
Шынында ол ойлары кетпей теріс,
Уақытша пайдасына берді жеміс.

Қара күшпен сайланған комиссардың,
Неге көп елдерінде жанжал, керіс?

Елдегі комитетте члендікте
Бір кедей жоқ, не себеп байлар тегіс?
Ойлай ма қазақ соры қайнайды деп?
Соңына да жөнсіз кісілер сайлайды деп.
Жуандардан жасалған комитеттер,
Былайша халық көзін байлайды деп.
Сайлаудың запискасы келгенінде,
Таратып оны жұртқа бергенінде.
Пәленше адам сайланды тек қоя қой деп,
Алдап шар салғызады сенгеніне.

Ақпаев отырғанда желдей есіп,
Кедей бір қояды ғой сырын шешіп.
Комитетке жыртқызса запискені,
Кім алар дейді құлағын түбінен кесіп.
Ойламауға болмайды бұл қазақты,
Подлотке* істемейді деп судай кешіп.

Болады деп айта алмайды Жақыпты бас,
Елінде де істеген істері рас.
Сонан басқа жан жоқ деп айтпағанның,
Үстінен жаудыруға пәле аямас.

Жиіркенбей үстінен әкеп жабар жала,
Телеграмды жаудырап бара сала.
Ақша істеді деп біреуді донос қылып,

* Подлотке – Подлог ұғымында.

Жүргені анық дәлел осы араға.
Надан адам сүйтті деп бұл үйтер ме.
Егер де ақылы асқан болса дана.

Оқыған:
Сәрсенов Биахмет.

Біреуі – Биахмет Сәрсенұлы,
Ыңғайлы, қырғыйға ұқсар көрсең түрі.
Түрінен де, сөзінен, жүрісінен,
Екенін біле алмайсың қандай қыры.

Ақылы да оның көп, айласы да,
Көңілінің жылдам сезгіш айнасы да.
Бар дейді бұрынырақ ұмтылатын,
Түлкідей жалт ететін таймасы да.

Ісі де, таланты да қалыспайды,
Жұмсаса тегіс халық пайдасына.
Жастардың біреуінен кейін емес,
Қазақ деп жүрегiнiң қайнасы да.
Халел мен Әлімханды ай деп айтсақ,
Шолпандыққа жарайды ай қасында.

Әуелден қатарынан туысы артық,
Сондықтан күн-күн-сайын барады артып.
Ілімнің аймағында жоқты дағы,
Еріксіз туысымен алар тартып.

Қара қазақ:

Болса да сыр, сыйпаты білінбеген,
Ойлап ек жігіт-ау деп епті келген.
Еті тірі, қағылез, өткір, пысық,
Және де талабы бар әр немеден.
Ойлаймыз естуменен бұрын бірақ,
Болыс боп, түсті екен әлде неден?

Оқыған:
Нәзипа заным мен Нұрғали Құлжанұлы.

Ардақты бар Нәзипа деген ханым,
Газет, журнал жүзінде жұртқа мәлім.
Оқыса, сондай әйел шығар ед деп,

Оқығандар бағалар сөздің мәнін.

Неше күн қыдырсаң да, таба алмассың,
Семейдің одан өтер адал жанын.
Ақ көңіл, мінезі оңды, жүзі жарқын,
Ынтасы жеткізбекке әйед халқын.

Және бар әйелге хас нәзік сезім,
Танитын бір көргенде-ақ істің нарқын.
Атақты Байтұрсынов «Мысалында»,
«Н-ға» деп өлең жазып, жайған даңқын.

Аяныш, жұмсақ жүрек, мейірбанды,
Ренжіткісі келмейтін тірі жанды.
Қайткенмен он облыс бар қазақта,
Әзір шыққан әйел жоқ сонан мәнді.

Оқып жүрген жастардың анасындай,
Көрер бәрін не бауыр, баласындай.
Тарыққан сорлыларды өзі шақырып,
Күтеді не әкесі, не ағасындай.

Сөз табар әр мәжілісте жарасымды,
Білмейді аса сөйлеп адасуды.
Оқыған еркектердің көбінен де,
Әр іске ыңғайы бар жанасымды.

Теңдік туын көтеріп әйелдер де,
Тұр, әне, желкілдетіп биік жерде.
Ол туда жазулы тұр мынандай сөз:
Әйелдер тиюге ұлықсат сүйген ерге.

Зорлыққа күң есебі жүріп едің,
Күнің туып, қатарға кірші сен де.
Әйелді шалға беру, малға сату,
Болмасын мұнан былай ешбір жерде.

Сұлулар өзің тандап теңіңе бар,
Шал менен мал қолында болма пенде.
Жаратсын, әйел тисін еркек қылып,
Сайлансын комитеттер әрбір елде.

Жүрмесін ешбір молда неке қиып,
Қыз он алты, ұл он сегіз жастан кемге.

Оқытсын ұл мен қызды жеті жастан,
Болмасын екі қатын ешбір ерде.
Әділшілдік көрмесең, басың босат,
Семейдің комитетіне арыз бер де.

Бірге айтайын Нұрғали Құлжанұлын,
Жаңылмасақ, бұлайша мұның сынын.
Қайратты, кең ойлайтын сабырлы адам,
Жасымайтын, бермейтін жанға сырын.
Турашыл жан бетіне қарамайтын,
Онан келер зиянды санамайтын.

Қазқтың ескі, жуан тұқымынан,
Жөпшендіні еске алып баламайтын.

Бір айтса, сол сөзінде тұрды деп біл,
Болмайды қате екен деп қайта қайттым.
Бір ұстаған жерінде қалар қатып,
Кім болса да, сөйлейді сөзін батып.
Өз көңілінде түзу деп ұққан ойын
Істейді, жіберсең де қазір атып.

Дүниеге қызықпайтын таза кісі,
Ондай кірлі нәрсемен жоқ жұмысы.
Салақтық не болмаса аңқаулық жоқ,
Тағы да әм ретті қылған ісі.

Инедей кемдік сөзді көтере алмас,
Және адам жоқ, сыйласса, одан кіші.
Жазуға көп адамнан таланты зор,
Артықтығын көрсетер жазғанда ол.
Түрлі себеп астында құр булығып,
Болады талай талант шыға алмай қор.

Не басында өнбеске жұмсалады,
Сондықтан көпшілікке ұқсамады.
Не адамның өзіне қас мінезден,
Талай талант бөгеліп тұсалады.

Не ғылым аздығынан күн көре алмай,
Жүреді үйтіп-бүйтіп ісі оңалмай.
Көп талант бабын тапсаң, жүйрікке ұқсас,
Бабын тапсаң, жұрт қалар шаңына ере алмай.
«Қобыланды», «Тарғын» жазған кәрі ақындар,

Сөзінде, шындығында не мақұл бар?
Жаратқыш шеберлікке келгенінде,
Олардың талантына кім жақындар?

Сөздерінен ақиқат ала алмаймыз,
Сондықтан бәйге алдына сала алмаймыз.
Олар надан, ойлауда көп адасқан.
Бірақ біз ақындығын тана алмацмыз.

Оларды қоя алмаймыз Абаймен тең,
Себебі, оқымаған, ілімі кем.
Туыс талант Абайдан жиырма есе,
Олардың артықтығы бар дей алам мен.

Абайды дейік биік бұлтқа жетті,
Аз ілімі жетуіне жәрдем етті.
Алты алашқа атағы айқындалып,
Сүйікті, тағзым мінді, суретті.

Толстой онан биік күнге жетті,
Күн астындағы елдерге даңқы кетті.
Алса егер Толстойдың тәрбиесін,
Абай да көрсетер еді сондай кепті.

Кірлік тұрмыс, бақытсыз тарихымы,
Тым алысқа жібермес, түзер бетті.
Талантқа ауа қайда ер жетуге,
Жүректің қанын жылытып тербетуге?
Сұлу жар, кірсіз тұрмыс, көрініс бар ма?
Жаныңа жалған салып сенделтуге?
Әлпештеген секілді жас баланы,
Талантты кіс асырып, кім алады?
Әлихан айтқандайын, қыр ішінде,
Домалап неше меруерт жоғалады.

Бақытсыз туған талант бұл күндегі,
Кедей халі жаман боп сүргендегі.
Иілтіп қара күшке амалсыздан,
Жүреді кейбірінің құр сұлдері.

Кейбірі балалықпен адасады,
Адасумен баспайтын жер басады.
Қатесін ұққаннан соң, ары кеміріп,
Жазаға өзін өзі дарға асады.

Сондықтан жер қорқақ боп жүргенінде,
Ойдағы жоғалады, кір басады.
Туғанына қайғырар армандының
.....*

Шәкәрім.

Құдайберді баласы Шәкірім,
Көп оқуы болмаса да туысы кәміл.
Жазған шежіре, жайған үлгі арқасында,
Ертеден бұл алашқа аты мәлім.

Ерте оянған кісінің біреуі осы,
Бұл жұрттың түзеймін деп антұрғанын.
Бір жолмен Байтұрсынов, Бөкейханға,
Ақсақал бола алғандай осы кәрің.

Байыпты, философтың табиғаты бар,
Көрсек де ол тұқымның ең жаманын.
Бұл қазақтан мақсұты биік алыс,
Таппаса да сөзіне құлақ салыс.
Қазақ деп жекелеме адамзат де,
Ол кісінің пікірімен болсаң таныс.
Тағы жүрген көшпелі ел ішінде,
Тәрбиесіз, үлгісіз жер ішінде.
Бөкейханов айтқандай, қиын жұмыс
Адамның шыға қоюы сол пішінде.

Деменіз тымақ киген жәй бір қазақ,
Киген киім, жүрісі, түріне қарап,
Надандар оны өлшейтін өлшеуің жоқ,
Аулақ жүр, біле алмайсың жай шамалап!
Жастардың үміті көп әлі де болса,
Тым қартайып тұрған жоқ әлі де онша.
Теңдік күні туды ғой, бөгет кетіп,
Дегендерге жүреді заман оңса.

Құр баташы бас жейтін кәрің емес,
Әлі де одан табылады талай кеңес.
Адамның, адамдықтың берген жемісін,
Жейтін адам бар басқа, иттер жемес.

* 1933-жылғы жинақта қолжазбадағы бұл жол оқылмады деген ескерту бар. – Ред.

Қара қазақ:

Семейдің съезінде байқадық қой,
Екенін қарт кемеңгер әм терең ой.
Оқығандар болмаса, жай қазақтан
Онан басқа кім шықты көрсетіп бой.

Көрінді бьасшылыққа жарайтұғын,
Ұялмастан бір деп-ақ санайтұғын.
Адамдық, түзуліктен басқа жөнге,
Ақы берсең емес қой қарайтұғын.

Бұрынғы ылас, сасық кір заманда,
Аз табылар адамдығын сақтайтұғын.
Бас жұмыстың құлы көп ел ішінде,
Болсақ егер сақалдыны мақтайтұғын.

Оқыған:

Марсеков.

Айтпақшы Марсекеңнің баласы бар,
Адвокат, қырма сақал Райымжан шал.
Ұмытқан оқуларын былай қойсақ,
Саяз жүрек, ұсақ ой, тынысы тар.

Сөз қоспай, құр дауыстап, тығылып қап,
Болады топ алдында аяныш жан.
Сонда да басты бұлғап, аузын созып,
Келтірем деп ойлайды сөзіне дәм.

Планы жоқ тоқтаудан және ұялып,
Талай жерде қызартып, ұят қылған.
Сөйлегенде «затем» деп тұрып алып,
«Затемге» бір сөз қоспай мысы құрыған.

«Исходящий» жазатын нөмірге ұста,
Одан әрі өмірге оны қыспа.
Рекенше мақұрымсың адамдықтан,
Бір нөмір қоймай қойсаң қапылыста.

«Исходящий», «Входящий» әдемі жазу,
Кәмілдіктен саналар ол байғұсқа.
Онан соңғы бір жақсы көретіні,
Мырза-еке, шығып кет деп шақыр тысқа.

Немесе сыра ашытып үйге әкеліп,
Бірігіп іш те отыр бір бұрышта.

Ойбай мен ұмытыппын: сыншы екен ғой,
Сын дегенде таланты әм бөтен ғой.
«Қуанышты», «шаттық» деп түзей алар,
Рекеңнің таланты ірі екен ғой.

Бір жолға жазып қойсаң «а» дыбысын,
Қалған жолдың «а»-сыз жазба әрбір ісін.
Әйтпесе, «повторение» жарамайды,
Рекең сызып тастар қайрап тісін.
Жастар оны таниды «не как юрист»,
Таниды «как мелочный канцелярист»,
Обломовтың бірінің «типі» жақын.
.....*

Сондағы жүре ме ірісінбей?
Сөз айта ма көгеріп бір ісінбей?
Демеңіз Обломовтың жамағайыны,
Нақ типі; не аға, не інісіндей.

Сабатаев.

Таныстырдық білгенше әр адамды,
Тағы айтайын, демеңіз мынау қалды.
Айтпақшы, екі оқуды тамам еткен
Айтпап па ем Сабатаев Сатылғанды?

Сатекен жандардың бұл дүниеге,
Тууының мәнісін білемісің?
«Талантсыз құр оқумен түк болмайды»
Деген сөзге жаралған дәлел үшін.

Әнияр мен Иманбек

Келейік Әнияр мен Иманбекке,
Қарт адам ғой, оларды қажау текке.
Пайдасы да өнімді болмағанмен,
Олардан зиян да жоқ көпшілікке.

* 1933-жылғы жинақта қолжазбадағы бұл жол оқылмады деген ескерту бар. – Ред.

Мысалы, кәрі тұғыр сұлылап ап,
Керек күні жүре бер арба жек те.
Ұлт ісіне жегуге неге арлансын,
Жекті ғой аузы түкті чиновник те.

Дұрманов.

Дұрманов айтуға да тұрмайды деп,
Ойлап тұрмын айтпауды ыңғайлы деп.
Алпамсадай, дөй қарын, қозғап кетсем,
Қорқып тұрмын үстімді былғайды деп.

Көрмесең көзге толық дөйман түрін,
Қор болар оған не ғып ақыл, білім.
Мынау заман туған соң бір молда ұстап,
Үйреніп жатыр дейді қазақ тілін.

Сөйлесуден құтылуға тілмаш салып,
Бір молда ұстағаны дейді-ау анық.
Менсінбей, бұрын оны ұмытса да,
Жолатпасын білген соң онсыз халық.

Алпыста қазақ тілінен тыңдау беріп,
Сайлауға кірмек ойы «диплом» алып.
Думадан бір орындық жылытпақшы,
Сайланып бір депутат болып барып.

Есіл дәурен баянсыз қайда кетті,
Шен алып, лық байыған арқаланып?!
Әкесі қайыр тілеп жүріп өлді,
Байлықпен жәрдем етер кімді танып?

1918

НҮРЕКЕҢЕ

Ұштың ба нақақ оққа, есіл ерім!
Ел үшін еңбек қылған кемеңгерім!
Алаштың алаш аты жойылмаса,
Бір кетпес жау мойнында қаның тегін.

Қаның тамған қазақтың Сарыарқасы
Өмірінше кеудесінде сақтар кегін.
Қанқұмар, қара жүрек қасқырлардың,
Аллаға қиын емес, келтірсе ебін.

Сатылған, аруақ сатқан арамдардан,
Кегінді, еншалла, алар елің.
Тұра тұр, қоңыздарым, доңыздарым!
Ойлаған алашты емес, күндік жемін.
Талпынған ерік үшін алашыңа,
Қаның дария, сүйегің көпір сенің.

Арман сол – жалақордың жаласына,
Құрбан боп есіл ерім барасың да.
Қиянат, күншілдікпен жүрегі өлген,
Иттердің кете бардың таласында.

Құдайым сені дағы көп көрді ме?
Бейшара бұл қазақтың баласына?
Жақын үшін жан құрбан қылаұғын,
Сендей ұл туа бермес алашыңа.

1919

СЕКІЛДІ ӨМІР ҚЫСҚА, ЖАРТЫ ТҰТАМ

Секілді өмір қысқа, жарты тұтам,
Надандар деп ойлап жүр өмірді ұтам.
Аз өмірді ақындық жолға бердім,
Лепес қып түкірген соң молда Мұқан.

Қаламды шын беріліп, алдым берік,
Әлдеқандай бір күшке көңіл сеніп,
Бұрын жалғыз оқу еді іздегенім,
Енді оған өлең жазу болсын серік.

Бірдей ме сабақ берген барлық молда,
Ант берем, алуан түрлі деймін, олла.
Денеден-ақ көрініп тұрған жоқ па,
Саусақтың алалығы біткен қолға.

Әкемнен «Әліп-биді» үйде оқыдым,
Үйреніп намаз сабақ, жат тоқыдым,
Әлі молда алдында дәл екі жыл,
Өртүрлі ескі кітапты бір шоқыдым.

Тортайдан екі жылдай сабақ алдым,
Ол байғұс аяған жоқ ойда барын.
Ғылымның орны бас пенкөкіректе,
Бүйір шығып, кампия тоймас қарын.

Мұқаннан екінші жыл сабақ алам,
Ұйықтасам да көңілім оқуға алаң.
Лепес қып өзі бастап, «ақын бол» деп,
Дұғасын ықыласпен берді маған.

Сондықтан бір мақсатым - өлең азу,
Оқуменен бірге іздеп, қоса қазу.
Осы ойма өткен түн серт берілді,
Менде болмас бұл ойдан өмірде азу.

1907

ОҚЫП ЖҮРГЕН ЖАСТАРҒА

Үмітпенен жоқ қуған,
Талабы алда баламыз.
Басқалар жоғын тапқанда,
Біздер қайтып қаламыз.
Тәуекелге бел бусақ,
Көрдегіні аламыз.
Жеткізбей кетер жүйрік жоқ,
Қусақ, бәрін шаламыз.
Іс істейік бір болып,
Ашылмасын саламыз.
Сұмдар салған жүректе
Аз ба біздің жарамыз?
Тепкісінде басқаның
Қорбоп жүдеп барамыз.
Көріне көзге азапта
Мәңгі қайтып қаламыз?
Ойынды енді азат қыл,
Қалсын былай балалық.

1912

ДОСТЫМА ҰМЫТПАСТЫҚ ҮШІН ХАТ (Көңілдегі махаббатым)

Шын достым, шыбынындай Шаһибайжан,
Болғанда біріміз – жан, біріміз – тән.
Болса да қырық жыл қырғын, ұмытпаспыз,
Сонда да, біраз сөздің реті бар.
Жібердім «Зарландымның» жеті бөлімін,
Жазуға одан артық келмеді хал.
Көңілге қиял қадар ала көрме,
Болады достың суы достына бал.
...Дәрі... болып дарияға барғаным жоқ:
Өртүрлі себептермен уақытым тар,
Шалқыды шартарапқа сорлы көңіл,
Қайткенде еридi деп iшетгi қар.
Сандалып, жөн таба алмай зарығады.
«Құдайым атыра ма, - деп, - біздерге таң?»
Әрнешік халдарымның бәрі мәлім,
Достыңа хал-қадарша жәрдемің сал.
«Дүние бос, махмббатсыз мал секілді», -
Деген сөзін Абайдың есіңізге ал.
Жер шетіне жүрсең де, ықылас сізде,
Үнемі бірге жүру болмас бізде.
Қайнасқан жүректегі махаббатты
Ойыңнан тастай көрме әрбір кезде.

Жеткізбей мұратыңа қадір ием!
Жанумен отқа түспей, ойға күйем.
Жан достым, бір-екі ауыз назым жаздым,
Көргенде босасын деп жүйе-жүйең.

Жүргейсің хат жазысып, хабар алып,
Жоғарғы сөз мазмұнын қарап алып.
«Жуан етік қазақта жұмыс аз» деп,
Жүрмеңіз тіліңізді қадап алып.

Жаксы, жаман болса да, қаның бірге,
Өлсең де, тірілсең де тәнің бірге.
«Әркімнің өз аузына қолы жуық»,
Егер де өлшестіріп салсаі кірге.

Бұл сөзді қыстамаймын жалғыз саған,
Мысалы,қурап қалған қазақ сабан.

Өзімшіл, өзге үшін жәрдемі жоқ,
Жақыннан жат көретін жаудан жаман.

1912

АРМАНЫМ

Барлық адам баласы
Өзіндей көрсей өзгені –
Озбырлық өшіп қарасы,
Өзімшілдік өлгені.
Кедей, жалшы, қарттың да
Бірдей болса арасы –
Шын әділет таптың да,
Теңеліп қолдың саласы.
Әлемдегі ғаламат
Игілікке арналса.
Өнері ортақ азамат
Еңбекте ғана арланса.
Оқу-білім өркеймек,
Елге егіп пайдасын.
Ел жетіліп көркеймек,
Өнер қанат жайғасын.
Әлемдегі терең сыр
Ғылыммен ғана ашылмақ,
Асау тағы, ой мен қыр
Керекке жарап бас ұрмақ.
Сондай елді көре алмай,
Ақын Абай зарыққан.
Соңынан елі ере алмай,
Қайғыда жүдеп, қамыққан.
Біз көрерміз, үміт бар,
Тией бер осы халыққа.
Озбырлық күш, ғұрыптар
Жасай бермес тарихта.

ЖАРЛАУ (Жұртыма)

Құрметті қазақ байдың баласына,
Кіші іні, жасы үлкен ағасына.
Біз де сол жұрт не болса, боламыз деп,
Сақараның ұйықтай бердің даласында.
Миллетке жәрдем деген сөз айтылса,

Тығылдың көрден көрдің арасына.
Партия, дау-жанжалдың шеті шықса,
Мал тұрсын, аямайды баласын да.
Ғылым, өнер, хұқықтан жүрдай болып,
Мәз болдың иттей үрген таласыңа.
Жөн мынау, теріс мынау дегендердің
Ұмтылдың тұра сала жағасына.
Боласың бір міні жоқ аппақ кісі,
Барлықты заманаға жабасың да.
Мінеки, құдай сүйген пейіліміздің,
Аз берген жақсы құдай жазасына.
Серпілмей, тағы біраз ұйықтай түссек,
Басқаның құл болармыз қаласына.

Тағы да қазақ байдың жастарына,
Әулекі, ішпей болған мастарына.
Білім, өнер табуды керек қылмай,
Мәз болдың ырғақ-ырғақ басқаныңа.
Тимеді сол себептен жалғыз тамшы,
Ғаламға еркіндік нұр тасқанында.
Қарасақ басқалардың жастарына,
Өнер, ғылым толып тұр бастарында.
Өзіне от, жел, суды жалшы қылып,
Алланың сайран етер аспанында.

Тағы да қазақ байдың қыз баласы,
Ешкімнің сенде жоқ қой өш, жаласы.
Солдырып сені осынша көп зарлатқан –
Атаңның шалдан алған бес қарасы.
Айыпсыз ата-ананың сіз баласы,
Түбінде тамам жұрттың сіз анасы.
Езді ғой кәрі шалдар тілегінді,
Басқаның хан болғанда қыз баласы.

Қазады бес жасыңнан атаң орды,
Қарайды малы көпке өңды-солды.
Таз болсын, тазша болсын, кеттің жылап,
Жігерсіз мұнша неден болдың сорлы!

Теңің тап, кемге барма, қор болма деп,
Шариғат, заң көрсетті саған жолды.
Милеттің түзелуі сіздерменен,
Бұзып шық, солмай жылап, қалың торды.
Ыңғаймен ұялғансып кете барсаң,

Өзіңе өз обалың сонда болды.
Атаның сіз көнбеңіз алдауына,
Сүйгенсіп, «қарағым» деп арбауына.
Қор қылды, оқытпады, надан қылды,
Ол аз деп, шалға сатты жалмауына.
Ғалымдар бізден-дағы шығып жатыр,
Шалдардың түсірейтін қармауына.
Сіздерді бұзылған деп ешкім де айтпас,
Алғыстар тең емеске бармауыңа.
Жейтұғын заман өтті сіздерді алдап.
Мәжнүңдей* иіндерін жұлып, жалмап.
Жаныңа жалмау тұрсын жақын бармас,
Қазақтан оқушылар шықса аңдап.
Мінеки, ойлағыңыз бастың қамын,
Мүшенді талатқанша қолдап, сандап.

Тағы да қазақ байдың шалдарына,
Алпыста қыз алатын салдарына.
Тапқызбай оқу, өнер, ұрпағыңды
Бақташы өгіз қылдың малдарыңа.
Бар пайдаң – тез-тез асап жеп бітіру,
Бір табақ ет тартылса алдарыңа.

Мүритке надан сопы басыңды ұрдың,
Жастарды «әзірейіл» деп жандарыңа.
Жетсе де басың жерге, еш сезбейсің
Пышақтың қалай кіргенін сандарыңа.
Бұлдайсың жөнсіз жерге сақалыңды,

Сүйтіп-ақ жүре бермей жайларыңа.
«Жастардың, әттең дүние, ісін-ай», - деп,
Күрілдеп қараясың қандарыңа.
Жатсаңдар, ішіп кейіп ауыра ма,
Тек тұрсаң тілеулес боп алдарыңа?

Ол заман не де болса өтті, кетті,
Біздерді мұндай пейіл тентіретті.
Өткендер қақсағанмен қайта келмес,
Көз ашып, сөз қосатын уақыт жетті.
Бұл күнде бастаушылар шықты бізден.
Солардың айрылмайық салған ізден.
Басшының соңынан ер, айтқанын қыл,
Тілейтін бар тілегім осы сізден.

1912

* Мәжнүн – ислам діні бойынша, ақыр заманда пайда болатын бұзық халық.

ШЫҒАМЫН ТІРІ БОЛСАМ АДАМ БОЛЫП

Шығамын, тірі болсам, адам болып,
Жүрмеймін бұл жиһанда жаман болып.
Жатқаным көрде тыныш жақсы емес пе
Жүргенше өмір сүріп, надан болып?!

Мен – балаң жарық күннен сәуле қуған,
Алуға күнді барып белді буған.
Жұлдыз болып көрмеймін елдің бетін,
Болмасам толған айдай балқып туған.

Бұл сөзім асып айтқан асылық емес,
Ойында оты барлар асылық демес.
Тебем деп тірі болсам надандықты,
Серт етіп, өз-өзіме еткем егес.

1913

ЕНДІГІ БЕСАЛЫС

Кірді ғой түстен кейін тентек ақылы,
Сертімнің бұл өмірлік ең ақыры:
«Адам – құл өзін жеңіп қстамаған»
Деген бір Сократтың бар нақылы.

Тұрмысты үмітім көп жеңем деген,
Жігермен жеңуіме сенем деген.
Ырқыма менің жүрер қай дүние,
Көнбесе өз ырқыма өзім денем?
Әрине, шыдар-ақпын өлуге мен,
Баспасын жаман жолға көнуге мен.
Ақтармын оқып-жетіп адам атын,
Басқаға жоқ ықылас бөлуге мен.

Менде жоқ қашу деген, ашу деген,
Тарығыр болымсызға жасу деген.
Ісіне құрт-құмырсқа ілтипатсыз,
Ойымда тек сол белден асу деген.

Шындықтың аулын іздеп түстім жолға,
Разымын не көрсем де осы жолда.
Шаршармын, адасармын, шалдығармын,
Бірақ, бір табармын деп, көңілім сонда.
1914

ТУҒАН ЕЛІМЕ

Үміт қып менен қарайсың,
Көңіліңе медеу санайсың.
Балалыққа жарасам,
Аталалыққа жарайсың.

Қайтейін, елім, қимаймын?!
Қия алмай, жанды қинаймын.
Қимай, қалсам ішінде,
Тағы тыншып сыймаймын.
Алты қырдан ассам да,
Сөздеріңді сыйлаймын.
Тек қалауым сіздерден:
«Серіктікті» милаймын;
Сіздерге әкеп шашуға
Ілім-білім жинаймын.

1914

ТҮТҚЫНДАҒЫ БАЙТҰРСЫННЫҢ «МАСАСЫНА»

Бағаң жоқ көр соқырдың көз алдында,
Мұңыңды жылап шақшы өз алдыма:
Гауһар тұрсын, айырып алтыныңды,
Аузына керек тас деп бір алды ма?

Өткірсің наркескеннің алмасындай,
Жүйріксің «полный ходтың» арбасындай.
Сен – сұңқар, көңілі соқыр сенімен қас,
Өзінің болмады деп қарғасындай.

Сен сонда сүйкімдісің, қарқылдасаң,
Қарқылды қарғалықпен ар қылмасаң.
Оларға сенен жексұрын еш нәрсе жоқ,
Сұңқардай көктен шүйгіп жарқылдасаң.

Мақтасаң қарғалардың жеген боғын,
Кешегі өлексемен қарны тоғын.
Мінеки, сөз мынау да ен мынау деп,
Тартып алар кезеніп тұрған оғын* . 1914

* Сұлтанмахмұт бір үйге келіп отырып: «Оқитын кітаптарың бар ма?» - деп сұрағанда: - «Маса» дейтін бірді айтып бірге кететін бір қисамыз бар», - деп қолына бергенде, соған назаланып жазған өлеңі.
«Сен үшін іздеп табар жолын» деген жолы өшіріліп, оның орнына: «Тартып алар кезеніп тұрған оғын» деп түзетіпті.

БІР АДАМҒА

Бір үйде жиюлы екен қазына-мал,
Көрсетті бәрін бізге ақсақал шал:
«Бұрынғы атамызға сыйға берген,
Біздерде мынадай бар, мынадай бар?..»

Ол рас, аталарың шенге алыпты,
Арзан қып, қымбат емес, кемге алыпты.
Апыр-ай, қалай бұлдаған сатқандарын,
Оқа, түйме, сылдырлақ теңге алыпты!

Суретер және көрдім жүзі жарқын,
Ойладым: «Оңдырған-ау баққан халқын»,
Соншама құны толық бұлды түйме,
Артында қалдырмас па жақсы даңқын?

Дедім мен: «Құтты болсын шекпеніңіз,
Артқыға қандай егін еккеніңіз?
Жусақ та, денемізден кетер емес,
Сондағы тұқым шашып сепкеніңіз».

Көргенде күміс кесе, алтын аяқ,
Бір сөзді тамағыма қойдым таяп:
«Қай момынның малы бар бұл аяқта?»
Демейінше болмады, қарап жай-ақ!

Отырдым, көрсем жекіп тастар ма деп,
Шал айтты: «Көріңіздер, жасқанба» деп,
Кесені қолыма алып қарай бердім:
Ішінде нақақ көзден жас бар ма деп.

1914

ӨМІРІМНІҢ УӘДЕСІ

Оллаһи! Ант етемін Алла атымен,
Орыс тілін білемін һәм хатымен.
История, география пәнді білмей,
Оллаһи, тірі болып жүрмеспін мен.

Келгенше осыларды отыз жасқа,
Іншалла, бәрін түгел ұғам басқа.
Отыз жасқа келгенше ұға алмасам,
Жер жұтсын, мәз болмаймын ішер асқа.

Сенемін еңбек қылсам, бақыт жақын,
Келер жаз атақты алам деген «ақын»
Жүректің қазынасы тазартылса,
Пайдасын көрер әлі-ақ ертең халқым.

Тұрмыстың оғы шыбындай,
Тезінен туар көңіліме ай.
Бір мағнауи* күш түртіп,
Баққа ұмтылып тұр маңдай.

Үміттің көзі жарқырап,
Бұлағы ағар сарқырап.
Бұл бәйгеге Махмұттың
Азбаны келер арқырап.

1914

АСЫЛ СӨЗ

Асыл сөзді іздесең,
Абайды оқы, ерінбе.
Адамдықты көздесең,
Жат тоқып ал көңілге.
Сөз мәнісін білмесең,
Өлең оқып не керек?
Не айтқанын сезбесең,
Жарапазан не беред?!

АҚ СӘУЛЕ

Назды, нәзік ақ сәуле,
Көздің жасын исең-ау.
Елжіреп жас жүрегің,
Мендей болып күйсең-ау!

Омырауы ашық ақ көйлек,
Етегі қысқа кесең-ау!
Еркелетіп, бұралтып,
Ерінге ерін тесең-ау!

«Жаным, сәулем, күнім» деп,
Суырып сорып сүйсең-ау!

* Мағнауи – рухани күш.

Ақ тісінді ақсиытып,
Махаббатпен күлсең-ау!

Ақторғынға оранып,
Тау ішіне кірсең-ау!
Арасында гүлдердің
Қолтықтасып жүрсем-ау!

Гүл, жапырақ ішінде
Ісімді өзім білсем-ау!
Арасынан тоғайдың
Түрлі жеміс терсең-ау!

«Мынаны қара, жаным!» деп,
Бұралып, күліп келсең-ау.
Мойныма келіп асылып,
Жемісінді берсең-ау!..

Жас баладай еркелеп,
Жалғыз маған сенсең-ау!
Қылығыңмен, назыңмен,
Еркімді алып, жеңсең-ау!

Қаз алатын қырандай,
Қайрылып мен де ілсем-ау!
Гүл, бәйшешек ішінде
Ісімді өзім білсем-ау!

Аққан бұлақ қасында,
Сәулелі күн басымда,
Бұлбұл сайрап қасымда,
Гүл, жапырағ астымда,
Ақ көйлекті түсем-ау!

Риза болам өмірге,
Өстіп дәурен сүрсем-ау!
Аппақ санын көрсем-ау
Соған қарай төнсем-ау!..

Сүйіп, қысып, жабысып,
Әр ырқыма көнсең-ау.
Жан да, тән де біріккен,
Айырылмастай болсаң-ау!
Сен де, мен де жалаңаш,

Су шетіне келсек-ау?

Бейне біздей көлеңке
Су ішінде көрсем-ау.
Не арман бар сол жерде
Ажал жетіп өлсем-ау!

Бір томарға отырып,
Аяқты суға малсам-ау!
Майысқан ақ қолымен
Денеге су салсам-ау!
Кейде суды шашысып,
Кейде жабысып қалсам-ау!

Күлімдеп көзге көз түсіп,
Алдыма қысып алсам-ау!
Киім жапқан әлемнің
Ләззатына қансам-ау!

Емшекті қысып, ұқалап,
Онан да төмен барсам-ау!
Үсте сәуле – алтын күн,
Қоршаған тоғай нансаң-ау!

Сайраған бұлбұл бұтақта,
Құлақ құрышы қансаң-ау!
Неге түрлі гүл иісі,
Иіскеп мас боп қалсам-ау!

Кәрілік келмей, жаз өтпей,
Сондай түрде қалсам-ау!

1918

ҚОЖЕКЕ, КЕЛДІҢІЗ БЕ КӨҢІЛІМ СҰРАЙ?

Қожеке, келдіңіз бе көңілім сұрай?
Менің адам болуым екіталай.
Көп болса, бір жұмалық өмірім бар,
Байқашы мына менің шамам қалай?

Дерт күшті, тамағымнан жүрмейді асым,
Жастыққа, жөтел қысып, тимей басым.

Тағдырдың кездесті ғой кермесіне,
Талапты жиырма сегіз деген жасым.

1920

ТҮСІНІКТЕР

Алаш ұраны (1917). Бастапқыда «Сарыарқада» (1917. 21-қараша. № 21), кейіннен 1933-жылғы жинақта (156-158 б.) жарияланды. 1933 –тегі нұсқа газеттегіге қарағанда толығырақ, сондықтан кітапқа 1933-жылғы нұсқа ұсынылды.

Таныстыру (1918). 1917-жылдың күзі мен 1918-жылдың қысында Абай елінде болған кезде жазған шығармасы. Алғаш рет ақынның 1933-жылғы жинағында (1563-182 б.) жарияланды.

«Таныстыру» - С. Торайғыровтың поэма жанрындағы тұңғыш талпынысы. Сол нұсқа ұсынылып отыр.

1.Талассыз жеке дара тұр ғой өзі. Бұл 1933-жылғы жинақта «жеке дара торғай өзі» деп берілгеніне қарамастан өзімізше түзеттік. Қазақты жаңа жолға, елдікке бастаудың қамындағы Әлихан Бөкейхановты ақын торғайға баламаған шыған. Логикалық жағынан «жеке дара тұр ғой өзі» деу дұрыс сияқты.

Нүрекене (1919). Тұңғыш рет 1933-жылғы жинақта (265-266 б.) басылды. Одан бері баспа бетін көрген емес. Сол нұсқа берілді. Кейбір деректерде өлеңнің жазылған уақыты «1918 жыл» делініп жүр, ол дұрыс емес. Себебі, өлең қазақтан шыққан оқыған Нұрғали Құлжановтың өліміне арналған. Н. Құлжанов 1919-жылы қаза тапқан.

Секілді өмір қысқа, жарты тұтам (1907). Ақынның інісі Шәймерден Торайғыровтың дерегінше бұл – Сұлтанмахмұттың жазған бірінші өлеңі. Алғаш рет 1950-жылғы жинақта (83 б.) жарияланды. Текст Шәймерден қолжазбасы және ақын жинақтары бойынша беріліп отыр.

1.Мұқан – Сұлтанмахмұтты 1906-1907 –жылдары оқытқан молда, өзі ақын екен. Болашақ ақынның өлең жаузына ақыл-кеңесін беріпті.

2.«Әліп-би» - әліппе, алфавит ұғымында, хат тану мағынасында. Әліп (әлиф) – араб алфавитіндегі бірінші әріп, ал «би»-екінші әріп.

3.Әлі – Сұлтанмахмұтты 1903-жылы оқытқан молда. Ақын араб әліппесіне тереңірек осы мұғалімінен үйренген, сондай-ақ, мұсылман дінінің алғышарттарынан хабардар бола бастаған.

Тортай – Сұлтанмахмұтты 1904-1905-жылдары оқытқан. Шәкірттерінен білгенін аямаған, өнерлі, әнші, домбырашы адам екен.

Оқып жүрген жастарға (1912). Өлең алғаш рет 1933-жылғы жинақта жарық көрді. С.Торайғыров 1912-жылдың қыркүйек айында оқу іздеп Троицк қаласына барады. Онда ол татар медресесіне оқуға түседі. Өлең оқуда жүргенде жазылған. Ақынның барлық жинақтарында жарық көріп келеді.

Достыма ұмытпастық үшін хат (Көңілімдегі махаббатым) (1912). Қолжазбада екеуі жеке-жеке өлең қылып берілген. (мазмұнында)

Өлең 1933-жылғы жинақта тұңғыш рет жарияланды. 38 жол, соңғы шумақтары жоғалған. С. Торайғыровтың барлық жинақтарында жарияланып келеді. Жинақтардағы кейбір мәтін өзгешелігі:

1. Болса да қырық жыл қырғын ұмытпаспыз,

Сонда да, біраз сөздің реті бар, - делінген. Б. Кенжебаев құрастырған 1950-жылғы жинақта: Шын достым шыбынымдай Ш...н, Болғанда біріміз – жан, біріміз – тән, Болса да қырық жыл қырғын ұмытпаспыз, Сонда да, біраз сөзді айту арман, - логикалық жағынан да, ұйқас жағынан да, осы вариант дұрыс.

2. 1950-жылғы жинақта: Бұл сөзді қыстамаймын жалғыз саған, - деп, дұрыс ұсынған.

Арманым (1912). Өлең 1967-жылғы 2 томдықта тұңғыш жарияланды (1 т., 223-224 бет.) «Сұлтанмахмұттың кейін табылған өлеңдері» айдарымен берілді. Кейінгі 1993-жылғы жинақта да осы нұсқа енгізілген.

Жарлау (1912). Бұл өлең 1933-жылы тұңғыш рет басылды (30-32 бет.). Әр жинақта тақырыбы әр түрлі 1933-жылы «Жарлау», 1950, 1957 «Зарлау» 1967, 1987, 1993, - «Жарлау», осы 1933-жылғы «Жарлау» нұсқасы алынды. Жинақтарда төменгі жол: Бар пайдаң тез-тез асап жеп бітіру, - делінген, дұрысы:

Бар пайдаң – тез-тез асап жеп бітіру,

Бір табақ ет тартылса алдарыңа.

Шығамын тірі болсам адам болып (1913). Алғаш Сұлтанмахмұттың «Адасқан өмір» атты кітабында жарияланды (Қазан, 1922, 2 бет). Алғысөзін жазған – Б. Күлеев. Өлең ақынның суретінің сыртына жазылып, соңына Сұлтанмахмұт Торайғыров 19 жастамын, бауырым Шайбайжанға, 1-ноябрь 1913-жыл, делінген. 1933-жылғы жинақта (33 бет) «Достыма хат» деген өлеңнің жалғасы іспетті жазылған, - делінген. Барлық жинақтарда басылып келеді.

Ендігі беталыс (1914). Өлең алғаш рет С. Торайғыровтың 1933-жылғы толық жинағында басылды (5 бет.). Өлең тағдыры күрделі. Б. Кенжебаев 1950-жылғы жинақтағы түсініктемесінде (172 бет): «Сұлтанмахмұт бұл өлеңнің алдыңғы 5 тармағын 1914-жылы Троицкіде оқып жүргенде жазған. Өзінің оқуын, іс тіршілігін, бәрін шындықты іздеу, табу жолындағы әрекет деп біледі. Ол өлеңін: «Шындықтың ауылын іздеп түстім жолға» деп аяқтайды. Соңғы үш тармағын кейін ұлтшыл-алашордашыл» бағытқа түскенін уайымдап, үмітсіздікке түсіп жазған. Шындықтың ауылын: «Іздедім, іздесем де, таба алмадым», - деп түйіндейді.

Туған еліме (1914). Бұл өлең алғаш рет 1933-жылғы жинақта басылған. Сол жинақтағы нұсқа ұсынылып отыр. Ақынның кейінгі кітаптарының бәрінде жарияланып келеді.

Бір адамға (1914). С. Торайғыровтың 1933-жылы шыққан шығармаларының толық жинағында басылған. Барлық жинақтарда басылып жүр.

Тұтқындағы Байтұрсынның «Масасына» (1914). Алғаш 1933-жылғы жинақта (14-б.) жарияланды. Сол текст ұсынылып отыр. 1950, 1957, 1967, 1987-жылғы кітаптарда жоқ.

«Маса» - Ахмет Байтұрсыновтың 1911-жылы Орынбор қаласында жарық көрген өлеңдер жинағы, 1914, 1922-жылдары қайтадан басылып шыққан.

Өмірімнің уәдесі (1914). Өлең тұңғыш рет 1933-жылғы жинақта жарияланған. 1967-жылғы ақын кітабында: Бұл өлең қолжазбада небәрі 16 жол болса, 1933, 1950, 1957-жылдардағы жинақтарда 20 жолдан тұрады, - деген ескерту жазылған. Сол нұсқа алынды.

Асыл сөз (1916). Бұл өлең ақынның 1967, 1987, 1993-жылғы жинақтарынан алынды.

Ақ сәуле (1918). Әуелде 1933 жылғы жинақта (183-185 б.) жарияланды. 1967, 1987-жылғы басылымдарда көптеген жерлері түсіп қалғандықтан, оларға түсініктеме бермей-ақ 1933-жылғы кітаптағы нұсқаны ұсынып отырмыз.

Қожеке, келдіңіз бе көңілім сұрай? (1920). Тұңғыш рет 1950 жылғы жинақта жарияланды. Ол кітапта өлеңге төмендегі түсінік берілген: «Өлерінен алты күн бұрын, Сұлтанмахмұт қатты ауырып жатқанда өзімен 1909-1910-жылдары бірге оқыған жақын жолдасы – Жамалқожа деген кісі оның көңілін сұрап келеді. Сұлтанмахмұттың онымен бас көтеріп олтырып, сөйлеуге шамасы келмейді. Тек хат жазып береді. Хатқа жазғаны рсы өлеңі екен».

Тыныштық БЕРІКБОЛОВ

«Сұлтанмахмұт турасында оны Абайдың шәкіртіне қосу орынсыз. Жақсы болсын, жаман болсын бұл ақын басқа дәуір, басқа тарихтық, әлеуметтік салт-саналық жәй-жағдайлардың өзіне бөлек өзінше бір үлкен өкілі. Оны Абайдың шәкіртіне қоссақ, революцияға дейінгі қазақ әдебиетіндегі басқа барлық жазушыларды да Сұлтанмахмұтша Абай шәкіртінің қатарына тізе беруге болады». «Сұлтанмахмұтты шәкірттерден бөліп алып, «Абай әсерін көрген кейбір ақындар» деген жік жасап, оны кітаптың ең соңғы жағына салып, Сұлтанмахмұтқа қоса Сәбит Дөнентаевты беру керек».

Мұхтар ӘУЕЗОВ

***СҰЛТАНМАХМҰТ
ТОРАЙҒЫРОВТЫҢ АҚЫНДЫҒЫ
ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕР МЕН
ЕСТЕЛІКТЕР***

АҚЫН ТАҒДЫРЫ

Қазақ өлеңінің тарихы қызық та ұзақ, әрі терең. Оны ойласаң, көз алдына қазақ даласындай кең жайылып жатқан өлең-жыр дариясы елестейді. Суы мол, нәрлі бұлақтан бастау алған оған үлкенді-кішілі өлеңдер қосылып, арнасын үлкейтіп, кең айдынға ұластырады. Асау тау өзендерінің толқыны іспетті күш халық жанының тереңінен нәр алған сол өлең-жыр дариясына өлмес өмірдің күшін дарытып, буырқанта, бұрсанта көрсетеді: Толқын толастамайды, ағын азаймайды, өйткені тарих сыры ән-жырға құмар халықтың сезімімен, қиялымен, ойымен араласып жаңа бұлақтардың көзін ашады, сол арқылы дария суын молайтады. Осы жыр-дарияны толтырған қазақтың халық поэзиясы мен ақын-жырауларының есімі бүгінде айдай әлемге аян. Бұқар жырау, Дулат, Махамбет, Шортанбай, Абай – барлығы да өз алдына бір-бір жыр-дария. Олар үлкен дарияны құрап жатқан асау, арналы, сулы, нулы өзендер іспетті. Осылардан кейінгі кезектегі қазақ жырының тарихымен тығыз байланысты есімнің бірі – Сұлтанмахмұт Торайғыров.

Сұлтанмахмұт өмірі, жасаған дәуірі мен шығармашылығы жайлы мәліметтер бізге жақсы таныс. Бәрін де білетін сияқтымыз. Дегенмен жалпы жұртқа беймілім «ақын құпиясы» да аз емес-ті. Оның өмір сүрген ортасының күрделілігі мен қайшылықты сипаттары тудырған біраз туындылары жабық күйінде қалып келді. Бүгін, көне мұраларымызды түгендеп, қайта қарап жатқан заманда, Сұлтанмахмұтты да қайта оқу қажеттігі де осымен байланысты.

Ақын өмір үрген кезең – ХХ ғасырдың бас кезі – Ресей топырағындағы ең бір дүр сілкіністің, азаттық үшін арпалыстың кезеңі болды. Бірімен бірі қабаттасқан үш бірдей төңкеріс патшалық биліктің тас талқанын шығарды. Отаршылдық езгінің әлсіреуі ұлттардың оянуын тездетті. Қазақ жеріндегі отаршылдыққа, әлеуметтік езгіге қарсы күрес те осындай жағдайда өрістеді. Бір жағынан патшаның отаршылдық саясаты еңсесін көтертпей, екінші жағынан феодалдық-патриархалдық мешеулік, қараңғылық шырмаған халықтың азаттыққа, рухани жаңаруға ұмтылуы қаншалықты қажеттіктен туса, соншалықты сол кездегі тарихи жағдайлардың сәттілігінен қолдау тапты. Оларды ұлт көсемдері – Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатовтар басқарды. Олар елдің дербес, тәуелсіз жолмен дамуына, мәдениет пен прогреске ұмтылуына жол салды. Сұлтанмахмұт осы идеяны жақтаушы болды. Ол туған халқын феодалдық кртартпа салт-сананың, қараңғылықтың езіп-жаншып отырғанын ашып көрсетер өткір, сыншыл өлең жаза отырып, оларды ілгері ұмтылуға, өз тағдырын өзі жасауға қатысуға шақырды. Ұлттың азаттың жолындағы күресіне үн қосты. Аталған ағаларының соңынан еріп, қазақ халқына атар таң, келер жарық, сәуле, нұрды солардың есімдерімен байланыстырды. «Таныстыру» (1918) поэмасында «Дулатов, Байтұрсынов, Бөкейханов... бірі – күн, бірі – шолпан, бірі - айым» деуінің де негізгі сыры осынла болатын.

Әр ақынның тағдыры әр түрлі жағдайда қалыптасады. Тұқымы қолайлы топыраққа түсіп, оңай өнім беретін де, талмай ізденіп, қиыншылықпен алыса жүіп шындық жолын табатын да ақындар болады. Сөйте жүріп олар өз тағдырын өзі жасайды. Сұлтанмахмұт осы соңғы жолмен жүрген ақын. Ол өз өмірін өзі, өз өлеңімен жасады. Ақынның шығармашылық жолын қадағалай қарап, өлеңдерінің жазылу ізімен жүрсеңіз, бұған көзіңіз әбден жетеді. Сұлтанмахмұт көрген өмір азабы, жоқшылық, жас таланттың соған қарамай ізденіп шарқ ұру іздері – бәрі оның шығармаларында сайрап жатыр. Бұл жағынан оны өмірі мен тағдыры өлеңінде өрілген ақын деп айтуға әбден болады.

Сұлтанмахмұттың бірсыпыра шәкірттік өлеңдері (1907-191) сақталған. Өлеңдік түрі мен көркемдік ізденістерінде жетіспеушілік бола тұрса да, олар жас ақынның қоғамдық құбылыстардың мән-мағынасын, сырын түсінуге ұмтылысымен, өлең тілімен сурет жасауға деген алғашқы талабымен ерекшеленеді. Ол қоғамдағы әділетсіздік туралы, әйел тағдырына немқұрайды қарайтын мінез айтады. Оларға өз ұғымындағы әділеттілік, адамдық, ар-иман туралы түсініктерді қарсы қояды. Суреткерлікке ұмтылыс оның бай қызы мен байұлының, байлық пен кедейліктің бейнесін танытуға арналған жырларынан байқалады. Алайда олар үлкен ұғымдағы саяси көзқарасты, ақындық позицияны анықтай алмайтын еді. Мұндай ақындық таным мен байсалды көзқарас Сұлтанмахмұттың 1912-жылдан басталатын шығармашылығының жаңа кезеңінде ғана бой көрсетеді. Соған қарамастан жас ақынның алғашқы талабы оның ескі ұғым мен діни білімнің шеңберінде сыя қоймайтындығының белгісі сияқты.

1912-1913-жылдары Сұлтанмахмұт Троицк қаласына келіп, онда әуелі медреседе оқып, кейін «Айқап» журналының редакциясында қызмет істейді. Осы кезден басталатын шығармашылық жолында оның ағартушылық көзқарасы анық танылады. Ол Абай мен Ыбырайдың осы саладағы ойларын дамыта отырып, өнер мен білім жолына үгіттейді, оқудың пайдасын әңгімелеп, мәдениетті елдердің тіршілігін үлгі етеді. Үмітті жастарға артып, олардың ел, қоғам алдындағы міндетін түсіндіреді. Ақынның «Оқып жүрген жастарға», «Талиптарға», «Оқуда мақсат не?», «Анау-мынау» сияқты өлеңдері негізінен, осы тақырыпқа арналған. Оларда ақын жастар алдына оқып білімалып елге қызхмет ету идеясын, осы салада бірігіп, күш қосу қажеттігін ұсынады. Сонымен бірге Сұлтанмахмұт ел ішіндегі өнерге, оқуға деген ескі көзқарасты, елдің қараңғылығын, надандығын сынайды. Ақын өлең түрі жағынан бірқатар жаңа ізденістерін байқатқанмен, бұл жырлар, негізінен, үгіттік өлеңдердің дәрежесінен асып кете қойған жоқ-ты.

Оқу жолындағы үзіліс, «Айқаптағы» қызметтен кету, одан кейінгі Баянауылға барып «Шоң серіктігін» ұйымдастыру талабының іске аспауы өзгеше сипат алып келді. Өмірден қағажу көріп, ойындағысы бола қоймаған қайсар талант жырларында бунтарлық мінез көріне бастайды. Оны да заман дарытқан еді. Ақын өлеңдерінің лирикалық кейіпкері бойынан, өзі айтқандай «Қараңғылық көгіне» ызалана алға ұмтылған, ізденімпаз, білім-өнер аңсаған

жаңа ұрпақтың өкілін танимыз. Өмір бойы халқы көрген азап пен надандық, қазақи қыңыр мінездер ашындырған оның «Шындықтың аулын іздеуге» бел шешіп кірісуі де осы кез. Осы жолда ол алдымен орыстың тілін, ғылымын үйренуді мақсұт тұтады.

Оллаһи ант етемін алла атымен,
Орыс тілін білемін һәм хатымен.
История, география пәнді білмей,
Оллаһи, тірі болып жүрмеспін мен.
Келгенше осыларды отыз жасқа,
Іншалла, бәрін түгел ұғам басқа.
Отыз жасқа келгенше ұға алмасам,
Жер жұтсын, мәз болмаймын ішер асқа!

Сұлтанмахмұттың ақындық, азаматтық жаңа бағдарламасы ретінде ұсынған осы сөзінен лапылдап тұрған ақындық мінездің қайсарлық пен табандылыққа ұласуын көреміз. Ол нені айтса да қарабайыр айта алмайды, таусылып, жеріне жеткізе оқырманын иландыра айтады. Оның «Шоң серіктігін» ұйымдастыруға жәрдем бермеген Шорманның Садуақасына айтқаны мен сол ауылдан ренжіп шығып келе жатқанда достарына айтқан сөзінде де осы мінез байқалады. Ешбір кедергіге мойын ұсынбай, «ілім-білім жинап» халыққа қызмет ету, жұлдыз болып емес, «толған айдай балқып туып» еліне жарық болу, сөйтіп «Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болу», «Мұздаған елдің жүрегін жылытуға кіру» - Сұлтанмахмұт мұрат тұтқан асқақ идеялар. Сол ғана айта алған, сол ғана армандаған тың жол, тың мақсати! Осы арқылы ол лирикалық кейіпкері бойына дәуірдің рухын дарытты.

Осыдан бастап Сұлтанмахмұт ағартушылығы бірсыпыра тереңдейді. Бұрынғы үгіттік өлеңдердің орынан лирикалық кейіпкердің жан сырын. Іс-әрекетін суреттейтін жырлар туады. Ақын характерді алға ұстайды, өмір шындығын соның ұғымы мен ісі арқылы ашуға ұмтылады. Өмірдің күрделілігі сияқты нақты адам тіршілігі де күрделі, қайшылықты. Ойлаған іс орындала бермейді, алыс арман жеткізбейді. Әрбір сезім адамы сияқты ақын да бұған қайғырады, күйінеді, күйзеледі. Сұлтанмахмұт та, оның лирикалық кейіпкері де оны бастан аз кешпеген. Ол кешкен қиыншылықтар мен сәтсіздіктер ақын жырларында мол із қалдырған. Алайда бұл өлеңдерден лирикалық кейіпкердің тағдырға мойын ұсынбай, лапылдап от боп қасарыса алға ұмтылғаны, ауыртпашылыққа қарсы шабар өжет мінезі көрінеді.

Ден сау болса, тағдырдың
Көкке ұшырам күлдерін.
Жігермен талап еткен соң,
Қоям ба екен сүлдерін
Серпіп тастап түндерін
Туғызамын күндерін,- дейді ол.

Тағдырға ақын өз «менін» қарсы қояды. Оның философиясы – адамның өзін-өзі билеуі, өз еркін өзі бағындыруы, «Еркіме жүрер менің қай дүние, көбінесе өз еркіме өзім денем» деген ой. Сондықтан да ол:

Жаксылық көрсем өзімнен,
Жамандық көрсем өзімнен.
«Тағдыр қылды» деулерді,
Шығарамын сөзімнен.
«Өзім қылдым» деулерді,
Таса қылман көзімнен, -

деген қорытындыға келеді. Адам еңбегін, рухын көтеру қандай леппен, ойшылдықпен, батыл, әрі анық айтылған!

Осы кезден бастап Сұлтанмахмұт шығармашылығында ескіні сынау айрықша бір өткір түрге көшеді. Ол қазақ ішіндегі ұнамсыздық, келеңсіз мінездермен кектесе, оларды ызалана шенеп, мінейді. Феодалдық-патриархалдық салт-сананың тозығы жеткен жақтарын аяусыз әшкерелеп, олардың өмірсіздігін ашады, жаңару күтіп тұрғанын дәлелдейі. Сол арқылы ақын өз дәуіріндегі қазақ қоғамы дамуының күрделі мәселелір жайлы түйін жасайды. Заманына, заман адамына, қазақ қауымының сол тұстағы өкілдеріне деген ащы сөз «Жарлау», «Сымбатты сұлу», «Бұлар кім?» сияқты өлеңдерде анық бой көрсетеді. «Жарлауда» ақын қазақтың сол кедегі бас көтерер азаматтарына, ұлы-қызына, ақсақалдаына жар сала отырып, олардың өнер-білімге енжарлығын, партия, дау-жанжалға құмарлығын бетіне басады. Қазақ қызының тағдырына аяушылық білдіріп, малқұмар, қызқұмар шалдарды айыптайды. «Бұлар кім?» өлеңінде қазақты бұрынғы ер түріктің азып-тозып күлкі болған жұрағаты деп қарайды да, «үсті-басын мұнар жапқан», қарнынан басқаны ойламатын, малға арын сатқан, «өзі жатып құдайды жұмсайтын» жалқау, бірін-бірі жау көретін кертартпа мінездері аяусыз әшкерелейді. Ал, «Сымбатты сұлуға» - қазақ әйелі туралы сыпайы ұғымға кір келтірген әдепсіз, көргенсіз қыздардың мінез-құлқы туралы улы сатира.

Ақын қазақ қауымының осы күні, болашағы жайлы көп ойланады. Патшаның отаршылдық саясатына да, ел әкімдерінің екіжүзді қылығына да сене алмайды. Келешектің не боларын түсінбей дағдарады. Мұны ол бірде тұспалдап («Түсімде», «Кеше түнгі түс, бүгінгі іс») айтса, бірде дала табиғатының енжар күйімен астастыра суреттейді («Жазғы қайғы»), тағы бір өлеңдерінде көңіл, жүрек сезімі күйінде («Көңілді көндіретін тағдыр») бейнелейді. Жалпы Сұлтанмахмұт – табиғатты әсем жырлаған ақынның бірі. Бірақ оның бұл саладағы жырлары жалаң көріністен тұрмайды, сол кездің қоғамдық жағдайларын аңғартатын, табиғат құбылысы орын алған ортаның әсерін бейнелер ойлы суреттерге бай келеді. «Жапырақтарда» ол көп көк жапырақ ішіндегі жалғыз сарғайған жапырақ арқылы өзінің көңіл күйін бенелесе, «Кеш» арқылы түнгі табиғатты суреттеп, оны қараңғылықтан таба алмай қорқақтаған лирикалық кейіпкердің жеке сезімімен ұштастырады. «Көшуде» ел өміріндегі көктемгі өзгерістерлі ауылдағы таптық

жіктеушілікпен байланыстырады. Мұның бәрі де Сұлтанмахмұттың шығармашылық жолында дәуірдің әлеуметтік жағдайларын суреттеуде бірінші орынға қойғандығын көрсетеді. Ол нені, қалай жырласа да әңгімені заман мен оның адамына, оған әсер етіп жатқан жағдайларға бұрады.

Осыны ақынның махаббат тақырыбына жазған жырлары жайлы да айтуға болар еді. Асылы Сұлтанмахмұт махаббаты - өмірден қағажуы көп көрген, алдағы өмірден үміті аз, торыңқырап, ауру жеңген адамның махаббаты. Ол сүйеді, бірақ оның баянсыздығын түсінеді. Сүйгеніне аяушылықпен қарайды, өзіне өзі тоқтам береді. Сезімді ақылға жеңдіреді.

Бәрі де қолдың қысқасы –

Бір күнді мойынға алмауым.

Тағдырдың шебер ұстасы,

Көрдім мен жоқ қып қарғауын, -

деген жолдарда ақын еркін байлап тұрған тағдыр тұсауы елестейді. Сәл кейінірек жазылған «...ға», «М...ға», «Аққудай үлбіреген сұңғақ мойын», «Ақ сәуле» сияқты лирикалық өлеңдерде де ақын жас адамның ынтықтық сезімін қыз көркі, қыз намысы жайла байсалды ойға жеңдіреді.

Заман туралы үлкен толғаныс – Сұлтанмахмұттың осы тұста жазған алғашқы эпикалық туындысы «Қамар сұлудың» да негізгі тақырыбы. Бұл тұрғыда оны әлеуметтік роман есебінде қарауға әбден болады. Автор роман сюжетін қазақ әйелінің теңсіздіктегі күйін көрсетуге құрғанмен, сол оқиғаға байланысты бүкіл қазақ қоғамның тіршілігін, ұғым-нанымын терең бейнелейді, ескі ауылды құрт аурудай жайлап есеңгіреткен, тоздырып бара жатқан әдет-ғұрыптың кертартпа жақтарын әшкерелейді. Сол негізінде феодалдық-патриархалдық қоғамның күйреуін көрсетеді. Сұлтанмахмұттың суреттеуінде, Қамар - өз заманының озық қызы, сұлу, ақылды, ақын, аздап болса да оқығаны бар. Соны сүймеген адамына байлап беріп, оның жан ауруын түсінбей, бақсы-балгерге емдетіп, төбесін тестіріп, қолдан өлтірген – сол дәуірдің қоғамдық тәртібі. Ақын оларға лағнат айтады, кектеніп ызаланады. Тәртіп те, оны жақтаушы адамдар да өзгеруі керек, «Жалғыз-ақ жаны ашитын жастар» (Қамардың өлердегі сөзінен) қалуға тиіс. Болашақ қоғам иесі солар, Сұлтанмахмұт ызасын тудыратын ескі тәртіптің жасауылдары – ел басшылары, үстем тап өкілдері, дін адамдары, соларға қоса надан халықты билеген ескі салт-сана, ұғым (Қамарды Нұрымның алуын «қызықтап» жүрген, «бишараның бақыты бар екен, Ахметке барса, несін беріп қаратар еді» деп Нұрымның байлығына қошетем айтушы топтар). Ақынның олардың бәрімен кетісіп, іргесін ашысып тұрғаны танылады.

Осыған жалғас жазылған «Кім жазықты?» романы да Сұлтанмахмұттың өз дәуірі туралы толғанысын тереңдете ашуға араналады. Мұнда ол қазақ қоғамы жайлы ойларын ел тағдырын ұстап тұрған беделді, белді адамдардың бейнесі арқылы көрсетеді, олардың өмір жолы, тәрбиесі, ісі, мінез-құлқы жан-жақты суреттеледі. Жасынан тәрбиесіз өскен бай баласы Әжібайдың жеке өмірі де, қоғамдық-болыстық қызметі де халық көңілінен шыға алмайды. Ол золық-зомбылықты, қара күшті жақтап, өзі тектес

әлділермен байланыс жасап, іргесі шайқалған шаруасын реттеуге, ауылға кіре бастаған жаңалықтарды өршітпеуге, тіпті қуып шығуға (Әнуар бейнесі) күш салады. Жазушы Әжібайды жеке адам ғана емес, қазақ қоғамын салмағымен басып қорғап, жаңаруына бөгет болып отырған ауыртпалықтың жиынтық бейнесіне (әжібайшылдыққа) көтереді. Әжібайшылдықты тудырып отырған да – қазақтың ескі тәртібі, ортасы, тәрбиесі. Ол есейіп алып, сол тәртіпті қорғаушыға айналады. Оның айналасы – рулық дау-жанжал, таптық, тартыс, жылаған әйелдер, жаңалықты қабылдамайтын меңіреу, мылқау топ. Жазушы әжібацшылдықтың әлеуметтік тегін іздейді, осыларға «Кім жазықты?» деген сұрау қояды.

Бұл романдар – дәуірдің тарихи тақырыбын тап баса білген жаңашыл шығармалар. Әрине, ақын тарихшы емес. Ол тарихи уақиғаны түгендемейді. Мәселе – заманның руһын, дәуір сырын аңғартар моменттерді дәл басып, оған тән белгілерді айқындауда. Бұл жағынан Сұлтанмахмұт романдары – XX ғасырдың басындағы қаақ аулы өмірін, ескішілдік жайлап тозып, іріп бара жатқан салт-сананың көністерін энциклопедиялық суреттеген іргелі туындылар, ол көпті қинаған шындықты ашынып, батыл, ашық айтып, онымен күреске шықты. Бұл – Сұлтанмахмұт реализмінің ең бір биікке көтерілген тұсы. Мұның бәрі Сұлтанмахмұттың жаңа жол – «шындықтың аулын іздеуге» ұмтылуының заңдылығын көрсетеді.

Сұлтанмахмұт өірі мен шығармашылығының көп аталмай жүрген кезеңі – 1917-1918-жылдар. Бұл кезде ол уақытының көбін Семейде өткізеді. 1917-жылғы февраль революциясынан кейін-ақ осында келп, патшаның тақтан түсуін қуана қарсы алады. Семейде ұйымдасқан Қазақ Комитетінде қызмет істейді. «Сарыарқа» газеті мен «Абай» журналына өлең, мақалаларын бастырады. Оның Алашордашыларға тілектестік білдіріп, шығармалар жазуы да осы тұс.

Сұлтанмахмұттың Алашордағы тілектестігін, олардың жолын қуаттап еңбектер жазуын кездейсоқ дүние деп қарауға болмайды. Оны ақынның сол кездің маңызды саяси-қоғадық мәселелеріне, ел өміріндегі жаңалықтарға сергектікпен үн қосу ретінде қарау орынды. Ақынға ең алдымен, қазақ оқығандарының патшаның құлауын пайдаланып, қазақтың автономиясын құру жөніндегі идеясы ұнайды. Отаршылдықтан езілген елдің дербес отау тігуі ол заманда бүкіл қазақтың арман-тілегі болатын. Ойы бар, намысы бар ұлт өкілінің оны қолдамауының өзі мүмкін емес-ті. Сондықтан да Сұлтанмахмұт 1917-жылдың қазанында Семейге келген Әлихан Бөкейхановты қарсы алып, желтоқсанда өткен Алашорда съезіне қатысқандардың ішінде болады. Оның «Әлиханның Семейге келуі» атты мақаласы³ болашақ Алашорда көсемін халықтың қалай қарсы алғанын көрсету арқылы олар көтерген автономия идеясына қазақ қауымының көзқарасын танытады. Ол мейрамға жиналған халық нөпірін суреттеп, «лек-легімен, топ-тобымен ағылған жұрт – елге еңбегін сіңірген ерін тосып жиналған қазақтар еді» деп жазады. Одан әрі Әлихан Бөкейханотың өз басы

³ Сарыарқа. 1917. 30-қазан, 12-қараша.

мен еңбегіне тоқтап, «Ол ері – елі үшін құрбандыққа жанын берген, бит, бүрге, қандалаға қанын берген, көрдей сасық ауа, темірлі үйде алаш үшін зарығып бейнет көрген, бастан аяқ кері кеткен заманда жасымай алашына қызмет еткен, болса да қалың тұман, қараңғы түн, туатын «бақ жұлдызына» көзі жеткен, түймеге жарқылдаған алданбаған, басқадай бір басы үшін жалданбаған, қайткенде алаш көркейер деген ойдан басқа ойды өмірінде малданбаған Әлихан Нұрмахмбетұлы Бөкейханов еді» - деп суреттейді. Осы сөзердің өзі- ақ Сұлтанмахмұттың Әлихан бастаған іске тілектестігін анық танытады. Сондықтан да ол Алашорда үкіметі құрылған күндері-ақ «Алаш ұранын» жазып, онда патшашылдықтың құауына, елдің дербес автономия алуына қуана үн қосты.

Алаш туы астында
Біз – алаштың баласы.
Күніміз туып көгерді,
Сарыарқаның даласын.
Құрт аурудай жайлаған,
Қолымызды байлаған,
Ерімізді айдаған,
Еліміздік лайлаған,
Жерімізді шимайлаған,
Өшті залым қарасы.

Өлең әрі қарай Алаш ісіне адалдықты, оны қолдауды уағыздайды, бірлікке, ел тұтастығы үшін күреске шақырады.

Бұдан кейін Сұлтанмахмұт «Таныстыруды» жазған. Бұл көлемді шығарма Алашорда үкіметінің белгілі қайраткерлерімен таныстыру мақсатын көздейді. Ол қара қазақ пен оқыған адамның диалогына құрылған. Қара қазақ аумалы-төкпелі осы заманда кімге сүйеніп, кімге сенуге болады деп сұрайды да, оқыған оған жауап береді. Алдыңғы кезекте ол Әлихан Бөкейхановты, Ахмет Байтұрсыновты, Міржақып Дулатовты таныстырып, олардың қазақ халқының тәуелсіздігі жолындағы жалынды еңбегін зор бағалайды. Әлиханды ақын жоғарыда жазған мақаласында келтірілген өлең жолдарымен мақтайды. Оларға ерген жастар ішінен Әлихан Ермековты, Халел Ғаббасовты, ақын Шәкірім Құдайбердіұлын, қазақ мәдениетінің белгілі қайраткерлері Нәзипа, Нұрғали Құлжановтарды таңдап алып, олардың еңбегіне сыпаттама береді. Ақын ойлары жалаң баяндалмай, образ ашар бейнелі сөздер мен суретке құрылған («Меніңше, Ермеков деген бала, ұқсайды ұшқыр қыран қаршығаға», немесе Ғаббас туралы айтқан: «Ызаны ұмыта алмас өшін алмай, ондайға іші зәрлі, сырты балдай. Өзі айтпаса, түсінен ұқтырмайды, екенін жүректегі ойы қандай» деген сияқты).

Сол кезде Семейде болған іс басындағы адамдардың бәрін таныстыру міндетін алғанмен, ақын оның бәрін жаппай мадақтай бермейді. Көбіне сын көзімен қарайды, олардың еңбегіне қарай бағалайды. Ақынның осындай жолмен таныстыратын кейіпкерлерінің ішінде Мұқыш Поштайұлы, Жақып

Ақтайұлы, Райымжан Марсеков, Сатылған Сабатаев сияқты азаматтар бар. Олардың сыйпаттамасы да ақындық оймен, суреткерлікпен берілген.

Атап айтуға тұрарлық бір нәрсе – Сұлтанмахмұттың ақындық талант туралы айта отырып Абайға берген мінездемесі, Абайды ол қазақ әдебиетінің оған дейінгі үлгісінің бәрінен жоғары қояды, білімсіз талант көп адастырған ақындар тобынан Абайды бөліп алады:

Абайды дейік биік бұлтқа жетті.
Аз ілімі жетуіне жәрдем етті.
Алты алашқа атағы айқындалып,
Сүйікті, тағзым мінді, суретті.

Толстой онан биік күнге жетті
Күн астындағы елдерге даңқы кетті.
Алса егер Толстойдың тәрбиесін
Абай да көрсетер ед сондай кепті, -
деп жазды Сұлтанмахмұт. Өз заманының ойшыл ақындары ішінен Сұлтанмахмұт Шәкерімге бөлекше қарайды, оның ойшылдығы жалғыз қазақ емес, бүкіл адамзатқа ортақ деген пікір айтады:

Бұл қазақтың мақсұты – биік, алыс.
Таппаса да сөзіне құлақ салыс.
Қазақ деп жекелеме, адамзат де,
Ол кісінің пікірімен болсаң таныс.

...Деменіз тымақ киген жай бір қазақ,
Киген киім, жүрісі, түріне қарап.
Надандар оны өлшейтін өлшеуіш жоқ,
Аулақ жүр, біле алмайсың жай шамалап.

“Таныстырудың” идеялық мазмұны осы айтылғандардан-ақ байқалады, ақын жеке адамдарды бағалағанда, олардың адамдық, қоғамдық еңбектерін халыққа, еліне сіңірген қызметімен өлшейді, ел басшылығына дәмелі адамдарға салмақ артады, сын айтады. Мұның өз кезінде, заман халық ішінен шыққан қайраткерлерді п жатқан тұста, айрықша маңызы болды. Сұлтанмахмұт елді ойлы, білімді басшылардың маңына бірігуге үндеді.

Өкінішке қарай, бұл шығармаларды Сұлтанмахмұттың сол тұста жазған тағы басқа бір қатар еңбектеріне (мысалы, “Айтыс”) қоса ескілікпен, ұлтшылдықпен байланыстырып, көп уақыт ауызға алмай келдік. Оларды дәуірдің кезеңді оқиғаларынан, уақыт пен кеңістіктен тыс қарадық, халықтардың ұлт-азаттық қозғалыстарына, ой-пікірдегі, қоғамдық жүйедегі революциялық өзгерістерге қарсы қойдық. Көп мәселелерді талдауда тұрпайы социологиялық принципке бой алдырдық. Соның нәтижесінде тұтас ақынды, тұтас көзқарасты бөлшектеп, жіктеп, оның эволюциялық өсу жолына дұрыс баға беруден аулақтап қалғанымыз да жасырын емес. Бүгінге дейін Сұлтанмахмұттанудың үлкен бір қатесі осымен байланысты.

Ал, шын мағынасында, Сұлтанмахмұт – ұлы ақындардың бірі. Қайшылығы, қателері болған шығар, бірақ ол оның ұлылығын кішірейтпейді. Заманы ауыр, жүрген жолы қиын болды. Ол заманда кімге жеңіл болды дейсіз? Оның пікірлес, тілектес ағалары – бәрі де кейін келмеске кетті. Көп уақыт ақынның замандастарының өзі М.Сералин, Ә.Тәңірбергенов, С.Дөнентаев шығармашылығы жөнінде де қайшылықты пікірлер үстем болып келді. Таланты жағынан әр қилы болғанмен, осылардың бәрінің негізгі бағыты бар еді, демократтық идея үшін, елдің азаттығы, тәуелсіздігі үшін, отаршылдыққа қарсы күрес – XX ғасыр басындағы ақындар шығармаларына ортақ тақырып болды. Осы адал пікірі үшін, халқын сүйгені үшін “ұлтшыл” атанды. Осылардың ішінде қоғамдық, әлеуметтік шындықты батыл, анық айтып, реалистік тұрғыда суреттеуде Сұлтанмахмұт мойны озық тұрады. Оның шыншыл шығармаларында трагедиялық сарын басым келеді. Ол жан-жақты қыспақтағы, тарих көшінен кеш қалған қараңғы халқының трагедиясын көре білді. Ақын өзі халық өкілі болып жоқшылықтан, надандақтан шығудың, өнерге ұмтылудың қиын жолын кешті, көп ізденді, өзі айтқандай, “шындықтың аулын іздеп”, таба алмай адасты, бірақ оның ізденісінде тыным болған жоқ. Оның:

Іздедім, іздесем де, таба алмадым,
Табам деп өзімді өзім неге алдадым?
Адамның адам аты ақталмайды,
Бейнет қып, бар білгенім – соны аңғардым.

Немесе,

Бұл күнде адасудан көз ашпадым,
Не нәрсені көздесем, тап баспадым.
Дүниеден басқа рахат тілеймін,
Кеш, арым, мен білместің адасқанын,-

деуі де сондықтан. Ары таза, пікірі ашық адамның заманы мен замандастарына айтқан сыры бұл. Сондықтан ақын өмірінің жеке детальдарын емес, оның негізгі даму, өсу тенденциясын ұғу керек.

“Айтыс” та – осы жүйедегі дұрыс түсінілмей, әр қилы пікірге ұшырап жүрген поэманың бірі. Бұл – ақынның соңғы, әрі аяқтай алмаған шығармасы. Мұнда ол дала ақыны мен қала ақынын айтыстырып, сол арқылы қала мен даланың әрқайсысының өзіне тән артықшылығын және қайшылықтарын талдайды. Дала ақынының сөзін басымырақ ұстап, Сұлтанмахмұт соның аузымен қазақтың жерін, табиғатын, елін, ел басшылары менбатырларын, ақын-жазушыларын, салт-дәртүрін мақтан тұта жырлайды. Қазақтың тілі мен дүние танымының биіктігін (“байқасаң, қазақтың өзінде бар, дүниенің генийлігі, пайғамбары”) суреттейді. Даланы ол қалаға қарсы қойып, оның у-шуын, адамдарының дала адамдарындай кеңпейіл еместігін, жіктеушіліктің молдығын, әділетсіздікті ашып көрсетеді. Сірә, қаладағы өмірін оқу іздеп, үнемі жолы сәтті болмай, көп қиыншылықпен өткізген Сұлтанмахмұттың қала туралы әсері жақсы болмаған болуы керек, ол көбіне даланы баса айтып, тіпті оның көрер көзге оғаш кертартпа әдет-салттарын, емші бақсы-

балгерлеріне, “қайырымды байларына” шейін асыра мақтап жіберетіні көзге шалынбай қалмайды. Сонымен бірге қала ақынының аузымен ауылдағы алауыздық, барымтаның, партияның күштілігі, ғылым-өнер жоқтығы сыналады. Жер мен бай – күштінікі екені ашылады. Қала өнерін, білімін, келешегін мақтан тұтады. “Айтысты” мансұқтаушылар кезінде оның “феодалдық ескілікті мадақтауын” тілге тиек етті. Алайда бүгін көне дәстүрлерімізді жаңғыртып, еліміз бен жеріміздің байлығына өзіміз ие бола бастаған тұста, елдік пен оны қорғау дәстүрлерін қайта қарап жатқан кезімізде, “Айтысты” қайта оқу, оны бүгінгі керегімізге жарату әбден орынды болмақ.

Сүйемін туған тілді – анам тілін,
Бесікте жатқанымда берген білім.
Шыр етіп жерге түскен минутымнан
Құлағыма сіңірген таныс үнім.

Сол тілмен шешем мені әлдилеген,
Еркелеткен, “құлыным”, “жаным” деген.
Сол тілменен бірінші білгізілген,
“Апа” деген сүйгендік сөз әніменен, -

деген долдар бүгін қалай актуальді. “Айтыс” – қазақтың ұлттық психологиясынан туған, соны жырлайтын шығарма. Нағыз поэзия қашанда әуелі халқына, ұлтына, сол арқылы адамзатқа қызмет етпек. Өйткені ол адамды сүйуге, болашаққа сенуге үйретеді, “Айтыстан” алатын тағлым да осындай. Мұнда да адал, шыншыл, ізденімпаз, драмалық шиеніске толы, қуаныш-қайғысы аралас ақын тағдыры суреттелген.

Семей кезеңінде Сұлтанмахмұттың соңғы жазған еңбегі – “Социализм” атты мақаласы. Мұнда ақын қазақ халқының мәдениетті ел қатарына қосылуы, оқу-білімді, техниканы меңгеру, ақын ойынша, күн көрісті жеңілдету үшін керек. Ол - “дене азығы”, “ар азығы” болып екіге бөлінеді. Дене азығы – техника, ар азығы - әділдік. Ар азығы болмаса, дене азығы тұрмысты ауырлатпаса, жеңілдетпейді. Ар азығы жетпеген соң Европа техниканы соғысқа, отаршылдықты күшейтуге, “бірінің қанын бірі ұрттауға” жұмсап жатыр. Осыны әңгімелей отырып, Сұлтанмахмұт жалпы құлдықтан азат, әділетті қоғамды аңсайтынын байқатады.

1918-жылдың жазында Сұлтанмахмұт өз еліне – Баянауылға аттанды. Онда уақытын емделуге, жаңа шығармалар жазуға, саяси-әдебиеттік кітаптар оқуға арнады. Замандастарының айтуынша, ол бұл кезде Маркстің, Энгельстің, Чернышевскийдің, Плехановтың, Лениннің еңбектерін, орыс әдебиеті классиктерін оқыған. Соның нәтижесінде таптық күреске негізделген қоғам тарихы жөнінде көптеген мәліметтер алады. Өзі жасынан көріп өскен қоғамдық әділетсіздіктің негізі – осында екенін ұғады. Бұл тұста жазған ақын шығармалары “Адасқан өмір”, “Кедей”, “Осы да әділдік пе?” тағы басқалары бұған дейінгі қоғамдық құрылыстарының әділетсіздігін көркем бейнелеп, жаңа әділетті қоғамды алдан күту, іздеу, аңсау идеяларына

құрылады. Оның үстіне 1918-жылдан бастап Қазақстанның біраз бөлігінде, оның ішінде Семей облысында, ақынның туған жері – Павлодарда Кеңес өкіметі құлап, Колчак үстемдік құрған еді. Осы жағдайда көріне түсіп жоқ болғанәділетті қоғам туралы қиялдау ақынның жаңа шығармаларында ойын тұспалдап айту түрінде көрінеді. “Дауылдағы әбігер”, “Өң бе, түс пе?”, “Ғайса кім?” сияқты өлеңдерді оқыған адамның оны байқамауы мүмкін емес.

“Адасқан өмір” поэмасы жалпы қоғамдық әділетсіздіктің туу себептері мен теңдік жолын іздеу туралы лирикалық толғаныстүрінде жазылған. Ақын қазақ аулы шеңберінен шығып, капиталистік қоғамдық құрылысқа тән қайшылықтарды суреттейді. Жеке адамның өмір кезеңдерін суреттеу арқылы ол қанауға негізделген қоғам жағдайындағы адам тағдыры туралы ой түйеді. Өмірге таза, адал ұғыммен келген сәбидің еркін алып, талқыға түсірген өмірдің әділетсіздігін ақын адамды адамның қанауының жағдайларынан көреді. Ондай қоғамда биік мансап иесі болу да, әскер басы, ғалым болу да оны бақытқа жеткізбейді. “Дене азығы” “ар азығы” жол бермейді. Сондықтан поэманың лирикалық кейіпкері “әділдіктен басқа жолдың бәрін қарғап, әділет жолы – адамзатқа теңдік әкелетін социализм деп ұғады”. Сол қоғамның өз түсінігіне сәйкес сыпаттамасын береді.

“Кедей” поэмасы – осы үлгідегі қазақ кедейінің сыры мен мұңы. Онда да лирикалық кейіпкер өзі басынан кешкен өмір өткелдерін әңгімелеп, өз заманынан бақыт таба алмай қиналады. Ауыл кедейінің тағдырын шешетін қоғамдық әділетсіздіктің көріністерін ақын жан-жақты ашып суреттейді. Шығарма соңында өз ортасымен сиыса алмай, одан бөлініп шығып тұрған кейіпкерді танимыз, бірақ ол барар жолын білмейді, тек “мақсатым-оқу, оқу көңіліме алған” дейді. Ал, оқу қайда апарады, ол да түсініксіз. Дегенмен заман, дәуір өзгерістері кейіпкер көңіліне демеу, ол соған қосылуға ұмтылады. “Жүрегімді белгісіз нәрсе қысып, шақырып тұр, мінеки кеттім сонда” дейді. Бұл поэмада да Сұлтанмахмұттың өз заманымен сиыса алмай, алдан жаңа өмір күткенінің белгісі.

Жаңа өмірді, өзі әділдік деп аңсаған социализм дәуірі туғанын Сұлтанмахмұт шығармаларына азық ете алмады. Бірақ ол елінің Колчак тәртібінен босап, Кеңес өкіметін жақтап шыққанын көрді. Ауруына қарамай, Павлодарға барып Қызыл Армияны құттықтады. Уездік революциялық комитеттің төрағасы Г.Жигаревқа жолығып, Шідірті болысына революциялық комитетінің бастығы болып барды. Онда екі-үш айдай жұмыс істеп, ауылдағы қоғамдық әділетсіздікті реттеуге, қазақ кедейінің хұқын қорғауға қатысты. Алайда ұзаққа созылған ауруы меңдепжатып қалады да, 1920-жылдың 21-мамырында қайтыс болды. “Тым болмаса, екі жыл тұрмадым, іштегіні жарыққа шығара алмадым”, - деп ақынның өкініш білдіруі де осыдан.

Сұлтанмахмұттан қалған мұра біздің ұлттық әдебиетіміздің жаңа кезеңінің – ХХ ғасырдың басындағы дәуірдің шындығын, қоғамдық ой - пікірдің дамуын түсінуіміз үшін аса маңызды. Ұлы ақындар пікірі қашан да ойды қозғайды, жанға азық береді, пікірге талғам дарытады. Бірақ оны түсіну

де оңай бола бермейді. Сол сияқты біз де Сұлтанмахмұт өмір сүрген, ол жырлаған заман шындығын бірден түсіне алмай, көп адастық. Ақынның ортасын, оның неге сол ортамен өкпелескенін, алысқанын жете ұқпадық. Ендігі мәселе – осыларды саралап қарауға, түсінуде. Оған Сұлтанмахмұттың өз шығармалары, әсіресе, олардың осы күнге шейін жарияланбаған бөлігі көмекке келмек.

Сұлтанмахмұттан қалған мұра әр салалы. Онда лапылдаған от сезімді лирика да, автордың сыншылдық тенденциясынайқын танытатын қуатты эпикалық туындылар да, өз заманының сыншылдық ой-пікіріне үн қосқан мақалалар мен очерктер де мол. Мұның бәрі қазақ әдебиеті ұлт тағдырын тілге тиек ете бастаған заманда әдебиет жанрларының туып жетіле бастағанының куәсі. Сұлтанмахмұт - әдебиетіміздің бұл саладағы ізденістеріне, сондай-ақ реализм жетілуіне үлкен үлес қосқан ақын. Оның реализмі бұлтақсыз, жалтақсыз айтылған шындыққа, әлеуметтік тіршіліктің шынайы суреттеріне негізделген. Оның тенденциясы да сыншыл.

Сұлтанмахмұт шығармаларын жинау, бастыру, зерттеу ісінің де ұзақ тарихы бар. Бұл үлкен істің басында Жүсіпбек Аймауытов сияқты ұлы жазушымыз тұр. Ол 1927-жылы 15-қарашада Мәшһүр-Жүсіпке жазған хатында “Сұлтанмахмұт сөздерін былтыр түгел жинап, үлкен кітап қылып,баспаға бергенмін.Одан “басылады” деген хабар алып отырмын”, - деп жазыпты⁴. Алайда кітаптың жарық көруін тағдыр Жүсіпке жазбады. Ол 1933-жылы ғана алғысөзбен, түсініктерсіз жарық көрді. Одан бергі дәуірде Сұлтанмахмұт шығармалары бірнеше рет басылды. Оны зерттеу саласында Б.Кенжебаев, Ы.Дүйсенбаев, Д.Әбілев, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмаилов, Т.Әбдрахманов, К.Шәменов сияқты әдебиетшілер едәуір еңбек етті.

1926-жылы “Сұлтанмахмұт Торайғырұлының сөздерін жинау науқанына ат салысыңыздар!” деген ашық хатында Жүсіпбек Аймауытов: “ақын елінің тілі ғой, адал туған ұлы ғой, бүлк-бүлк еткен жаны ғой, жанын жеген ары ғой, айта алмай жүрген зары ғой.Жаннан, ардан безбесе, ақынын ел қастерлемесін!” – деп жазған екен⁵.

Сұлтанмахмұт шын мағынасында осы сөзге татитын ақын. Ол көп жабының бірі емес, от болып жанып кеткен, құйрықты жұлдыздай ағып түскен тұлпар талант еді. Сондықтан Сұлтанмахмұт есімі қазақтың жыр-дариясын құрайтын үлкен асау, арналы өзенніңбірі болып қалмақ.Ол халық жүрегінен құрметті орын алады.

Серік Қирабаев,

ҚР ҰҒА академигі, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты

Сұлтанмахмұт Торайғыров.Екі томдық
шығармалар жинағы.Алматы: Ғылым, 1993.1-том. -3-18 бет.

⁴ Социалистік Қазақстан. 1990. 1- мамыр.

⁵ Еңбекші қазақ. 1926. 19-қараша.

“АЛАШ” ДЕП ҰРАН САЛҒАН АҚЫН

Сұлтанмахмұт Торайғыров – қазақ әдебиетінің классигі, XX-ғасырдың басындағы бостандық, теңдік идеяларын уағыздаған ағартушылық, демократиялық бағыттағы әдебиетіміздің аса дарынды өкілі.

Сұлтанмахмұт қоғамдық өмірге араласа бастаған, ақындық өнерді өзінің өмірлік мақсат-мұраты деп түсініп, осы жолға белін бекем байлап шындап түскен кез – XX ғасырдың басы қазақ даласына үлкен өзгерістер әкелді. Ғасырдың басында қазақ қоғамында ұлттық мүдде, елдің елдігі, еркіндігі үшін күресуді мақсат еткен бағыт, демократиялық қозғалыс күшіне ене бастады.

1909-жылы жүрегі елім деп соққан есті адамдарды түгел елең еткізген үш кітаптың жарық көргенін айтуға лайық. Олар – Абайдың өлеңдер жинағы, Ахмет Байтұрсыновтың “Маса” атты кітабы мен Міржақып Дулатовтың “Оян қазақ!” атты кітабы. Абай өлеңдері бұдан бұрын да елге кеңінен таралуының ерекше мәні болды. Өйткені халықты мәдени өркендеуге, өнер-білімді, ғылымды игеруге шақырған Абайдың идеяларынан, Абай заманынан бастау алса, жаңа ғасыр басындағы қоғамдық жағдайда сол озат идеялар жалғасын тауып, жаңаша мағына алып, ұлттық ояну, азаттық үшін күресу идеясы ұлттық ұранға айналған болатын. Сондықтан да Міржақып Дулатовтың алғашқы өлеңдер жинағының аты болған “Оян, қазақ!” деген сөз жалпы жұртқа жар салғандай болып, жаңа дәуірдің қуатты үніндей болып естілді. Өйткені Әлихан Бөкейхановты, Ахмет Байтұрсыновты, Міржақып Дулатовты, басқа да алаш ұранына ілескен қайраткерлерді қоғамдық өмір сахнасына шығарған да жаңа тарихи-әлеуметтік жағдай, ұлттық арман-мүддеден туған мақсат-мұраттареді.

Сұлтанмахмұт Торайғыров жасынан кедейшіліктің, жоқшылықтың ауыртпалығын көп көрсе де, өзі туған ауылда – Баянауылда хат танитын әкесінен сабақ алып, зейінділігінің арқасында сауатын ашады. Онан соң бірнеше жыл ауылдағы молдадан оқып, кейін тағы медреседе оқып, білім алады. 1912-жылы Троицк қаласына барып, діни оқумен қатар орысша да үйреніп, білімін тереңдетуге күш салады. Бұрын да анда-санда өлең шығарып жүрсе, енді өлең жазуға мықтап ден қояды. 1913-1914-жылдар арасында “Айқап” журналында хатшылық қызметте болған кезінде біраз өлеңдері жарық көреді.

Өлең жазуға саналы түрде кіріскенін өзінің поэзияға биік талап қойғанынан анық байқаймыз.

1913-жылы “Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан” деген мақаласында ол өлең-жыр “қарайған көңілімізді жуып, жанымызға пайда, дертімізге шипа” болса дейді. Сондай өлең ғана “сайсүйегіңсықырарлық ащы, зарлы бебеулерін қағып, көңіл толғағын, жүрек түйінін таркатады. Мен анық ақ сүйек, аты жоғалмайтын “өлең” деп соны айтамын... Басқаларға қарағанда, пайғамбардың жүрегінен құйылған құрандай, соқыр кісі сыбдырынан табарлық, аққұла ашық тұрады. Марқұм Абай өлеңдері,”-дейді.

Сұлтанмахмұттың “Орнымыз медресе оқып жатқан”, “Жан қайда әділетті іздейтұғын”, “Балалық күн”, “Жылы кеш”, “Оқудағы мақсат не?”, “Талиптарға (шәкірттерге)” секілді ақындар өнерге алғаш құлаш ұрған кезіндегі өлеңдерінен-ақ оның талабы зор, дарыны қуатты, тегеурінді екені айқын сезіледі. Халықтың ортасынан шыққан жас ақынның елдің жағдайын, мұң-мұқтажын, арман-тілегін жақсы білетінін, қоғамдық өмірдегі қайшылықтардың сырын терең түсіне бастағанын да анық байқай аламыз. Осындай өлеңдерінен жігерлі, ізденімпаз, мақсатқа жетем деген зор сенімділік те бой көрсетеді.

Шындықтың аулын іздеп, шықтым жолға,

Разымын не көрсем де, осы жолда, - деп, алған бетінен қайтпайтын, “ақтармын оқып-жетіп, адам атын” деген адал ниеті мен “алда әлі ататын жарық таң бар” деген сенімін серпінді, сергек көңілмен паш етеді. “Шындықтың аулын іздеп, шықтым жолға” дегенді ақын терең мән-мағына беріп айтқан. Мұнда шындық іздеу идеясы бейнлі суретке айналды. Көз алдымызда баратын аулын іздеп, сұрастырып жүретін сахара адамының бұрыннан үйреншікті, таныс кейпі елестегендей болса, сол арқылы адам өмірін көркейтетін “сыр тапсам дүниеден ашылмаған” деп, өнер жолына түсіп, ел үшін, руханият үшінбелін бекем буып, еңбектенуге кіріскен жалынды жас ақынның бейне тұлғасын айқын көреміз. Осы екі түрлі сурет, екі түрлі көрініс “шындықтың аулы” деген бір ғана бейнелі сөздің аясына сыйып тұр.

Әдебиетті заман талабы, тарихи-әлеуметтік жағдай, қоғамдық мақсат-мұраттартуғызады. Сонымен қатар көркем өнердің өз заңдылықтары, әдебиеттегі ұлттық дәстүр мен жаңшылдық ізденістердің даму барысында өнер иесінің суреткерлік бітім-тұлғасы, алған бағыт-бағдар да толық ескерілуі қажет. Сұлтанмахмұттың ақындық тұлғасын, өзгеше дарын даралығын танытарлық сипаттар қандай десек, алдымен ол - әлеуметтік лириканың асқан шебері, қоғамдық құбылыстарды талдап, себеп-салдарлы байланыстарын көрсетуге, пікірін дәл жеткізу үшін қарапайым сөзге терең мағына беруге ұста ойшыл, сыншыл ақын.

Қоғамдық өмірдің қайшылықтарын, заман шындығын ашып беретін ой-толғамдары, әлеуметтік талдаулары терең, сезім-иірімдері тасқын судай, мысқылға да ұласатын сыншылдығына сәйкес тілі отты, кейде удай.

Сұлтанмахмұт поэмасы – қазақ қоғамындағы жаңа дәуір – ұлттық ояну дәуірі туғызған адамгершілік, әділдік, өнер-білімге құштарлық идеяларын айрықша қуатты жігерлілікпен, асқақ үнмен жырлаған, тақырып идеялары, жанрлық, бейнелілік, стильдік ерекшеліктерінде жаңалығы, соны сипаттары мол поэзия, көбінше әлеуметтік, публистикалық лирика. Поэмалары мен өлеңмен жазған романдарында да осы әлеуметтік сарын, толғаныс публистикалық пафос күшті сезіледі.

Сұлтанмахмұттың өзіндік бетін, ақындық дара тұлғасын айқынырақ түсіну, барлап бағалау үшін оның өнерпаздық өнегесін алдындағы немесе қатарлас шыққан Шәкәрім, Сұлтанмахмұт, Мағжан, Ахмет Байтұрсынов пен

Міржақып Дулатов сияқты қайраткерлердің шығармаларында әрқайсысының өмірдегі, өнердегі ұстаған бағыты, ізденістеріне орай өзгеше жарқын көрініс тапты. Қазақ мәдениетіне, әдебиетіне, халықтың рухани өміріне шексіз мол жаңалық әкелген осы ақындардың әрқайсысы Абайдың ағартушылық, демократиялық озат ой-пікірлерін, өнерпаздық дәстүрлерін өзінше жалғастырды. Осы тұрғыдан келіп Шәкәрімді Абайдың оқу-білім, ғылымды, адал еңбекті, талаптылықты, адамгершілікті уағыздау өнегесін, фәлсапалық ойшылдығын өзінше өрістеткен ақын десек, Сұлтанмахмұт, әсіресе әлеуметтік өмірдің қайшылықтарын, өз заманының шындығын нақтылы түрде үлкен сыншылдықпен ашып көрсетуі жағынан Абай дәстүрлерін дамытуда өзіндік тың, жаңа өріс тапқан дей аламыз. Ал Мағжанды айтсақ, ол теңдесі жоқ лирик ақын ретінде Абайдың көңіл күйі лирикасын, және жалпы адамның жан дүниесін, ішкі сезімін суреттеудегі дәстүрлерін өзінің сыршылдық шеберлігіне тірек етіп, өзінше жалғастырған деу орынды. Ахмет Байтұрсынов Абайға қоғам өмірінің бірталый маңызды мәселелері жайлы толғана айтуы және мысалшылдығы жағынан, ал Міржақып Дулатов әсіресе сөз өнерін халықтың санасын оятудың, қоғам көшін алға бастаудың бірден бір күшті құралы деп санаған ағартушылық өнегесі жағынан үндес екенін айтамыз. Және Ахмет те, Міржақып та Абай бастаған ағартушылық, демократиялық идеяларды жаңа заманның тілек-талаптарымен терең ұштастыра алғанының мәні зор дейміз.

Сұлтанмахмұт Абайға әсіресе адамгершілікті, әділдікті, ғылым-білімді, адал еңбекті уағыздау секілді әлеуметтік мәселелерге қатысты пікір-толғаныстарының үндестігімен жақын сезіледі. Алайда ол кейде Абайша толғанып, өмір құбылыстарын Абайша бейнелеп көрсеткендей көрінсе, оны ұлы ақынның сөз үлгісін құр қайталау, немесе еліктеу деуге болмайды, суреттеу тәсіліндегі кейбір ұқсастықтар ғана деп қараған дұрыс емес.

Өмірлік мақсат-нысанасын айқындай білген Сұлтанмахмұттың білімі тез толығып, ой-өрісі, дүние-танымы барған сайын кеңейіп, ол әдебиет пен мәдениеттің жоқшысы болумен бірге, қоғамдық өмірдің басты маңызды мәселелеріне қатысты құнды пікір айтатын дәрежеге көтерілді. Он шақ-ақ жылдың ішінде “тәңірінің берген өнері” (Абай) жарқырап көрініп, Сұлтанмахмұт не бір дүлдүл ақындар ұзақ өмірін сарп етіп, жете алмайтын өнердің биік шыңына шықты, кемел ойлы, керемет дарынды күрескер ақын болып қалыптасты, қазақ әдебиетіне мол жаңалық әкеліп, баға жетпес үлес қосты.

Ақ патша тағынан құлап, қалың елін отаршылдық езгісінде ұстаған басқару жүйесі күйреген соң бірнеше ғасыр бойы үстемдік құрған империядағы басқа бұратана халықтар секілді қазақ халқының еңсесі көтеріліп, ұлт азаттығына қол жеткізуіне ұмтылған қайраткерлер батыл қимыл-әрекет жасауға кірісті. Алаш партиясы құрылып, алаш үкіметі орнауы осы жаңа тарихи-әлеуметтік жағдайдағы қоғамдық өмірдің талабыннан туған оқиға және қазақ халқының ұлттық сана-сезімінің оянғанының айқын көрінісі еді. “Шындықтың аулын іздеп,” туған елінің аспанында жарық күндей болып

өнер шашуға талпынып, шиыршық атып үнемі толғанып жүрген ақын “бостандық”, “теңдік” деген алаш ұранына қуана үн қосты. “Алаш ұраны” атты өлеңінде:

Алаш туы астында
Күн сөнгенше сөнбейміз!
Енді ешкімнің алашты
Қорлығына бермейміз!
Адамдықтың жолына
Бастаған ерлер соңында
Басқаға көңіл бөлмейміз!
Қандай шайтан келсе де,
Алдауына көнбейміз!
Өлер жерден кеттік біз,
Бұл заманаға жеттік біз,
Жасайды алаш, өлмейміз!
Жасасын алаш, жасасын! —

деп, шабыттана жырлады.

Сұлтанмахмұт алаш партиясының ұранын, алаш үкіметінің бостандық жолымен елді көгерту мақсатын өз жанына жақын санап, бар ықыласымен, құптады. “Таныстыру” атты публицистикалық сарынды поэмасында ақын оқыған азаматты сөйлетіп, алаш туын көтерген, халықтың ұлт бостандығы үшін күрескен көш басшы азаматтарды сүйсіне сипаттап, мадақтайды. Алаш көсемдері Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатовты алдына биік мақсат қойып, жүрегін “Қазақ үшін шам қылған” қайраткерлер деп ерекше қастерлейді. Әлихан Бөкейхановты елдің көсемі, “оң көзі” жеке-дара тұлға дей келіп:

Елі үшін құрбандыққа жанын берген,
... Зарығып алаш үшін бейнет көрген.

Түймеге жарқылдаған алданбаған,
Басқадай бір бас үшін жалданбаған,
Көркейер қайтседе алаш деген ойдан
Басқа ойды өмірінде малданбаған.

Заманда бастан-аяқ кейін кеткен,
Жасымай, алашына қызмет еткен.
Болса да қалың тұман, қараңғы түн,
Туатын бақ жұлдызына көзі жеткен, -

деп бағалайды.

Шәкәрім туралы айтқанда оның ерте оянған, бұрыннан “алашқа аты мәлім” кісі екенін еске салып, оны бір жолмен Байтұрсынов, Бөкейханға ақсақал бола алғандай деп сипаттайды, және шежірешіл философ-ақынның ұлт-мүддесін де, жалпы адамзат мүддесін де жақсы түсінетінін атап көрсетеді. Шәкәрімді Сұлтанмахмұт аса жоғары бағалағанда, алдындағы

“адамның адамдықтың жемісін берген” ақынмен өзінің іштей, рухани жақындығы бар екенін сезінгені де күмән туғазбаса керек. Әсіресе өнерпаздық ізденістері бір арнаға келіп түйісетін осы екі ақынның қоғамдық өмірдегі өзгерістерді қалт жібермей, қадағалап, зерделеп тани білуі жағынан үндес келетінін сезу, байқау қиын емес.

Сұлтанмахмұттың әлем-дүние, өмірдің мағынасы, адам тағдыры туралы ой толғауы да көбінесе әлеуметтік көзқарас тұрғысынан келеді. Ол бірде:

*Қандай мән бұл адамның өмірінде?
Дәм тартқызар үміт не көңілінде?
Туысында еріксіз жердің құрты,
Және еріксіз аһ ұрып сенуінде, -*

десе, тағы бірде:

*Дүниенің дөңгелегі айналады,
Кім үстінде гөлайттап жиналады.
Кім астында езілер саз балшықтай,
Білмеймін түбі неге айналады.
Үстінде не қасиет, астағы да
Не жазық деп еріксіз ойланады.
Үстегі сындырмаған шөптің басын,
Сонда да тамағы тоқ, киімі асыл,
Жасаулы, зейнеттеулі палатада
Қызметкер дайын қылар керек асын.
Он жыл қызмет бір кедей қылып таппас
Қондырған бір жүзікке асыл тасын.
Бір кедей жылдық тамақ етер еді.
Өңдеген бояуына бет пен қасын, -*

дейді.

Ақын сол заманда, сол кездегі өмірді бірнеше көркем бейнелі айқындаулар арқылы ұтымды етіп көрсете алған.

*Дүние – алдау екен, алдасуда
Өз обалым өзіме қалсам кейін,
Дүние – жеу, жегізу майданы екен,
Жеңе алсам, жеймін демей мен де не дейін.
Әділдік болады деп тоса берсем,
Өзімді жеп қоятын оған дейін.
Байып алып, біреуді мен де жекпей,
Неге өгіз боп оларға жегілейін?!*

Осылай етіп ақын дүниені, айналасындағы өмірді біреудің түбіне жетіп тынатын “жеу, жегізу майданы” деп сипаттап, дүние, заман сияқты ұғым мен сол ортада өмір кешкен жеке адам тағдырын қатар алып айтып отыр. Бірақ байып алып, басқаны жегу әркімге тиетін үлес емес екенін де ақын жақсы түсінеді. Және же ол осыны мұрат етіп отырған жоқ. Тек заманның, ортаның, әділетсіздік, зорлық-зомбылық бел алған қоғамның адамның ой-санасына

кандай әсер ететінінғана айтып отыр. Мұны біз ақын тағы бір тұста дүниені, заманды және жеке адамды қарама-қарсы қойып сипаттағанда әсіресе анық байқаймыз:

Жан иесі жегелі бірін бірі
Өлмеу үшін ауызын ашқан заман.
Дүние - өзен, ағысын кім тоқтатар,
Ағып кете баратын мен бір салам.

Әлділер үстемдік еткен қоғамда қарапайым халықтың халі қаншалықты аянышты екенін бұдан айқын, әсерлі етіп айту қиын-ақ болар.

Кедейдің ауыр тағдырын бейнелеуге талай айтулы ақын жазушылар ат салысты. Алайда Сұлтанмахмұттың “Кедей” поэмасы – осы тақырыпты тебірене толғап, кедейдің бейнесін, өмір бойы еңбегі еш болып жүріп көретін бейнеті мен қорлығын жеріне жеткізге, нақтылы сипаттау жағынан қазақ поэзиясындағы үздік шығарма екеніне ешкім таласа алмас. Поэмада кедейдің өмірін бейнелегенде ақын:

Мен сорда жастан бері дамыл бар ма?
Не еңбек сіңірмедім малы барға, -

деп өз атынан сөйлейтін тұстары бар. Әрине, Сұлтанмахмұт өте нанымды суреттеген кедейдің бейнесі, өмірі мұқтаждықта, кісі есігінде жүрумен өткен, “өкпесін есік тескен” жарлы-жақыбайлардың жинақталып, типтік дәрежеге көтере сипатталған образы екені анық. Алайда ақынның кедейдің өмірі туралы сырттай жанашырлық білдіріп сырт көзбен қарап сипаттамағаны, өзі жасынан жоқшылықтың зардабын көргендіктен өмірден алған әсерлеріне сүйініп, ащы шындықты терең сезініп, тебірене жазғаны ерекше көңіл аударарлық. Сондықтан поэманың әр сөзінен, мысалы:

Кедей сорлы дүниенің азабында,
Екі көзі байлардың қазанында,

Немесе:

Шиеттей қызыл қарын, үрпек бастар
“Маған, маған” деп шулар, тамақ жесе, -

деген секілді сипаттамаларынан соның бәрі жасынан бейнеттен көз ашпаған ақынның өз басынан кешкендей, етінен өтіп, сүйегіне жеткендей әсер аламыз.

Адал еңбек етпей-ақ, тер төкпей-ақ, басқаның күшін пайдаланумен табылған байлықты Сұлтанмахмұт ұтымды, уытты сөздермен мысқылдап, сынап-мінейді.

Алдауы, өтірігі кімнің артық
Болса, сол бақ, дәулетті алар тартып.
Бейнетқор адалдықпен кәсіп қылған
Өмір бойы өтеді азап тартып.

Ақын “Адасқан өмір” поэмасында қоғамдағы әлеуметтік теңсіздіктің сырын ашып көрсетуге ұмтылып, қанша адамдардың кедейлік тауқыметін тартуға мәжбүр болуының түпкі себебін олардың еңбегін пайдаланып байытатындардың әрекетімен байланыстырады.

Кімде-кім тез байыса, қолына ағып,
Кім кедей болса, соның малы келмек...

Көз жасы бишараның маңдай тері,
Жиылтып, байытпай-ақ қойсын мені.

Мал біте ме, адамды малдай қылмай,
Малдан басқа көрмейтін дәнеңені.

“Кедей” поэмасы сияқты, “Адасқан өмір” поэмасы да – қазақ поэзиясында тыңнан жол салған шығарма. Поэmanın қазақ әдебиетінде ең көп дамыған түрі бұған дейін үнемі дерлік сюжетке құралған дастан болып келсе, публицистикалық сарынды жаңа түрін Сұлтанмахмұт қалыптастырды. Әлеуметтік толғаныс дәстүрлі жыр өршем-өрнегі қолданылатын толғау өлеңдерде кеңінен орын алатын. Сұлтанмахмұт он бір буынды қара өлеңмен жазылған, реалистік сипаттағы публицистикалық поэманың озық үлгілерін туғызады. Олардың құндылығы өмір құбылыстарына нақтылы талдау жасап, түйінді ой қорытуға бейімділігі десек, бұл сипаты ақындық асқақ қиялмен ажырамас бірлікте көрінетіні, ақынның баяндау, суреттеу әдіс-тәсілдерін түрлендіріп қолдану шеберлігі де ерекше көңіл қоярлық.

“Адасқан өмір” поэмасының алғашқы “Мен - бала” деген бөлімінде ақын жан-жағына әлі өмірде жамандық көрмеген, ешкімді кемсіту, қорлау, мазақ етуді ойламайтын күнәсіз баланың көзімен қарағандай көрінсе, поэманың онан кейінгі “Мен - жігіт” деген бөлімінде:

Ұқпаймын қол жетпейтін бақыт бар деп,

Дүние жаралғандай менің үшін,

Қайғы алған жоқ жүректің бір бұрышын, -

деген сияқты сөздерінен өмірге құштарлық, үміттің қиялына берілгендік сезім ақынның өз ой-сезім әлемін тура, еш қоспасыз бейнелегендей қабылданады. Ал енді поэманың “Мен - тоқтадым”, “Мен – кәрі”, “Мен - өлік” деген бөлімдерін оқығанда, ақын өзінің бастан кешкен күйініш-сүйініші емес, өзгелердің өмірінен түйген ой-сезімдерін бейнелеп жеткізуді мақсат тұтқанын әсіресе айқын аңдаймыз. Суреттеу тәсілі осылай әр түрлі болып келсе де, Сұлтанмахмұт поэзиясына тән адамды баурап алатын көркемдік шындық ақын көрген, білген жай-жағдайлардың тікелей көшірмесі емес, ақынның асқақ арманнан қуат алып, жан дүниесінің сәулесімен нұрланып шыққан өмір шындығы.

Поэзиядағы ой-сезімнің әсерлілігі, бейнелілігі – ақын тілінің де бейнелі, кестелі келуінің алғы шарты. Ойдың тереңдігіне, сөздің қарапайым болуына Сұлтанмахмұт ерекше мән берсе де, тіл өнеріне тән бейнелеп, кейде әсерлеп айту оған да жат емес. Сұлтанмахмұт “Кедей” поэмасында “жексұрын шал” мен оған малға сатылып, еріксіз қосақталған жас қызды суреттегенде шендестіру, қарама-қарсы келтіріп сипаттау тәсілін үлкен шеберлікпен қолданады.

Жастық қызу шөлдеткен жас ерінге

Көк мұртты кепкен ерін тұрды-ау тиіп.

Кәрі қол талдай нәзік белді қысып,
Үлбіреген жас тәнді зорлап құшып,
Қуырған, кепкен тәнін жылытпақшы,
Сәулелі қара көздің нұрын ішіп.

Сәбидің білегіндей торғын тамақ,
Тікенектей көк сақал соны қадап...

Міне, мұнда балғын жас сұлу мен шалды үнемі бір-біріне қарсы қойып, салыстыра бейнелеп отыр. Қыздың кескін-келбетін, сипатын танытатын сипат-білгірлер – **жас ерін, нәзік бел, үлбіреген жас тән, сәбидің білегіндей жас тамақ** деген секілді болып келсе, шалдың сиқын - **кепкен ерін, кәрі қол, қуарған, кепкен тән, тікенектей көк сақал** деген сияқты сипаттамалар арқылы байқатады. Тілдің жүйрік болмағы, әрине, ойдың қуаттылығынан, суреткерлік шеберліктен.

Сұлтанмахмұт “Адасқан өмірде”, басқа да поэмаларында айрықша ақындық шеберлігі оның ойын кеңінен толғап, ағындатып айта білетінінен де анық байқауға болады. Поэзияда жазбаша үлгіні ұстанатын ақынның ауызша айтатын суырып салма ақындай өлеңді ағыл-тегіл саулатып, тасқындатып, нөсерлетіп, ойын ұзақ өрістетіп, еркін өрбітіп көсіле сөйлейтіні үлкен шеберліктің, шабыты сарқылмайтындығының белгісі екені анық. Осыған орай бір талай тұстарды он бір буынды өлеңде біріңғай ұқсасты өзгертпей ондаған тармақтарға созып, қиыстырып келтірген үйлесімді сөздерді тізбек-тізбегімен келтіреді. Мысал ретінде “Адасқан өмір” поэмасында ақынның әділеттілік орнаған бақытты сәтін бейнелейтін мына өлең жолдарын еске түсірелік:

Ол өмірде біде-бір алдау болмас,
Жағынып, арды ақшаға жалдау болмас.
Ешкімнің достықтаппай, қастық көріп.
Бар адамды сайтан деп, қарғау болмас.
Қара күштен жеңіліп, қайғы басып,
Өлгісі кеп, өмірден зарлау болмас.
Адамдағы жан, қуат, тапқыш, талант,
Гүл шашпай, жеміс бермей қалмау болмас.
Әркімнің қандай іске таланты бар,
Өмірін, күшін соған салмау болмас,
Жаратылыстан керегін әрбір адам,
Еңбегімен алуға бармау болмас.
Әкіммін, құдайшылмын, әскермін деп
Еңбексіз еңбекшіні жалмау болмас.
Көре-біле ақынды жегізбесең,
Бай сені қызметіне алмау болмас.
Аштан өлу, не байға арзан тұру,
Амалсыз бірін соның талдау болмас.

Не кәрілік, не бір апат келген күні,
Көшеде қайыршы боп сарнау болмас.
Бір тілім нан алуға байды мақтап,
Жалынып, тұс-тұсынан аңдау болмас.
Дене азықты тоюдан жан ержетер,
Өмірді бұл күнгідей аңдау болмас.
Жан ержетіп, дүниенің сырын табар,
“Өмірде мақсат жоқ” деп барлау болмас.
Таудай үміт һәм талап орындалар,
Еш еңбек бұл күнгідей жанбау болмас.

Сұлтанмахмұт ара-тұра болса да сыншыл лирикаға бой ұрады. Бұл орайда “Жылы кеш” атты табиғат сұлулығынтебірене сезіну мен махаббат сезімі ұштасып өте әсерлі болып шыққан өлеңін, немесе, “Жіңішке сымға тартқан әні қандай” деп басталатын “Қамар сұлу” романындағы Қамардың портретін, кішігірім поэма деуге татитын “Жарқынбай” атты сюжетті өлеңіндегі Күләйменің келісті келбетін, сұлу сымбатын қалай мүсіндейтінін еске алуға болады. Ал, “Бір адамға” деп аталатын өлеңіне тоқталсақ, оны сирек кездесетін ақындық шеберліктің үлгісі десек те, асырып айтқандық бола қоймас. Осы өлеңінде ақын “Бір үйде жиюлы екен қазына, мал” деп, сол үйдің іші толған дүние-мүлік, бағалы заттарды нақтылап атап айтқанда, соларды көрген адамның көңілі тоятынындай-ақ.

Соншалық құны толық бұлды түйме,
Артында қадырмас па жақсы даңқын?
Дедім мен: Құтты болсын шекпеніңіз!

Бұл сөздер бір сәт оқырманды таңырқатқандай болса да, сыншыл ақынның ойы әлде қайда терең, басқаша ой саларлық.

“Ойладым: Оңдырған-ау баққан халқын!” дегені сондай көп байлықтың сыры қандай, қайдан келген байлық екені көңілді алаңдатады.

Оқырманды біраз толқытып барып, өз ақылымен жетіп көрсін дегендей қылып, өлеңнің аяққыекі шумағында ғана ақын өзінің түпкі пікірінбүкпесіз, анық білдіреді.

Көргенде күміс кесе, алты аяқ,
Бір сөзді тамағыма қойдым таяп:
“Қай момынның малы бар бұл аяқта?”
Демейінше болмады қарап жай-ақ!
Кесені қолыма алып қарай бердім:
Ішінде нақақ көзден жас бар ма деп.

Мұнда тура, ашық әшкерелеу, ащы мысқыл жоқ. Бірақ, ишарамен ғана айтылса да, сыншылдығы өткір сықақтан, әшкерелеуден, қылмысты көпке дейін әйгілеуден кем соқпайды. Бұл суреттеу, бейнелеп айту шеберлігін, ақынның ұтымды көркемдік тәсіл таба білгендігін танатса керек. Поэзиялық шығармадағы шындық, нақтылы сурет-көріністер, адамның өміріндегі әр кезеңдерді бейнелеу де ақын өскен ортаның, заманның сырларын танытатын, жинақталып, қорытылып шыққан көркем шындық екенін анық аңдаймыз.

Сұлтанмахмұттың ойдың қуаттылығы сезім нәзіктігімен астасып келетін өлеңдерін оқығанда ақынның тлі қылдан нәзік, қылыштан өткір дегенді еріксіз мойындаймыз. Алайда, түгелдей алғанда Сұлтанмахмұт поэзиясында сізім нәзіктігінен гөрі ойдың өткірлігі, өтімділігі әлде қайда басым. Ол, мысалы, “Кім жазықты?” атты баяндау тәсілінде, стилінде, сөз қолданысында өзіндік сипаттары мол өлеңмен жазылған романында сөздің мәнерлілігінен, өрнектілігінен гөрі мағыналық дәлдігін көбірек құнттайды. Ойын ақын жеткізіп тұрған сөздің кейде ішкі ырғағы, әуездігі жеңіл келмегеніне қарамайды.

Қара сөзге өлеңді араластыра жазған “Қамар сұлу” романында Қамардың сүйгеніне қосыла алмай, махаббат отына күйген қайғылы тағдыры, басқа кейіпкерлердің жан-күйі, әрекеті де негізгі оқиға желісінің жібі үзілмей бір арнада өрбиді. Сұлтанмахмұт бұл шығармасында қазақ поэзиясында әбден қалыптасып, өркен жайған әдіс-тәсілдерін, сөз қолданысын көбірек ұстанған. Сондықтан бас бостандығын аңсаған қазақ қызының трагедиясын тебірене толғайтын осы шығарманың поэзиялық сипаты басым. Өлеңдері де, қара сөзбен баяндаған тұстары да әсерлі сыншылдығымен, ойды айқын, анық жеткізуімен, халық тіліне тән бейнелілігімен, әсіресе сөз қолданысының қарапайым, жеңілдігімен көңіл аударады.

Бұл романдағы оқырманның жанына аса күшті әсер ететін тұстары өлеңмен келеді. Әсіресе, ескі салттың тұтқаны болған Қамардың, күш көрсетуге дәрмені жоқ болса да қарсылық білдіруден тайынбай, неке-қияр алдында жиылған ел-жұртқа айтқан өлеңі еркіндік сүйген қыздың жүрегіне зман салған жараның қаншалықты ауыр екендігін терең сезіндіреді.

Жұртым-ау, құдайыңды ойлаймысың,
Ұстап сату әдетін қоймаймысың?!
Көптен бері зарлатты аямастан,
Жетер енді со-дағы тоймаймысың?

Шыныңмен сол Нұрымға қиғаның ба?
Бес қара сатып алған иманың ба?
Әділдік, құдай, құран естен шығып,
Жауыздың жалмауына сыйғаның ба?

Тұратын мал емеспін тоққа алданып,
Ұшатын қарға емеспін боққа алданып.
Жұртым-ау, саңылау қайда, миың қайда.
Қалайша бар дейсіздер жоққа алданып?

Есекке еп білмейтін зорлап қосып,
Жүрмісің бәле тілеп, аял тосып?
Жүзін көрсем, көргендей әзірейілді,
Селкілдеп тұла бойым кетер шошып.

Мұны оқығанда құдайдан “Ахматтен басқаны сүйгізбей ал!” деп тілеген, сертіне берік қыздың жанына у сепкен қайғысын, оның зорлыққа, қорлыққа көнбей зарланған, тыңдаған адамның бойын шымырлататын ашынған үнін тек өлеңмен жеткізу мүмкін-ау деген ой еріксіз көңілге ұялайды.

Қамардың қатігездікке қарсы тұрып, лағнет айтқан жан тебіренгілік сөздерінің өзі-ақ шығарманың өзекті идеясын, түпкі түйінін ашып, айғақтап тұр.

Малға сатылып, өз теңіне қосыла алмай, бақытсыздыққа ұшыраған қазақ қызының тағдыры ұлы Абайдан бастап көптеген ел қамын жеген ақыл-ой алыптарын толғандырған болатын.

Сән-салтанат жұбатпас жас жүректі,
Кім де болса, тұрғысын көксемек-ті.
Мезгілі өткен дәуренді қуалаған
Не қылсын бір қартайған қу сүйекті?
...Үнем болмас құйрықты бұлаңдатқан,
Сауырсыны шапақтап, сүйіп жатқан.
Екі көлдің арасы-жылшылық жер,
Оны қайтып қосады ол ант атқан?-

деп, Абай қазақ қызының бас бостандығына ие болуына үлкен әлеуметтік мән берді.

Сұлтанмахмұт “Қамар сұлу” романында Абайға үн қосып, қазақ қызының өз намысын қорғауға санасының, батылдығының жете алатынын Қамардың бейнесін, мінез-әрекетін жан-жақты, әсерлі суреттеу арқылы көрсете алған. Романда Қамардың аузымен айтылатын:

Сүю сүю бола зорлауменен,
Көңілді ұстап тұру жоқ торлауменен.
Көңіл болса, қосылмай тоқтала ма,
Оқ атып, қылыш шауып, қорлауменен,-

деген сөздер оның еркіндігін, бас бостандығын бәрінен жоғары қоя білетініне толық дәлел бола алады. Шығарманың үлкен идеялық жаңалығы:

Ғибрат ал мен сорлыдан, қазақ қызы!
Түйрейтін мал менен шал-саған бізі.
Оңбайды бұл әдетпен қазақ халқы,
Бол себеп ақырында қалмасқа ізі,-

деп, қыз намысын аяққа бастырмауды, “шірік байдың табанында” шірітіп қор қылмауды Қамар ел-жұртқа, қазақ қыздарына үлгі етеді.

Ал “Кім жазықты?” романында Сұлтанмахмұт бір-бірімен сабақтасып келетін қат-қабат оқиғаларды мол қамтуға ұмтылған.

Жасынан қағу көрмей, ерке өскен бай баласы Әжібай, жанына еріккен жігіттерді жинап, қызды ауылға қырындап жүретін мінезін бірнеше әйел алғанда да қоймайды. Жасынан шаруаға қыры жоқ болған соң, пара беріп, малын шашып болыс болғанда ұры-қарыны тия алмай әуре болады. Оның үстіне боранды қыстың арты жұтқа айналып, көк-алалы көп жылқыдан екі

жүздей-ақ қалады. Сондағы Әжібайдың тапқан амалы билердің аузын алып, кедей-кепшіктің, қолы қысқа нашарлардың малын алу болады. Аяғында арыз көбейіп, болыстықтан түседі. Қыздарын түгел есебіне келтіріп, айттырып, құдалары жебеп, қайтадан түзеліп алғанда, Қабыш көп пәлеге шатылып, Әжібайды қайғы басады.

Әжібайдың осындай әрекеттеріне қоса билік үшін, байлық үшін бітпейтін талас-тартыстың көрінісі, зорлық көрген, жапа шеккен момындардың, өсек-өтірікпен, кулық-сұмдықпен, арыз берумен күн көрген әр түрлі адамдардың бейнесі айқын елес береді. Кейіпкерлердің мінез-құлқын, психологиясын, әр қайсысының іс-әрекеттері, ойы мен сөзі арқылы шынайы қалпында, айнытпай, нанымды етіп сипаттайды. Соның бәрі заман келбетін, елдің жайын көз алдымызға әкелгендей әсер береді.

Шығарма тек үзінді күйінде сақталған болса да, Сұлтанмахмұт өлеңмен эпикалық кең құлашты баяндаудың роман жанрының табиғатына сай жаңа түрін қалыптастыруды мақсат еткені байқалады. Басты кейіпкері етіп алынған, әдебиетте бұрын бар қайшылығымен күрделі тұлға болып көрінбеген Әжібай мырзаның мінезін, іс-әрекеттерін сол кездегі шиеленісті қоғамдық қарым-қатынастармен байланыстыра бейнелеуі де айтылған пікірімізді растай алады.

Сұлтанмахмұттың идеялық мазмұны жағынан да, жанрлық түрі, көркемдік сипаты жағынан да мәні зор туындысы “Айтыс” (қала ақыны мен дала ақынының айтысқаны). Поэма деп айталып жүргенімен оның құрылыс бітімі, жанрлық түрі, баядау тәсілі де өзгеше. Шығарма дәстүрлі екі ақынның айтысы емес, екі адамды кезек сөйлетуді (диалог) Сұлтанмахмұт ұтымды көркемдік тәсіл етіп қолдана білген. Мұның өзі қазақ өміріне екі тұрғыдан қарап, біріне бірі қарама қайшы екі көзқарасты білдіріп, ұлт болып, ел болып мақтанарлық құндылықтарымыз қандай деген сауалға қала ақыны мен дала ақынының тұрғысынан қарап, мәселені жан-жақты талдап, бағалауға мүмкіндік туғызғанын көреміз. Шындықтың пікір талас үстінде айқындалатынын ақын, толық ескерген. Екіұдай қарама-қайшы пікір оқырманның ойлануына түрткі болып, оны өзінше байлам жасауға мәжбүр етеді. Қанша мәнді болса да, бір мағыналы ойды дайын күйінде қабылдаудан гөрі екіұдай пікірлерді салыстырып, ойланып, шындыққа өз ақылымен жету оқырманға кейде әлде қайда пайдалы болып шығатыны анық. Сұлтанмахмұт алдымен дала ақынын ұзақ сөйлетіп, оған өмірінің артықшылығын мақтанышпен шабыттана айтқызады.

Бұл тұста Сұлтанмахмұт қыр қазақтары ғана емес, бүкіл халықтың мүддесі туралы өзінің көптен көкейінде жүрген ойларын білдіргені ап-айқын. Дала ақынын сөйлеткенде Сұлтанмахмұт соның сөзімен көптеген ешқашан бағасын жоймайтын ұлттық құндылықтарды жеткізе, көтере сипаттайды.

Ақылды хандар мен билер, ел қорғаған батырлар, дүлдүл шешендер, ақындар кең сахарада көшпелі өмір жағдайында туып, өсті дейді. Ана тілінің байлығын, ислам діні адамгершіліктің, имандылықтың рухын себетінін тебірене толғайды. Рухани тіршіліктің, шеттің ықпалына түсірмейтін ұлттық

қасиеттің тамыры, қайнар көзі ауылда деген ойды меңзейді. Дала ақынының осындай сөздерін Сұлтанмахмұттың өз аузынан шыққандай қабылдауға әбден болады. Үйткені, адамгершілікті, ана тілін қастерлеу, имандылықты уағыздау, халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан өмір-салтының, ұлттық дәстүрлерінің жақсы жақтарын ауыз толтыра айту Сұлтанмахмұттың поэзиясында негізгі, желілі сарын болып өріліп жатқан отаншылдық, ұлтжандылық ой-сезімдеріне мейлінше үйлесімді.

Алайда дала ақынының сөздері түгелдей автордың – Сұлтанмахмұттың көзқарасын білдіретін пікірлер деуге болмайды. Дала ақынының кейде асыра айтатын тұстары жыр тартысыда қарсыласын сөзден жығу үшін, оны өктем сөйлеп, қалайда ықтырып, жасытып, адымын аштырмау, өзі үстем шығу ниетімен қолданған тәсілі, бұл сөз бәсекесінің ерекшелігінен туатын жай деп қараған жөн. Және дала ақынының ойлау деңгейіне сәйкес өзіндік ұғым-түсініктері болатыны да ескерілгені анық. Дала ақынының қала өміріндегі келеңсіз жағдайларға баса көңіл аударып, жағымды жақтарын көре қоймайтыны оның өмір-тәжірибесі, көрген қызығы негізінен ауылмен байланысты екенін аңдатады. Дала ақыны қырдағы қалың елдің атынан сөйлеген соң, солардың намысын қорғап, жыртысын жыртпақ ниетімен қалайда жақсысын асыра сөйлейтіні оғашта емес. Өзі арқа тұтып, тірек етіп шыққан ел-жұртының байлығы мен салтанатын, игі жақсыларын дәріптей бұрыннан айтыстағы дәстүр екені белгілі.

Қала ақыны өзінің қарсыласының дұрыс пікірлеріне дау айтпайды. Сонда да сөз бәсекелесінде ұтылмау үшін дала ақынының сөздерінен кемшілік табуға күш салады. Оның айтқан пікірлерінің осал жағын – отырықшылықты, егіншілікті, сауда-саттық секілді мал бағудан басқа кәсіпті мансұқтауын, білім-ғылымды игеруді қажет деп білмейтінін сынайды. Жаңа қоғамдық жағдайға икемделу керек екенін баса айтады.

Қала ақыны сахарадағы өмір бұрынғы қалпында тұрған жоқ, баяғыдай суы мол, шөбі шүйгін, табиғаты тамылжып тұрған далаң жоқ, отаршылдық саясаттың кесірінен жер де тарылды, шұрайлы жайлы қоныс азайды, еркіндігінен айрылған елдің әлеуметтік хал-ахуалы төмендеп барады дейді. Сарыарқаны кесіп өтетін өзен, шалқып жатқан дария болмаған соң басқа елдермен қарым-қатынас жасау қиын. Ал темір жол келіп кең даланы шырмаса, қыстау мен жайлауыңды түтін басады. Сахараның жеріне, кен байлығына көз алартып отырған күшті елдердің қыспағы барған сайын арта түседі. Сонда қыр адамдары қалаға тентіреп, малайлыққа жүруге мәжбүр болары анық дейді.

Ендігі қиын тарихи-әлеуметтік жағдайда бөтен жұрт санасатын күшті ел болу үшін алдымен ұлттық намыс керек деген өрелі ойды Сұлтанмахмұт қала ақынына айтқызады:

Жоқ сенде мұндай намыс, көптен өлген,
Бабанды тұрғызбасаң қайта көрген!

Осы бір пікір таластыру ретімен ашынып айтылған сөзде елдің азаттығы, тәуелсіздігі үшін күрескен ұлы бабалардың рухына бас ию сезімі

кандай күшті, кандай әсерлі! Әрине, мұндай сезім ауыл адамдарының атынан сөйлеген дала ақынына жетімсіз деуге болмайды. Қалада жүрген, көзі ашық, оқыған ақын “Оян, қазақ!” деген ұранмен тарих сахнасына шыққан алаш қайраткерлерінің ой-пікірлерінен, тіпті қоғамдық қызметі, нақтылы қимыл - әрекетінен көбірек хабардар болғандықтан, жаңа заман жаңғыртқан ұлттық намыстың жоқтаушысы болып сөйлеуді орынды, ұтымды көруі көңілге қонымды ғой. Қала ақыны ерекше қастерлеуге лайық пікірді өзгеге, әсіресе қарсыласына іштей қимай, өзінікі санаса, сонымен өзін көтермелеуге тырысса, айтыс үстінде жеңіске жетуге ұмтылған адамның психологиясы тұрғысынан оны да түсінуге болады. Маңызды, түйінді пікірді терең сезініп, соған мән бермей деген адамның жанына тигізе, қызбалықпен қыздырмалап айту ойды өтімді, өткір етіп жеткізудің бір тәсілі болса керек. Сұлтанмахмұт өз идеясын сөз жарыстырған екі ақынның қайсысына айтқызса да, қандай көркемдік тәсіл қолданса да, түпкі мақсаты оқырмандардың, жұртшылықтың ұлттық намысын ояту болғаны анық.

Қала ақынының осындай жаны шырқырап, елдің ертеңгісін ойлап айтқан сөздері заманның беті қайда бұрады деп толғанған Сұлтанмахмұттың өз жүрегінің түкпірінде жатқан, көңілін тыншытпайтын ойлармен сабақтас екені де талассыз. Ендігі қиын тарихи кезеңде жаңа жағдайға орай елдің басын қосып, күш біріктіріп, батыл қимыл-әрекет жасау қажет деген түйінді ойын Сұлтанмахмұт қала ақынына айтқызады. Шығарма бітпей қалғандықтан қала ақынының жауабы толық емес. Алайда Сұлтанмахмұт сол кездің өзінде үлкен қоғамдық мән беріп қозғаған мәселелер бүгінде, заман ауысса да, алдымыздан шығып отырғандықтан, кімді де болсын ойландыратыны хақ.

Сұлтанмахмұт елінің келешегін ойлап қатты алаңдайды, бірақ алда жақсы өмір болар деген үмітін де үзбейді. Мұны біз ақынның “Социализм” деп аталатын мақаласынан да байқаймыз. Мұнда социалистік қоғам орнату, билік жүйесі сөз болмайды, жалпы әділдіктің салтанат құруы, адамдарға теңдік беру идеясын қоғамдық мұрат ретінде айту көзделген сияқты. Мақаланың бізге жеткен алғашқы бөлігінде ақ патшаның саясатын, сол саысатты іске асырушы чиновниктерді сынап-мінеген. Онда арғы жағы үзіліп қалғандықтан, тек ақын социализм туралы әр кезде айтылған пікірлерден хабардар болған деген ғана байлам жасай аламыз. Әрине, бұл мақаладағы пікірлерді кеңес Одағында орнаған, 70 жылдай үстемдік құрған социалистік тоталитарлық жүйемен байланыстыруға болмайтыны анық. Үйткені социалистік жүйе, Кеңес үкіметі күшіне енген, социалистік идеология бел алған, әдебиетке мықтап қысым жасаған кезең кейінірек болатын.

Сұлтанмахмұттың жүрегінде үміт отын тұтатқан алаш ардагерлерінің алға қойған биік мақсат-мұраты, алаш ұраны болатын. Бірақ бұл қоғамдық қозғалыстың ұлттық бостандығын, ел еркіндегі идеяларын жүзеге асыруына тосқауыл көп екенін Сұлтанмахмұт көрмей қалған жоқ. Сондықтан да әділдік, теңдік орнайтын заман жақын деп өзін де, өзгені де алдарқатқан жоқ.

Адамзат талай қиыншылықты бастан кешер болса да, келер ұрпақтардың игілігі үшін еңбек етуге жанын салды.

Сусыз, шетсіз шөлдерден,
Тұманды, түпсіз көлдерден
Адамдық көшіп өткенше,
Қасқыр мен қой дос болып,
Достықсыз өмір бос болып,
Шын өмірге жеткенше,
Іштен өсіп адамдық,
Сырттан түлеп жамандық,
Тазарып әбден кеткенше,
Талай шаштар ағарар,
Талай тәнді жер алар,
Талай буын қуарар,
Талай өмір суарар.
Жасамаймын еңбектің
Жемісін көзбен көрем деп.
Жасаймын бір қолғабыс
Кейінгіге берем деп, -

Осылай толғанып, келешекке көз тіккені – ақынның асқан арманының жарқын көрінісі.

Сұлтанмахмұттың құдіретті дарыны туғызған шығармалары бүгінгі ұрпақтың игілігіне асты, жаңа заманның, тәуелсіз еліміздің рухани қазынасына, ой дариясына, өнер әлеміне келіп ұласты. Ақынның әдеби мұрасы халық рухын көтеретін ұлттық идеямыздың сарқымас қайнар бір көзі, мол суаты болып отыр. Сұлтанмахмұт – ХХ-ғасырдың басындағы ұлттық ояну кезеңінің, ел еркіндігінің жалынды жаршысы, адамгершілік, әділдік идеяларын, өнер-білімді, ғылымды насихаттаған қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы. Ұлы ақынның адамгершілік, әділдік идеяларын, өнер-білімді, ғылымды насихаттаған қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы. Ұлы ақынның адамгершілік, азматтық мұраты, аңсаған арманы біздің заманымыздың қоғамдық мүддесімен, мақсаттарымен үндес. Сондықтан Сұлтанмахмұт поэзиясының зор қоғамдық, танымдық, көркемдік мәні уақыт озған сайын тереңдеп ашылып, керемет дарынды азамат ақанның алып тұлғасы биіктей бермек.

Зәки Ахметов,
ҚР ҰҒА академигі, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты

Сұлтанмахмұт Торайғыров: Үш томдық шығармалар
жинағы. - Алматы: Жібек жолы, 2002.
Т. 1. -5-20 б.

РЕАЛИСТІК ПОЭМА БІТІМІ

Поэма әдебиеттегі көне түрден саналады. Поэмада оқиға ақынның немесе лирикалық кейіпкердің атынан баяндалып, олардың қоршаған ортаға көзқарасы шығарма мазмұнын анықтайды.

Қазақ поэмасы XIX, XX ғасырларда туып, қалыптасты делініп жүр. Бұқылым замандар ахуалынан сыр шертетін батырлар жыры, ғашықтық жырлары, бертінде қазақ әдебиетіне сіңісіп кеткен шығыстық сюжетке құрылған қиссалар әдебиетіміздегі романтикалық, реалистік поэмалардың ілкі тарихын, өсу бағытын, даму процесін ой көзінен өткізуге себін тигізеді.

“Лирико-публицистикалық поэмалардың алғашқы нұсқалары XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде бой көрсете бастады. Қазақтың революция алдындағы әдебиетінің ірі өкілі, демократ ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровтың “Адасқан өмір”, “Кедей” поэмалары қазақ әдебиетіндегі лирико-публицистикалық поэмалардың тұңғыш көріністері еді”.

Лирикалық өлеңдерімен өмір шындығын жан-жақты қамтып, халқымыздың жаңа ғасыр басындағы көркем шежіресін жыр жолдарында кестелеген С.Торайғыров бірте-бірте үлкен формаға құлаш ұрды. Ұлттық топырақта жыл құсындай жаңалық болған лирикалық философиялық поэмаларын жазбас бұрын лириканың ерекшеліктерін тәптіштей меңгеріп, ірі дайындықпен келді.

С.Торайғыров поэмалары сөз болғанда ауызға ілініп жүргені екеу - “Адасқан өмір” мен “Кедей”. “Қайғы” поэмасының жұрнағы ғана бізге жетіп отыр, небәрі 28 жол. 1933-жылғы “Толық жинақта” “Қайғы” поэмасына берілген түсініктемеден оның көлемді көркем туынды болғандығын аңғару онша қиындыққа соқпайды: “Бұл үш күнде жазылған барлығы 23 бет екен, біздің қолымызға басқы бір-екі беті мен аяққы бір жарым ауыз өлеңі түсті, өзгесі жоғалған делініп және поэма 1919-жыл 26-апрельде жазылған деп көрсетілген”. Демек, “Қайғы” поэмасы төңірегінде пікір шарасызбыз.

“Таныстыру” 1917-жылдың күзі мен 1918-жылдың қысында Сұлтанмахмұт Абай елінде болған кезде жазылған.

Ақпан төңкерісінен кейін Орынборда (1917, шілде) Советтердің Бүкілқазақстандық I съезі, сол жылдың желтоқсанында тағы да Орынборда II съезі өтті. Қазақстан облыстарында қазақ (қырғыз) комитеттерін сайлауға қызу дайындық жүріп жатты. Семей облысы қазақтарының съезі 1918-жылдың 14 (1) наурызына белгіленді. Төңкерістен соң елді жаңа жолға бастайтын азматтар кімдер деген сұрақ тұрды. С.Торайғыровтың “Таныстыру” поэмасы тура осы сауалға жауап бергендей еді.

Ақынның таңдап алған формасы да қызық. Поэма қара қазақ пен оқыған зиялы адамның диалогына құрылған.

Туғанда құдай иіп мұндай заман,
Сұрайтын бір сөзім бар сенен балам.
Тап біздің осы Семей облысының
Көш басшы адамдарын айтшы маған.

Біз дағы жоспарлайық өзімізше,
Десе де түк білмейтін қазақ надан.

Қара қазақ сауалы. Шындығында заман өзгеріп, уақыт аумағы-төкпелі калыпта тұрғанда болашағын ойлайтын әр адамның қоюға тиісті сауалы. Сөз кезегі тиген оқыған да әңгіме тиегін ағытады:

Ешкімнің Әлиханға бар ма сөзі,
Демейді қандай қазақ оны оң көзі.
Семей тұрсын, жеті облыс бар қазақстан,
Талассыз жеке дара тұрғай өзі...
Түймеге жарқылдаған алданбаған,
Басқадай бір басы үшін жалданбаған.
Көркейер қайткенде алаш деген ойдан,
Басқа ойды өмірінде малданбаған.

Поэманы оқығанда, жазылған мінездемелермен танысып отырғандай әсерге бөленесіз. Есімдері поэмада аталатын қазақ зиялыларының жарқын бейнелері іс-қимылымен, кес-кін-келбетімен, мінез-құлқымен көз алдыңа келіп тұра қалады. “Бірі күн, бірі шолпан, бірі ай” Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов ел-жұрты тарыққанда жол сілтейтін көсем, халық тағдыры безбенге түскенде көмекейлері бүлкілдеген шешен, тар заманда тәуекелге бел байлайтын перзенттер екендігін қара қазақ айтқызбай-ақ ұғады. Алты миллион қазақты соңдарынан ергізе алатындықтарына кәміл сенеді.

Оқыған Әлімхан Ермеқұлымен таныстырады. Шоқан Уәлихановтың кадет корпусында бірге оқыған досы, көрнекті фольклорист, этнограф Г.Н. Потанин кезінде жылы лебіз білдіріп, құрметтеген Ермеков. Қазақтың тұңғыш профессор-математигі, Томск технологиялық институтының түлегі, Мәскеуде В.И.Ленин алдында Қазақстан тарихындағы шешуші кезеңде баяндама жасаған ғұлама адам.

Сөйлеп кетсе, қозғалар бойда жаның,
Тас болса да , ерітер жүрек қанын.
Шындығы, тереңдігі, әділдігі,
Тусаң, ту осылай дегізер жанның бәрін.

Төңкеріс тұсында еліне сіңірген еңбегін, қыранша самғаған ұшқыр қиялын, “кірленбеген” таза жүрегін айрықша бағалайды. Онан соң Халел Ғаббасұлымен жүздесеміз. Төңкерістен бұрын Москва университетін тәмамдаған, оқымысты, терең ойлап, алыстан болжайтын адам. Семейде “Алаш” партиясы құрылғанда, ұйымдастырушылық, іскерлік қабілетімен халық жүрегін жаулап алған адам.

Жас жігіт университеттен оқып шыққан,
“Халыққа қызмет парыз” деп миына ұққан.
Алданбас, алыс болжар, алдын көрер,
Болса да оған мәлім жерге тыққан.
Айлаға қарай біліп айла құрғыш,
Табады қайдан болса, содан ілгіш.

Бар іске тура план құруында
Деуге болар Семейде осы білгіш, -
дейді оқыған. Х.Ғаббасовтың сөзі мен ісінің бір жерден шығатындығын,
шешімділігін, бір беткейлігін жоғары бағалайды.

Қазақ зиялыларының жұртына жөн сілтер сын сағаты 1916-жылғы
дүрбелеңмен байланысты туған еді. 1916-жылғы патша жарлығына бағынбай,
қол бастап, қарсы шыққандарды бірыңғай мадақтап келдік те, ақылмен іс
қылғандар көлеңкеде қалып қойды.

Призыв себебінен білді халық,
Толқығанда тоқтатқан ақыл болып.
Ығын-шығын қырғыннан өз уезін,
Қалды ғой ақылымен аман алып.

С.Торайғыров кейіпкерін әншейін сөйлетпеген, оның тарихи негізі бар.
Патша әміріне мойынсұнбаймыз, көтеріліске шығамыз деген қалың қауымды
Семейге үгіт сөзімен, беделімен тоқтатқан Х.Ғаббасов көрінді. Ә.Бөкейханов,
А.Байтұрсынов, М.Дулатов “Алаштың азматына!” үндеу-хат жариялап, елді
бекерге қырылып қалудан сақтандырғын еді: “Біздің жұртқа айтатынымыз:
бұған көнбеске болмайды, мұны бұрын да сан рет айттық. Көнбейміз
деушінің сүйенгені жан тәттілігі болса, салыстырып қаралық: көнгенде
жұртқа қандай ауырлық бар? Көнгенде, шаруаға кемшілік те келер, барған
жігіт қазаға да ұшырар, бірақ елдің іргесі бұзылмас. Көнбегенде көретін
ауырлық – бағынып тұрған хүкіметтің жарлығынан бас тартсақ, жау жағадан
алғанда, бас қорғап үйде қаламыз деп мемлекетке қамшымыздың ұшын
бермесек, хүкімет бізге құр өкпелеп қоймас күш жұмсар, ол күшті законға
сүйеніп істер”. Бұл жанашырлық пікірді қиырдан болжап аңғарған
Х.Ғаббасов лып ете түскен сезімге ерік бермей, ел-жұртын сақтап қалған.

Поэмада қазақтың кемеңгер ақыны Шәкәрім Құдайбердіұлы ерекше
ілтисипатпен, үлкен сый-құрметпен оқырман қуанышына бөленіп жырланады.

Ерте оянған кісінің біреуі осы,
Бұл жұрттың түзеймін деп антұрғанын.
Бір жолмен Байтұрсынов, Бөкейханға,
Ақсақал бола алғандай осы кәрің...
Бұл қазақтың мақсұты биік алыс,
Таппаса да сөзіне құлақ салыс.
Қазақ деп жекелеме адамзат де,
Ол кісінің пікірімен болсаң таныс.

Шәкәрім барша қазақтың, күллі адамзаттың ынтымағын көксеген,
ақылшы, ойшы бейнесінде көрінеді. Адамгершілік, имандылыққа бастайтын
ақсақалдық қасиеті, қысылғанда қиыннан жол тауып шығатын кемел ақылы
үлгіге тартылады.

Нәзипа Құлжанкеліні мен Нұрғали Құлжанұлына “Таныстыруда”
лайықты орын берілген. Ерлі-зайыпты Құлжановтар қазақ мәдениетінің
тарихында мәңгілік із қалдырды.

Ардақты бар Нәзипа деген ханым,

Газет, журнал жүзінде жұртқа мәлім.
Оқыса сондай әйел шығар ед деп,
Оқығандар бағалар сөздің дәмін...
Сөз табар әр мәжілісте жарасымды,
Білмейді аса сөйлеп адасуды,
Оқыған еркектердің көбінен де,
Әр іске ыңғайы бар жанасымды.

Нәзипа Құлжанова Семейдегі оқытушылар семинариясында мұғалім болған. Халқымыздың тарихына, ауыз әдебиетіне, тұрмыс салтына қатысты аса көп деректер жинап, кейбірін кезінде жариялаған. Ол – қазақтың алғашқы журналистерінің бірі. Аудармашы, жазушы. Балалар күтімі, ана мен бала денсаулығы жайлы кітаптар жазды.

Нұрғали да Семей семинариясында сабақ берген. 1917-жылы сәуір айында Семейде облыстық съезд болып, комитет сайланғанда, Нұрғали Құлжанов мүшелікке өтеді. Ол туралы “Нұрғали Құлжанов кім?” деген мақалада толық айтылған. “Халыққа қызмет етерлік, басшы боларлық оқыған азаматтар қайда болса да аз. Сондықтан анау-мынау демей, оқыған азаматтардың осындай заманда қызмет ету борышы ғой деп зиялыларымыз съезге жиналған өкілдерге Нұрғали Құлжановты таныстырып, комитетке мүше сайлаттырды”.

Сұлтанмахмұт Нәзипа мен Нұрғалиды жақын білген, кейбір деректерге қарағанда, олар ақынға Семей қаласындағы семинарияға түсуге ақыл-кеңес берген.

Баспасөздегі пікірлер мен естеліктер Н.Құлжановтың қажырлы большевик, ұстанған жолына өмірінің ақырына дейін берік болған күрескерлігін растайды. Халқына күш-жігерін аямай қызмет жасаған Нұрғали Құлжанов 1919-жылы ақтардың қолынан қаза тапқан.

С.Торайғыров Н.Құлжановтың қазасына қатты қайғырып “Нүрекеңе” деген мұң-шерге толы өлеңін жазды:

Ұштың ба нақақ оққа, асыл ерім,
Ел үшін еңбек қылған кемеңгерім.
Алаштың алаш аты жойылмаса,
Бір кетпес жау мойнында қаның тегін...
Құдайым сені дағы көп көрді ме
Бейшара бұл қазақтың баласына?
Жақын үшін жан құрбан қылатұғын
Сендей ұл туа бермес алашыңа.

“Нүрекеңе” өлеңі асыл ерінен қапиядан айырылған, қара жамылып, камыққан қалың бұқараға айтылған көңіл іспетті. Сұлтанмахмұт өлеңімен де, поэмасында, негізінен, жағымды кейіпкерлер тиянақты бейнеленген. Себебі, лирикалық қаһармандармен қара қазақ пен оқыған төңкеріс заманында ел-жұрттысоңынан ерте алатын “жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар” дегендей, біртуар жандарды саусақпен санағандай түгендейді. Ұлтымыздың өңшең зиялы, зерделі перзенттерімен ұшырасудамыз, ақын кейіпкерлері, ірі іс-

әрекеттің адамы болып көрінуі С.Торайғыровтың суреткерлік мақсат-мұраты, көздеген нысанасынан хабар береді. Біздің ойымызша, қаламгерлік басты мақсаты – қоғамдық-әлеуметтік өзгерістерді дұрыс түсініп, елді тура жолға бастайды-ау деген, қазақтан шыққан қайраткерлер жайында сыр аңғару, ой салу.

Десек те, С.Торайғыров жалаң мақтап, орынсыз мадақтауға бармаған. Қашан да сыншыл, шыншыл, сыршыл суреткер шындықтың бетіне тура қарап, табиғат сыйлаған тума қасиетімен ақты – ақ, қараны қара деуден қашпаған.

Поэмадағы Райымжан Мәрсеков бейнесі сөзімізге дәлел.

Айтпақшы, Мәрсекеңнің баласы бар,
Адвакат, қырма сақал райымжан шал.
Ұмытқан оқуларын былай қойсақ,
Саяз жүрек, ұсақ ой, тынысы тар...
Ойбай, мен ұмытыппын, сыншы екен ғой,
Сын дегенде таланты әм бөтен ғой.
“Қуанышты” “шаттықты” деп түзей алар,
Рекеңнің таланты ірі екен ғой.

Р.Мәрсеков – юрист, Петербург университетіннің заң факультетінде оқыған. “Айқап” журналында, “Қазақ” газетінде түрлі тақырыпқа жазған мақалалары ұшырасады. Семей қаласында шығып тұрған “Свободная речь” газеті Р.Мәрсековтың Семей облыстық земство басқармасының төрағасы қызметіне кіріскенін хабарлады. Р.Мәрсековпен Семейдегі қазақ комитетінде Сұлтанмахмұт бірге істегендіктен жетістік, кемшіліктерін жетік білген.

Сонда даға жүре ме ірісінбей?
Сөз айта ма көгеріп бір ісінбей?
Демеңіз Обломовтың жамағайыны,
Нақ, типі, не аға не інісіндей.

“Таныстыру” – С.Торайғыровтың поэма жанрындағы тұңғыш талпынысы. Ақын уақыт талабына жедел жауап беріп, төңкеріс тұсында толқыған ел көңіліне ұялаған жұмбақ сауалдардың бірін өнер туындысы арқылы пайымдауды міндет еткен. Төңкеріс пен оның мәнін, бағыт-бағдарын ажырата алмай дел-сал күй кешкен жұртына елдікке бастар азаматтарды жарасымды түр, жайнаған тілмен әдемі таныстырған.

Сондықтан да “Таныстыру” поэмасы реалистік арнада жазылған, әлеуметтік іргелі мәселелерді жатық та, ұтымды формасын тауып бере білген шоқтықты биік дүниелер қатарынан орын алатындығына сенім мол.

Ақынның “Адасқан өмір”, “Кедей” поэмалары – қазақ әдебиетіндегі мүлдем жаңа құбылыс. Дегенмен қазақтың дәстүрлі поэзиясынан сусындаған, европалық лириканың ішкі, сыртқы мүмкіншіліктерін игерген Сұлтанмахмұттың кемел шағында мұндай дарынды шығармаларын туғызуы табиғи да. С.Торайғыровтың “Адасқан өмір” поэмасы, - деп жазады көрнекті әдебиет тарихшысы М.Мағауин, - қазақ сөз зергерлерінің ғасырдан ғасырға ұштасып келе жатқан, адам және оның табиғаты, өмір және оның мәні

туралы толғауларының бір арнаға келіп тоғысқан құймасы, шырқау шыңы тәріздес.

“Адасқан өмір” (1918) - лирикалық-философиялық,сюжетсіз поэма. Поэманың өне бойында адамның өмірі, қоғамдағы орны, әлеуметтік іс-әрекеті турасында топшылау орын алған. Лирикалық кейіпкер “меннің” дүниеге келген шағынан бастап жарық дүниеден қайтқанға дейінгі ғұмыры төңірегінде автордың түйіндеулері монологпен берілген.

Адам өмірінің кезеңдерін поэзияға арқау ету – ежелден келе жатқан дәстүр. ХҮІІІ ғасырдың ақыны Шал Құлекеұлы:

Бір жаста, екі жаста бесіктемін,
Бес жаста тәңірім берген несіптемін.
Алты жаста қайыңның тозындаймын,
Жеті жаста ойпаң жер бозындаймын,
Он жасымда сүт емген қозыдаймын, -

деп сәби шақты тамсана еске алса, “Балалық шақ” өлеңінде Мағжан Жұмабаев балалық балдәуренді тіпті асқақтата шалқи жырлайды:

Балалық шағы –
Патшаның тағы –
Тіл жетпес оны бағалап.

С.Торайғыров поэмасының “Мен бала” бөлімінде нәрестеге тән пәк психологиялық сезімнің пернесін тап басып, нәзік күйдің ырғағымен сыр ағытады:

Мен сәби мейірімді ана құшағында,
Ақ мамасын сүйемін, құшамын да.
Алтын ана жек көрер шамасы жоқ,
Былғанам ба, мейлі құсамын ба.

Әділдік пен адамгершілік жаршысы Торайғыров “Меннің” балалық шағын жарасты етіп, көл-көсір шабытпен жырлаған:

Менде жоқ: мынау орыс, мынау қазақ,
Не мақтау, не кемсіту, қорлау, мазақ.
Бай, кедей, сау, кем-кетік бәрі бір бәс,
Не нәрсе айтшы: кәрілік, ауру, азап?
Мен білмеймін не нәрсе өлім деген,
Қорку деген, көму деген, көрің деген.
Тамағыма пышақ таяп тұрған жан да
Күлуден басқа жауап алмас менен.

Алдау мен күндеу, байлық пен зорлықтың лирикалық кейіпкер не екенін де білмейді; жүрегінде сүюден, жақсылықтан басқаға орын жоқ, көңілі хош,өмірі шат.

Ақынның лирикалық “мені” жігерлі. Сыйлар деп дүние, келдім, міне! – деп өмір есігін ашқан “мен” асқақ сөйлейді:

Мен азатпын, мен ақпын, мен өсемін,
Не қылсаң да басымды бердім міне!

Сұлтанмахмұттың сарылып соңына түскен әділдік, бостандыққа жете алмай жүрген шағында айналасындағы жұртқа тек достық ниетпен қарайтын бала “меннің” көңіл-күйін көтеріңкі беруі орынды.

“Адасқан өмірдің” келесі “Мен жігіт” бөліміндегі кейіпкер есейген, толысқан. “Меннің” жігіттік шағындағы айналасына, қоршаған әлеуметтік ортаға көзқарасын барынша тереңдеп қамту арқылы ақын әлеуметтік, философиялық сырларды ашқан. Поэмаға эпиграф етіп алынған мазмұнды, күйлі шумақ бар:

Сезімнің сырқы шықпас түсі бар ма?
Оны жасырар адамның күші бар ма?
Біреу күй, біреу пішін, біреу сөзбен,
Көрсетпейтін жүректің іші бар ма?

Келтірілген шумақ тек қана осы тараудың емес, тұтас поэманың тыныс-тіршілігін, жүрек соғысын танытады. Жігіттік жайсаң шақтың қадірін ұғып, қасиеттеген халқымыздың дәстүрлі мінезіне ден қойып, ақынның “Мен жігіт” бөліміне шығарма арқалар үлкен салмақ салуы орынды.

С.Торайғыров лирикалық шегіністі шеберлікпен пайдалану, кейіпкердің толғанысына, тебіренісіне еркіндік беру, кең жол ашу арқылы өмірлік шындықты мейлінше жан-жақты көрсету, қоғамдағы әділетсіздікті өткір сынауға жетіскен.

Мен жігіт, он бес – отыз арасында,
Бұл жаста көп бересі, аласым да.
Алдымда толған мақсат, толған таңдау,
Алайын мынасын ба, анасын ба? –
дейді “мен”. Жігіттік шағында “меннің” байлыққа ие боп, нашарлардан алғыс алғысы келеді. Бірақ адал еңбекпен баю жоқ, әрі байлықпен бақыт сатып ала алмайды.

Жоқ, байымас бұл күнде адал еңбек:
Біреу байыса, біреулер кедейленбек.
Кімде-кім тез байыса қолына ағып,
Кім кедей болса, соның малы келмек.
Несі бақыт: алдап ап, тартып алып,
Өз малын қайта өзіне қайтып бермек.
Көз жасы, бейшараның маңдай тері
Жиылып, байытпай-ақ қойсын мені.

Ақырында:

Ірі мақсат болмаса, ұсақ іске,
Неге мен алданайын уақыт бөліп, -
деген ойға келеді.

Лирикалық кейіпкер әкім болып, ел билегісі келеді, қолбасшы болып, жаугершілікте қол бастау ойында бар, ғалым болып, дүниеде ашылмаған сырларды тапсам дейді, бірақ мұның бәрінен халыққа ешқандай пайда жоқтығын көріп, баршасынан жериді. Сонда “мен” нені іздейді?

Мен ғашықпын көруге әділдікті,

Тегіс қылып көркейткен өмір түсін.
Ол өмірде біді-бір алдау болмас
Жағынып, арда ақшаға жалдау болмас.

“Мен” әділ өмірді, әділетті қоғамды көруге, сонда бақытты тұрмыс құруға құштар. Оның ойынша, ғашық болған өмірді, қоғамды көруге алыс емес.

Мен аз деймін көруге осы өмірді,
Келіндер, бақ іздеуші, болсаң жолдас, -
деген қорытындыда биік идеал, өршіл оптимизм бой көрсеткен. Кейіпкердің ірілігі, суреткердің көрегендігі сығымдалып келіп орын тепкен бұл жолдарда.

Еркіндікке жету оңай емес, күрессіз “ақ ниет пен адал ойға” қоғамды өзгерту қиын.

Әділдік орнамасқа көзімжетті,
Дүниеден ет жейтұғын ауыз құрымай, -
десе, лирикалық герой сезімінің шындыққа жанасымдылығы.

“Ет жейтұғын ауыз” – қоғамдық-әлеуметтік мағынаға ие мәнді сөз. Әділетті өрлетпей, адалдықты алға бастырмай, үстемдікті, зорлықты, теңсіздікті қаймағын бұзбай сақтағысы келетін қанаушы тап, оны құртпай әділдікке жету мүмкін емес.

С.Торайғыровтың “мені” ойшыл, тебіренгіш. Оның ойынша, “мал болмақ, маймыл болмақ, адам болмақ” “қасқыр болмақ, құс болып ұшып қонбақ” белгілі бір себептердің нәтижесі. Ал адамның құдіреттілігі сол себептердің мәнін, сырын білуінде, тіпті айта берсеңіз, себепті қолдан жасай алатын жасампаздығында.

Келіндер сол себепті жаратуға!
Жаратып ап, өмірге таратуға!
Адам ұлы дүниеге жіберілген
Себепті бағындырып қаратуға, -
деп “мен” жігерлі үн қатады. Адам миының, адамзат жиған білімнің адам өмірін жақсартуға жұмсалуды тілейді.

Лирикалық қаһарман қоршаған ортадағы кембағалдықты, жетесіздікті сынаумен шектелмей, халық өмірін жақсартудың басы әділдік пен бақытта деп түсінеді.

Несі қызық байлықтың, несі бақыт?!
Байлықпен алмаған соң бақыт сатып:
Бақыт тауып беретін істі қумай,
Неге мен өткізейін оған уақыт?

“Мал сен үшін жаралмай, сен мал үшін” күн кешкен заманда бақытқа жетудің мүмкін еместігін түсініп, қайғы-қапалы күйге түседі. Арманына айналған бақытқа жетудің кепілі әділдік екендігіне көзі жетеді.

Ендеше мен жабысам негізгі іске,
Әділдікте бар негіз, бақ та, күш те.
Қарғаймын әділдіктен басқа жолды
Өңім тұрсын, кірмесін түнде түске.

Бұл - “Мен тоқтадым” бөліміндегі кейіпкер толғанысының түйіні. Торайғыров-суреткердің әлеуметтік тақырыпты жырлауда қатарластарынан көш ілгері озғандығын айғақтайтын қомақты пікір. Сондай-ақ, XX ғасыр басындағы қазақ поэмасында туындаған өрелі ойдың нұрлы сәулесі.

Мен кәрі халім кеміп, тәнім тозған,
Алдымда қараңғы көр қолым созған.
Аяқ бассам, алдымда көр тұрған соң,
Күндерді сағынамын бастан озған.

Адам өмірінің еңкейген шағы. Өзінен бұрынғы ақындар “тоқсан деген тор екен” десе, Сұлтанмахмұт кейіпкері кәрілік кезеңді жан-жақты барлайды. Ырқына “дүние тұрсын дене көнбес”, “ұйқы-тамақ, қайғы-жолдас” кәрілік кез, қайран жиырма бесті сағынатын ұлғайған шақтың қуанышы мен реніші, жеңісі мен жеңілісі келісімді суреттелген.

Мен-өлік, мен-суық тән, менде жан жоқ,
Жүрегімде өмір жоқ, ыстық қан жоқ.
Үміт жоқ, жек көру жоқ, махаббат жоқ.
Сезім жоқ, кірпігімді қозғар хал жоқ.

Фәни дүниеде өмірдің ащы-тұщысын, ләззат, азабын көрген жанның бақи дүниеге көшері хақ. Өлеңнің көріктілігіне қоса қуатты болуын ескерген Торайғыров поэмасында қайталау көріктеу құралы қызметін атқарады. Жоғарыдағы шумақ – жай қаталаудың үлгісі. “Жоқ” етістігі сегіз рет қайталанған. Ақынның “жоқты” қайталаудағы мақсаты - өлімнің адамды қаннан да, жаннан да, бір сөзбен түйгенде, сезім-қимылдың қандайынан болса айыратынын айту. Бар жоғалмайды деген философиялық тұжырымды дәлелдеуге барар жолдағы ұстанған өзіндік бір әдісі сияқты. Дәл осы “Мен өлік” бөлімінен төмендегі жолдарды оқимыз:

Не болар бәрін көрген көз
Топырағым,
Топырағы миымның, білегімнің?
Еспе қайталау. Ұйқас “топырағы” деп басталған.

Айтылатын ой ілестіріп барып, күшті интонациялық лепке иеленген, сөйтіп ойдың өрбуіне де, ырғақтың дамуына да қолайлы әсер еткен.

Торайғыровтың “мені” әлеуметтік, саяси өмірдегі өзгерістерді дұрыс пайымдайтын және олар жайлы берік көзқарасы бар кейіпкер.

Бейшараны шын досқа санар едім,
Ол үшін оқ астына бара едім.
Бай жағы жүз мың болса, кедей жалғыз,
Қорықпай-ақ жалғыз жақта қалар едім, -

деу - өрелі, саналы жанның көкірегінен шығар сындарлы, салиқалы пікір. “Адасқан өмірді” жазумен де Сұлтанмахмұт ұлтшылдардан іргесін аулақ салған жоқ деген ұшқары тұжырымдарды әшкерелеуге толық дәлел.

С.Торайғыровтың “Адасқан өмірі” қазақ қоғамының алуан-алуан тұрмыс-тіршілік қалпын өнер туындысы арқылы салмақтап, таразылаудың, философиялық түйіндеудің озық үлгісі.

С.Торайғыровтың “Адасқан өмір” шығармасымен үндес, өзектес туындысы “Кедей” (1919). Бұл – лирикалық-реалистік поэма.

Поэмадағы лирикалық кейіпкер – кедей арқылы өзінің демократтық-революциялық ой-пікірін айқынырақ білдіре, таныта түскен. Кедейдің аянышты халін суреттеуі көңілге қонымды, өмірлік шындықты талғап береді. Поэма басталуында берілген картина үлкен әлеуметтік мәселеге мегзейді. Дене тітіркенер сүреңсіз табиғаттың аясында итпен бірге кедейдің қой күзетуі – оның малының жоқтығы, қоғамдық теңсіздігі, “бай қамшысы арқасын осып өткен” бейшаралық өмірінің шындығы.

Күзгі түн, шөптің басын қырау көмген,
Ызғар шашып, бұлт мынау жерге төнген.
Қараңғы, итпен бірге қой күзетіп,
Мен ояу, ел ұйқыда, оттар сөнген.
Ұзақ түн, жолдасым жоқ иттен басқа,
Бүтін киім менде жоқ жаурамасқа,
Бір бүтін, кірсіз киім кигенім жоқ,
Туғаннан міне шықтым талай жасқа.
Өкпемнен барады өтіп күзгі суық,
Бір жағынан қышытып, биттер буып
Бит жеген, ескі күпі жабағысы,
Жөргекке оралғанда іштен туып.

Психологиялық параллелизмде қатар екі мотив суреттеледі де, қайсысы адамзаттық мазмұнға бай болса, артықшылық сол жақта деп түйіндейді. А.Н.Веселовский. Бұл психологиялық параллелизм жайын бағдарлағанда ескерілетін қағида.

Ақын суық, сүреңсіз, ызғарлы, қараңғы күзгі түн мен иттен басқа жолдасы, үстіне ілер лыпасы жоқ кедейдің арасына параллель жүргізеді. Дегенмен, маңыздысы, мазмұндысы, кедейдің ауыр тұрмыс-халі, шығармасының өне бойында көрсетпегі де сол. Қазақ кедейінің адам айтқысыз қиын тірлігін бейнелеуде күздің көріксіз келбетін қосарлап, психологиялық параллелизм әдісімен шынайы, жанды сурет жасаған.

Қозыға жарауымнан біраз бұрын
Ойнатып, уатпап па ем байдың ұлын?
Сүйретіп, арбасының аты болдым,
Бір аяқ ас еді ғой сондық құным.

Көзін ашып, қаз тұрғаннан жоқшылық тауқыметін тартқан кедейдің сормандай тағдыры жеті атасынан келе жатқан “мұра”. Ақ ордада жайбарақат ұйықтап жатқан байдың малын бағып, қорасын салатын да, шөбін шауып, ағашын жаратын да, асын пісіріп, малын сауатын да - осы кедей:

Ұзақ түн итпен бірге қой күзетіп,
Киім жоқ, күзгі суық дірілдетіп.
Таң атқанша айғай сап, көз ілмеймін
Бай жатыр ақ үйінде пыр-пыр етіп.

Қаладағы жебірлер жегідей жеген кедейдің жағдайы да оңып тұрған жоқ. Дозағымен қорқытып, ұжмағымен алдайтын кедейдің соры қожа-молда тағы бар.

Мен жалғыз ел қызметін істедім бе?

Қаланың да дәм-тұзын ішпедім бе?

Тірі көрге түскендей астының

Кендерін шығарғалы түспедім бе?-

дейді Торайғыровтың кейіпкері.

“Көрден тұрған кісідей өңі” бар қаладағы қаналушы кедейдің (жұмысшы) ауыр тұрмысын поэмаға енгізу нәтижесінде ақын шығармасының саяси-әлеуметтік көтере жүгін көбейте түскен.

Кедейдің аузымен айтқызған:

Әкем, шешем, арғы атам солай өскен,

Олардың да өкпесін есік тескен.

Мен істеген жұмысты олар да істеп,

Мұқтаждықтан құтыла алмай, күнін кешкен, -

деген жолдармен, Сұлтанмахмұт тап теңсіздігінің әріден келе жатқан ата жауы екендігін көрсеткен. Ұрпақтан ұрпаққа уытын жайып, кеселін тигізіп келе жатқан байлыққа, өктемдікке төзбестік білдіру кедейдің бөліп айтарлық қасиетінің бірі.

Кедейді мырзалармен салыстыруда ақын қоғамдағы теңсіздікті одан әрі қазбалап ашады.

Анау Жақып сән түзеп, сауық құрған,

Құрдасым емес пе бір күн туған?

Мен туғанда, табылмай қара сабын,

Ол туғанда, иіс сабын тәнін жуған, -

деп, ұзақ детальді келтіріп байлық, кедейлік аталатын қас дұшпандардың ара жігін бөледі.

Кедей туғанда тәнін жуар “қара сабын” табылмай, Жақыптың “иіс сабынмен” жуынуының себебі неде?

Туысымда онан жоқ еш кемдігім,

Жалғыз-ақ менде мал жоқ, онда мал бар.

Келтірілген қос тармақта жоғарыдағы сауалдың жауабы бар.

Дүниедегі, қоғамдағы теңсіздіктің негізі байдың мал-басының көптігінде жатыр. Бұл жердегі кедейдің өмірден түюі оның “Адасқан өмір” поэмасындағы лирикалық “меннің” монологымен ұқсас.

С. Торайғыров кедейін ауыр тұрмыста, жоқшылықта, теңсіздікте екендігін суреттеумен шектелуді мақсат тұтпаған. Қайта оны жаңа жолға, соны тұрмысқа бастауды армандаған, әділетті өмірге жетсе деп толғанған. “Біздің халқымыздың ең мәртебелі де ең етене қасиеті - әділдік сезімі мен соны көксеуі” – депті кемеңгер жазушы Ф.М.Достоевский. Ендеше әділдікті аңсау – қашан да адамзаттың ең нәрлі сезімдерінің бірі.

Поэмада кедейге өмірі жайлы сұрақ қойғызып, басындағы ауыр халді өзгертуге үндеу идеясы бар.

Байларға өгіз болып өту үшін,
Дүниеге шыныммен-ақ келгенім бе?

Кедейдің тап мұндай ойға қалуы – кейіпкердің өскендігі. Уақыттың ағымында, икемінде кетпей тарихи санасы іске, өмірді өзгерту әрекетіне даярлық үстіндегі адамның қимылы.

Бұған көніп жүргеннен өлген артық,
Іштен тынып жанғаннан сөнген артық.
Текке өлмей, тауға-тасқа басты соғып,
Жолында не кез келсе көрген артық.
Қартайғанда қайыршы болу үшін,
Жастықта жұмыс жаншып солу үшін,
Сол бейнетке тастауға тағы да ұрпақ,
Осы үшін жасаймын ба, айтшы кісім?-

деп жауап қайтарады кедей. Лирикалық кейіпкер “бейнеттен басқа алдымда үміт жоқ” деп торықпайды, бақытқа жетуге ұмтылады. Торайғыров кедейінің ойынша адамның басты қасиетінің бірі “бақытқа талпыну”.

Жоқ, мен бұған разы тіпті болман!
Бақытты іздеу керек басқа жолдан;
Бұл жолға көруге дейін өмірін беріп,
Жан аз ба менен басқа әуре болған?

Ақының мұндағы айтып отырған бақыты бүкіл саналы өмірінің идеалы, туында “бостандық, әділдік” атты сөздер жазылған қоғам. Ол сол қоғамға қалай жететіндігін нақтылап жатпайды. Саяси трактат емес, көркем шығарма болғандықтан, оқырман ақыннан оншама ежіктеуді талап етпейді де. Суреткер шығармасымен қоғамды өзгертудің қажеттігін аңғартса, өз міндетін атқарғаны деп ұғамыз.

С.Торайғыров қорытынды бөлімді “бақытқа жететін қандай жол” (яғни елге мысал болу) деп атаған.

Жол қайсы құдай салған, шайтан салған,
Білмеймін, осы жерде маған арман.
Мейлі құдай берсін, шайтан берсін,
Мақсатым – оқу оқу көңіліме алған, -

дей келіп, тосын түйін жасайды:

Жүрегімді белгісіз нәрсе қысып,
Шақырып тұр, мінеки, кеттім сонда.

Ақын неге бұлайша аяқтап, бұлдыр, күңгірт ой қалдырған? Біздің ойымызша, ол әдеби процесте жиі ұшырасатын шарттылықпен байланысты. Сондай-ақ поэма жазылған 1918-1919-жылдары Торайғыровтың басты кейіпкер етіп алған кедейінің қоғамдағы қалпы, өмірдегі жағдайы өзгере қойған жоқ. Әділдік орнайтын өмірге ғашық болып, бостандықты ынтыға күткен қаламгерді басқаша түсінудің, түрлі болжам жасаудың қажеті шамалы.

Сыншыл реалистік әдебиеттің белді өкілі С.Торайғыров “Кедей” поэмасымен XX ғасыр басындағы қазақ ауылындағы таптық қайшылық,

қоғамдық-әлеуметтік теңсіздік тақырыптарын қозғап, шынайы суреткерлік жасады.

Қазақ ауылындағы қанаушы таптың типтік өкілі кедейдің тұрмысын, халін, саяси жағдайын түбегейлей көтеріп, естен кетпес реальды образын сомдап шығарды.

Сұлтанмахмұт “Адасқан өмір”, “Кедей” поэмаларын жазу барысында бүкіл творчествосының өзегі-саяси-әлеуметтік тақырыпты сан қырынан барлап, идеялық-эстетикалық тұрғыдан кекселенгендігін дәлелдеді.

Байлық, кедейлік, адалдық, арамдық төңірегіндегі тебіреністер дами келе, уақыт сынынан өтіп, ұсақ өлеңнен салауатты лирикалық-философиялық поэмаларға ұласты, жалғасты. Сөйтіп қазақ поэзиясында жаңа кейіпкерлер – лирикалық “мен” және кедей дүниеге келді, әдебиеттегі ұнамды образдар галереясын толықтыра, молықтыра, көріктіре түсті.

“Образ болмай ойдың да қасиеті болмайды. Жұрт айтып жүрген ойды сіз де айтасыз, - деп жазды М.О.Әуезов. Жұрт айтпаған ойды айту – андасанда бір ұшырасатын бақыт, ол ырыс”. С.Торайғыровтың кемел суреткерлігі сонда, ол поэмаларындағы жаңа кейіпкерлерінің аузымен тұңғыықтан тартып терең ой айтты, сыршыл сырлы сезім пернелерін дәл басты

Ішкі мазмұнымен бірге, Торайғыровтың “Адасқан өмірі” мен “Кедейі” –пішіні бөлек, тұлғасы дара туындылар. Лирикалық кейіпкерлердің ой-сезімі арқылы тарихты барлау, халық тұлғасын мүсіндеу – поэзия үшін аса қиын міндет. Рас, орыс поэзиясында, қазақ өлең-жырларында да мұндай өнеге бар. Бұл тарапта алысты шарламай-ақ, Сұлтанмахмұттың “Адасқан өмір” мен “Кедей”, І.Жансүгіровтың “Дала” атты поэмаларын еске түсірсек те жеткілікті, деген қазақ өлеңінің көрнекті өкілі Қалижан Бекхожин пікірі С.Торайғыров тындырып кеткен ұланғайыр істің мөлшер-межесін елестетері анық.

“Адасқан өмір” мен “Кедей” С.Торайғыровтың реалистік, лирикалық, философиялық поэма табиғатын жете меңгергендігін ғана аңғартқан жоқ, қазақ әдебиеті тарихында поэма жанры дамуының жаңа бір кезеңін белгіленген дәуірлік шығармалар санатына енді.

Арап ЕСПЕНБЕТОВ,

Филология ғылымдарының докторы, профессор

“Сұлтанмахмұт Торайғыров”. –Алматы: Ғылым ,
1992.-148-164 б.“”

СҰЛТАНМАХМҰТТЫҢ “АЙҚАПТАҒЫ” ҚАЛАМГЕРЛІГІ ХАЛҚЫНДА

...Сұлтанмахмұттың “Айқап” журналындағы қайраткерлігі жайындағы көрген-білгенімді айту және оның саяси таным-білігінің қалыптасуы, көркем әдебиет шындығын таразыға салған шыншылдық келбетін аңғартып өту қажет деп білемін. Өйткені Сұлтанмахмұттың алып тұлғасы, қайшылықты көзқарасы, артық кем пікірлері осы “Айқап” заманынан бастау алғаны сөзсіз. Оның “Айқап” журналына хатшы болғаны, қандай өлең, мақала жариялағаны, не себептен қызметтен кеткені жайында аз жазылды деуге болмас. Алайда бұл мәселеге тағы да бір оралу қажет. Өйткені Сұлтанмахмұттың ағартушы демократтық көзқарасының қалыптасуында бұл кезеңнің мәні айрықша зор.

Сұлтанмахмұт “Айқап” журналының 1912-жылғы 14-санында өзіне жәрдемдескен адамдарға алғыс айтып, “Мен Троицкіге 25-ноябрьде келіп, басқа медреселерде оқу ертерек басталғандықтан, жаңарақ тәртіппен (жадид Т.К.) салынып ашылған Ақун Рахманқұлының медресесіне кірдім” деп жазғаны бар.

Журналға қызметке орналасқанға дейін “Түсімде” (1913, №1), “Бұлар кім” (№9) деген өлеңдері мен “Өлең мен айтушылар” (№13) атты мақаласын бастырды. 1913-жылы 7-тамызда журналдың хатшысы Әкірам Галимов қайтыс болғанда “көрмеген азабы, түспеген қазаны жоқ болып жүріп, қазақ, ноғай ұлтына аянбай қызмет көрсеткен өткір тілді, жүйрік қаламды қыршын жас Әкірам мырза Галимовтың ойдағысын алмай арманда кеткен қайғысына етті көңіл, жалқынды жүрегімізбен ортақпыз...

“Адам жайын ауылдасы білмейді, істесі біледі” дегендейін, істес болған кісілерімнің ішінде Әкірам мырза сирегірек қолға түсетін дат еді. Тек құдай милләтке есесін берсін” – (№15) деп жазғанына қарағанда ақын “Айқап” журналымен, әсіресе, оның хатшысы Әкіраммен жиі дидактасып, Мұқамеджан Сералинмен де талай кездесіп жүргенін байқаймыз. Журналдың 15-саны 26-тамызда шықса, келесі 16-саны 20-қыркүйекте жарық көрді, онда Сұлтанмахмұттың “Омский уезінде Көшен қарауыл Шабаршаншар ұлы нағашым еді. Хабарласуға адресін білмеймін. Білетін құрбыларымның бірі жігіттік қылып жазып жіберсе қандай алғыс айтар едім. Адрес: “Айқап” басқармасы, Сұлтанмахмұт Торайғыровқа” деген өтініші басылған. Демек, адресін көрсетуіне қарағанда, Сұлтанмахмұт қыркүйектен бастап “Айқапқа” қызметке орналасқан деп тапқан жөн.

Журнал жұмысына араласқаннан кейін ол өзінің көптеген өлең мақалаларын сан аралатпауы былай тұрсын, бір санның өзінде 2-3 шығармаларын жариялап тұрды. Бұған біздіңше екі себеп бар: бірінші, жас авторда баспа бетіне шығу құмарлығы басым және жариялау мүмкіндігі оңай болса, екінші, М.Сералиннің 1913-жылы 19-қарашада ауырып қаңтарына дейін өз елінде емделгенін естен шығаруға болмайды. М.Сералинсіз шыққан 20-24-сандардағы басқарма тарапынан жазылған хабарлардың көбі

Сұлтанмахмұт қаламынан шығуы әбден ықтимал. Мұны елемеске еш болмайды және Сұлтанмахмұттың сөз қолданысы (әсіресе тақпақтап баяндауға, құрмалас сөйлемге үйірлігі) ескерілуі шарт.

Мәселен “енді мұнан былай “Айқап” кеткені болса келтіруге, кемтігі болса толтыруға тырысар. Қол қызметі бізден, қоғамдасу сіздерден оқушылар (№19) “журналымыздың бастырушысы Мұхаметжан мырза Сералин осы ноябрдің 19-нан бері қатты ауырып, қорқытыңқырап барып тәуірленді. Қазір елде, жөндіккенше жата тұрады” (№20) деген хабардың көбі Сұлтанмахмұт қаламынан тумауы мүмкін емес, өйткені редакцияда одан ешкім болмаған-ды. 1913-жылдың қыркүйегінен 1914-жылдың қаңтарына дейін шыққан “Айқап” журналының 8 санындағы хабарлар мен жарнамаларды Сұлтанмахмұт творчествосына жанастыра қараған жөн.

М.Сералин қызметке оралғаннан кейін “Айқаптың” 1914-жылғы екінші санында “Айқап” хатшысы Сұлтанмахмұт хатшылықтан шықты, мұнан былай оның “Айқаппен” ешбір қатынасы болмайды” деген хабар басылды.

Не боп қалды? Сұлтанмахмұттың қызметтен кетуіне не себеп болды. Осы жұмбақты шешу Сұлтанмахмұттың көзқарасы қалай қалыптасқанын, кіммен қалай күрескенін анық аңғарып алуға мүмкіндік береді. Бұл үшін Сұлтанмахмұттың жарияланған шығармаларын кезең шындымен салыстыру және “Қазақ” газетінің “Айқап” туралы жазғандарын ескеріп отыру шарт.

“Айқап” 1913-жылы қазақ халқының өмірінде күрделі мәні бар мәселелерді, атап айтқанда, жер, дін, әйел теңдігі және партиягерлік мәселелерін талқылау үшін сиез шақыру керек дегенде “Қазақ газеті қарсы болды. Өйткені отырықшы болып, қала, мекен салуды насихаттаған “Айқап” журналы “Қазақ” газетінің қала салма деген ақылы шаруа қазаққа ұнаса-ұнамаса да, әкімдер менен байларға сары майдай жағымды болып, ұнап тұр” (№2,1914,20 бет) деп ашық кеткені бар.

Осындай принципті мәселеден өрбіген талас келе-келе ұсақ-түйекке дейін айтып, жазуға ұласып кеткен болатын. Осының басы қасында Сұлтанмахмұт жүрді.

Сұлтанмахмұт творчествосын көп жыл зерттеген профессор Б.Кенжебаев “Айқап” журналында қызмет істеп жүрген кезде ақын шығармаларында бір үн, жат, теріс үн пайда болды (“Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары” 1958, 113 бет) деп өте ауыр қорытынды жасаған болатын. Шында солай ма? Енді Сұлтанмахмұттың “Айқапта” жариялаған өлең мақалаларына түгелдей тоқтай кету (кейбіреулері күні бүгінге дейін аталмай келеді) қажет. Олар екі түрлі: бірі басқалардың ой-пікіріне іштей қосылу, жанаса пікір айту болса, екіншісі - өзінің төл шығармаларындағы түйіндер.

Сұлтанмахмұт “Тәржіман” газетінен “Топырақ, топырақ, топырақ” деген мақаланы аударып, оған “суыққа тоңып, ыстыққа піскен, ашты-тұштыны ішкен дегендей, көпті көрген қариямыз “Тәржіман” ақсақал 1331-ші нөмірінде шарта жүгініп, қолындағы мойыл таяғымен жерді сабап “қазақ, кырғыз, башқұрттар-ау! Топырақ, топырақ, топырақ! Деп сакалын су

сорғалап байбайлап отыр. Бұл байбай біздің қазақтың ақсақалдарының байбайы секілді байларға басым сыйлы болсын деп жарамсақтанып мұнтансыған байбай секілді көрінбейді. Қолымен ұстап, көзімен көріп, басынан кешірген ащы тәжірибені айтып, “қарақтарым-ау, қапы қалма!” деп жақыншылықпен жаны ашыған байбай секілді көрінеді. Соның үшін “Тәржімән” ақсақалдан төмендегі топырақ, топырақ деген байбайын көшіріп жаздым” (№18) деп түсіндірме берген. “Тәржімән” газеті өзінің бұл мақаласында орыс патшасының Қырымды 1873-жылы жаулап алып, переселенді қаптаты, жер тарылды, қазақ, қырғыз, башқұрт бауырлар жерлеріне ие бол деген үгіт таратқан. Сұлтанмахмұт бұл пікірді қазақ еліне жеткізуге асыққаны көрініп тұр.

Сондай-ақ “Құран бұзған” деген мақаласында 1913-жылы Қазандағы Харитонов баспасынан бұрмаланып шыққан құранды алмауға кеңес береді. Бейсекең культ заманында осылардан шошынған.

Ал екінші өнікті жол Сұлтанмахмұттың осы кезде “Айқапта” жариялаған және оның шын ағарту-демократтық келбетін танытатын “Ауырмай есімнен жаңылғаным”, “Қазақ ішінде оқу, оқыту жолы қалай”, “Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан”, “Жаңа кітап” деген әңгімесі мен мақалалары, “Түсімде”, “Бұлар кім?”, “Қымыз”, “Кешегі түнгі түс, бүгінгі іс”, “Бір балуанға қарап” деген (бәрі де 1913-жылы жарияланған) өлеңдері екені еске алынуы тиіс. Олардың ішінен біз Сұлтанмахмұттың жаңа, соны қырын танытқан сын мақалаларына тоқтап, сыншылық келбетін айқындау бүгін айрықша қажет деп білеміз. Және бұл жөніндегі шындықты көрбілтелмей де айтқан орынды.

Сұлтанмахмұт “Айқап” журналына қызметке орналасқаннан кейін ең алғашқы қадамын М.Дулатовтың “Азамат” атты өлеңдер жинағын сынаудан бастады. Бұл жөнінде зерттеушілер көп уақытқа дейін ләм-мим демей, үндемей өте шықса, қазір сылапсипап жеткізуге тырысуда. Ол шағын мақала тек көркемдік жағынан ғана емес, идеялық тұрғыдан да еленерлік дүние.

Сұлтанмахмұт “Азамат” жинағына енген кейбір өлеңдердің мақамы дұрыс екендігін айта келіп, енді “кейбір өлеңдері бірінен бірі қысқа, ойнақы емес, оқушының арбасы саздан жүргендей ауырланып шығарлық. Алдыңғы туғандарды” “көш жүре түзелер”, жоқтан да бар жақсы, біздің неміз жетісіп тұр деп жүген-құрық тигізбедік. Мұнан былайғылардың мінін қолға алып, үлгіні осы бастан түзете беру керек. Қанша дегенмен “жаманның барынан да жоғы жақсы” дейтін мезгіл болыңқырады ғой. Бұл турадағы білгенімді өз алдына жазармын” (№ 17) деген ой-пікірінің тегін кетуі, еленбей қалуы екі талай еді. Сұлтанмахмұт “Оян қазақ” авторының ел алдындағы абырой-беделіне, ақындық өнеріне дақ түсірмей, инабаттылау жазуы керек екенін байқағандаймыз. Ащылау айтқанын келесі мақаласында жұмсартпақ ниеті байқалғанымен, жалпы әдебиеттің мақсаты, көркемдік өркендеуі бәрінен де қымдат болған соң бұрынғыдан гөрі ширыға түсті. Сұлтанмахмұт жан жадыратар жылы сөз таба алмай, ұраншыл өлеңдерге еліктегендердің көзсіз, ойсыз қайталағандардың мәнсіз-нәрсіз “қатын ойбайларын” сынап, ашына

әшкереледі. Осындай тілек-пиғыл қазақ әдебиетінің тарихында атақты шолу сын мақаласының келуіне жағдай жасап, қалаптасып келе жатқан жанрдың көсегесін көгертті.

“Айқап” журналы қазақ тілінде жарияланған кітаптардың мәні мен құнына, насихаттар ойына назар аударғанда діни уағыздарға да, зарланып-күңіренуге де, орынсыз қатын ойбайларға да тосқауыл қойып, шын өнерге ұмтылу қажеттігін сөз етті. Батыс-Шығыс әдебиетінен, Абайдан үйреніп, сынаптай таза, күмістей кіршіксіз халық творчествосынан, бұрынғы билердің шешен сөздерінен ғибрат алайық деген пікірлермен қатар көркемдік шеберлікті ұштай түсу мәселелері ауызға алына бастады. Міне, мұның өзі қазақтың сыншылдық ойының едәуір биікке көтеріліп, жан-жаққа көз тастай бастауының айқын белгісі еді.

Сұлтанмахмұт “Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан” деген шолу мақаласында шын мәніндегі көркем шығармалар қандай болуы керек деген мәселеге назар аударды. Бұдан 10-15 жыл бұрын, яғни XIX ғасырдың аяғы, XX ғасырдың басында “хат біледі-мыс” деген қазақтардың қолдан қолға түсірмей, құлқынын құртып, құмартып оқитын кітаптары: “Зарқұм”, “Салсал”, “Алпымыс” тағы солар секілді “қырды, жойды, қиратты”... Жеті басты айдаһар, пері қызы, жалмауыз кемпір, дәу... дегендей ұшқы-қиыры жоқ, түпсіз өтірік, қисынсыз хикаяттар еді. Бұрынғы қисаларымыздың (әдебиет) ақ көңілге күйе жағып адастырғаннан басқа пайдасы жоқ, бас қатырғыш шөп саламдар” еді деп шорт кесті. Өз замандағыларына разы еместігін жасырмады.

Абай дәстүрінің өміршең екендігіне Сұлтанмахмұттың көзі әбден жетіп, кәміл сенді. Сондықтан әдебиетіміз жаңа арна тапты, құр айғайға мәз болмай, дәні бар, сөлі бар пайдалы үндеулерге ойысып, “ескі достарына қош айтыса бастады”, халық жаңалыққа құмарлана түсті деп білді. “Қазақ секілді қараңғы көшпелі халықтың ішінде шыққан газет-журналдардың малтықпай тез жүріп, жеңіл кетулері сол етпеттеп тұруларының арқасы, әйтпесе, Самарқан, Түркістан, Бұқар, Ташкент жақтағы газеттер секілді адым жер шықпай, арбасы төңкеріліп қала берер еді” деп жазуы содан. Сұлтанмахмұт қазақ газет-журналдарын ауызға алғанда, олардың әлеуметтік ой-пікірдің арнасы екенін айқын аңғарып, әдебиет саласында да игі іске мұрындық болатындығын, заманның жаңа ыңғайына бейімделетіндігін анық көріп білгенді.

Сұлтанмахмұт өзінің осы мақаласында данышпан Абайдың көрсеткен үлгі-өнегесі, қалдырған орасан зор мұрасы болғансын ғана қазақта әдебиет жоқ дей алмады. Бірақ “шынын айтқанда, қазақ тілінде деп бастырылған кітаптардың көбіне қазақтың иісі жоқ” деуі Белинскийді еріксіз еске түсіреді. В.Г. Белинский “Иә, біздің әдебиетіміз жоқ” деген уақытта шын мәніндегі реалистік әдебиеттің өркендей алмай келе жатқандығына байланысты айтқан болатын. Ал Сұлтанмахмұт “қазақтың иісі жоқ” деген уақытта көбіне тіл жағына ғана ойыса береді деуге болмайды. “Бұзылған қанымызды түзеп, қарайған көңілімізді жуып, жанымызға пайда, дертімізге шипа болады-мыс

деген жарып сал жаңа әдебиетіміздің нысайы нұсқаған қолы, көрсеткен жолы жоқ, құр “қатын ойбайға” айналып, әркім соны сән көріп бара жатқан соң, қазақ жазушылары-ау, алдарыңа салып айтып отырмын” дегені әшейінгі шалқу емес, үлкен идеялық мәні бар тұжырым екенін аңғарамыз.

Сұлтанмахмұт “кейіп жоқ, келісім жоқ” әдебиеттің құр ойбайына сән де, мән де, қадір де болмайтынын ескертіп, айтар ой, насихаттар пікірдің барынша айқын да көркем болуын талап етті. Сондықтан ол “анық ақ сүйек, аты жоғалмайтын “өлең” деп, “өнер” деп соны айтамын, сырт көрінісі “қатын ойбай” тұрсын, “шайтан ойбай” болып көрінсе де, дәмі бар, маңызы бар “ойбай”, сол қайнаған қанның, қиналған жанның, толғатқан көңілдің, толғанған жүректің сағындысы сол. Соның үшін ондай “ойбай”, ондай “бебеу” табыла қалса-ақ, салған жерден өзі де дертке шипа бола кетеді” деп білді. Ал, В.Г. Белинский “көркемдік – қазірде де әдебиет шығармалардың құнды қасиеті. Егерде қазіргі заманның рухындағы сананы қамти алмайтын көркемдік болса, онда ол бізді оншалықты қызықтыра алмайды. Қоғамдық санаға әсер ететін мәселелерді қозғайтын немесе шеше алатын орта қолды көркем шығармалар, санамызға әсер ете алмайтын көркемділігі басым шығармалардан ана ғұрлым маңызды” (О классиках русской литературы. 332 стр.) десе, осы ойлардың құяр арнасы, түйер қорытындысы бір-бірінен онша алшақ жатпағанын байқаймыз.

Сұлтанмахмұт көрінген әңгімелерді, ұйқасқан шумақтарды көркем шығарма деп танымайды. Әдеби шығарма болу үшін көркемдік түрі (формасы) мен мағынасы бір-біріне сай болуы керек. “Күндікке ізденіп, өзіңше ойыңнан ұйқасыңқырап шыққан, керекті-керексіз сөзі өлең деп қуана жаза беру – дерті (ауруы) жоқ кісінің ыңқылдағаны, толғағы жоқ қатынның бебеулегені қандай жексұрын болса, бұ да сондай жексұрын болады. “Қисынсыз қышқырған неткен тантық” деп Абай айтқанның көбіне ұшырап жүргендер көп” деп жазуының өзі әдебиетті тек мағына жағынан ғана емес, көркемдік, шеберлік жағынан да дамыту, өркендету керектігін ескергеніне дәлел.

Сұлтанмахмұт қазақ тілін орынсыз шұбарлап жүргендерге, “білімдарлығын” көрсету үшін басқа тілдерден әдейі сөз алып, айтар ойын тұмандатқандарға, қазақ тілінің грамматикалық құрылысына жат оралымдарды қолданғандарға қарсы күрес ашып, “Мен тілімізге шата тілдердің шатасуынан, тілдің ағыны теріс бейімденіп, өріс алып бара жатқанынан қорқамын... мұның аты тіліміздің орнын сипалап қалуға бейімделіп бара жату болады” деп күйіне жазды. Сұлтанмахмұттың осы ойын Ж.Әубәкір өзінің “Тіл өз әдебиетімізді сақтауға керек” деген мақаласымен қоштап, себебін ашпаққа талаптанған. “Қазақ тілінде жазылған хикая кітаптардың көбі қазаққа сіңісіп, қазақша былдырлайтын қырық ру құрама молдалар жазғандықтан құрама тілменен қордаланып жүріс алған, қазақтың өзі жазса да тілін мүлдем ұмытқан, яки шұбарлауды “сән” көрген қазақ жазған. Қазақ әдебиеті басталғаннан бері қарай жазылған кітаптарды екшеп қарасақ (әне бір-екі кісінің кітаптарын былай қойғанда), ашып

жібергенде-ақ шата тілдер топтанып тіпті көзіңе жол бермейді” (№19, 1913) деп пікір қорытты.

Сұлтанмахмұт қазақ тілінің тазалығын сақтау мәселесіне көбірек поэтикалық жағынан, көркемдік сөздің әсемдік бояуы, эстетикалық мәні тұрғысынан пікір айтты. Сондықтан да ол кейбір ақындардың өлеңдері “шүлдірлеп”, “шолжандап”, “сүрініп”, “соқпағы қиыспағандығын” талай нақты мысалдармен дәлелдей сынады.

“Қалқыды бүгун құяш шеттен,
Асылықлық енді керек ертеректен,
Ашық қыл бизнің үшін ғазым атам”, -

деген сияқты өлең шумақтарының қасиетсіздігін, мәнсіздігін оқушыға көрсете отырып, “Қараңыз, осылардың ішінде қайда қазақ тілі? Қайда қиысқан назым? Қайда көңілге, тілге ұнау, теп-тегіс өрескелсіз өлшеулі өлең” деп ашынды. Өзінің осындай эстетикалық тұжырымын дәлелдей түсу үшін Сұлтанмахмұт әдебиетке өрнек бола алмаған “Милли шығар”, “Әдебиет өрнегі”, “Ахирет” сияқты жинақтардан мысал келтіріп, М. Дулатовтың өлең жинақтарын көркемдік тұрғыдан үлгі етіп ұсына алмады.

Бүкіл қазақ поэзиясының сол кездегі дамуы жайында келелі әңгімені қозғағанда Сұлтанмахмұт әрбір ақындық дүние соны әуен, тың идеямен көрінуі шарт деген эстетикалық талап қояды да, газет журналдарда жарияланып жатқан көп өлеңдердің “бұзылған қанымызды түзеп, қарайған көңілімізді жуып, жанымызға пайда, дертімізге шипа болады-мыс деген жарыпсал жаңа әдебиетіміздің нұсқаған жөні, көрсеткен жолы жоқ”, айғай шуға, тұлан тұтқан ойбайларға айналып барады деп мінеп, мәні мен мазмұнын нәрлендіруге, көркемдік шеберлікті арттыра түсіруге үндейді.

Сұлтанмахмұт XX ғасыр басындағы қазақ поэзиясының туындыларын жалпылай шолып, түйінді пікір айтқанда эстетикалық талап тұрғысынан қарағанын көреміз. Қазақ поэзиясының бұл дәуірдегі өркендеуін місе тұтпайды, көркемдік шеберлік жағынан да, идеялық мән-маңызы жағынан да көптеген кемшілік табады.

“Бұрынғы “Заркомдарын” құмға көміп, “Салсалдарын” суға лақтырып, пері қыздарын аспанға ұшырып, ақырында ескі достарына қош айтыса бастады. Содан бері қарай беттері бермен етпеттеуде, жаңа бір жас иіс туды дегенді құлақтары шалса, қолдарын жайып, құшақтарын ашып, иіскеуге мұрындарын, сүюге ауыздарын даярлап” тұрған оқушылардың үміті ақталмады, салы суға кетті деп қынжылғанымен келешек күннен түңілмейді.

Сонда Сұлтанмахмұттың көрсеткен жолы бар ма? Бар. Ол Абай поэзиясы. “Пайғамбардың жүрегінен құйылған құрандай, соқыр кісі сыбдырынан танырлық, аққұла ашық тұрады. Марқұм Абай өлеңдеі секілді А.Байтұрсыновтың “Қырық мысалдағы” мысал соңымен айтқандары сықылды, “Азаматтық”, “Қайтер едің”, “Шағым” деп өз басына түскендерін айту сықылды” шығармалардан үйрену керек деп білді. Абай өлеңдерін құранға теңеудің өзі сол кезде үлкен батырлық еді, өлең-жыр мен айналысу жындының ісі, еріккеннің ермегі деген қазақи түсінікке қарсы айтылды.

Пайғамбардың құранын қандай қадірлесен дарынды ақынның өлеңін ондай қадірле, тәлім-тәрбие ал, Абай өлеңі жаттайтын құраның болсын, сонда ғана дертіңе шипа, жаныңа дәру табасың деп тұжырымдады.

Сұлтанмахмұттың да, сондай “Айқап” авторларының да көздеген негізгі мақсаты “қазақ әдебиеті – қазақ жұртының жаны. Жаны жақсы тәрбиеленіп, әлпештеніп өсірілген кісі тез жоғарылыққа жетіскені секілді, шата тілдер араласпай, әдебиеті өріс алған жұрт та тез алға басады. Бак қонып қыдыр дариды, мұратына жылдам жетеді. Неге десен, қай жұрт болса да бастан-аяқ білімді болу қара бұқара арасына оқудың тез таралуыменен болады. Бір жұрттың жабайылары арасына оқудың тез таралуы үшін жазылған кітаптар нағыз сол жұрттың өз тілінде болу керек” (№9, 1913) деген пікірден бастау алып, халықтың жаппай мәдени дәрежесінің артуына байланыстырылды.

Сұлтанмахмұттың “Өлең мен айтушылар” атты екінші мақаласы өзінің мән-мақсаты жағынан “Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан” деген еңбегі толықтыра түсіп, әдебиет пен көркем өнердің егіз екендігін дәлелдеуге арналған. Көркемөнерді сахнаға шығару мәселесін Сұлтанмахмұт алғаш сөз етті. Осы мақаладан кейін Семей, Омбы, Томск, Орынбор қалалары мен қырдағы елде (Петропавл уезі, Қуанышовтар аулында) әдебиет, ойын-сауық кештерінің өткізілуі, қазақтың тұңғыш журналист қызы Нәзипа Құлжанованың “Бір керек жұмыс” деп айрықша мақала жазуы Сұлтанмахмұт ойының практикалық мәні құнарлы екендігін көрсетеді.

Сұлтанмахмұт “Өлең мен айтушылар” деген мақаласында қазақ көркемөнерінің қандай халде екендігін көрсетуді ғана емес, қайтсе оны гүлдендіріп, мәдениетті елдердің қатарына тұру қажеттігін айтуды мұрат етті. Көркемөнерді әдебиеттен бөле қарамай, қайта оларды көпшілік мүддесіне жарату жолын іздестірді. Халықтың рухани тілегін орындау, жаңа үлгі - өнегеге баулу жолында көркемөнердің ірі құрал екендігін Сұлтанмахмұт айқын түсініп, ғылым мен білімнен, оқу-ағартудан бөлуге болмайтындығын мықтап ұққан.

“Көңілді түзейтін машина - өлең-жыр... Ол машинаның тетігін біліп, сайрайтын, естігендердің аузынан суын ағызып, көңілдерінің уын шығаратын кім? Ол неше түрлі әуез білетін әнге ұста әншілер, жыршылар” деп тұжырымдауынан-ақ өнердің қоғамдық орнын да, оны жасаушы өнерпаздардың рөлін де жоғары бағалағандығы көрінеді. Сондықтан да өнерді ғана емес, соны елге танытар өнерпаздарды бағалап ардақтау, құрметтеу, дәріптеу керектігіне назар аударды. “Молдалар, жас балаларды ән үйренуге қызықтырыңдар! Жаңа шыққан өлендердің жүрек қандыратынарын үні жақсы балаларға әнге салғызып қойсаңдар, уай шіркін, қандай өтімді”. Өлең айтушы әнпаз адамдарды жұртқа есерсоқ деп көрсетпей, есті деп қадірлі етіп көрсетуге елрлік мәселені көтерген. Өзінің ойын дәйектей түсу үшін “бір халықтың әні кетсе, әдебиеті жесір қаады, сәні кетеді, жаны кетеді” деген мәселені әдейі насырға шаптыра баяндап, жұрт назарын осы салаға аударады.

Аса суырып әкетерлік болмаса да, тәп-тәуір ой қозғарлық өлеңдер бізде болып келеді. “Бірақ болғанымен жүргізе білуші жоқ, айтушы жоқ, жесір тұр” деп қазақ даласындағы көркем-өнердің өркендей алмай келе жатқандығын ашық айтады. Мәдениеті “бізден басқа, бақытты, талайлы жұрттардың өнерпаздары өнегелі өлең, үлгілі тақпақтарды жаттап алады. Сонымен шаһар-шаһарға жүріп, халыққа естіртіп, жүрек қозғап, естеріне түсіріп, мұң-мұқтаждарын зарлап”, кем-кетігін көрсетіп жүргенін мысал етіп, труппалар ұйымдастыру қажет екендігін ашық айтады. “Байқаймысың, біздің қазақ ән құмар халық, егер бір жерден әннің не домбыраның даусы шықса еңкейген кәрісі, еңбектеген жасы соның маңын қоршап, “айт, айттың” астына алып, шын пейілмен беріліп, ұйып тыңдайды” деуі осындай игі істі бастаушылар табылса деген арманнан туған.

Өзінің ойы отаршылдық заманда жүзеге асар-аспасын шамалай алмаса да, Сұлтанмахмұт көркемөнерді насихаттау қажет екенін айрықша сезінген. Халыққа шын өнер туындысын ұсыну керек, өйткені, “сырнай, домбыра тарта білмей, құр перне басып барқылдату қандай сүйкімсіз болады. Маған десе майы тамып тұрсын, әнсіз құр өлеңменен жақсылық сездіргенің сол, жұртты өзіңнен бездіріп аласың” деп елге таратар үлгі-өнегенің шын өнерпаз қолынан шығуын талап етеді.

Сондықтан, халықтың жан-сезіміне “жаңа рух, таза қан” кіргізетін таза пейілмен жандандыратын машина – шын жүректен шып-шып шырқырап шыққан өлең-жыр, әдебиет деп білді.

Сұлтанмахмұттың осы сыншылдық еңбектеріндегі игі ойлары мен құнды пікірлерін жұртқа әсерлі етіп жеткізу үшін “Батыр деген бір барақ ит, екі қатынның бірі табады. Би деген – ақ шарият, ілуде бір-ақ қатын табады. Ұлы жүзден Төле би, орта жүзден шықты Тәйтеке би, кіші жүзден шықты Алшын Әйтеке би. Ең ықыры қазақ Россияға қараған заманда Шоң билері болды. Ол қазақтың ортасынан құдай жаратқан билері бар заманда қалық қандай халде болды. Қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған заман болды” (22, 1913) деп жазуы, немесе “Заманның айдауымен күн асқан сайын қазақшылықтың “шылығы” жылжып кетіп барады. Байқаймын, сірә, “шылық” кеткенменен, жай кетпесе керек. Қазақтың бұрынғы сән сәулетінің бәрін тік көтере ала кетсе керек. Айқай! Көк шалғынға боз үйді шаңқайтып тастап, шалжиып жататын сән-салтанат қайда? Оған аузымды ауыртпасам да белгілі, ол енді көрген түс есебінде, жер бауыры суық деп қоюға лайықты нәрселер. Көрдің бе, ең арты домбыра, сауық, тәтті-тәтті әндерімізге дейін азайып, қара күңгірт қапаға булыққан заманға қарай дедектеп барамыз” деуі замана дүмпуінің зорлығы мен озбырлығын сездіргендей еді. Оны патша цензурасы “Айқап” жабылар тұста мықтап “ескерген” болатын.

Сонымен, Сұлтанмахмұттың әдебиет пен көркемөнер жайындағы еңбектері өзінің көтерген мәнді мәселелерімен, айтқан құнды ойларымен, насихаттаған идеясымен нақты дәлелдермен баяндауымен, оқушының көңіліне ұялаумен “Айқап” журналында жариялаған сын мақалаларының ішіндегі ең құндысы және өнегелісі болды. Қазан революциясына дейінгі

сыншылық ойды жаңа бір белеске көтеріп, өзінің жанрлық сипатын айқындай бастағанына нақты дәлел болды.

Таптық поэзиядан арылып, догматикалық ойлау жүйесінен шыға бастаған кезде қаулы-қарарлар бойынша қалыптасып қалған тұжырымдарды енді еркін де терең зерттеулермен түзете бастауымыз керек. Өнерпаз дарынның ең негізгі бюағытына қарай бейімделе бермей, ұлттық көркемдік көрінісі болуға жатпайтын өнер үлгілерін өзіміздің таным-білігіміз деңгейінде баяндап, басқаға ұқсамас қырларын айқындай беру шарт. Қазақ ұлыларының “сегіз қырлы, бір сырлы” болғандығын енді ешкімнен қысылмай айты, жаза білсек қана елдің мәдени мәртебесі биіктей түседі.

Тұрсынбек Кәкішев,
филология ғылымдарының докторы, профессор

// Ақиқат. – 1993.-№6. – 78-82 б.

СҰЛТАНМАХМҰТ ЖӘНЕ СӘКЕН

немесе қазақ лирикасының реализм сабақтастығы (С.Торайғыровқа қатысты ғана алынды)

Қазақ поэзиясындағы реализм дамуындағы ең биік шың Абай десек, бұл дәстүрді әрі жалғастырушылар еңбегі де өз алдына зерттеуді тосып тұрған мәнді сала. XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінің жарық жұлдыздарының бірі С. Торайғыров еңбегі біршама зерттелді деуге де негіз бар. Сөз арасында айтылған жекелеген пікірлерді, кішігірім мақалаларды былай қойғанда, қазақ әдебиеті тарихына арналған қомақты зерттеу еңбектерде де ақын шығармаларын қарастыру елеулі орын алып келді¹. Сонымен бірге С.Торайғыров шығармашылығына арналған көлемді монографиялық еңбек жарық көргеніне де назар аудартқымыз келеді².

Әйтсе де, әсіресе, С.Торайғыров лирикасы туралы жазылған еңбектерде көбінесе шығарманың идеялық-тақырыптық негізі, өлең құрылымы, жекелеген көркемдік ерекшеліктері ғана талданып келгенін де ескермеуге болмайды. Демек қазақ лирикасының тарихына үңілгенде, оның жанр ретінде даму тарихын, оған әдіс, ағым, стиль, т.б. әсерін де арнайы сараптау керек-ақ. Міне, осы мақсатпен С.Торайғыровтың ақындық шеберлігі туралы өз байқауларымызды ортаға салуды жөн көрдік.

Қазақ лирикасының кемелдену барысына көз салсақ, Абай, Сұлтанмахмұт, Мағжанға дейінгі дәуірде ақынның нені көздейтінін, ел-жұртты неге үгіттейтінін жинақтап, топтап жар еткен шолу өлеңдері, толғаулар етек алғаны белгілі. Жеке адам сезіміне нақты көңіл бөлудің алғашқы нышандары Абайға дейін де біраз орын алғаны аян. Дегенмен жеке адам сезімін бөліп көрсетудің жүйелі іске асуы Абайдан басталғанын діттей отырып, Сұлтанмахмұттың осы дәстүрді жалғастырғанына көңіл бөлуіміз керек. Өз тұстастары: Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, т.б. тәрізді С.Торайғыров та жеке адам сезіміне үңілгенде, заман талабына, ел билеушілер орнатқан қыспақтан туындаған шектеулі мүмкіндікке сай біраз ретте өз ойын тура айтудан бас тартып, оның есесіне тұспалдау, шарттылықты кең қолданды.

Белгілі ғалым Г.Н. Пospelов ақын А. Блоктың:

Есть минуты, когда не тревожит

Роковая нас жизни гроза.

Кто-то плечи руки положит,

Кто-то ясно заклинет в глаза...

И мгновенно житейское канет,

Словно в темную пропасть без дна...

И над пропастью медленно встанет

¹ Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. Алматы: Мектеп, 1976; Дербісалин Ә. Қазақтың Октябрь алдындағы демократияшыл әдебиеті. Алматы: Ғылым, 1966; Дүйсенбаев Ы. Ғасырлар сыры. Алматы: Жазушы, 1970; Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. Алматы: Мектеп, 1973.

² Еспенбетов А. Сұлтанмахмұт Торайғыров. Алматы: Ғылым, 1992.

Семицветной дугой тишина..., -

деген өлең жолдарындағы сөзбен бейнелеу деталдарының бәрі астарлы екеніне назар аудартады да, өз ойын былай дәлелдейді: “Тіпті, бірінші шумақтың соңғы екі тармағы (“Кто-то на плечи”... и т.д. әлде бір тұрмыстық қатынастарды білдірмейді, қайта жинақталған лирикалық субъектінің көңіл-күйін құбылтып көрсетеді (“мы”). Бұл тікелей ойлы өлең үлгісі”³.

Осы өлшеммен бағдарласақ, “Шәкірт ойы” өлеңінде, сырт қарағанда, С. Торайғыров өз ойын тікелей жеткізген тәрізді:

Қараңғы қазақ көгіне,
Өрмелеп шығып, күн болам!
Қараңғылықтың көгіне
Күн болмағанда, кім болам?
Мұздаған елдің жүрегін
Жылытуға мен кіремін.

Әйтсе де, бұл өлең жолдарын Ы.Алтынсаринның “Кел, балалар, оқылық” өлеңімен салыстырып көрейік:

...Қартайғанда мал тайса,
Сүйеу болар бұл, оқылық,
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық.

Міне, мұнда тікелей оқуға үгіттеу, дидактикалық амал басым. Осы іспетті туындыларды біз кезінде насихаттық мақсат көздеген өлеңдер, үгіт өлеңдері деп келдік. Шығарма ерекшелігі: жас ұланға айтылар үгіті астарсыз, ашық айтылады да, түсініктіліктімен көзге түседі. Сонымен бірге, осылай жалаң ақыл айта берудің шығарма көркемдігін жүдетуге бастайтыны да ақиқат.

Ал, Сұлтанмахмұт болса, жоғарыда аталған туындысында елді оқуға тікелей, жалаң үгіттемейді, ол идеяны өзіндік бейнемен береді. Мәселен, “қараңғы” сөзінің надандық символы түрінде, “көк” сөзінің белгілі бір биіктік, үздік жетістік нышаны ретінде берілетінін ескерсек (демек бұл сөздер – дайын нышан-белгілер), сол заңғарға өрмелеп шығу лирикалық қаһарманның белгілі бір сипатын, қайтпастығын, тынымсыздығын ашуға септігін тигізеді. “Күн” де – жаңалық, білімділік (төңкеріс тұсында ол теңдік, бостандық символына айналды) нышаны десек, Сұлтанмахмұттың “күн болам” деуі лирикалық қаһарманның соншалық мықты екенін танытумен бірге, кейінгі өрістемек ойларға тұғыр, тірек ретінде қызмет атқарады. Күн болғандықтан да, оның “мұздаған елдің жүрегін жылытуға” кіруі әсерлі. “Мұздаған” сөзінде құбылыстың жеке бір қырын екшеп айқындау да, заттылық, нақтылыққа иек арту да (дерексіз ұғым емес, тек зат, не жан иесі ғана мұздай алатыны анық) жүзеге асады. “Жылытуға мен кіремін” тармағы – сонымен қатар поэзияда шарттылықты қолдану жемісі. Сөзбе сөз ұғынсақ, адамның “өрмелеп шығып” күн болмайтыны да, күн болған күннің өзінде “елдің жүрегін” жылытуға кіре алмайтыны да белгілі. Тек осы шарттылық,

³ Лирика. Москва: Москва университеті баспасы, 1976. 88б.

әсірелеу арқасында лирикалық қаһарманның айрықша бітімі қалыптасып, осы биікпен қарау нәтижесінде ғана “Қыздырып күннің қарауы // надандық теңізі” тартылатынына сендіреді. Надандық та көзбен көріп, қолмен ұстауға болмайтын дерексіз ұғым десек, оның қазақ еліне қаншалық ірге тепкенін нақты елестету үшін, ақын “надандық теңізі” тіркесін шебер пайдаланады.

Лирикалық қаһарман жай-күйін нақты нақыштаудың бір үлгісі - “Ағайынның азғандығы” өлеңі. “Өмірде неше түрлі уды іштім”, - деп басталатын шығарманың алғашқы тармағындағы у ішу – қиындық, азаптың шектен шыққандығын (у ішкен адам өлетінін еске алсақ та) бейнелейтін дайын ишарат – белгі. Сондай-ақ өлеңде одан әрі кездесетін: лирикалық қаһарманға “шұбар южыланның” ере алмауы, ойдың сәулесі “күннен жарық” болуы да – ишарат – белгіге, тұспалдауға сүйену нәтижелері. Сонымен қатар бұл туындыда лирикалық қаһарман сезімін тіке баяндау да кең орын алған:

Күндейді, бәлен дейді көре алмайды,
Мен кірген қауымға ол ене алмайды...
Қара көңіл адалға сене алмайды,
Ақты қара қашан да жеңе алмайды.
Өмір бойы тілеген бір тілегін,
Махмұт бүгін жауына бере алмайды.

Ақынның болашаққа деген үмітін, сенімін жайып салуы кезінде лирикалық қаһарманның ойын нақты беру, тұспалсыз тіке айту көзге түседі:

Кейінгі жас балалар оқып көрер,
Кейде жылап, кей кезде сақ-сақ күлер.
Кім адам, кім айуандық істегенін,
Кімнің дос, кімнің қасын анық білер.
Сонда олар сын көзімен әділ қарар,
Ел жауы кім екенін дәлдеп табар.

Шығарманың келер жолдарында: “Сол жаудың үрім-бұтақ тұқымына, // Аямай әділет заң балта шабар”, - үңілсек, суреттеу амалының басқа түрлеріне тап боламыз. Мәселен, “Әділет заңы” ұғымы дерексіз екенін ескерсек, оның балта шабуы әрі дерексіздің жандануын, заттануын / сөзбе-сөз ұғынсақ, заң емес, кісі ғана балта шаба алады/, әрі ұлттық өрнек, дайын фразалық тіркесті /белгілі бір жамандыққа т.б. балта шабу/ қолдана білуді ұшырастырамыз. Ал, соңғы тармақ басындағы “аямай” сөзі белгілі бір жамандықты жазалаудың биік деңгейін межелей түсуге арналған.

Лирикалық қаһарманның жеке жағдайын бөліп өрнектеу, әсіресе “Тұрмысқа” өлеңінен кең көрінеде. Шығарманың алғашқы түйдегі “Тек аурудан тыс қылшы!”, екіншісі “Тек денімді сау қылшы!” – деп, аяқталуына көңіл бөлеміз. Осы соңғы тармақтарда лирикалық қаһарманның басты тілегі, аурудан айығуды қалауы анық дәйектелген. Осы тілекті, әспеттеу, дәлелдеу үшін ақын лирикалық қаһарманның қазіргі ауру халін тәптіштеп қазбалауға бармайды. Ақын үшін ең бастысы: ауру халді айқындап, соған аяныш тудыру емес, сондай күйге түссе де, лирикалық қаһарманның қаншалық мойымағанын, ер рухын жарқыратып ашу:

Өмірімнің өрлерін
Жазы шықпас қыс қылшы!
Жылы шырай бер десем,
Аждаһадай ысқыршы!
...Алтын, күміс – асыл ма
Баға бермей мыс қылшы!

Міне, мұнда дәстүрлі баламаларды пайдалану басым. “Қыс” метафорасы қиындықты бейнелейтін дайын белгі ретінде алынса, алтын, күміс пен мысты салыстыру да дәстүрлі баламаға жүгіну үлгісі. “Аждаһа” бейнесі – ауыз әдебиетінде де, солкездегі жазба әдебиетте де зұлымдық, қуаттылық белгісі екені мәлім. Сөйткен қорқынышты аждаһаның “ысқыруын” тілеу де лирикалық қаһарманның не азап, қауіпке әзір екенін шегелеуге арналған.

Өлеңде одан әрі дамыту, әсірелеу де /“Тұрмыс, маған от шашып, // Бар дүниені лау шылшы!”, дерексізді заттандырумен қатар үлкейту /“Түйдектеп үйіп қайғынды/, /Абылай аспас тау қылшы!” орынды қолданылады. Ал, “Сөндірі ай мен күніңді” жолынан әсірелеудің дами келе қаншалық батыл пайдалануды /тура ұғынып, шынымен Ай мен Күнді сөндіруді тілеп тұр дей алмаймыз ғой/ көреміз. Қазақта “күлі көкке ұшты” тұрақты тіркесі бар: Ол быт-шыты шықты, құрыды ұғымын береді. Ал, тағдырдың күлі көкке ұшуы – Сұлтанмахмұттың дәстүрлі тіркесті өзінше дамытып, қолдана білу жемісі /“Ден сау болса тағдырдың/ /Көкке ұшырам күлдерін”/. “Тағдыр” көзге көрінбейтін дерексіз ұғым десек, күлі ұшқанына қарағанда, жануы мүмкін зат тәрізді әсер беріп, лирикалық қаһарман қайратын ашуға бастайды /күлін көкке ұшырса, әбден жеңгені ғой/. Сұлтанмахмұт өлең басында өзіне қиындық тудырушыға: “Аждаһадай ысқыршы” – деп, соған дайын екенін мәлімдесе, енді сонша кесек ауыртпалықтардың бәріне қалай төтеп беретінін мәлімдеп, соған сендіргеннен кейін, өзі де қаһарлы күшке айналды.

Ден сау болсы, тұрмыстың
Маған салған құрығын
Бойлап алып кетермін.

Ал, “Қаңқылдатып қаздарын” “Шығарамын жаздарын!” – жолдарына келсек, ақын дәстүрлі балама “жаз” ұғымын жалаң алмауымен көзге түседі. Жаз шығудың өзі жақсылық, жылылық, кеңшілік белгісі болса, “қаңқылдатып қаздарын” тіркесі – жаздың белгілі бір әдемі көрінісін бөліп аялау, нақты көрсету, демек реализм дәстүрінің үлгісі. Соның нәтижесінде лирикалық қаһарманның кеңшілік, рахатты /“жаз”/ аңсайтыны ғана емес, соны туғыза алатын құдіреттілігі де дәлелденеді. Сөйтіп, қиындық, азапты қалай жеңетінін әйгілеу арқылы лирикалық қаһарманның биік рухы, өр жаны шынайы кестеленген деуге негіз толық.

С.Торайғыровтың “Жүрегім, тулап шабасың” өлеңінің алғашқы тармағында-ақ әрі шарттылық /жүректің ат тәрізді қимыл жасауы/, әрі ұлттық өрнек /қазаққа етене таныс ат тулауын алу/, әрі дамыту, үлкейту /жай тулаумен де шектелмей, шабуды қолдану, демек, ең жылдам қозғалыс түріне

көшу/ орынды пайдаланылады. Сонымен бірге шығармада қарама-қарсы көріністі бейнелеу: “Өртедің десем, отың жоқ” /отсыз өртену мүмкін бе/ әсерлі. “Қасірет, қайғы үйгенің” жолында дерексіз ұғым қасірет, қайғыны заттандыру, сол арқылы оның үйілгеніг /заттанбаса, үйіле ме/, демек қаншалық көлемге ие болғанын анықтау да лирикалық қаһарман шеккен зобалаңды әсерлі көрсетерлік табыс.

Өлеңде одан әрі дайын тұрақты тіркесті пайдалану да /“Басына тас тиген жоқ”, өзіндік, тек Сұлтанмахмұтқа тән, балама қолдану да /“Көзің перде киген жоқ”/ бір-бірін дамыта, иық сүйесе келе осы шумақтың үшінші, төртінші жолдарындағы /“Қанша күйіп жансаң да, // Сүйгенің бой иген жоқ”/ лирикалық қаһарман сезімін нақты бейнелеумен үндеседі. Шығарма соңына қарай: “Кім таныды өзінді, // Кім білдірді сөзінді?”/ – деп, тікелей сауал қойылады да, өлең соңы тағы да астарлауға сүйенумен аяқталады:

Желе жортып, жел қуып,
Құр шаршатпа өзінді.
Ашсаң – қалдың бәлеге,
Жұмып кір көрге көзінді.
...Жібегің тұрсын, оларға
Ұстатпа кірлер, бөзінді!

Көріп отырғанымыздай, бұл туындыда да әрі дәстүрлі балама, белгіге сүйену; әрі шарттылық, үлкейтуге иек арту; әрі лирикалық қаһарман жай-күйін тәптіштейтін суреттемелер пайдаланылуы - өлеңнің өзіндік әсерлілігін негіздейді.

Мұның бәрі С.Торайғыровтың аз жасаса да, қазақ әдебиетінде реализм әдісін дамытуда, суреттеу аясын кеңейтіп, өзіндік бейнелеу жүйесін қалыптастыруда айрықша бір белес болғанын дәлелдейді.

Қуандық МӘШҒҰР-ЖҮСІПТЕГІ,
филология ғылымдарының докторы, профессор

// Абай.-1999.-№4.-61-63 б.

СҰЛТАНМАХМҰТ СОЦИАЛИЗМДІ ҚАЛАЙ ТҮСІНДІ?

Қазақ халқының ұлы Абайдан кейінгі асқар белі сынды ақыны – Сұлтанмахмұт Торайғырұлы. Жарты тұтамға жетер-жетпес қысқа ғұмыр кешкен ақын жасына қарағанда мейлінше мол мұра қалдырып ағып өткен күйректі жұлдыз іспетті жан. Небәрі жиырма алты, жиырма жеті жыл ғана ғұмыр кешкен қыршын жастың өзі өмір сүрген ортаны терең барлап, терең зерттеп, көп мәселеге көңіл көзін жібере білгеніне қайран қаласың! Сол себептен де С.Торайғырұлы рухани мұрасы қоғамға көзқарасы, дүниетанымы деген мәселе зерттеушілер арасында толастамас дауға айналған сәттер мол болды. Әсіресе әдебиет пен өнерге таптық көзқарас тұрғысынан қатаң қарайтын уақытта Сұлтанмахмұттың марқұм басын дүркін-дүркін дауға салып, әрі итеріп, бері тартып дегендей зерттеушілеріміз біраз әбігерленді. Бұл процесс сонау 1930-жылдан басталып, күні кешеге – 1980-жылдарға дейін сары аурудай созылып келді.

Сонда сан қайталанып, көп қойылар бір сұрақ: “Сұлтанмахмұт қоғамды, дүниені иделист ретінде таныды ма, әлде материалист ретінде таныды ма?”. Сонда шиырланып, шыр айналған қазық сынды болған бір шығармасы - “Социализм” аталатын мақаласы. Өзі аяқталмай қалған үзік дүние, оны жазып отырған адам – небәрі жиырма бес жасар жасөспірім.

Талас негізінен екі арнада өтті. Ғалымдардың бір тобы – Сұлтанмахмұт социализмді түсінбеді, бұрынғы ұлтшыл қалпында қалды деді. Айталық Н.Жанділдин С.Торайғырұлы көзқарасы талмудтық, қарилық көзқарас деп жазды. Әйтпесе, С. Мұқанов “Ол социализмнің міндеттерін өз табының пайдасына бейім қып, пролетариат төңкерісінің өткелінен аман-есен алып шығуға тырысты. Оған осы жинақтағы “Социализм” деген мақаласы куә” (С.Торайғырұлының толық шығармалар жинағы. А., 1933,8-бет) деп жазды. Ғалымдардың екінші тобы Сұлтанмахмұт ақпан төңкерісі кезінде адасқанымен социализм идеясына келіп жетті деп қарайды. Бұл көзқарастың басында профессор Бейсембай Кенжебаев жүрді. Ғалымның пікір дәйегі ретінде алға тартары тағы да – “Социализм”.

Екі арна, екі бағытқа тартқан пікірдің қайсысы дұрыс?

Ойланған жөн. Алдымен айтыс мәніне бойлау жөн. Сұлтанмахмұтты ұлтшыл етіп көрсетушілер алдымен таптық көзқарастың құрбаны. Үлкен жазушымыз С.Мұқанұлы Сұлтанмахмұтты ақын райында жек көріп отырған жоқ, оның “Таныстыру”, “Алаш ұраны”, “Айтыс” (қала ақыны мен дала ақынының айтысы) секілді шығармаларында байшыл-ұлтшылдарды мақтап, марапаттауын кеше алмайды. Әйтпесе өз романын алғаш “Адасқандар” атауында С.Торайғырұлының “Адасқан өмір” поэмасының ықпалы жатқан жоқ па? Әрі Сәбең Сұлтанмахмұттай дарынды ақынның ұлтшыл-байшыл ақын-жазушылар арасында болғанын, идеялас жүргенін кеше алмайды. Ал, Н.Жанділдин болса, Сұлтанмахмұт мұрасының қадір-қасиетіне жетіп жатқан жоқ. Ақын көзқарасы, дүниетанымын зерттеп, тану оның мұраты да емес.

Оған Сұлтанмахмұт арқылы зерттеуші Бейсембай Кенжебаевты мұқатса, “ұлтшыл ақынды зерттеген ұлтшыл, алашорданың құйыршығы” жарғысын тақса жетеді.

Бар саналы ғұмырын Сұлтанмахмұт Торайғырұлын тануға, танытуға жұмсаған Б.Кенжебаевтың ақынды “социалист” етіп, жанұшырып айқасып, бет жыртысып жүруінің өзіндіу себебі бар. Сұлтанмахмұтты “ұлтшылдыққа” бердің-ақ ақиық ақын мұрасы жабылып қалады ол кезді. Әйтпесе, Сұлтанмахмұттың ұлтшыл ақын екенін Бейсекең әуел бастан-ақ біледі. “Сұлтанмахмұттың ақындығы” аталатын кандидаттық диссертациясында “қазақ әдебиетін таптық көзқарас тұрғысынан қарап, бөле-жара зерттеудің тиімсіздігін” айтамын деп бәлеге қалған, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті қаулысына ілігетін кісің – Кенжебаев... Алайда, ол кезде ақынды “ұлтшылдыққа” беру – одан айырылып қалумен тең. Міне, мәселе қайда!

Қазір уақыт басқа. Әдебиетті таптық тұрғыдан қарастыр деп ешкім ешкімді міндеттемейді. Енді ойланып көруге болады. Расында С.Торайғырұлы дүниені, қоғамды қалай түсінді? Социализм идеясына келді ме?

Бұл сұрақтарға жауап беру бүгін де оңай емес. Жауап беру үшін патшалық Ресей, ақпан төңкерісі, қазан төңкерісі қазақ халқы тағдырында қаншалық роль атқарды, тарихшыларымы соны таразылап, соны анықтауы керек алдымен. Содан кейін барып біздің ақын-жазушылардың дүниетаным, көзқарасы хақында әңгіме қозғауымызға мүмкіндік туады. Қазақ тарихшылары әл-әзір аса жауапты бұл сұраққа тереңдеп бара қойған жоқ. Дегенмен қоғамның қос ғасыр тоғысындағы аласапыран, топалаң күйіне ойша көз жіберіп көруге болады.

Өз басым былай ойлаймын: егерде патшалық Россия қалпын бұзбай, қаймағы шайқалмай тұра бергенде, көп дегенде он-он бес жылда қазақ түгелге жуық шоқынып, жерінен айрылып, елдік, ұлттық болмысын біржолата жоғалтатын еді. Ақпан төңкерісі міне осы процесті тежеді, тажалды сәл де болса кейін серпіді. Жаңа ғасыр көгінде (XX ғасыр басы Қ.Е.) өмір сүрген қазақ ақын-жазушыларының бәрінің бірдей “Патша тақтан құлады, ақ күн туды алақай!” – деп бөркін аспанға ата қуануының сыры міне осында. Қазақ оқығандары ақпан төңкерісінен көп үміт күтті. Қазақ бостандық алар, өз қолы өз аузына жетер деп ойлады. Көкейін тескен көп мәселенің бірі – қазаққа автономия, яки дербестік тиеді деп білді. Олардың Россияда ақпан төңкерісін жасаған үлкенді-кішілі қайраткерлермен жең ұшынан жалғасып, төңкерісті баянды етуге тырысушылығы да осы арман, осы ойдан. Әйтпесе, орыссырап бара жатқан қазақ оқығандары жоқ-ты.

Әлеуметтік жағдай орныққанша ақпан төңкерісін жасаушылармен елбесіп-селбесудегі түпкі мақсат – қазақ дербестігін алу, елдігін қалпына келтіру. Осындай үміт, тәтті тілек үстінде жүрген қазақ зиялылары қуанбағанда қайтеді?! Ақпан төңкерісін бостандыққа балай, алақайлап қуанған, жар салып жыр арнаған ақынның бірі – Сұлтанмахмұт Торайғырұлы. Ақпан төңкерісін алақайлай қуанып қарсы алғаны үшін

ақынды кінәлауға бола ма? Біздіңше, кінәлауға болмайды. Кінәлау - әрі тарихи жағдайды түсінбегендік, сол себепті орынсыз. Ақын ақпан төңкерісіне қуанса – жеке өз басы үшін емес, халқым бодандықтан құтылып, бостандыққа кенеледі, теңдікке қолы жетеді деп қазақ үшін қуанады.

Ақпан төңкерісі – ақын үмітін ақтар ма, жоқ па, қазаққа бостандық әперер ме, жоқ па – ол жағы беймәлім. Төңкеріс нәтижесінде туған өкіметтің ғұмыры қысқа болды. Сол себепті ақпан төңкерісі қазақ қолын ұзартады, иә қысқартары беймәлім қалыпта қала берді. Ақ ақпан төңкерісіне іштартқан ақын, жазушы азаматты кінәлау, сол үшін қайдағы-жайдағы жарғыны тағу – “советтік ” идеология қателігі һәм қатыгездігі. Тарих қойнауына өтіп кеткен қысқа ғұмырлы өкіметті кешіре алмай, іштартқан азаматтарды қуғын-сүргінге ұшырату – кеңдігі емес, кемдігі, тарихи қатесі.

Ұзамай қазан төңкерісі болды. Қақтығыс, көтеріліс, қан төгу – төңкеріс шарты. Қан төгілді, жан берілді. Бар адамзат баласына теңдік, бостандық жарияланды. Ауызша айтылған, жазбаша қағазға түскен бағдарламаға қарасаң – Кеңес өкіметінен жақсы өкімет жоқ. Қазаққа да, бұратана атанған басқа халыққа да, ұлысқа да бәріне бірдей құқық берілетін секілді. Енді мұндай өкіметтен үміт етпеуге бола ма? Үміт етті. Сұлтанмахмұт кеңес өкіметін де қапысыз қабылдады. Ақынның ақпан төңкерісін қабылдауын қателігіне балап келдік қой. Бүгінгі күн биігінен қарағанда ақынның кеңес өкіметін қабылдауы да тап солай қателігіне баланып кетуге әбден мүмкін. Бірақ, қазір уақыт басқа. Неге қабылдамасын кеңес өкіметін? Бозбала ақын жаңа өкіметтің зорлық-зомбылығын көзімен көргіштен жоқ. Көретіндей болған жоқ, өзі аурумен алысып жаны жабырқап жүр, сөйте жүріп кеңес өкіметінен тәтті үміткер, арпалысқан жан сөйтіп дүниеден өтті де кетті. Кеңес өкіметі теоретиктерінің әрекеті астарлы, ұстанған бағыты қатерлі шығар, тілі тәтті еді бірақ. Сөз бен іс арасын ажыратып қаралық хал Сұлтанмахмұтта бола қойған жоқ.

Осыған қоса айтар және бір мәселе бар. Қазан төңкерісі патшалық Ресейдің Орта Азия және Қазақстан халқын ассимиляцияға дайыдаған, жүзеге асыруға мықтап кіріскен ісін ұзақ жылдарға кейінге шегеріп жіберді. Қазақ халқының сақталып қалуындағы осы бір тарихи сәтті әсте ұмытуға болмайды. Сөйте тұра біз социалистік жүйенің зардаптарын да ұмыта алмаймыз.

Сол себептен де өмір мен өлім арасында арпалыста күн кешкен ақын ғұмырын басқан күндей батып бара жатқан ақырғы сәттерін Кеңес өкіметіне анады. Кереку төңкеріс комитеті төрағасы Жигарев қолынан мандат алып, нұсқаушы райында елге шықты. Кеңес өкіметінің жай-күйін түсіндірді, сайлауға қатысып, кедейлерді болыстыққа сайлауға әрекеттенді. Бұл – тарихи дерек. Замана өзгерді екен деп бұл тарихи деректерді ақын өмірінен алып тастай алмаймыз.

Бұрын ақын мұрасынан айырылып қалмау үшін ұлтшылдықтан қорғаған болса, енді ғалымдар оны социалистік жүйені қолдады деген пікірден қорғалақтайтын күн туып келеді. Барды – барша, жоққа не рәуа

деген принцип аясында пікір толғауымыз керек. Егер Сұлтанмахмұт социализмді жақтаса, Кеңес өкіметін қолдаса тағы да өзі үшін емес, халқы үшін қолдады.

Ақынның өзі де:

Жасаймамый –

Еңбектің жемісін көзбен көрем деп,

Жасаймы –

Кейінгіге бір қолқабыс берем деп, –

Деп, жазбайтын ба еді?! Әйтпесе, өкпені алып болған құрт аурудан таңын атыра алмай, күнін батыра алмай, сағат санап отырған ақынның өз басына не керек? Ештеңе де!

Ақын дүниетанымы жайындағы әңгіме – небәрі жиырма мен жиырма жеті жас арасындағы бозбала көзқарасы жайындағы әңгіме. Алайда Сұлтанмахмұттың өзі жас болғанымен, жыры жасамыс, өзі балаң болғанымен, дүниетанымы балаң емес. Ой-дүниесі өскен, жыр-жиһазы піскен. Ендеше ақын көзқарасын қалай қарастырсаң да жарасады. Осы уақытқа дейін талай дау-дамай әңгімеге тамызық болып келген “Социализм” атты мақаласын да жаңа уақытқа сай – жаңаша көзқараспен оқуға, ой-талдауға болар еді.

Мақаланың “Социализм” аталуы ең алдымен ақынның үзіп-жұлқып орысша оқыған жылдары қоғамдық ғылымдардан хабардар болуының белгісі. Демек, ақын – Ж.Аймауытұлы айтқандай: “Орысша оқуы аз болса да, жаратысында біткен зейіні, қайраты, талабымен орыс әдебиетін әбден түсініп оқитын болады. Герцен, Кропоткин, Бакунин, Толстой, Каутский, Плеханов тәрізді социалшыл, анархияшыл білімдандардың кітаптарын көп оқиды (Жоғарыда аталған еңбек. XXII бет)”.

Екіншіден “Социализм” Сұлтанмахмұттай ақынның социалистік жүйені, керек болса Кеңес өкіметін қабылдауының куәсі. Қалай қабылдады? Толық аяқталмаған мақаладан ақынның социалистік жүйені қабылдай отырып, оған өз талап-тілектерін қоятынын аңғарамыз. Үнемі утопиялық тану деңгейінен аспай келген социалистік жүйені Сұлтанмахмұт адамзат баласының “тегіс бақытты болуы...” (“Социализм”. Ақынның бұл мақаласы барлық жинақтарында жарияланып келеді“ ретінде танып, біледі. Егер қазақ халқы тегіс бақытты боламын десе онда адамзат баласы осы уақытқа дейін жасаған ілім, білім, мәдениет аз жылда меңгеріп, адамзат керуеніне жедел ілесіп кетуі керек дейді ол. Адамзат тарих керуені, адамзаттық мәдениет көшіне ілессудің қиындығын да жасырмайды. “Адамның жаратылғаннан осы мидария болса, тамшыдай таныстығы аз жұрттың бірі біздің қазақ” – деп жазады ол. Сөйте тұра қазақ білім аламын, ғылым үйренемін десе Еуропа деңгейіне жиырма-отыр жыл ішінде жетуі мүмкін. “Еуропа жұртының қазақ халіндей халінен мыңдап жылдарды өткізіп барып жеткен осы күнгі біз сұқтанатын халіне қазақтың жетуіне мыңдап, жүздеп жылдар кеерк емес, ондап, жиырмалап, көп болса отыздап жылдар керек. Еуропа халқының көп

жылда жеткен жеріне біз де аз жылда жетеміз. Себебі: олардың даярлап салып қойған жолымен барамыз”, – деп жол көрсете сөйлейді ойшыл.

Мәдениет жолына түсу үшін қазақ өзінің ұлттық табиғатына сай келетін үлгіні үйлестіріп ала білсе – ұтатынын да айтқан ақын. “Егер де қазақ Европаның даяр жолына түспей өз беттері, өз алдарына жол жасауын тосып отырса, Европа қатарына кірудің алыстығы сонда болар еді”, деген пікірде көп мән бар. Ақын социализмді Европа мәдениетінен тысқары, өз алдына оқшау тұрған қоғам формасында танымайды, европалық мәдениетті елдермен тығыз бірлікте дамитын жаңа, жетілген қоғамдық жүйе ретінде танып, солай насихаттайды.

Мына қызыққа қараңыз. “Адам баласының ауыр күн көрістен құтылып бақытты болуына себеп болатын Европадағы ғылымды мен екі жікке айырып ұғамын, бірі – дене азығы, бірі – ар азығы” – деп біледі. Және “дене азығы” мен “ар азығы” ара-жігін былайша айырып түсіндіреді. “Дене азығы дегеніміз, осы күнгі адам баасының жеңіл күн көруіне себеп болып жүрген саймандар білімі; мысалы: пароход, от арба, телеграмма, телефон, ұшатын аэроплан, көліксіз электрик яки пар қуатымен жұмыс атқаратын машина, тағы-тағы сондайлар... Дене азығы дегеніміз бұлар болса, ар азығы дегеніміз - әділдік. Осы соңғы ар азығы - әділдік табылмаса, басқа дене азығы өнерлердің көбеюімен жалпы адам баласының күн көрісі ауыраймаса, жеңілеймейді, бақытсыздығы көбеймесе, азаймайды”, – дейді ол. Демек, ақын социалистік қоғамда ғылым-техниканың дамуы мен кісілік-ізгілік дамуы өзара үйлесім табуы кеерк, әйтпесе адамзат баласы өзі тапқан техниканың құрбанына айналады деп біледі. Ақын тану, асыл ой! Кероек болса, әділдік үшін құрылған социализмнің құлауы - әділетсіздіктен болды деп бүгін айта аламыз. Социализмді құрған халықтар бір-біріне әділ бола алмады. Ақын айтқандай ғылым-техникасы (айталық атомы) адамзат баласын бақытты етуге қызмет ете бермеді.

Өзінің талап-тілегі жөнінен С.Торайғырұлы бір жағынан Жүсіп Баласағұн, Әбінасыр Фараби секілді қайырымды қала тұрғындары, әділ әкім хақындағы утопиялық ойды дамытушы, екінші жағынан Жан Жак Руссо, Л.Н. Толстой секілді өркениет дамуын көзбен көрген ағартушылар идеясын жалғастырушы, жақтаушы. Қалай болғанда да ақынның жаңа қоғамнан адамзатқа қажетті үйлесім іздеуі, ізгілік талап етуі – жанға жайлы-ақ. Бұлы С.Торайғырұлының социализмді түсіну, түсіндіру мақсатымен бірге жаңа қоғамдық жүйеге өз тарапынан талап қоя білушілігі. Өз замандастарынан ақынның оқ бойы озық тұрғанының белгісі.

Қырық бунақ сөздің қыл-қысқасы, Сұлтанмахмұт социализмді өнер-білімі жетілген, ізгілік-кісілігі молыққан жақсы, жайсаң қоғам бейнесінде көреді. Осыдан үшінші бір ерекшелік туындайды: ол – ақынның социализмді Кеңес өкіметінде бар қалпында ғана көрмей, келешекте көркейе ме деген үлкен үміт, тәтті қиялмен дамыта, байыта көре білуі, сезіне білуі. Социализм идеясын тек қазақтық деңгейде ғана алып қарамай, бүкіл адамзаттық биіктен,

күллі адамзат мәдениеті, өркениеті тұрғысынан қарауы – С.Торайғырұлының үлкен табысы, орасан ойшылдығының кепілі.

Сонда қалай, Сұлтанмахмұт социализмді абстактылы мағынада түсініп-түйсінген бе? Жоқ. Сұлтанмахмұт бұл ретте жалпыдан жалқы туғызушы, жалқыны ұластыра ой түюші ойшыл. Мақала бір жағынан ақынның қанатты қиялы, орасан білімін көрсетумен бірге қазақтың перзенті райында ұлтжандылығының кепілі. Ол жазады: “Ар азығынсыз құр өнердің өсуімен басқалардың бақытты бола алмағаны секілді, келешекте қазақ та бақытты бола алмайды” – деп. Шикізатын беріп,өзі ғылым-техника жетістігіне ие бола алмай, өскен ғылым-техникадан әділет көре алмай еңіреп отырған қазақтың бүгінін болжай айтқан пікірдей емес пе, бұл жолдар?

Әрине, “Социализм” толық жазылып аяқталмаған мақала. “Бұл туралы төменде социализм мәселесіне кірген уақытта жазармын” – деген сөздер жұмбақ күйінде қала береді. Не жазбақ болды екен ақын? Ақын аман болғанда, социализм принциптерін саралай жазар ма еді, қайтер еді? Өзі көрген социализмнің көзі көрген сорақылықтарын теориялық және практикалық деңгейде толғар ма еді, қайтер еді? Бұлай деуіміздің өзіндік сыры бар. Ауыр сырқаттың меңдегеніне қарамай Сұлтанмахмұт елдегі кедей-кепшіктің көзін ашу, болыстық сайлауларда жарлы жақыбайлардың есесі кетіп қалмасын деп жанұшырып күрескен. Сөйткен кедейлер жеме-жемге келгенде Сұлтанмахмұтты сатып, байлармен ауыз жаласып кеткен. “Жығылған үстіне жұдырық” дегендей, өзі сырқат Сұлтанмахмұтты қинаған мәселенің бірі – халыққа жақсылық ойлап, жанашырлық істеп – қайтарымына нәлет алуы болатын. Бұл қасіреті жайында ақын: “Ревкомға сайлануға бұл жақтағы жуандар Николай заманына кем ұмтылған жоқ”, – деді. Міне жеткізем деп жүрген кедейіңнің оянғаны”, – деп қынжыла жазған екен.

Егер С.Торайғырұлы “Социализм” атты мақаласына қайта оралғанда осындай көңіл-күй әуендері де біраз ықпал етер ме еді? Кім білсін?

Сұлтанмахмұт қоғамдағы әрбір өзгерістен үміткер болған, халқымның қолын теңдік, бостандыққа сол жеткізеді деп білген, бірақ сенімі ақтала бермеген, аяқталмасын сезген сайын өзін-өзі жегідей жеп, қатты қиналған, “адастым” деп күйзелген ақын. Социализм – ақынның кезекті үміті еді. Ақын көңіліндегі үміт ақталды ма, жоқ па, ол жағы беймілім. Өз басым сірә да ойлап көрмеген ақын қоғам бойындағы әрбір жаңалық – халқыма жақсылық болып оралса деп бар жан-тәнімен тіледі. Тәтті тілек, келешек үмітпен жүреді. Әйтпесе, өз жайы - өзіне мәлім ғой... Алда суық топырақ күтіп тұрғанын өлең, поэмаларында, елдестеріне жазған хат-хабарларында әрдайым айтып отырған.

Қалай десек те, қазақтың ұлы ақыны – Сұлтанмахмұт Торайғырұлы социалистік жүйені өзінше түсінді, өзінше саралап, ой толғады, өз талаптарын қоя білді. Социалистік жүйені тек қазақтық аяда ғана емес, адамзаттық деңгейде толғады. Оған куә - ұлы ақының өмір жолы, қам-қаракеті, өлеңдері, әмсе “Социализм” аталатын қоғамтанушылық мақаласы.

“АЙТЫС” ПОЭМАСЫ НЕГЕ АЯҚТАЛМАҒАН?

Ғасыр басында өмір сүріп кейінгі ұрпаққа ағылып-төгілген жыр қалдырған, өлең жолдарынан еңсесі биік зәулім сарай салдырған, тың ойларымен көңіл сусынын қандырған біртума ақын жиырма жеті жас жасады, соңына мәңгі өлмес бай мұра, асыл қазына, бірнеше дастандары мен жүзден аса өлеңдерін қалдырды. Соның ішінде біздің тоқталайық деп отырғанымыз – осы уақытқа дейін архив қоймаларында жатып, жарыққа шықпай келген “Айтыс” дастаны.

Сұлтанмахмұттың поэзия саласында шығар биік шынары – ақындықтың алапат күшін танытар асқақ та төкпе өлең жолдарынан құйылған “Айтыс” дастаны. “Айтыс” яғни дала ақыны мен қала ақынының айтысы өзгеше бітім тұлғасымен, сыртқы қалып, ішкі мазмұнымен сол кезеңде туған шығармалар ішінде мен мұңдалап шоқтығының биіктігімен ерекше көзге түсетін қастерлі мұрамыз.

Ә, дегенде сен кімсің, – деп сұраған қала ақынына дала ақынының:

Мен қазақ, қазақпын деп мақтанамын,
Ұранға “алаш” деген атты аламын.
Сүйгенім – қазақ өмірі, өзім – қазақ,
Мен неге қазақтықтан сақтанамын. –

деп жауап беруінен көңіліне өз ұлтына деген сүйінішпен қатар қаяулы күйініш те енгізетін жолдар екені даусыз. Қазақ бола тұра, қазақ елін сүйе тұра қазақтықтан сақтану елін сүйген азаматтың бетіне салынатын қара салық. Кеңес өкіметінің жалған идеологиясына малданып жүріп, бәз біреуіміз қазаққа сөйлеу тұрсын өзімізді қазақ деуге намыстанатын едік. Жиылыста ортаға шығып қазақша сөйлеуді қойып, көшеде өз тілімізде жөн сұрауға ұялғанымыз ащы болса да шындық. Міне, кемеңгер осыдан ондаған жыл бұрын немен мақтану, неден сақтану керек екенін тайға таңба басқандай тап басып айтып кеткен. Екінші қала ақынының сүйсінетін, жүрек сүйіп иетін нең бар еді деген сұрауына:

Сүйдіріп жүрегімді тартқан менің,
Сарыарқа, сары дала – туған жерім.
Көк күмбездің астындла көк масаты,
Сәулемен алтындаған сары белім, –

деп басталатын жолдардан ақынның туған жеріне деген ыстық махаббаты аңғарылады. Адамның өзін емес жүрегін тартуы, жай аспан емес “көк күмбез аспан”, масаты кілемдей шалғынға орнаған жер, жай сары бел емес сәулеге шағылысып көздің жауын алатын сары бел ақынның өлең жазудағы

шеберлігінің бір қырын байқатады. Мұндай мысалдарды дастан бойынан жүздеп келтіруге болады. Туған жердің әсем табиғатын дала ақыны:

Ақ орда, ақ бәйбіше, қара саба,
Алдыңда қымыз толып тұрған шара.
Ертеден кешке дейін мейман күткен,
Алмастан бір тиын да тамашама.
Маңғаз бай дастарханы көпке жеткен,
Келген кісі үйректей жүзіп кеткен...
Қонақ үшін арналып бір жеке ақ үй,
Қара саба тұрады иындаған, –
Деп қазақ елінің қонақшыл екендігін білдірсе:
Нашарға көшсе – көлік, қонса тамақ,
Бәріне де жарқын жүз, түзу қабақ.
Не берсе нашарлығы үшін берер,
“Қызмет қыл” деп тұрмас тиын санап.
Қыдырса нашарларын қасына алып,
Бір табақтан ас жейді бірге барып.
Жасы үлкенді сыйлайды төрге отырып,
Болса да қандай нашар, қандай кәріп.

Бұл жолдар біз осы уақытқа дейін байларды кедейдің қанын сорғыш, еңбегін жеген, жатып ішер, тойымсыз жан деген “дұғамен” сіңген ойымыздың шәт-шәлекейін шығарады. Ойымызды тиянақтай түсу үшін 1906-жылы Омбыда Әлихан Бөкейханұлының күш салуымен шыққан Мұса Шормановтың қазақ өмірі, тірлігі жайында жазып берген байқауларына тоқталайық. “...Кедейлерге сүтін ішуге сиыр, қой берілсе, мініп жүруге ат беріледі. Сонымен қатар жазғы уақытта 50-ге дейін сауын бие байлайтын қазақтар кедейлермен бірге көшіп-қонып жүргендерді қымызбен қамтамасыз етеді”. Немесе “Қазақтардың ең сүйікті сусыны қымыз дайындатып өздері ішуімен бірге қонақтарды бай, кедей деп немесе жас, кәрі деп бөлмей бәріне береді. Бұл қазақтардың жақсы дәстүрлерінің бірі”. Бұл жолдарды қалай бағалау әрқайсымыздың өз еркімізде болғанымен “өтірік пен шындықтың екі ортасы төрт елі” деген халқымыздың қағидасын ескерсек бәрі айқындала береді. Ақын әрі қарай бастапқы дәстүрмен хан, бек, билердің өз мезінде ел ортасында алған орнын, олардың мақсат-мүддесін де ерекше шабытпен жырлап өтті, қаланың Мекен (Мекапар) сияқты тілмаштың паракорлығын:

Сөзімді жеткізуге тақсыр Мекен,
Бір атты азырқанбай алар ма екен, –
деп ой шеберлігімен екі-ақ жолға сыйдыра салады.

Ақын ел қорғаны болған батырлардың, сөз ұстаған ақындардың, емші тәуіптердің, дін иелерінің халқына істеген еңбегін де сақан сүйіспеншілікпен толғайды. Соның ішінде ақындарды:

Айқай сап домбыраны қағып-қағып,
Сонан соң көзді жұмып кеткен ағып.
Сол кезінде көрінер кеткендігі,

Еріксіз бір қуаттың билеп алып, –
деп жырлауы адам бойында көзге көрінбес, табиғаттың белгісіз бір күші бар
деген оймен ұштастырып жатыр.

Айтыстың қызығына түсіп, ары жылжысақ қазақтың құдіреттілігін
танытар ел философиясының алтын дінгек қазығы – мақал-мәтелдерге
тоқталамыз. Енжіл мен Құрандағы біреуге жамандық істеме, зұлымдыққа
жақсылық ет деген насихат уағызды қазақтың “Қылышты сұғып байқа өз
саныңа, өз саның ауырмаса, біреуге сал”, “аспен ат, біреу таспен атса сені”
дегені Маркстің жерді, елді басқаруды кедейлер қолына алып беру саясатын
“Мың сіз бізден бір шым-мыж артық”, “Өз етігің тар болса, дүниенің
кеңдігінен не пайда” деп, сатыстыра отырады.

Байқасаң, қазақтың өзінде бар,
Дүниенің генийлігі – пайғамбары, –
Дейді. Дала ақыны сөзін қорытындылай келіп:
Өз сүйген қалыбымда қалмақ үшін,
Өз жолыммен ілгері бармақ үшін.
Елді, жерді бір майлы жем қылмауға
Қалаңның салған жауыз қармағы үшін.
Еркімді, елдігімді жұттырмасқа
Алашқа автономия алмақ үшін.
Азаматым аямас орны келсе,
Жан қиын, сарп қылуға қуат үшін, –

деп, Алаш үшін арпалысып өтпек ойын нақтылайды. Алаштың қорғар ел
азаматтарына сенім артады.

Сұлтанмахмұттану ғылымында орасан зор еңбек сіңірген ғұлама ғалым
Бейсенбай Кенжебаев ағамыз 1961-жылы шыққан “20-жылдардағы қазақ
совет әдебиеті” кітабында “Айтыс” дастанын талдау келіп, “Дала ақынын
сынай отырып, ол кейде өзі де қателеседі. Мысалы: ол қазақтың ертедегі
тұрмысын, салтын, қалпын сынай отырып, өзі соған іш тартып отырады”, деп
айтуы, әрі қарай Сұлтанмахмұттың буржуазияшыл – ұлтшыл көзқарастардан
толық арылып болмағаны жайында жазуы сол кездегі “заман талабынан”
туған сөздер.

Ендігі жерде қала ақынынң қалай далаға яғни қазақ қауымына іш
тартуы жайына тоқталайық. Біріншіден, қала ақыны дала ақының мысын
баса, тұқырта:

Сендей ме ел болатын елдің түрі?
Айтасың өтіп кеткен бұрынғыны, –
Деп алып ел болу үшін:
Бірінші – ел болуға намыс керек,
Мал жанды намыс үшін салыс керек...
Қайнаған намыс үшін жүрек бар ма?
Бұрқ еткен бір ауыздан тілек бар ма?
Ел болып еркін жасап кетпек үшін,
Ынтымақ, бірлік деген күшің бар ма?

Десе, екіншісі:
Бірлік қып бір ауызға қарау керек
Оның әмірін парыз деп санау керек.
Алаштың барлық күші, барлық малы,
Бір қолдан керегіне тарау керек.
“Бар” десе от ішіне бару керек,
“Қал” десе, оқ астында қалу керек, –

деген жолдар бойында намысы бар азаматтың жігерін отпен қамшылар уытты сөздер.

Ақылдың күші қаруға қараған шақта ел қамын ойлаған халқымыздан шыққан зиялы азаматтар сол кезеңдегі соғыс, соғыс құралдары жайында хал қадірінше түсінік беруге тырысқан. Қала ақыны да осы ойды шыңдай түседі.

Лайық ел болуға ісің бар ма?
Намыс, ғылым, ынтымақ, күшің бар ма?
Пушкасы, пулеметі, улы газы
Қолыңда даяр тұрған күшің бар ма? –

деп, қазіргі көтеріліп жатқан қазақ әскері жайындағы сұрақты алға тартқан.

Ие, қала ақыны дала ақынына іш тартады, қайғысыз-қамсыз күніне карап мұң айтады, жоғын жоқтайды.

Павлодар педагогикалық институтының оқытушысы Айтмұхамбет Трущев дін, тіл, теңдік, әскер жайында айта келіп “Айтысты” “Қазақ мемлекетінің конституциясы” – деуі дастанға берілген әлі ешкім айта қоймаған жоғары баға.

“Айтыс” дастаны аяқталмады. Дастанның аяқталмауы неіктен, әлде шынымен ақынның өмірі жетпеді ме? Осынша шабытпен жырлап келген ақын неіктен:

Бұл күнде далаң ауру ем іздемей,
Баяғы сау заманын жатыр әндеп..., -

деп кілт тоқтай қалды деген ой кімді де болса мазалайды. Дегенмен, айтыстың аяқталмауынан да ақынның құдірет-көріпкелдігі танылады. Себебі, қала мен дала ортасындағы айтыс ғасырдан ғасырға ұштаса бермек. Ақынның ойы аяқталған жоқ. Ақынның үзілген өмірі келер ұрпақтан осы айтыстың жалғасын іздейді. Сұлтанмахмұт салған жол мәңгілік қозғалыста ақын есімімен жалғаспақ.

Мүсілім МҰСАҒИТОВ,
әдебиет зерттеуші, ақын

// Сарыарқа самалы. – 1993. – 1-11 б.

САЯСИ ТҰЛҒАЛАРҒА АҚЫНДЫҚ КӨЗҚАРАС

С.Торайғыровтың осы уақытқа дейін жарық көрмей келген “Таныстыру” поэмасы туралы бірер сөз

Ұлттық сөз өнерінде соны соқпақ іздеп, сол ізгі мақсат жолында көзінің тірісінде-ақ “ұлтшыл”, “алашшыл”, “алашордашыл” атанып, шығармалары қатаң сынға ұшыраған Сұлтанмахмұт Торайғыровтың “Таныстыру” поэмасы – оның көркем туындыларының ішіндегі ерекше мәнді шығарма. Жалпы, шығармашылығына үңіле қарағанда да бұл ақынның тұңғыш поэмасы дер едік.

Шығармаға негізінен арқау болған кейіпкерлер – ХХ ғасыр басындағы алаш баласының жанашырлары, елдің азаттығы үшін күрескен қолбасшылары - Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Х.Ғаббасов, Ә.Ермеков, Ш.Құдайбердіұлы секілді тұлғалар. Бұл азаматтардың және поэмадағы басқа да қазақ зиялыларының өмірбаяны, өткен еңбектері бүгінгі күні ұлттық тарихымызға жақсы белгілі. Поэманың мазмұнын тереңдей барласақ, осы ғасыр басындағы уақыт шындығы, қазақ қоғамында болған өзгерістер, ұлт қайраткерлерінің партия құру жөніндегі күресі сияқты келелі жайлар қозғалады.

Поэманың ұзын арқауы екі адамның диалогы арқылы берілген. Олар: “оқыған”, яғни, зиялы қазақ пен оқымаған “қара қазақ”. Бір қазақты бұлай бөле-жара қарау, әрине, ақындық көзқарас пен траным тұрғысынан десек те, мұның түп негізінде ақиқатқа бастар ақ жолды тану, болашағы бұлдыр қазақ қоғамына дұрыс бағыт-бағдарды анықтау жатыр. Мұнда сондай-ақ аумалы-төкпелі заманға тағдыры тап келген ақынның іштей соны соқпақ іздеп арпалысқан жан дүниесі де көрініп тұр. Сол жолда көңілі тоқтаған көркемдік шешімге келсек, бұл диалогтық тәсіл ақынның ақиқат ойын жеткізуде өз-өзін ақтап, оны адастырмас ақ жолға салып тұр.

Сұлтанмахмұт суреттеуінде “қара қазақтың” да соншалықты қаражаяу адам емес екені байқалады. Ол алашқа белгілі тұлғаларға деген көзқарасын ашық танытып, “оқыған” қазақтың ойына қосылып қана қоймай, оны толықтырып отырады. Оқыған қазақ Халел мен Әлімханға мінездеме беріліп, таныстырған кезде қара қазақ та өз ойын жасырмайды.

Тұрғаны рас екеуінің сөзге де ағып,
Шын сөзіне босамас жүйке неғып?
Семейдің съезінде екеуі ғой,
Кісі тыңдар сөз айтқан құлақ салып.

Бұл тек бір ғана “қара қазақтың” ойы емес, сол съезге қатысып, сөзін тыңдаған мыңдаған қазақтың ойы.

С.Торайғыров ғасыр басындағы қазақ зиялыларына баға бергенде өзі өмір сүріп отырған заманын сараптап, іштей өз-өзімен сөйлеседі, сырласады. Бұл жерде оның ойы екі адамның кейпінде, екі адам тұрпатында көрініс береді. Сауал тастап отырған “қара қазақ” өзімен жасы шамалас жас жігіт емес, егде тартқан тіпті қарт адам деуге келеді.

Туғанда құдай иіп мұндай заман,
Сұрайтын бір сөзім бар сенен, балам.
Тап біздің осы Семей облысының,
Көшбасшы адамдарын айтшы маған.
Біз-дағы жоспарлайық өзімізше,
Десе де түк білмейтін қазақ надан.

Ақын қаншалықты “қара қазақ” десе де екінші кейіпкердің сұрақ қойып, сауал тастауында ойлылық, салмақтылық басым.

Басымда ол қарағым тұр ғой дайын,
Тек ұзақ өмір берсін бұл құдайым.
Білемін бұл үш ердің айтпай жайын.

“Бұл үш ер” туралы толық білетінін, олардың ұлт үшін еткен еңбегі күллі алашқа мәлім екенін, қазақ халқының өз ішінен шыққан шын мәніндегі зиялы қауымын жоғары бағалап, құрмет тұтатынын “надан” қазақ “оқыған” қазаққа өз әлінше жеткізіп бағады. Осының өзінен-ақ сол уақыттағы саяси тұлғалардың ел ішіндегі беделі ғана емес, нағыз болмыс-бітімін ақын қарапайым қазақтың сөз саптауы, ой-санасы арқылы аша түскен.

С.Торайғыров біз сөз етіп отырған “Таныстыру” поэмасында халқына басшы болар, дұрыс жол сілтейтін, шын жаны ашитын адамдарды елге насихаттауды көздеді. Сөйтіп, ол дүние ала тайдай бүлініп, ел ақ пен қызылға бөлініп, топ пен тапқа жіктеліп, кімнің кім екеніне көздері жетпей дал болған шақтағы халқына жөн сілтеуді мақсат етті. Оқыған зиялы қауым ішінде де неше алуан көзқарас, ой-ниет барын бағамдаған ақын жаны әрі-сәрі күй кешкені де айқын. Көзі ашық азаматтардың біразымен Сұлтанмахмұт бірге қызмет істеді. Ақында көп жылдар бойы зерттеп жүрген ғалым А.Еспенбетов “Сұлтанмахмұт Торайғыров” атты еңбегінде: “Р.Мәрсековпен Семейдегі қазақ комитетінде Сұлтанмахмұт бірге істегендіктен жетістік, кемшіліктерін жетік білген” (С.Торайғыров, А., “Ғылым”, 1992, 154 б.) – деп жазады. Сұлтанмахмұттың Х.Ғаббасов, Ә.Ермеков, Ш.Құдайыердіұлы, ерлі-зайыпты Нұрғали және Нәзипа Құлжановтар сияқты тарихи тұлғаларға қалай баға бергені жайында А.Еспенбетов тәптіштеп жазғандықтан біз бұл мақалада бас айырып ой қозғауды артық көрдік. Тек, әлі де зерттеле қоймаған кейбір саяси кейіпкерлерге тоқталдық.

Ақынның оқыған қазақ қалпында сын көзімен қарайтын тағы бір адамы – сол уақытта ел ішіне мәлім Жақып Ақбайұлы. Ол туралы “Абай” энциклопедиясында: “Жақып Ақбайұлы (1876-1934) – Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыс жетекшілерінің бірі. Қазақ халқынан шыққан тұңғыш право магистрі. Санкт-Петербург Императорлық университетінің заң факультетін алтын медальмен бітірген... Алаш автономиясы бас прокуроры қызметіне ұсынылған. Кеңес өкіметі тұсында 1919-1928-ж. Семей губревкомында, Сырдария облыстық сот мекемелерінде қызмет істеді. 1922, 1927-жылдары репрессияға ұшырап, Воронежге жер аударылған. 1909 ж. Петербургта Абай өлеңдері жинағының басылуына көп көмек көрсеткен (“Абай” энциклопедиясы, А., “Атамұра”, 1995, 66-67 б.)” – деген жолдар бар.

Қара халық соңынан қалай ерерін білмеген қасіретті кезеңде Сұлтанмахмұт жоғарыдағыдай зиялы қауыммен аралас-құралас болды. Барлығының іс-әрекеті көз алдында өтті. Сондықтан да сезімтал да сенгіш, сұңғыла ақын сол кезең шындығына сай өз таным-түсінігі биігінен тарихи тұлғаларға әлеуметтік-саяси портрет жасады. Поэманың өлмес құндылығы да осында. Кезінде большевиктік идеология сынына ұшырап, қырына ілініп, қапасқа камалған көркем дүниенің терең мазмұны, салмақты тіні бүгінгі ұрпақты бейжай қалдырмасы тағы шындық. Ең бастысы – қаын берген тарихи баға мен психологиялық портреттің түп тамыры “оқымаған” қазақ қозғаған халықтық көзқараспен желі тартып жатқанында. Сондай-ақ Сұлтанмахмұт осы халықтық ой-сезімді жинақтай келіп, қайраткерлерге деген ақындық ақиқатын, ақындық аңсарын ашады. Поэмада саяси-тарихи тұлғаларға баға беру арқылы ақынның өз тұлғасы да барынша биіктей һәм айқындала түскенін байқаймыз. Саяси-тарихи тұлғаларға түстеп берілген шынайы ақындық көзқарастың өткірлігін мойындаймыз.

Мақпал ОРАЗБЕК,
филология ғылымдарының кандидаты

// Ақиқат. – 1998.-№2. – 93-94 б.

СҰЛТАНМАХМҰТ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ НАҚЫШТАР

Фольклор халықтың ғасырлар бойындағы көркемдік ақыл-ойының жемісі, бұлақ көзі. Сол бұлақтан сусындап, өмірлік нәр, қуат алмаған бірде-бір ақын, жазушы жоқ шығар. Ұлтымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов өзінің Абай туралы монографиясында: “...туған халқының ауыз әдебиеті қорында сақталған мұрасынан нәр алып, сол арқылы өз поэзиясын көркейтті”¹ деп жазды. Шынында да ауыз әдебиеті мен оның дәстүрлері қашан да болмасын үлкен әдебиет үшін негіз, нәр алар жанды өзегі болып қала береді. Жазба әдебиеті қанша дамығанмен өзінің туған топырағынан қол үзіп кете алмайды.

“Талайлар ұмытылып қалды деп өкінгенмен, әлі де болса ауызда аман қалған әдебиетіміз бір елдің жазба әдебиетіне негіз болуға жарарлық, – деп жазды Мағжан Жұмабаев. - Өзінің ауыз әдебиетін негіз қылмай ешбір елдің жазба әдебиеті өркендемей емес. Біздің жазба әдебиетіміз ауыз әдебиетін негіз қылуға міндетті. Жазба әдебиетіміз негізді, берік өз еліміздің әдебиеті боламын десе, өзіміздің ауыз әдебиетімізге қайтуға міндетті”².

Қазақ жазба әдебиетінде фольклорлық сюжеттерге шығарма жазу дәстүрі бұрыннан бар. Осы дәстүр ХХ ғасырдың басында күшейе түсті. Қазақ әдебиетінің ірге тасын қалаған ақын-жазушылардың шығармаларынан кең орын алды. Осы тұрғыдан алғанда ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі ерекше тұлғалардың бірі – Сұлтанмахмұт Торайғыров дер едік. Ақынның алғашқы биографы, әйгілі суреткер Жүсіпбек Аймауытов: “...Сұлтанмахмұт жас ақындардың ішіндегі бір күшті ақын еді. Өнер-білім сәулесін аңсап, құлаш ұрып, кедейлік, жоқшылық зарын шегіп, жауыз тұрмыспен жанталасып, алысып, жеңе алмай, мерт болды. Тірі жүрсе, өзі айтқандай “қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болғандай” от-жалындай зулаған болат қайрат, құрыш жігердің, кекті жүректің ақыны еді”³, - деп жазды.

Сұлтанмахмұт шығармаларын саралап көрсек, ақынның өз тұсындағы ақын-жазушылардан ерекшелігін көреміз.

Ақын өзінің саналы өмірін:

Шындықтың ауылын іздеп түстім жолға,

Разымын не көрсем де осы жолда.

Шаршармын, адасармын, шалдығармын

Бірақ бір табамын деп, көңілім сонда, –

деп бастады.

Өмір бойы осы берген сертінен таймай, жарғақ құлағы жастыққа тимей өзіне, халқына өнер мен білімнің, еркіндік пен бақытың жолын іздеді. Талантты ақын әдебиеттің әр жанрына қалам тартты.

¹ Әуезов М. Әр жылдар ойлары. Алматы, 1959. 208 б.

² Жұмабаев М. Шығармалары. Алматы, 1989. 340-341 б.

³ Аймауытов Ж. Ашық хат // Еңбекші қазақ. 1926. 19 қараша.

Әлбетте, халық мұрасын қай заманда да өз шығармаларына арқау етуді көркем сөз шеберлерінің ешқайсысы артық деп санамаса керек. Солардың қатарында Сұлтанмахмұттың алатын орны ерекше.

Салт өлеңдері – көне заманда туып, ел арасына кең тараған халықтың мәдени қазынасының бір түрі. Сол көнелік себебінен де бұл өлеңдер көп дәуірді кешіп өткен, біреуден біреуге, қрпақтан ұрпаққа айтылып келген. Қазақ халқының өмір-тіршілігін, әдет-ғұрпын әңгімелейтін болған.

Тұрмыс-салт өлеңдерінің көне түрлерінің бірі – жар-жар. Халық болған жерде үйлену, сол тойға арналған ойын-сауық, тойсыз болмайды. Жар-жар осы ойын-тойдың айрылмас серігіндей өмір сүріп келеді. Егер жар-жардың ескі нұсқаларына зер салсақ, көпшілігі өзінің сүймеген адамына – еріксіз шалға сатылып кетіп бара жатқан қыздың мұңы мен зары.

Жар-жар өлеңінің әрбір шумағы бейнелі параллелизм үлгісімен жасалады. Сонымен бірге әр шумақтың соңғы жолдары алдыңғы екі жолымен өзінің ішкі мән-мағынасына орай байланысып отырады.

Қыз:

Текеметтің шет бауын оя тұрсын, жар-жар-ау,
Той басына ту бие соя тұрсын, жар-жар-ау,
Мен шешеме айтайын “әкеме айт” деп, жар-жар-ау,
Мені десе биылша қоя тұрсын, жар-жар-ау.

Ал, Сұлтанмахмұттың “Қамар сұлу” романындағы жар-жар өзгеше. Мұнда жар-жар шығарма оқиғасымен тұтасып, ерекше әсер береді.

Кетпес қына таулардың тасында дүр, зар-зар,
Кетпес қайғы Қамардың басында дүр, зар-зар.
Нұрым ақсақ жорғалап қасында дүр, зар-зар.
Алжымаса, кәрі емес, дәл елу-ақ жасында дүр, зар-зар.
Күйек сақал Нұрымның иегінде, зар-зар
Ит мұрындай тікендер жиегінде, зар-зар
Түсі суық қоңыздай, жеп семірген доңыздай,
Кеспеге қара жоқ шығар сүйегінде, зар-зар.

Өлең сарказмға толы. Байлығы мен билігіне сенген Нұрымды қатты әшкерелейді, оның сезімсіз топастығын, күшіне сенген тағылық мінезін бетіне басады. Ашынған Қамардың сөзі өткір, бүркемесіз мысқылға толы. Сөйтіп, ақын шығармасындағы жар-жар әдет-салтқа қарсылық білдіру сияқты және Қамар сияқты көзі ашық, көкірегі ояу қыздардың атынан айтылған қарсылық қатал үкім дәрежесіне дейін көтерілген. Өлеңнің қайырмасына жар-жар аталмай зар-зар аталуы да осы терең мазмұнымен байланысты.

XX ғасырдың бас кезінде адамгершілік идеясы әдебиет пен қоғам алдында ерекше қойылып, күрделі-күрделі туындылар сала бастаған кезде қазақ қыздарының ауыр тағдырына аяныш сезімін ғана білдіріп келген жар-жар заңды құбылыс, сондықтан да ол тек әдет-салт күйінде қала алмады. Бұл өзгеріс Сұлтанмахмұт сияқты сол кезеңде бұл тақырыпқа қалам тартқан басқа ақындардың шығармаларында да көрініс тапқан.

Сұлтанмахмұт шығармаларында сыңсу да өзгеше орын алған.

“Сыңсу” өлеңдері ұзатылған қыздың тойы тарқап, ұзатылар алдында өзінің ауыл-аймағымен, құрбы-құрдас, жақын туыстарымен қоштасу ретінде айтылады. Бұл – туған атасымен қоштасып, жат жерге, жат үйге кететіндігін әбден мойындап айтқан қыздың ақырғы сөзі, ақырғы мұң-арманы⁴. Сыңсудың бірнеше нұсқалары өткен ғасырда жарық көрді. Бұлардың ішінде академик В.В. Радлов жариялаған сыңсу өлеңдері,ғ міне былай болып келеді.

Қара суға қаз барады,
Анасынан айрылып қыз барады.
Қара суға қан құйсаң ағар, кетер,
Жат кісіге қыз берсең алар, кетер.

Әдетте қыздар бұрыннан белгілі сыңсуды айтпай, өз сөздерімен айтуға тиісті болған. Сұлтанмахмұттың “Ауырмай есімнен жаңылғаным” атты әңгімесінде дәстүрлі сыңсуды кездестіреміз.

Алты жыл қимай күткен қайын атам!
Мынау ма сонда берген алғыс, батаң?
Өлсем де отқа күйіп, суға түсіп,
Қойнына мылқау иттің қайтіп жатам?
Алты жыл қимай күткен, қайын енем!
Қай жерде қайтқаны бар көңілің менен?
Қайныңның өзі түгіл атын айтсаң,
Шошиды селк-селк етіп барлық денем.

Ақын сыңсуды мазмұны жағынан ғана тереңдетіп қоймай, қызметін де біраз өзгерткен. Жастай күйеуі өліп, балаларын бағып отырған жас келіншектің әменгерлік салтпен еріксіз қосылуға қарсылық білдірген жесірдің зарына айналған.

Адам өмір сүргеннен бері өмір мен өлім туралы түсініктер бірге жасап келеді. Өмір қандай жақсы болса, өлімнің соншалықты жамандығы және одан қашып құтылудың мүмкін еместігі талай ғасырлар бойы келе жатқан мәселе. Қай хылықтың көркем-өнер тарихына, әдебиетіне, поэзиясына көз салсақ та, осы шындықты көреміз. Қазақтың халық поэзиясында жоқтау, естірту, қоштасу деп аталатын тұрмыс-салт жырларының түрлері бар. Бұлардың әрқайсысың өзіндік шарттары мен қызметтері, көркемдік ерекшеліктері мен айтылу өзгешеліктері бар.

Бұл қайғы-зар, жылау-сықтау, естірту секілді қазақ халқының көңіл-күйі сатынан туған. Мұң-шер өлеңдері баяғы замандардан бері ел аузында сақталып келеді. Салт бойынша естірту, көңіл айту жырлары жанынан шығарылып айтылады.

Осы аталған өлең түрлері кейінгі кезеңде де өз жалғасын тауып жатты. Әсіресе XX ғасырдың басындағы қазақ поэзиясында жоқтау өлеңдерінің нұсқасы мол. Бірақ бұл жоқтаулардың халық поэзиясындағы жоқтаулардан айырмашылығы әйелдердің дауыстап, өлген адаммен қоштасар тұста айтылуына лайықталып шығарылған жоқтаулар емес. Сондай-ақ айтыла сала

⁴ Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы, 1960. 1-том. 117-117 б.

ұмыт болмайтын дүниелер. Ал жазба әдебиетінің принципін өзі шығарылған тындының өміршең болуы мен халық арасына кең таралуы. Ұлы Абайдың баласы Әбдірахманға, інісі Оспанға арнаған жоқтаулары жазба әдебиетіміздің осы саладағы баға жетпес үлгілері болды.

Патша құдай, сыйындым,
Тура баста өзіңе.
Жау жағадан алғанда,
Жан көрінбес көзіме.
немесе,
Я, құдай бере көр,
Тілеген тілекті.
Қорқытпай орнықтыр,
Шошынған жүректі.

Абай інісі мен баласына шығарған жоқтауларында ежелден келе жатқан дәстүрді бұзбай, фольклорлық жоқтаудың заңдылықтарын сақтаған. Әсіресе, оның Оспанға шығарған үш жоқтауының екеуі. Әбдірахманға арнаған сегіз жоқтауының – төртеуі фольклор поэтикасына негізделіп жазылған⁵.

Әдебиеттің кейінгі кезеңдерінде жоқтаудың бұл түрі біраз өріс алды. Кейін мұндай өлеңдерде адамға, досқа деген адал махаббат, оның тірліктегі үлгілі істерін мадақтау сияқты жайлар айтылады.

Сұлтанмахмұт өзінің досының өлімі туралы “Мейірімсіз ажал” өлеңінде:

Көңілге қайғы у салып,
Көзден жасты парлатқан.
Жүрекке жара дақ салып,
Жанды ашытып зарлатқан.
Уытың күшті ажал-ай!
Дегеніне жеткізбей,
Қанатын ұзын қайырған.
Бірді-бірден айырған
Мейірімсіз, шіркін ажал-ай! – дейді.

Мұнда ажалдың мейірімсіздігі мен мезгілсіздігі, арманына жете алмай қапыда кетуі, артында қалған тірі адамның қабырғасын қайыстырар қайғы – бәрі де әсерлі баяндалады. Бірақ мұндай сипаттаулардың қайсысы болсын кейінгі кездердегі өзгеру принциптерін танытқанымен, тақырып жағынан жоқтаудың қай кезеңде болсын жоқтау болып қалатындығын дәлелдейді.

Ақынды бала күнінде көрген шөбере інісінің естелігінде мынадай жолдар бар: Менің әкем Сұлтанмахмұттан 3 жыл бұрын өлді. Мен әкем өлгенде 7 жаста едім. Әкем өлгенде шырылдап жылай бердім. Бір күні: “Сен бет алды шырылдама, онан да мынау өлеңді айтып жыла!” деп үйреткені мынадай болатын:

⁵ Қасқабасов С. Абай және фольклор. Алматы, 1995. 14 б.

Түспейді жазсам жазу қара тасқа,
Ауырлық түсті биыл біздің басқа.
Биенің құлынындай жараушы ем,
Айрылдым мен әкемнен жеті жаста.
Не жаздым жеті жаста жылатқандай,
Көз жасты дария етіп бұлатқандай.
Мейлі бұл жылаудан өлсем-дағы,
Кімім бар басым сүйеп уатқандай...⁶

Бұдан кейін біз ақынның шешендігіне, сөз шебері екендігіне еш күмән келтіре алмаймыз.

С.Торайғыров қазақ халқының ауыз әдебиетін, әсіресе, мақал-мәтелін орынды, өте жоғары бағалаған. Осыдан болуға тиісті, өз шығармаларында ол қазақ тіліндегі ғасырлар бойы жасалған сөз өрнектерін, мақал-мәтелдерін өте көп пайдаланған. Сұлтанмахмұтты қазақтың бұрын-соңды ақын-жазушылары ішіндегі өз шығармаларында мақал-мәтелді ең көп қолданған жазушы деуге болады⁷.

Мақал-мәтелдер ғасырлар бойғы халық өткен ұзақ өмірдің бір шежіресі. Мұның шежірелік құндылығы мен өзгешелігі – халықтың бірнеше ғасырлық өмір тәжірибесі мен көркемдік даналығын шебер астастырып, көздің қарашығындай сақтап, алмастай асыл аз сөзбен түйіндеуінде.

Мақал-мәтелдер қай заманда да поэзияның сусындар бұлағы, нәр алар арнасы болып келеді. Біріншіден, мақал-мәтелдерде талай жылдар бойы қалыптасқан көркем ұғым, түсінік, жанды бейне сақталып отырады. Екіншіден, мақал-мәтел аз сөзге көп мағына, белгілі бір ойды ықшамды түрде, ұтымды, өткір етіп жеткізетін кестелі сөз. Осы екі түрлі қасиетімен мақал-мәтел қай заманда да поэзияның үйренер, тағылым алар мектебі болып қала береді.

Сұлтанмахмұттың ақындық тәжірибесінде мақал-мәтелдердің кейбір үлгілерін сол күйінде қолданумен бірге форма жағынан оны өз поэзиясының рухына қарай бағындыруы байқалады. Осының өзі ақынның зор талантын танытса керек.

Мұның нақты мысалы қазақ әдебиетінде Абайдан басталады. Ұлы ақынның “Еңбек етсең емерсің” деген мақалын “Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей” деп өзгерткені белгілі.

Ал Сұлтанмахмұт болса:

Білесіз бе, жолдастар!
Ертең қандай боларын?
Ектік талай егінді
Білесіз бе орарын? –

деген өлеңінде халық аузындағы “Не ексең, соны орасың” мақалын келтірген.

⁶ Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы, 1965, 2-том. 349-350 б.

⁷ Кенжебаев Б. Әдебиет белестері. Алматы, 1986. 243 б.

Сұлтанмахмұттың ақындық тәжірибесінде мақал-мәтелдердің қолдану орны әр түрлі. Жоғарыдағы мысалда ол өз ойын халықтың зор адамгершіліктен, махабатты, жастықты, өмірді қадірлеуден туған десек, енді бірде өмірдегі шындықты көрсетеді.

“Бар болса әмеңгері жесір кетпес”

Дейтұғын ескі ғұрып кесімі бар.

немесе

“Жесір ерден кетсе де, елден кетпес”

“Қыздың басы бес байтал” деген рас

Сорлы қыз, әке сатса, малша көнбек.

(Жарқынбай)

Ақын осы мақал-мәтелдерді орынды пайдаланған, өз ойын ұзақ баяндап, дәлелдеп жатудан гөрі халықтың бейнелі де жинақты, әсерлі нақыл сөздерін қолданған.

Сұлтанмахмұттың қазақ мақал-мәтелдерін мейлінше көп және жетік білгенін, түсініп, бағалағанын, сондай-ақ оларға қалыптасқан тұрақты көркемдік құрал ретінде қарап, қажетті жерінде үнемі пайдаланып отырғанын көреміз. Ақын қолданған мақалдардың мағыналық (ирониялық, сарказмдық, өнегелік, шыншылдық т.б.) нюанстарының молдығы мен тереңдегі көрінеді.

“Халық айтса, қате айтпайды” деген сөзбен,

Танысқалы жазамын, естіп жұрттан.

(...ға)

“Тас – түскен жеріне ауыр...”

(Жарқынбай)

“Қамар сұлу” романынан: “Таң атпайын десе, күн қоймайды”, “Теңі келсе, тегін бер”, “Суға кеткен тал қармайды”, “Соқыр тауыққа бәрі бидай”, “Күле кіріп, күңірене шығады”, “Асын ішіп, текеметін тіледі”, “Ит үреді, керуен көшеді”, “Айран сұраған шелегін жасырмайды”.

“Кім жазықты” романынан: “Қарғайын десем жалғызым”, “Салақтықты сыныққа сылтау қылып, Әжібай сабаушы еді дүркін-дүркін”, “Қорлыққа ұрлық түбі айналмас па?”, “Айдаса жаудікі, ысқырса желдікі”.

Кейде Сұлтанмахмұт өлеңінің ұзын шумағын тұтас тек қазақ мақалдарынан қиыстырады.

“Заманың түлкі болса, тазы боп шал”.

“Қылышты соғып байқа өз саныңа

Өз саның ауырмаса, біреуге сал”.

“Аспен ат, біреу сені таспен атса”.

“Торғай артық жердегі – қолыңдағы,

Ұшып жүрген тырнадан әуедегі”.

Бұл үзіндіде көбінесе Сұлтанмахмұт қазақтың сөзін бастапқы қалпында, тұлғасын көп өзгертпей қолданған мақал-мәтелдер келтірілді. Ол қазақ мақал-мәтелінің көбін осылай өз қалпында қолданған да, біразын өзінше өңдеп, өткірлеп алған. “Түйедейді көрмейді, түймедейді көреді” деген мақалды:

“Өзінің түйедей мінін көзі көрмей,
Біреудің түймедейін іздеп табар”, –
 (“Жарқынбай”)
деп келтірген.
“Сегіз қырлы, бір сырлы” деген мақалды,
“Тоғыз қырлы, тоқсан сырлы”, –
деп алған.
“Айран ішкен құтылды,
Шелек жалаған тұтылды” деген мақалды
“Тұтылып шелек жалап тамам нашар,
Әлділер құтылысты айран ішкен”, –
 (“Кім жазықты?”)

деп қиыстырған.

Сұлтанмахмұт халық арасына кең тараған осындай мақал-мәтелдерді таңдап, іріктеп пайдаланған. Ол өзінің негізгі тақырыбына сай келетін мақал-мәтелдерді халықтың өмір сүріп отырған ортаның тұрмысын, дүниеге көзқарасын, ойын көрсетіп беретін дәрежеге жеткізген.

Сонымен қатар ақынның тек мақал-мәтелдерді пайдаланып қоймай, солардың негізінде жаңа сөз тіркестерін, мақал-мәтел, нақыл болып айтылатындай етіп жасаған сөз құрамдарын көреміз.

Шындықтың ауылын іздеп, түстім жолға,
Разымын не көрсем де осы жолда.
 (“Ендігі бет алыс”)

Кесені қолыма алып қарай бердім:
Ішінде нақақ көзден жас бар ма деп.
 (“Бір адамға”)

Дүние дәрі у екен,
Мені алдаған қу екен.
 (“Лағнет бұлты шартылдап”)

Жасамаймын еңбектің
Жемісін көзбен көрем деп.
Жасаймын бір қолқабыс
Кейінгіге берем деп.
 (“Неге жасаймын”)

Мақал-мәтел көрегендік, сезгіштіктен, түйіндеуге шеберліктен, келістіріп, мәнерлеп айтудан туады. Қилы-қилы өмір құбылыстарына бойлап, оның сыр-сипатын көңілге бірден ұялайтын көркем бейне, теңеу тауып ықшамды, тұжырымды етіп суреттеу – мақал-мәтелдің ең бір басты қасиеті.

Халықтың ғасырлар бойы өзі жасаған шешендік сөздері бізге өмірдің сан алуан асуларынан өтіп жеткен. М.Горкий айтқандай: “Халық тек заттық мұра жасайтын күш емес, ақыл-ой мұрасының да қайнар көзі”. Шешендік сөздер сол қайнар бұлақтың түбіне тұнған таза меруерт деуге болады. Шебер айтылған ақыл, нақыл сөздер – жаратылыста, қоғам өмірінде болған өзгеріс, құбылыстарды байқап айтылған халық ойының жемісі. Халық өз ортасы туғызған асыл мұра – шешендік сөздерді ауыз әдебиетінің басқа түрлері сияқты өңдеп, өзгертіп сақтап келген⁸.

Шешендік сөздер ауыз әдебиетінің басқа түрлері сияқты ауызша шығып, ауызша тараған. Көп жасаған қарт, білімді, тәжірибелі аждамдардың аузынан шыққан аталы сөз, ақылды ойлар халықпен бірге жасап, үнемі жаңғырып, жасарып отырған.

Шешендік сөздер көркем әдебиетімізде үлкен орын алатын ақын-жазушылар поэзиясында да өзіндік із қалдырған.

Қазақ поэзиясының тарихындағы ең ірі тұлғалардың бірі Бұхар жырау толғауларының берер әсері өзгеше.

Айналасын жер тұтқан
Айды батпас деменіз,
Айнала ішсе, таусылмас
Көл суалмас деменіз.
Құрсағы құшақ байлардан
Дәулет таймас деменіз⁹, -

Деген сияқты толғаулар шешендік өнердің ұзақ өмір сүретіндігіне күмән келтірмейді.

Қазақ әдебиетінің тағы бір күрделі өкілі Махамбет өлеңдерінде шешендік сөз поэзиясымен аралас, астарлас жатады.

Арғымақтың баласы
Аз оттар да, көп жусар,
Тарлаудан татқан дәні бар,
Азамат ердің баласы
Аз ұйықтар да көп жортар.
Дұшпанға кеткен ары мен
Барымтаға түскен малы бар, –

дегендей шешендік сөздер мен мақал-мәтелдер Махамбет жырларының өн бойынан табылып отырады.

Сұлтанмахмұттың мына өлеңі шешендік сөздің сол кезеңдегі үлгісі дер едік. Бұл Сұлтанмахмұттың елдегі жастарды өнер-білімге тарту мақсатымен

⁸ Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы, 1960. 1-том. 143 б.

⁹ Ай, заман-ай, заман-ай. Алматы, 1991. 1-том. 104 б.

“Шоң серіктігін” ұйымдастыруға жәрдем бермеген Шорманның Садуақасына айтқаны:

Шоң, Шорман едік,
Бір-бірімізге қорған едік.
Шоңның, Торайғырдың көк жапырақтары,
Бұтағына келіп қонған едік.
Ойымызға қарай біз де:
“Кім келіп, кім кетпеген ауыл едік”
Деп бауырлығыңды білдірмей,
Арқанның жауырлығын білдірдің.
Шоң, Шорманға бастамасаң да,
Ілтипатыңнан тастамағаныңа рахмет!

Шешендік сөз, көбінесе, белгілі бір оқиғаға байланысты кенеттен туып, күтпеген нәтижеге жеткізеді. Оның күші мен құдіреті де, жанрлық ерекшелігі де осында. Ақынның бұл өлең жолдары заман тынысы мен қайшылықтарды көрсетумен бірге ақын творчествосына тән өткірлік пен нақтылықты көрсетеді.

Шешендік сөз мақал-мәтелге тән өнегелік, өткірлік, көркемдік, нақтылық сипатқа жеткенде ғана өзінің жанрлық формасын тауып, ұзақ өмір сүруге жолдама алды¹⁰.

Қазақта өлең немесе шешендік сөзбен айтылатын батаның түрі көп. Қонақтың үй иесіне, дастархан иесіне берер батасы, күйеуге шығар қызға берілер бата, жолаушыға айтылар бата бәрі бір жақсы тілек тілеуден туады. “Жақсы сөз – жарым ырыс” деп түсінген қазақ жақсы айтылған батаны кішігірім алғыс, абыройдан кем көрмеген.

“Бата – біреуге алғыс бергенде айтылатын сөз. Батаны ақсақал адамдар айтады. Батагөй шалдар – бас табақты тартуға алып келгенде де, асты әкеп болғанда да бата қылады. Көбінесе бата тамақ жеп болған соң істеледі”, – дейді әдебиет зерттеушісі Ахмет Байтұрсынов¹¹.

Мысалы:

Құдайым жарылқасын, бай қылсын,
Төрт түлігін сай қылсын!
Кетпес дәулет берсін!
Кең пейіл берсін!

Қазақта бата берудің екі түрлі мағынасы бар. Бірі – алғыс, оң бата, екіншісі – қарғыс, теріс бата¹².

Ал күнделікті өте жиі қолданылатын мынадай қысқа баталар: “Көп жаса”, “Көсегең көгерсін”, “Жағың түспей жамандық көрме”, “Жорытқанда жолың болсын”, “Тәңіріңнің нұры жаусын”.

Кейінгі дәуірлерде бұл жанрға діннің, басқа құбылыстардың араласуы орын алды. Бірақ әдебиет өрістеп, көркейген кезеңде бұл жанрдың қайта

¹⁰ Дербісалин Ә. Дәстүр және жалғастық. Алматы, 1976. 63 б.

¹¹ Байтұрсынов А. Шығармалары. Алматы, 1989. 256 б.

¹² Уахатов Б. Алтын бастау. Алматы, 1993. 75 б.

түлеп, өзіне лайықты бағасын қай кезеңде болсын алары сөзсіз. С.Торайғыровтың “Бір баланың тілек батасы” деген өлеңі сол дәуірдегі бата өлеңдерінің қайта өрлеуін танытқандай.

Оқыт бізді әкетай,
Қам көңіл болсын жай.
Надандықтан құтқарып,
Қуанта көр, құдай-ай!
Көңіл менен көзді ашып,
Уанта көр, құдай-ай!
Аяңдардың пітінесін,
Суалта көр, құдай-ай!

Бұл әдеттегі бата өлеңдерден сыртқы айырмашылығы жоқ өлең. Бата өлеңдерге сәйкес 7-8 буынды шұбыртпалы ұйқас түрінде жасалған. Ал, мазмұны мен сөз қолданысында өзгешелік бар. Өлең ауыз әдебиетінде кездесетін бата өлеңдеріндегідей “қолдасын”, “оңдасын”, “ жаусын”, “болсын”, “берсін”, т.б. сөздер жоқ. Бала өзіне-өзі тілек тілейді, яғни бар мақсаты, тілегі оқу, білім алу. Өлеңде бата өлеңдерге лайық тілек-ниетпен қатар, барша тыңдаушы, оқушы қауымға тың ой салу, жаңалыққа үндеушілік сипаты басым. Сөйтіп, Сұлтанмахмұттың замандастарының шығармашылығынан көруге болады.

Сұлтанмахмұттың өз халқының бай мұрасын үлгі тұтып, өз шығармаларына арқау еткендігі оның ауыз әдебиетінің қай жанры болмасын өзгермейтін, қатып қалған канон емес, оның үнемі өзгеріп, жаңарып, толыға беретіндігін дәлелдейді. Халық поэзиясының дәстүрі - өміршең құбылыс. Әрбір халықтың поэзиясы мен поэзиялық дәстүрі арқылы оның қандай халық екенін тануға болады. Талай жылдар бойы ауыз әдебиеті дәстүрлері негізінде тамаша туындылар пайда болып, кейінгі кезеңдерде қайта жаңғырып, нәр алып халықтың алдына келгені айқын да қанық шындық.

Жанар АХМЕТОВА,

филология ғылымдарының кандидаты

// ҚР ҒМ-ҒА Хабарлары.

Тіл, әдебиет сериясы.-1997.-№3. – 49-58 б.

МҰХТАР ӘУЕЗОВТЫҢ ЕСТЕЛІГІНЕН

Сұлтанмахмұт 1916-жылы Катонқарағай жағынан қайтып, Томскіге оқуға кетерде біраз уақыт Семейде тұрды. Осы орайда Семейде қазақ оқығандарының бір жиналысы болып, онда июнь жарлығы туралы мәселе қаралды. Жиналыста кейін алашорда басшаларының бірі болған Халел Ғаббасов “Қазақ” газеті сілтеген бағыт бойынша:

-Патшаның жарлығына қарсы болмау керек, майданға жігіт беру керек, – деді.

Сұлтанмахмұт шығып, Халелге сөйледі:

-Майданға жігіт бермеу керек. Ел көтерілгелі отыр, сендер кейін тартпаңдар, – деді.

-Сонда Халел Сұлтанмахмұтқа қатты кейіді, ұрсып тастады.

Сұлтанмахмұт тұрып:

-Сен сияқты сарала түйме таққан төренің қазақ елін алғаш сатқаны бұл емес. Бұрынғыны аз деп, сен тағы сатқалы отырсың ғой! – деді.

* * *

1917-жылы ақпан революциясынан кейін Семейде алашордашылардың бір үлкен жиналысы болды. Жиналыс ақырында түрлі мәселелер жөнінде секциялар құрылды. Біз, Сұлтанмахмұт бастаған біраз жастар оқу-ағарту, әйел теңдігі мәселелерін қарайтын секцияға ендік. Секцияның жиналысы жаңа басталған кезде үйге Семейдің үлкен ұлама-ишандарын ертіп, қаланың сәудегер байлары кіріп келді. Жиналыс бастығы:

-Бұл не? Сіздерге не керек? – дегенде, ұлама-ишандарды бастап келген бір кісі:

-Әйел мәселесі қаралады дегенге келдік. Бұл мәселе шарифат жолымен шешілуге тиіс. Мына ишандарды сол үшін әдейі ертіп келдік, – деді.

Жиналыс бастығы соған тоқырап, көнгендей болып еді, Сұлтанмахмұт орнынан ұшып тұрып:

-Жоқ, бұларды жиналысқа қатыстыруға болмайды. Бұған дейін қазақ тарихында ең зиянды элемент болып келгендер осылар. Жиналысқа бұлар қатысатын болса, біз – жастар қатыспаймыз! – деді.

Осыдан кейін байлар мен ишандар үйден шыға жөнелді. Жиналыс басшылары Сұлтанмахмұттың бұл қылығын жақтырмай қалды.

* * *

Сол 1917-жылы қыстыгүні Сұлтанмахмұттың ауруы тіпті күшейіп кетті. Дәрігерлер, достары оның жатып емделгені, қымыз ішкені жөн болар деп тапты. Осы ретпен Сұлтанмахмұт Шыңғыстаудағы біздің ағайдың үйіне барып, қысырақ байлатып қымыз ішіп, бір айдан артық уақыт жатты. Сонда жатқанда мен бір жолы оған көңілін сұрай бардым.

Сұлтанмахмұт өте саналы болушы еді. Ол ауруым жұртқа жұқпасын деп, қатты сақтанады екен.

“Аурумын, емделіп жатырмын” демей, кітапты көп оқиды екен. Төсегінің екі жағында көптеген классик ақын-жазушылардың, ақыл-ой кемеңгерлерінің кітаптары үйіліп жатыр еді. Солардың арасынан Л.Толстойдың, С.Надсонның, Бакуниннің, Плехановтың шығармаларын көзім шалды.

Мұхтар ӘУЕЗОВ

Сұлтанмахмұт Торайғыров: Екі томдық
шығармалар. Алматы: Қазақтың Мемлекеттік
Көркем Әдебиет баспасы, 1962. 2 том. 235-236 б.

ӘЛІМХАН ЕРМЕКОВТЫҢ ЕСТЕЛІГІНЕН

1916-жылдың күзінде Том қаласына (ол кезде біз қазіргі Томск қаласын осылай атайтынбыз) сырқатын емдетуді және орысша оқуды арман етіп Сұлтанмахмұт келді. Менің Таутехнология институтында оқып жүргенкезім еді. Ол Томға келісімен мені іздеп тапты. Әрине, мен Сұлтанмахмұтты “Айқап” журналы бойынша бұрыннан білетінмін. Ол сол өзімнің ұғымымдағыдай жігіт болып шықты.

Сұлтанмахмұт маған шу дегеннен-ақ ұнады, себебі ол алғаш көріп отырған адамым ғой, бірінші рет кездесуім ғой деп тартынбайды екен: ашық сөйлеп, ішкі сырын, саяси түсініктерін именбей жайып салып отырды. Ол кезде қазақ даласында ұлт-азаттық көтеріліс жүріп жатқан. Шай басында осы жайында әңгіме қозғағанымызда, Сұлтанмахмұт:

-Сіз сағынғандықтан ба, әлде патша әміріне қарсы шыққандардың жағдайын жете білгіңіз келгендіктен бе, әйтеуір менен елдің халін көп сұрайсыз. Сонда сіз соғыс майданына қазақтардың жігіт бергенін жөн деп ойлайсыз ба? – деді.

Оның сұрақтары нақ, дәл және пікірлі болушы еді.

Мен былай дедім:

-кім білсін, бермесең өз жерінде қырады, ауыл-аймақ, бала-шаға бірге кетеді; берсең майданда қырылады, онда ел аман қалады. Бірақ жігіттерсіз елде не сән қалады? Ендеше беру де жақсы емес. Мұның өзі бас шатыстыратын нәрсе. Менің елмен, қазақ оқығандарымен байланысым шамалы, олардың не істеп жатқандарын, не ойлайтындарын мен білмеймін.

Сұлтанмахмұт ішінде бір құпиясыр бардай біраз ойланып отырды да мынаны айтты:

-Иә, қырылыстан бұлайда-бұлайда қашып құтылуға болмайды. Бірақ күреске шыққандардың өз жерінде тірегі де, күші де мол болады ғой.

-Сен күш көрсетуді жақтайсың ба? – дедім мен.

-Жақтаймын, бірақ ақылды күш болу керек, – деп, Сұлтанмахмұт тағы да терең ойға шомды. Тегінде ол халық, бостандық жайын айтқанда ашына, кобалжи, қайғыра сөйлейтін адам болды ғой деп ойлаймын.

Сұлтанмахмұт “Орыс тілінсіз ғылым, мәдениет жоқ қой” дей отырып, келген сырқатын емдету жайынан гөрі осы жағын баса айтты. Мен ол кезде өзім институтта оқи жүріп, қалада тұратын еврей, орыс балаларына орыс тілінен жалданып сабақ беретінмін. Олар әжептеуір ақша төлеп тұрды. Мұны білген Сұлтанмахмұт бір күні:

-Орыс тілі бұларға өте қажет болғанда, бізге тіпті қажет қой. Мен “нан сұрарлық болса жетеді” дейтін орыс тілі үшін емес, үлкен кітаптарды оқи, түсіне алатын, реті келген жерде орысша жазып жіберетін орыс тілін үйренгім келеді, – деді.

Мұнысы – маған оңдап оқыт, көп үйрет дегендегісі еді. Мен Сұлтанмахмұттың бұл тілегін өз шамамша орындап бақтым. “Кедей”

поэмасының эпиграфын орыс тілінде жазуы осының нәтижесі ме деп ойлаймын.

Мен Сұлтанмахмұттың талабына өте разы болдым. Бірақ ең әуелі каладағы атақты бір терапевтіге көрініп, емделуін мақұл көрдім. Біз бұл мақсатымызға да жеттік. Сонда әлгі дәрігер Сұлтанмахмұтты емдегені үшін 50 сом ақша алды. Ақшаны төлегенде Сұлтанмахмұт қатты күйініп:

-Бұл не деген сұмдық! Жақсылықты ақшаға сату адам үшін ұят емес пе? – деді.

-Оған үкімет ақша бермесе, дәрігер не істемек? – дедім мен.

Сұлтанмахмұт түсінді:

-Мен ақшамды аяп немесе дәрігерді кінәләп тұрғаным жоқ. Бүкіл адамға ортақ әрі өте қажет жақсылықтар бар ғой. Мәселенки, емдеу, оқыту сияқты. Осылар тегін болуы шарт емес пе? Өйткені, біріншіден, әркімнің де аурсы емделгісі келеді, екіншіден - әркімнің де оқығысы келеді. Ал осыларға жаңағыдай қымбат еңбек ақы алатын болса, соған үкімет душар етсе, онда әлгі әркімдердің бәрі бірдей жаңағы жақсылықтарды көре бермейді ғой. Менің де көп сандалуым мен жүдеушілігімнің күре тамыры осында жатыр, – деді.

Сұлтанмахмұттың бұл сөзі маған ұнады, бірақ мен де сол тұста жалданып бала оқытатын адам болғандығымнан көңіліме алыңқырап:

-Мені де қинамай, тегін оқыт дегенің ғой, – деп күлдім.

Сұлтанмахмұт кенет ойлана қалып, артынша мынаны айтты:

-Құдай сақтасын. Менің пікірлерімнің бір шеті келешекте жататын сияқты. Жасым кіші болса да, мен сізден өтінейінші – менің жаңағыдай сөздерімді өзіңізге қарай бейімдей бермеңіз. Мүмкін, мені сынап көргіңіз келетін шығар, онда рахмет айтамын.

Мен кідірместен жауап қаттым:

-Жақсы. Бірақ мен сабақ оқытқаным үшін де, сынағаным үшін де ақы алмаймын.

Сұлтанмахмұт үндемеді. Бірақ кейініректе:

-Мен сізді тегін оқыту жолына қарай бастадым ғой деймін. Менің сізге ақша төлеуімде қазақшылық та, туыстық та жоқ екеніне сеніңіз, – деді.

Сұлтанмахмұт Томда өлең, шығарма жазумен шұғылдана қойған жоқ. Мұның екі себебі болды: біріншіден, ол түгелдей орыс тілін үйренуге біріліп кетті, екіншіден, денсаулықты да сақтау қажеттігін мен үнемі ескертіп отырдым.

Сұлтанмахмұт өте алғыр еді, әрі оқығандарын өзінше ойластырып барып қабылдайтын. Ол бір қыстың ішінде орыс грамматикасын, әсіресе синтаксисі мен этимологиясын жете меңгеріп алды. Орысша жақсы сөйлемегенімен, жазуға, ұғынуға келгенде өте жетік болып шықты. Ол менің үйімнен Л.Толстойдың, Руссоның тағы басқа саяси брошюра кітаптарын оқып жүрді және оларды терең түсінетін еді.

Сұлтанмахмұт қыс ортасында қаражатсыз қалды. Мен оған көмектесіп тұрдым. Ол көбінше біздің үйде болды. Сөйтіп жүргенде февраль

революциясы болды да, март айында екеуміз де Семейге кеттік. Оның жол қаражатын мен көтердім.

Семейде ол алашорда құрған қазақ комитетінің кіші хатшысы, ал мен жер мәселесі бөлімінің мүшесі болып істедім. Комитеттің бастығы Омбыда оқыған Райымжан Мәрсеков дейтін еді. Сұлтанмахмұт мұнымен шу дегенде-ақ келіспей жүрді, тіпті ұрсысып, төбелесуге шейін барды. Анығын айту керек, екеуін райластырып, Сұлтанмахмұттың біраз жүріп қалуына мен себепкер болдым. Сұлтанмахмұт мені ұстазым деп жүгіне сыйлап, тілімді алатын еді. Ақыры ешбір жылы сөзге жүгінбей, менің де тілімді алмай 1918-жылдың ақпанында еліне кетіп қалды. Осыдан кейін мен де ала көңіл бола бастадым. Ақыры алашорда басшыларына жақпай, 1918-жылғы земство сайлауына да шақырылмай қалдым.

Сұлтанмахмұтта, менің байқауымша, жалпы адамгершілік, әділдік, адам ғұмырының ұзақ болуы, бақыт, теңдік сияқты гуманистік тілектер басым еді. Ол қандай мәселе жайында әңгіме қозғасақ та, ылғи осы тұрғылардан қарайтын, белгілі бір партия жолын берік ұстанбайтын сияқты еді. Рас, Сұлтанмахмұтта идеялық нысана берік болды, бірақ ол идея белгілі бір саяси ағымға, партияға берілгендіктен емес, халық мүддесінен, өз сенімдерінен туып жататын. Осыған қарағанда, мен Сұлтанмахмұттың қоғамдық бағыты да, саяси көзқарасы да, партиясы да әділдік пен бостандық па деп ойлаймын.

Сұлтанмахмұтта ұлтшыл деген пікірлер де болған сияқты. Менің ойымша, ұлтшылдықты адамның болған жерінен, оның солармен аралас жүруінен, онда қызмет істеуінен емес, беталысының жалпы бағытынан, ішкі дүниесінен іздеу керек. Осы жайды ескергенде, Сұлтанмахмұт ұлтшыл болып шықпайды. Сондықтан ол бес-алты ай ұлтшыл болды, кейін түсінді де безіп кетті деу қисынсыз. Өйткені, идея жолындағы адамның сырт әрекеті заман түріне қарай өзгергенімен, ішкі мүддесі сол күйінде қалмақ. Оны өзгерту үшін көп уақыт, тарихи жағдайлардың тұтас бір жүйесі қажет.

Әрине, адамға мінездеме беру үшін, онымен ұзақ уақыт бірге болып, іштей де, сырттай да араласып кету керек. Ал мен Сұлтанмахмұтпен бас-аяғы бір жылдай ғана бірге болдым, оның өзінде де Сұлтанмахмұттың істес, сырластығынан гөрі шәкірттік мінезі басым еді. Ол өзін менің алдымда тұйық ұстайтын, өйткені, сыйлайтын.

Алайда, сол аз уақыттың ішінде мен Сұлтанмахмұттан ерекше бір қасиетті аңғардым, ол өткір сабырлылық. Мен осы - өткір сабырлылықты оның шығармаларынан да көремін.

Әлімхан ЕРМЕКОВ

1960, 11-июнь

Сұлтанмахмұт Торайғыров: Екі томдық шығармалар.
Алматы: Қазақтың Мемлекеттік Көркем Әдебиет баспасы, 1962.
2 том. 254-257 б.

ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАННЫҢ ЕСТЕЛІГІ

Махмұтты еске түсіру

Сұлтанмахмұт еш уақытта да өз айтқанынан басқаға көңісі келмейтін. Мен бала кезімде Сұлтанмахмұтты екі рет жолықтырдым. Ұзын бойлы, құбаша жігіт еді. Ауылға келгенде, өзін басқадан жекелеп, ылғи ойға батумен, бір мәселелерді іздеумен уақытын алатын. Сұлтанмахмұтта ешбір жеңілтектік, бос сөзге үйір болу деген жоқ еді. Ол оқымаған жай халықтың өз арасында отырса да, ылғи мәдениет мәселесі туралы әңгіме айтып отыратын.

Екінші жағынан, Сұлтанмахмұт ауылда жүргенде дәйім адамның мінезін, психологиясын сынап, көңіліне жақпаған адамдар туралы отырған жерінде бір-екі ауыз өлең жазып қалдырып отыратын. Сұлтанмахмұттың бұл тәрізді жазған өлеңдерінің көбі оның шығармаларына кірмеген сияқты.

Сұлтанмахмұттың дүниеде жек көргені арамза бай мен залым болыстар еді. Бір жыл жаз күні, мен әлі күні ұмытқаным жоқ, менің ауыл мектебінде оқып жүрген бала күнім еді. Махмұтты көруге бір көршілес ауылға бардым. Онда Махмұттың менімен ісі жоқ, тек жиналған халықтың алдында империалистік соғыс жайында оларға әңгіме айтып отырғанын көрдім. Бір уақытта Махмұт пен біз қарайтын елдің болысы өзінің шабарманынан хат жіберіп, “біздің үйге келіп, қала жайынан әңгіме айтсын” деп Махмұтты шақыртыпты. Махмұт хатты оқып болған соң болыстың шабарманына ашуланып қарады да:

-Мен Поштай ауылына барып сауын айтатын шапқыншы емеспін, әңгіме іздеген кісі өзі келер! – деді.

Махмұттың бұл сияқты еркін сөзі ол кезде жат болатын. Махмұтты тыңдап отырған жұрт қуанарын да, қорқарын да білмеді. Бірақ есіктен шығып бара жатқан болыстың шабарманы өзінің әдетінше:

-Шоқпыттың баласы, бұл да кісі болған екен! – деді.

Махмұт осы сияқты бірегей айтатын сөзін бөгеп қалмайтын турашыл болғандықтан, оны қалың бұқара өте жақсы көруші еді.

Махмұт жүрген жер әрқашан ижын, базар болып, оқуға талпынған жас жігіттердің көбі оның төңірегінде жүретін.

Махмұтты ең соңғы рет 1919-жылы көрдім. Онда Махмұт аурудан әбден арықтап жүдеген. Мен ол кезде ашық еш нәрсені айырмайтынмын. Оқуға түсе алмай, Керекуде Мәшһүр-Жүсіптің Әмен деген баласының үйінде жатыр едім. Бір күні Сұлтанмахмұт келді. Әменмен сөйлесіп отыр:

-Үміт деген нәрсе қашан да болса адамның серігі ғой, мен ауруымды жазып, сендермен бірге қызмет істегім келеді, – деді.

Әмен ол кезде қазақтан шыққан большевиктердің бірі болатын.

Сұлтанмахмұт менің жайымды сұрап, орысша оқып жүргеніме қатты шат болып, біздің ауылға бір бара алмай кеткеніне өкінді. Бұдан кейін Махмұтты көруге болмады.

Марғұлан ӘЛКЕЙ

1940, 22-май

Сұлтанмахмұт Торайғыров: Екі томдық
Шығармалар. Алматы: Қазақтың Мемлекеттік
Көркем Әдебиет баспасы, 1962. 2 том. 237-238 б.

ШӘЙБАЙ АЙМАНОВТЫҢ ЕСТЕЛІГІ

Мен Сұлтанмахмұтпен жастан бірге өстім. Сәби шақтағы сатыр-сұтыр ойынды да, бала кездегі әліппиден басталатын оқуларды да бірге өткіздік. Екеуміз екі жаққа оқуға кеткен, екеуміз екі жаққа қызмет істеген уақыттарда Сұлтанмахмұт екеуміз үнемі хат жазысып, достық, туыстық сезімдерімізді білдіріп отырдық. Сұлтанмахмұттың ең қиын шақтарында қаражат жағынан болсын, емдеу жағынан болсын қолымнан келгенінше көмек көрсетуге тырыстым. Ол қатты ауырған кезде Омбы қаласынан оқып алған дәрігерлік білімімді, тәжірибемді Сұлтанмахмұттан аяғам жоқ. Сұлтанмахмұттың өзінде, өлеңдерін де мен өте жақсы көруші едім. Сол себепті ме қалай, оның көптеген мінезі мен істері, өлеңдері мен сөздері менің есімде қалыпты. Соның ең нақты дегендерін айтып беруді борышым деп санадым.

Мен жас кезімде тұрымтай ұстауды, оған торғай, бөдене ілгізуді қызық көруші едім. Кей күндері Мақышпен (ол кезде Сұлтанмахмұтты еркелетіп Мақыш дейтін) бірге ойнамай, өз бетіммен тұрымтайыма торғай, бөдене ілдіруге кетіп қалып жүрдім. Өйткені, Мақыштың өзі мен шақырғанда бұл қызыққа бармайтын, маған ермейтін. Бір күні, жалғыз қалғанына ызаланды ма әлде басқа ойы болды ма, мен тұрымтайымды қолыма ұстап отырғанымда, ол жаныма жетіп келді де, қолымдағы тұрымтайды шапалақпен тартып жіберді.

-Тұрымтайыма неге тиісесің?! – деп мен ренжідім. Сонда ол томсырая, кәдуілгідей салмақтана түсіп мынаны айтты:

-Сенің тұрымтайың зорлықшыл, жыртқыш! Соны біле тұрып сен оған кіп-кішкентай кінәсіз құстарды жәбірлетесің. Мен сол үшін оны ұрдым.

Сұлтанмахмұт тарс-тұрс ашулануды білмейтін, жәбірге көнбейтін ақылды бірбеткей еді. Мұқан молдадан оқып жүрген кезімізден оның осы мінезіне қызығып, біз Сұлтанмахмұтқа әдейі ызаландыру үшін жабылатынбыз. Бірақ онан сайын ерегісіп, оны түйебас қылуға шейін баратынбыз. Кейде Сұлтанмахмұттың бір жерлері ауырып та қалатын. Біздің бетімізді қайтармақшы болған Сұлтанмахмұт бір күні әкесіне ақ шоқпар істетіп алады да, сабаққа келгенде бізге көрсетпей бір ала келіп, қардың астына тығып қояды. Сабақ біткен соң, біз әдеттегідей асыр салып, Сұлтанмахмұтты ортаға ала бастадық. Сонда Сұлтанмахмұт шегіншектеп барып, қар астына жасырып қойған әлгі шоқпарын суырып алып, бізге қарсы қасқая тұра қалып, сол арада қолма-қол мына өлеңді айтты:

Кәнекей, енді бәлем тиші маған!

Шоқпармен бір-ақ салып басың жарам.

Бәріңді дүркіретіп қуып тастап,

Үйіме батыр болып жалғыз барам.

Бұл өлеңді біздер сол арада жазып алдық та, шоқпарын тартып алып сындырып тастадық. Ол еш ренжіген жоқ. Кейін бұл өлеңді бүкіл бала жатқа айтып жүрді.

Бұдан бұрынырақ кезде, Сұлтанмахмұт екеуміз қыстың сары аязында ойнап жүрген кезімізде, мен байқамай оның ескі тұмағының құлағын жұлып алдым. Сұлтанмахмұт біраз үндемей тұрды да, мені жақын кел деп шақырып алып, мына өлеңді айтты:

Тұмағымның құлағын,
Жұлып алдың, не түсті?
Үсиді-ау енді құлағым,
Міне, суық жел есті.
Не деп айтам апама,
Біліп қойса бұл істі?

Мен ұялып қалдым, ұялғанымнан өзімнің басымдағы тұмағымды кигіздім. Сұлтанмахмұт оны өзіме қайтып берді де, өз тұмағын жалпитып киіп алды. Мен оны үйге алып келдім. Шешеме тұмағының құлағын тіктірдім. Сөйткенше кеш болып қалды да, Сұлтанмахмұт біздікіне қонбақшы болды. Баласын көзден таса қылғысы келмейтін Шоқпыт іңірде жетіп келді. Бірақ Сұлтанмахмұттың біздің үйде екенін білген соң, тамақ ішті де кетіп қалды. Сөйтіп түнде Сұлтанмахмұт екеуміз бірге жатып, ертеңіне оқуға бірге бардық.

Біз осылайша күйеу Мағзұм, Садуақас молдалардан да бірге оқып, балалық шағымызды бірге өткіздік. Тек 1911 жылы ғана біздің ауылға Семейдің мұғалімдер семинариясын бітірген Ақметолла Барлыбаев дейтін мұғалім келіп, үш бөлімді бір кластық орысша мектеп ашты да, мен соған ауысып кеттім. Сұлтанмахмұт мұсылманша оқып қалып қойды. Бірақ қыс бөлініп, жаз ылғи табысып жүрдік.

Сұлтанмахмұт нені болса да салғастыра ойлап, оған өзінше сеніп барып иланатын еді. Бір иланса, одан қайтуы оңайға соқпайтын. Ал беті қайтса, сол минутында сілкіп тастап жүре беретін. Әсіресе зорлық-зомбылық, әділетсіздік, алдау-арбау оның жүрегіне тікенектей қадалатын. Ол бұларға қарсы бар күшін сала күресетін, егер жеңдірмей жатса, бұлан-талан ашуланып, қатты ызаланатын.

Бір мысал келтірейік. Біздің елде Қарер, Қарабек, Хамза дейтін үш жетім бала болды. Қарабек безгек сияқты бір аурумен сырқаттанды. Баланың аңқау шешесі алдыңғы істерін білмейбасқа елдегі бір тәуіпті шақыртады. Тәуіп қойдың өкпесімен қағып жазамын деп, бұлардың бір тоқтысын сойғызып тастайды.

Бұл тәуіп осыдан бұрын елдің бір сырқат адамын емдеймін деп өлтіріп алған болатын. Мұны Сұлтанмахмұт та жақсы білетін. Қарабектікіне осы тәуіп келді дегенді ести сала ол жетіп келеді. Келсе, тоқты сойылған, тәуіп баланы ума-жума зікірлеп жатады. Сұлтанмахмұт “мұның не, тоқтыны неге сойғыздың?” дегенде, тәуіп оның өзіне ұрсып маңайына жолатпайды. Сұлтанмахмұт ызаланып, ши астында жатқан оқтауды ала сала тәуіпті бастан періп қалады. Тәуіп балаға енді ем дарымайды деп кетіп қалады.

Сұлтанмахмұт жастайынан көп оқыды. Әуелде діни мектептер біраз уақытын алғанымен, ол кейін әртүрлі пәндерге, көркем әдебиетке жан-

тәнімен кірісіп кеті. Сұлтанмахмұттың бір қасиеті – ол кез келген нәрсені оқи бермейтін, әуелі байқап, не білетін адамдардан сұрастырып көретін. Сұлтанмахмұт тіпті арабша оқып жүрген кезінің өзінде де сол оқитындарын өзінше қазақшаға аударып, талдап, “осылардың не керегі бар” деп отыратын еді.

Сұлтанмахмұт әсересе көркем әдебиетті көп оқыды, көп жаттады. Абайдың, Ғабдолланың, Салтыков-Щедриннің, Лермонтовтың шығармалары мен ауыз әдебиетін, халық өлеңдерін жас кезінің өзінде бас алмай оқып, ылғи жаттап жүруші еді. Кейініректе Л.Толстойдың, Гончаровтың, Кольцовтың, Некрасовтың еңбектерін де көп оқыды. Соларға еліктеп өлең жазып та жүрді. Мәселен, ол Троицкіде оқып жүріп жазғы демалысқа келген кездерінде бір ретте Ғ.Тоқаевтың “Шурале” деген лақап атпен шыққан “Яшин ташлар” (жасыл тастар) атты көк тысты екі жұқа кітабын ала келіп, ондағы сықақ, мысал өлеңдерін аудармақшы болды. Онда саудагерлерді, Құсайын қажыны келекейлейтін, қыздарды әжуалайтын, сынайтын өлеңдер, әңгімелер көп екен. Сұлтанмахмұт соларға еліктеп, өзінше “Сымбатты сұлуға” өлеңін жазды. Ғабдолланың осы кітаптағы көп өлеңін жаттап алды. Ғабдолланың:

Ақдүр пәки саплары,
Көкдүр пәки саплары.
Отыз бештә, қырк бештә
Қыздың “мотур” шақлары, –

дейтін кәрі қыздарды мазақтаған өлеңін әзіл етіп айтып жүруші еді.

Аты есімде жоқ, Ғабдолланың сол кітаптарының бірінде ұлтшылдықты мысқылдайтын өлең сияқты бір үйлесімді әңгіме болды. Онда асханаға келген біреу бұрышқа шашалып, жаман қиналады. Көзінен жас парлайды. Сонда көлденең біреу “неге жылайсыз?” деп сұрайды. Бұрышқа шашалып отырған оқығандау кісі “Милләтім үшін” деп жауап береді. Сұлтанмахмұт осыны өлеңмен аударды. Аудармасы тамаша еді. Ол өзінің “Тентектің жиған шоқпары” деп атаған қолжазба кітабын осыдан кейін жазды. Оған Ғабдолланың жаңағы кітаптарынан аударғаны, өз жазғандары енді. Қолжазба кітабы “Сымбатты сұлуға” өлеңінен басталатын еді. Бірақ ол кітабы кейін жоғалып кетіпті.

Сұлтанмахмұт өлең жазардың алдында көп ойланып, көп толғанатын, маңайындағының бәрін ұмытатын, жақын адамдарымен де сөйлеспей қоятын. Ол сол ойлану кезінде есінен танған адамға ұқсап кетуші еді. Басын төбесінен саусағымен айналдыра беретін. Далаға жеке шығып кететі. Ал жаза бастаса-ақ, өте тез бітіретін, басқа нәрсемен еш айналыспайтын. Ол “Кедей” дастанын да, “Адасқан өмір” дастанын да бір-бір жұманың ішінде бітірген еді. Бұл екеуін жазарда кітапты көп оқып жүрді. Мен Герценнің кітаптарын да оқып жүргенін көрдім.

Сұлтанмахмұт Мәшһүр-Жүсіппен 1919 жылы талай рет кездесті: екі рет өзі іздеп барды. Баянауылда да талай кездесіп жүрді. Мәшһүр оның өлеңдерін көшіріп алатын еді. Әлі есімде, Мәшһүр Сұлтанмахмұтпен

біздікіне бір кездескенінде: “Қобыланды тұқымынан шыққан батыр Қажымұқан болса, Торайғыр тұқымынан шыққан ақын сенсің” – деген еді.

Сұлтанмахмұт біздің жақта совет үкіметін орнату жолында көп еңбек етті. Ол ауыр сырқатына қарамастан ел ішінде волком сайлауын жүргізді, кедейлерді ел басқаруға, билікті өз қолдарына алуға үгіттеді. Көптеген баяндамалар жасады. Сөйтіп жүргенде ауруы асқынады. Ол сонда да ел аралаумен болды. Сол ел аралап жүріп, бір күні Баянауыл болысындағы қаржас елінде Жанысбай дейтін байдікіне түседі. Сұлтанмахмұттың сырқат екенін және совет үкіметіне қызмет етіп жүргенін бұрыннан білетін Жанысбай, волкомның уәкілі ретінде барған оған реңінің нашарлығын көріп, жөтеліп көріп, жаны ашыған болып, ертеден жатқан алмастың бір қасық ерітіндісін береді. Сұлтанмахмұт менің әуелден ескертіп қойғаным бойынша:

Дәрігердің рұқсатынсыз ішпеймін, рахмет, – дейді.

-Қарағым-ау, о не дегенің, мен осыдан жазылған жоқпын ба?! Сен маған, – деп Жанысбай иландырады.

Сұлтанмахмұт ішеді, бірақ артынша уланып, қолма-қол түнделетіп маған келді. Мен ол кезде Баянауылда болатынмын. Мен дереу дәрімен уытын қайтардым да, енді елге – Ақбеттауға барып тынығу керектігін айттым. Сұлтанмахмұт менңі айтқаныма көнді.

Бұл кез 1920 жылдың қысы болатын. Төсек тартып жатып қалған Сұлтанмахмұттың өз үйінде жағдайы болмады. Сол себепті менің немере ағам Шерияздан өз үйіне апарып, жеке бөлмеге қойып күтті. Бөлменің ішіне қарағайдың бұтағын іліп, алмастырып отырдық. Қысырдың қымызын бердік. Әр түрлі ем жасадық. Сұлтанмахмұт біраз айығыңқырады. Сол сергіңкіреген кезінде “Дала ақыны мен қала ақынының айтысы” атты дастанын жаза бастады. Бірақ көктемде сырқаты қайта демдеді де, одан әрі жазуға мүмкіндігі болмады.

Күн жылынғаннан кейін Сұлтанмахмұттың өз қалауы бойынша әкесінің киіз үйін бір төбешікке тігіп, сонда күттік. Сұлтанмахмұт бұл кезде әбден әлсіреп, совет үкіметі жайындағы кішкене кітапшалардан басқа ештеме оқи алмады.

Сөйтіп, аса қадірлі замандасым әрі туысым Сұлтанмахмұт 1920 жылы 21 май күні түске кейін дүние салды да, ойлаған мақсатына еркін жете алмай, бастаған шығармаларын аяқтай алмай, арамыздан кетті. Ол өзінің “Кім жазықты?” романын да қайта жазбақшы еді, мұнысы да орындалмады.

Мен осының бәріне кейін күйініп те жүрдім. Сұлтанмахмұттың: “Қала ақыны мен дала ақынын” бітіре алмай барамын. Әр ақынды өз қалыбында, өз ниетінде, өз сөзімен сөйлетіп едім. Бірақ менің қала ақыны деп отырғаным да совет ақыны емес, капиталистік қаланың ақыны еді. Поэманың соңында екеуін де техникаға жүгіндірмекші едім. Жиған-тергенімді тапсыроғанда, осы жайды қадағалап айтарсың”, – деген өлер алдындағы сөзі әлі есімде.

Сұлтанмахмұт менен бір-ақ жас үлкен еді. Бірақ біз оны бәріміз де аға тұтатынбыз. Оның өлер алдындағы айтқан өсиет есепті ақылы да, бізге борыш етіп қалдырған тілектері де менің көкірегімде сақтаулы. Егер

уақытым болса, Сұлтанмахмұт жөнінде өзімше арнайы очерк жазам ба деген ойым бар. Мұның өзі марқұм Сұлтанмахмұт үшін де, оны сүйіп оқитын көпшілік үшін де пайдалы болар деп ойлаймын.

1960, 4-5 июнь

Шәйбай Айманов

Жамбыл облысы, Тоқмақ селосы

28 июнь, 1960 жыл

Сұлтанмахмұт Торайғыров: Екі томдық
Шығармалар. Алматы: Қазақтың Мемлекеттік Көркем
Әдебиет баспасы, 1962. 2 том. 239-246 б.

ШӘЙМЕРДЕН ТОРАЙҒЫРОВТЫҢ ЕСТЕЛІГІНЕН

Сұлтанмахмұттың анасы Зүппен Қарауыл еліндегі Жадайдың қызы. Менің әкем Қожахмет пен Сұлтанмахмұттың әкесі Әбубәкір елден көшіп кетіп, жезделері Әнәпияны сағалап Шабан-Шаншар еліне барғанда, Әнәпиядан пәлендей жақсылық көре алмай, оның жылқысын бағады. Әнәпияның жылқысын бағып жүргенде Меңіреуді қыстайтын Оспан ауылы Әбубәкірдің салығы болады. Ол көбінесе Жадайдың үйінде жатып, кір-қоңын сонда жуғызып алады. Соның арқасында Жадайдың ұлы Бәкенмен танысып, сол арқылы оның қарындасы Зүппенмен көңілдес болады. Бәкеннің көмегімен екі жақ құдалық ырымын істеседі.

Әнәпияның әйелі Шымпыр Әбубәкір мен Қожахметтің апасы, Әнәпия оны біздің жақтан 40 кісімен келіп әкеткен екен.

Зүппенді Әбубәкір (Шоқпыт) жиырма жасында алған. Төрт жылдан кейін Зүппен екі қабат болып, 1893 жылы қысқа салым Меңіреуде Сұлтанмахмұт туады. Сұлтанмахмұт жасында әдемі, толық, жылауды білмейтін сүйкімді бала болады. Жұрт оны қолдан-қолға түсірмей еркелетіп, өзін Мақыш деп атайды. Сұлтанмахмұттың өзі де есейгенге шейін өзін Мақышпын деп жүрді. Тек 1911 жылы ғана, “Зарландым” әңгімесін жазғанда ғана бірінші рет ол Сұлтанмахмұт деген толық атын қойды.

Зүппен Сұлтанмахмұт туғаннан кейін екі жылдан соң Бәшенді (Байқоңыр) көтереді. Ол туғаннан кейін төрт айдан соң, 27 жасында, екі қарғасының қызығын көре алмай, Зүппен жастай қайтыс болады.

Бұдан кейін Шоқпыт пен Қожахмет Қарауылдан өз елдеріне – Баянаулдағы Сүйіндікке көшеді. Шоқпыт Торайғыр көлін қысап отырған Дүржанның қоңсысы болады. Дүржанның Қожахметтен басқа балалары ол кезде үйленбеген еді. Сұлтанмахмұт екі-үш үйдің арасында жүгіріп жүрген жалғыз бала болатын. Ол Дүржанды “әке”, Дарманды “әже”, Жұматайды (менің шешем) “апа”, Қожахметті (менің әкем) “Қожақай” дейтін.

Торайғыр – Сұлтанмахмұттың төртінші атасы. Біздердің өзіміздің ру аты болған Сүйіндіктен бері таратқандағы ата-тек шежіреміз төмендегідей:

Айдабол
Құлболды
Сүйіндік
Жанғозы
Төлебай
Едіге
Торайғыр
Әбет
Бөкет
Әбубәкір мен Қожахмет
Сұлтанмахмұт, Шәймерден.

Мен Сұлтанмахмұттың өмірі мен шығармаларының жазылу тарихын жеке кітап етіп жаздым. Ол Академияда сақтаулы. Оның бәрін келтіру мүмкін емес.

Шәймерден ТОРАЙҒЫРОВ

1960, 15 июнь.

Сұлтанмахмұт Торайғыров: Екі томдық
шығармалар. Алматы: Қазақтың Мемлекеттік
Көркем Әдебиет баспасы, 1962. 2 том. 247-248 б.

НҮРКЕ ЖАНАЛИННИҢ ЕСТЕЛІГІНЕН

Мен Сұлтанмахмұтты 1919 жылдың қазан айынан бері білем. Екеуіміздің ауылмыздың арасы 125 шақырым. Бізде – Баянауылда боқырау жәрмеңкесі деген үлкен жәрмеңке болып тұрды, сол жәрмеңкеде мен Сұлтанмахмұтты бірінші рет көрдім. Ол ноғайдың үйінде жатыр екен. Сол үйге Сұлтанмахмұтты көруге сағат үштің кезінде өзім іздеп келіп сәлем бердім. Оны көптеген жігіт қоршап отыр екен.

Мені Сұлтанмахмұтпен Шерияздан деген немерелес ағасы таныстырды. Бірақ мен Сұлтанмахмұтты таныстырмастан бұрын да білуші едім.

Сұлтанмахмұт сол кезде-ақ құрт ауруымен ауырып жүр екен, өйткені, оның жанында түкіретін шынысы тұрды. Шынының аузын жуып ұстайды. “Аузын ашып қойса, ішіндегі құрт далаға шығып кетеді” – деп әзілдеп отырды Сұлтанмахмұт.

Сол жәрмеңкеде жүргенімізде, сауда жасап жүрген орыстың, ноғайдың саудагерлерін көріп, Сұлтанмахмұт:

-Осы күнде де сауда жасап жүрген орыстың, ноғайдың саудагерлерін мен ақылы жоқ ақымақ деп түсінем. Біз өзіміз осы күні уақытша Колчакқа бағынып отырған халықпыз, ал осы саудагер орыс, ноғай байларының ойына бұл кіріп те шықпайды. Әсіресе, міне, біздің Ақмола, Қызылжардың ноғай саудагерлерінің есі жоқ екен, – деді.

Сол уақыттың өзінде де Сұлтанмахмұт: “Сірә, менің өмірім ұзақ болмас, сонда да осы жаңа дүниенің, жаңа тұрмыстың, жаңа өмірдің шет жағасын болса да көрсем екен” – деуші еді.

Сұлтанмахмұтпен танысып, біраз әңгімелесіп отырғасын, қоштасып – амандасып кеттім мен. Содан елге барғасын мен ауырып қалдым. 7 қаңтар күні Сұлтанмахмұт біздің ревкомның сайлауына келді. Сол ревкомның мүшесі болып сайланды. Сайлауда екі жақ болды: бірі – байлар жағы, екіншісі – кедейлер жағы. Сол кедейлердің жағы Сұлтанмахмұтты ревкомның мүшесі етіп сайлады.

Сұлтанмахмұт Далбан ауылына келгенде, мен де Сұлтанмахмұт сияқты туберкулезбен ауру едім. Мені ревкомның мүшелігіне Сұлтанмахмұт өзі сайлатып қойды. Содан ай жарым өткесін мен ревкомның қызметіне кірістім. Сосын май айы болып қалды. Сол кезде Сұлтанмахмұт қатты ауру деп хабар келді. Мен көңілін сұрау үшін Ақбеттауға жүріп кеттім. Келіп көңілін сұрасам, екі иығынан демін алып жатыр екен. Ол кезде май айының 15-16 шамалары еді. Сұлтанмахмұттың әйелі жоқ болатын ол кезде. Сонда Мәлике деген бір қызды Сұлтанмахмұт: “мен бәрібір өлем, бірақ осы Мәликені алғаным болып есептелсін, қасымда бір-екі күн болса да отырсын”, – деп қасына отырғызып қойыпты.

Сұлтанмахмұт мен барғасын менен сұрады:

-Ал сен алыс жерден келген екенсің, сенің елің не болып жатыр? Біздің елде әлі совет заңы жүрмей жатыр. Бізде мына бір Жақып қажы деген пәле

жасап жатса керек. Дегенмен совет деген Жақып түгіл оның әкесіндей кісінің де мойнын жұлып алады ғой. Ал енді заман сендердікі. Менің бүгін-ертең құрт қолқамды қиюға жақындады. Менің сендерге көп түсіндіруге шамам жоқ. Елге қалай да тез еңбек сіңіріп, дұрыс басшылық етіндер, – деді.

Нүрке ЖАНАЛИН

1945. 22 мамыр

Сұлтанмахмұт Торайғыров: Екі томдық
шығармалар. Алматы: Қазақтың мемлекеттік
Көркем Әдебиет баспасы, 1962. 2 том. 249-250 б.

СҰЛТАНМАХМҰТҚА

(естелік өлең)

Жалғыз мола, жол үсті,
Жолаушы өтер көз салып.
Өте беріп ой түсті,
Тұра қалдым тоқталып.
Қурай басқан қу қабыр
Жел ескендей күбірлеп,
Күңіренгендей сонда бір,
Өлген адам үһлеп.
Келдім жетіп басына,
Ызыңдайды мелшиіп,
Басындағы меңіреу тас.
Үндемейді томсарып,
Ақынға ана болған тау.
Сырласып жүрген ақынның
Өлгені ме, апырмау!
Түсті есіме сол күні,
Шерлі ақынның өлгені.
Есіркеп Арқа сорлыны
Жаспен жауып көмгені
Жүрегімді өртеді
Қайғы ызасы аралас.
Қабырына домалап
Ағып кетті көзден жас.
Түнгі боздақ жұлдыздай
Жарқ етті де ол сөнді.
Азалы болған Арқаны
Жыры кезіп жөнелді.
“Па” десейші, сол жырдың
Үнін дала алыпты.
Ескен желі ой-қырдың
Еске сақтап қалыпты.
Естілді маған сол жырмен
Шаттық үні Арқаның.
Қуаныштың құйыны
Алып жатыр алқабын.
Арқадан ескен сол жырдың
Ішінде сенің жүрегің,
Жүрегің сенің менікі –
Жүрегім деп жүремін.

“Сұлтанмахмұт ағартушылық – гуманистік идеяларымен ғана шектеліп қалған жоқ. Ол адамдық табиғаты жағынан алғанда – күрескер, дүниеге көзқарасы тұрғысынан алғанда – демократ, әдеби әдісі тұрғысынан алғанда – сыншыл реалист еді”.

Мұхтар МАҒАУИН

ҚАЛИЖАН БЕКХОЖИН

1939

Сұлтанмахмұт Торайғыров: Екі томдық шығармалар.
Алматы: Қазақтың Мемлекеттік Көркем Әдебиет баспасы,
1962. 2 том. 261 б.

КӨМЕКШІ КӨРСЕТКІШТЕР

СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВТЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШІ

1912

1. БАСҚАРМАҒА келген хаттар / Айқап.-1912.-№14.-313-314 б.
Сұлтанмахмұт Торайғыровқа Троицкіде оқуға бару үшін көмек берген азаматтарға рахмет айтқан хаты.

1913

2. АУЫРМАЙ есімнен жаңылғаным / Айқап.-1913.-№17.-375-378 б.
Әңгіме. Жесір әйелдің еріксіз некесін қию. Әңгіме аяғында “Әйелдің зары” деп өлең келтірілген.
3. ӘЛПІ. Итаршыға // Айқап.-1913.-№20.-429 б.
Өлең.
4. БАСҚАРМАҒА келген хаттар // Айқап.-1913.-№15.-338-339 б.
Ә.Ғалимовтың мезгілсіз қайтыс болуымен байланысты көңіл айту ретінде жазылған хабар.
5. БҰЛАР кім? // Айқап.-1913.-№9.-207-208 б.
Өлең, Жалқаулықты, жатып ішерлікті сынайды.
6. БІР балуанға қарап // Айқап.-1913.-№21.-443 б.
Өлең. Өжеттілік, батырлық дәріптеледі.
7. ЖАҢА кітап // Айқап.-1913.-№17.-348 б.
Міржақып Дулатовтың “Азамат” кітабы туралы.
8. КЕШЕ түндегі түс, бүгінгі іс // Айқап.-1913.-№20.-427-429 б.
Түн бейнесі суреттелген өлең.
9. ҚАЗАҚ тіліндегі өлең кітаптары жайынан // Абай.-1913.-№7.-11-14 б.
Абай Құнанбаев туралы.
10. ҚАЗАҚ тіліндегі өлең кітаптары жайынан // Айқап.-1913.-№19.-404-405 б.; №20.-419-420 б.; №22-24.-451-453 б.
Автор мақалада “Зарқұм”, “Салсал”, “Алпамыс” сияқты қисса, ертегілердің қазақ әдебиетінде алатын орнына тоқталған. Қазақ тілінде шыққан өлең кітаптарының тілі, көркемдігі жайында үзінділер келтіріліп жазылған сын

11. ҚАЗАҚ ішіндегі оқу – оқыту жолы қалай? // Айқап.-1913.-№12.-265-267 б.

Автор қазақ арасындағы оқу ағарту мәселесіне тоқтала отырып, оқыту ісіндегі кемшіліктерді атап көрсеткен.

12. ҚҰРАН бұзхған // Айқап.-1913.-№21.-432 б.

Қазақ қаласында Харитонов мәтбиғасы бастырған Құран кітабының қатесін сынап, кітапты таратуға шек қойған.

13. ҚЫМЫЗ // Айқап.-1913.-№18.-397-399 б.

Өлең.

14. МІНЕ, алақай // Қазақ.-1913.-№4.

Өлең. Автор қазақ тілінде “Айқап” журналы мен “Қазақ” газетінің қатар шығып тұруына қуаныш пейілін білдірген.

15. ӨЛЕҢ һәм айтушылар // Айқап.-1913.-№13.-293-295 б.

Автор өлеңнің маңызы зор екендігін сөз етеді. Қазақ елінде өлең және өлеңді айтушылар жоғары бағаланатындығын, мәдениетті елдерде өлең айту тәсілі, халықтың театрларды тыңдап, мәдениетті түрде пайдаланатындығы мысалға келтірілген. Өлеңді айту тәсілін жастарға түсіндіру керектігін жазған.

16. ӨТІНІШ // Айқап.-1913.-№16.-360 б.

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың “Айқап” журналы арқылы Омск уезінен туысқандарын іздестіру хаты.

17. ТҮСІМДЕ // Айқап.-1913.-№1.-14-18 б.

Өлең. Ел басындағы ауыр хал суреттелген.

18. ІШКІ ХАБАРЛАР // Айқап.-1913.-№19.-412-413 б.

Троицкідегі орыс-татар мектебінің мұғалімі Л.Ғабдолғазизов туралы некролог.

19. ІШКІ хабарлар // Қазақ.-1913.-№33.-Семей мен Павлодардағы оқу, оқыту ісі туралы.

20. ІШКІ хабарлар // Қазақ. -1913.-№39.

Сұлтанмахмұт Торайғыровты емдеген дәрігері Әубәкір Алдияровқа алғысы.

1914

21. БАСҚАРМАДАН // Айқап.-1914.-№1.-18б.; №3.-Соңғы бет.

“Айқап” хатшысы Сұлтанмахмұт Торайғыров хатшылықтан шықты. Мұнан былай оның “Айғақпенен” ешбір қатынасы болмайды деген.

22. КӨҢІЛДІ көндіретін тағдыр // Айқап.-1914.-№12.-202-203 б.
Өлең. Көңіл, жүрек және қарынның тағдырға бағынуы.

1915

23. АЛТЫ аяқ // Айқап.-1915.-№3.-43 б.
Өлең. Теңізде толқынмен күрескен адам бейнесі суреттелген.

24. ӨСКЕМЕН. Елден // Айқап.-1915.-№5.-75-77 б.

Автор мақаласында Өскемен уезінде қыз ұзату, жесір дауы туралы әдет-ғұрыптан басқа заң шығару үшін болған жиналысты хабарлаған, онда әйел мәселесін көтергендігін жазған.

1916

25. ЖАЗЫҚСЫЗ тамған қан // Қазақ.-1916.-№168.-9 февр.
Әдет-ғұрып, салт-сананың құрбаны болған жастың өлімі туралы әңгіме.

26. ЖАЛАҢАШ баба // Құрбан қажы аузынан // Қазақ.-1916.-№182;
Қазақ.-1998.-301-302 б.

Қазақ елімен қырғыз елінің арасындағы жаугершілік кезеңінен аңыз әңгіме.

1917

27. Аһ, дүние! // Сарыарқа.-1917.-19окт. -№17.
Өлең.

28. АЛАШ ұраны // Сарыарқа.-1917.-№21.-21 нояб.
Өлең.

29. ӘЛИХАННЫҢ Семейге келуі // Сарыарқа.-1917.-№20.-13 нояб.
Әлихан Бөкейхановты Семей жұртшылығының қарсы алғану суреттелген.

30. Е, дүние! // Сарыарқа.-1917.19окт.
Өлең.

31. ЖАС жүрек // Сарыарқа.-1917.-№15.-29 сент.

32. САРЫАРҚАНЫҢ жаңбыры // Сарыарқа.-1917.-№16.-10окт.

Өлең. Жаңбырды бостандыққа теңеп, жаңбыр жерді гүлдендірсе,
бостандық елді гүлдендіретінін суреттеген.

33. ШӘКІРТ ойы // Сарыарқа.-1917.-№19.-9нояб.
Өлең.

1918

34. АҚ Найман Ойсынбай / Жиыстырушы Сұлтанмахмұт // Абай.-
1918.-№10.-13 б.
Билер сөзі.

35. НЕГЕ жасаймын? // Абай.-1918.-№3.-12 б.
Өлең.

36. СОЦИАЛИЗМ // Айқап.-1918.-№3.-1-4 б.
Мақала.

1919

37. ЕСКІ сөз / Жиыстырушы Сұлтанмахмұт // Абай.-1919.-№4.-12-13 б.

1922

38. АДАСҚАН өмір: (Поэма).-Қазан: ҚКӘБ, 1922.-103 б.
Мазмұны: Адасқан өмір. Кедей. Айтыс (Қала ақыны мен дала ақыны
айтысқаны).

1925

39. ГҮЛ. Тұрмысқа. Ләнет бұлты шатырлап // Таң.-1925.-№3.-78-80 б.
Өлендер.

1932

40. “КЕДЕЙ” поэмасынан үзінді // Әдебиет тану құралы / Авторлары:
Жансүгірұлы І. Т.б.-Қызылорда, 1932.-157-159 б.

1933

41. ТОЛЫҚ шығармалар жинағы.-Қызылорда: Қазақстан баспасы,
1933.-344 б.

1934

42. ҚАЛАДАҒЫ жебірлер. Рухани қысымшы. Байлық-ұрлық, зорлықтың жемісі (“Кедей” поэмасынан үзінділер) // Сейфуллин С., Тұрманжанов Ө. Көркем әдебиет. Орталау мектептің 5-класы үшін.- Қызылорда, 1934.-196-198 б.

1937

43. БІР адамға. Ауырмай есімнен жаңылғаным. Шал алған қызға. Шәкірт ойы // Әдебиет хрестоматиясы. Орталау, орта мектептің 6-класына арналған / Құраст. М.Әуезов.-Алматы, 1937.-86-91 б.

44. НЕГЕ жасаймын? Кедей (Үзінді) // Ідебиет хрестоматиясы. Орталау, орта мектептің 9-класына арналған / Құраст. Ә.Үсенов.-Алматы, 1937.-59-70 б.

1938

45. БІР адамға. Ауырмай есімнен жаңылғаным // ІӘдебиет хрестоматиясы. Орталау, орта мектептің 6-класына арналған / Құраст. М.Әуезов.-Алматы, 1938.-172-175 б.

46. ЕКІ тышқан // Әдебиет хрестоматиясы. Бастауыш мектептің 3-класына арналған / Құраст.: Е.Смаилов, Ә.Сәрсенбаев.-Алматы, 1938.-24 б.

47. НЕГЕ жасаймын? Қамар сұлу (Үзінді). Кедей // Әдебиет хрестоматиясы. Орталау, орта мектептің 9-класына арналған / Құраст.: Е.Смаилов, Қ.Бекхожин.-Алматы, 1938.-134-149 б.

1939

48. АУЫРМАЙ есімнен жаңылғаным (Өңгіме). Кедей (Поэмадан үзінді) // Бекхожин Қ. Әдебиеттік оқу кітабы. Орталау, орта мектептің 6-класына арналған.-Алматы, 1939.-42-53 б.

49. БІР адамға. Кім жазықты (Үзінді) // Көшімбаев А. Әдебиеттік оқу кітабы. Орталау, орта мектептің 7-класына арналған.-Алматы, 1939, 15-37 б.

50. НЕГЕ жасаймын? Қамар сұлу (Үзінді). Кедей (Поэмадан үзінді). Мен бала. Мен жігіт // Ідебиет хрестоматиясы. Орталау, орта мектептің 9-класына арналған / Құраст.: Е.Смаилов, Т. Ақшолақов.-Алматы, 1939.-104-138 б.

1940

51. АУЫРМАЙ есімнен жаңылғаным (Әңгіме). Кедей (Поэмадан үзінді) // Бекхожин Қ. Әдебиеттік оқу кітабы. Орталау, орта мектептің 6-класына арналған. -Алматы, 1940.-116-126 б.

52. БІР адамға // Лениншіл жас.-1940.-22 май.-№99.

53. БІР адамға. Кім жазықты (Үзінді) // Көшімбаев А. Әдебиеттік оқу кітабы. Орталау, орта мектептің 7-класына арналған.-Алматы, 1940.-84-106 б.

54. ОДНОМУ человеку. Думы ученика. Слепое дерево. Зачем я живу. Заблудившаяся жизнь (Отрывок из поэмы) // “Песни степей” (Антология казахской литературы).-1940.-С.327-335.

1941

55. АУЫРМАЙ есімнен жаңылғаным (Әңгіме). Кедей (Поэмадан үзінді) // Бекхожин Қ. Әдебиеттік оқу кітабы. Орталау, орта мектептің 6-класына арналған.-Алматы, 1941.-159-170 б.

56. БІР адамға. Кім жазықты (Үзінді) // Көшімбаев А. Әдебиеттік оқу кітабы. Орталау, орта мектептің 7-класына арналған.-Алматы, 1941.-84-106 б.

1942

57. АНАУ-мынау. Шығамын тірі болсам адам болып. Көшу. Туған еліме. Шәкірт ойы. Неге жасаймын? Қамар сұлу (Үзінді). Адасқан өмір // Қазақ әдебиеті. Хрестоматия. 11 бөлім. Орта мектептің 9-класына арналған. Жөнделіп бесінші басылуы / Құраст. Е.Смаилов.-Алматы, 1942.-174-206 б.

58. БІР адамға. Кім жазықты (Үзінді) // Көшімбаев А. Әдебиеттік оқу кітабы. Орталау, орта мектептің 7-класына арналған.-Алматы, 1942.-70-86 б.

59. КЕДЕЙ: (Поэма).-Алматы: Қазбірмембас, 1942.-36 б.

1943

60. АУЫРМАЙ есімнен жаңылғаным (Әңгіме). Кедей (Поэмадан үзінді) // Бекхожин Қ. Әдебиеттік оқу кітабы. Орталау, орта мектептің 6-класына арналған.-Алматы, 1943.-159-169 б.

61. БІР адамға. Кім жазықты (Үзінді) // Көшімбаев А. Әдебиеттік оқу кітабы. Орталау, орта мектептің 7-класына арналған.-Алматы, 1943.-70-86 б.

1944

62. АДАСҚАН өмір: (Поэма).-Алматы: Қазбірмембас, 1944.-32 б.

63. БІР адамға. Кім жазықты (Үзінді) // Көшімбаев А. Әдебиеттік оқу кітабы. Орталау, орта мектептің 7-класына арналған.-Алматы, 1944.-70-87 б.

1945

64. АДАСҚАН өмір.-Алматы: Қазмембіріккенбас, 1945.-33 б.

65. АУЫРМАЙ есімнен жаңылғаным (Өңгіме). Кедей (Поэмадан үзінді) // Бекхожин Қ. Әдебиеттік оқу кітабы. Орталау, орта мектептің 6-класына арналған.-Алматы, 1945.-153-164 б.

66. ӘДІЛДІК туралы // Қызыл ту.-1945.-8 июнь.-№110.

Сұлтанмахмұттың “Адасқан өмір” поэмасының “Мен жігіт” деген бөліміндегі әділдік туралы айтқандары.

1946

67. СҮЙЕМІН туған тілді – анам тілін. Бір адамға. Кім жазықты (Қысқартылып алынған) // Көшімбаев А. Әдебиеттік оқу кітабы. Жетіжылдық және орта мектептердің 7-класына арналған.-Алматы, 1946.-106-125 б.

1947

68. АНАУ-мынау. Шығамын тірі болсам адам болып. Көшу. Туған еліме. Шәкірт ойы. Қамар сұлу (Үзінді). Адасқан өмір (Үзінді). Кедей (Үзінді) // Қазақ әдебиеті Хрестоматия. Орта мектептің 9-класына арналған / Құраст. Ә. Шәріпов.-Алматы, 1947.-111.-150 б.

69. АУЫРМАЙ есімнен жаңылғаным (Өңгіме). Кедей (Поэмадан үзінді) // Бекхожин Қ. Әдебиеттік оқу кітабы. Орталау, орта мектептің 6-класына арналған.-Алматы, 1947.-147-157 б.

70. БІР адамға. Кім жазықты (Қысқартылып алынған) // Кәрібаев Ш. Әдебиеттік оқу кітабы. Жеті жылдық және орта мектептердің 7-класына арналған. –Алматы, 1947.-114-133 б.

1949

71. АНАУ-мынау. Шығамын тірі болсам адам болып. Көшу. Туған еліме. Шәкірт ойы. Қамар сұлу (Үзінді). Адасқан өмір (Үзінді). Кедей (Үзінді) // Қазақ әдебиеті. Хрестоматия. Орта мектептің 9-касына арналған / Құраст. Ә.Шәріпов.-Алматы, 1949.-115-153 б.

72. БІР адамға. Қол қойған: “С.М.Т.” // Кәрібаев Ш. Әдебиеттік оқу кітабы.-Алматы, 1949.-94-95 б.

1950

73. АНАУ-мынау. Шығамын тірі болсам адам болып. Көшу, Туған еліме. Шәкірт ойы. Қамар сұлу (Үзінді). Адасқан өмір (Үзінді). Кедей (Үзінді) // Қазақ әдебиеті. Хрестоматия. Орта мектептің 9-касына арналған /Құраст. Ә. Шәріпов.-Алматы, 1950.-115-153б.

74. БІР адамға. Қол қойған: “С.М.Т.” // Кәрібаев Ш. Әдебиеттік оқу кітабы.-Алматы, 1950.-94-113 б.

75. ТАҢДАМАЛЫ шығармалары: Өлеңдер, поэмалар, әңгімелер, очерктер және статьялар / Ред. қарағандар: М.Әуезов, М.Ғабдуллин, Б.Кенжебаев.-Алматы: Қазақ ССР Ғылым Академиясының баспасы, 1950.-294 б.

76. ИЗБРАННЫЕ сочинения / Отв. ред.М.Ғабдуллин.-Алма-Ата: 1950.-С. 298.

1951

77. АНАУ-мынау. Шығамын тірі болсам адам болып. Көшу. Туған еліме. Шәкірт ойы. Қамар сұлу (Үзінді). Адасқан өмір (Үзінді). Кедей (Үзінді) // Қазақ әдебиеті. Хрестоматия. Орта мектептің 9-касына арналған / Құраст.Ә.Шәріпов.-Алматы, 1951.-176-231 б.

78. БІР адамға. Кім жазықты? (Қысқартылып алынған) // Кәрібаев Ш. Әдебиеттік оқу кітабы. Жеті жылдық және орта мектептердің 7-касына арналған. – Алматы, 1951.-92-111б.

1953

79. АНАУ-мынау. Шығамын тірі болсам адам болып. Көшу. Туған еліме. Шәкірт ойы. Қамарсұлу (Үзінді). Адасқан өмір (Үзінді). Кедей (Үзінді) // Қазақ әдебиеті. Хрестоматия. Орта мектептің 9-касына арналған / Құраст. Ә.Шәріпов.-Алматы, 1953.-220-273 б.

1954

80. АНАУ-мынау. Шығамын тірі болсам адам болып. Көшу. Туған еліме. Шәкірт ойы. Қамар сұлу (Үзінді). Адасқан өмір (Үзінді). Кедей (Үзінді) // Қазақ әдебиеті. Хрестоматия. Орта мектептің 9-класына арналған / Құраст. Ә.Шәріпов.-Алматы, 1954.-221-274 б.

81. ДІН // Соц.құрылыс.-1954.-30 окт.
Өлең.

82. КЕДЕЙ (Поэмадан үзінді) // Ахметов Ш., Аманов Ш. Әдебиеттік оқу кітабы. 7-класқа арналған.-Алматы, 1954.-171-178 б.

1956

83. ОҚЫП жүрген жастарға. Талаптыларға. Шығамын тірі болсам адам болып. Өмірімнің уәдесі. Шәкірт ойы. Арыстан мен тышқан // Балалар әдебиетінің хрестоматиясы. Педагогикалық училищелерге арналған / Құраст.: М.Сармурзина, Ш.Ахметов.-Алматы, 1956.-107-110 б.

1957

84. ҚАЗАҚ тіліндегі өлең кітаптары жайында // Таңдамалы шығармалар.-Алматы, 1957.

85. ТАҢДАМАЛЫ шығармалар / Баспаға әзірлеген Б. Кенжебаев; Алғы сөзін жазған З.Ахметов. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1957.-398 б.

86. КАК я едва не лишился рассудка // Алма-Атинская правда.-1957.-21июля.

1958

87. МАҒЫНАСЫЗ мешіт. Дін туралы шығармалары / Алғы сөзін жазған Ж.Исмағұлов.-Алматы: Қазмембас, 1958.-86 б.

88. ДОЖДЬ над Сары-Арка. Зачем я живу? Ответь. Я стану человеком, если буду жить. Родносу народу. То добро, что в жизни вкусил. Вера в бога / Пер. А.Жовтис // Советский Казахстан.-1958.-№3.-С.80-93.

89. ИЗБРАННОЕ / Предисл.: З.Ахметова.-Алма-Ата: Казгослитиздат, 1958.-С.166.

90. КЕДЕЙ / Пер. М.Фроман // Литературный современник.-1958.-№11.-С.140-143.

Стихи.

91. ТЕПЛЫЙ вечер. Вера в аллаха. Прямой человек. Когда придет черед...Красный сай гак. Притча. Ответь. Глядя на одного борца. Я стану человеком, если буду жить. На кочевку. Эй, любовь! Эй, дружба! Я не ваш! То добро, что в жизни вкусил. Айт. Родному народу. Любовь к девушке. Дождь над Сары-Арка. Думы ученика. Молодые сердца. Заблудившаяся жизнь. Бедняк. Кумыс. Гуллайм. Вечер. Слепое дерево. Одному человеку. Это ли справедливость. Рябой Ходжа. Цветок. Настроение и необходимость. Зачем я живу? // Антология казахской поэзии / Сост.: К.Джармагамбетов, Е.И. Исмаилов, Г.Мусрепов.-М., 1958.-С.209-243.

1959

93. ЖАРЛАУ (Жұртыма). Ендігі бет алыс. Тұрмысқа. Бір адамға. Өмірімнің уәдесі. Алты аяқ. Жүрегім, тулап шабасың. Шәкірт ойы. Жас жүрек. Неге жасаймын? Адасқан өмір. Қамар сұлу. Кім жазықты? Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан. Өлең мен айтушылар // XX-ғасырдың басыдағы қазақ әдебиеті. Хрестоматия. Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған / Құраст.: Т.Әбдірахманов, Қ.Жармагамбетов.- Алматы, 1959.-147-260 б.

1960

94. КЕДЕЙ // Дастандар.-Алматы, 1960.-301-321 б.

95. СЫҢСУ // Қазақ әдебиетінің тарихы.-Алматы, 1960.-Т.1.-117-118 б.

“СЫҢСУ” өлеңдері ұзатылған қыздың тойы тарқап, ұзатылар алдында өзінің ауыл-аймағымен, құрбы-құрдас, жақын туыстарымен қоштасу ретінде айтылады.

1961

96. ӘШІМГЕ. Қос үй (Бұрын жарияланбаған өлеңдері) // Қызыл ту.- 1961.-14 июль.

97. БІР адамға. Шәкірт ойы // Әдебиеттік оқу кітабы. Сегізжылдық және орта мектептің 7-класына арналған / Құраст.: Ш.Ахметов, Ш.Аманов.- Алматы, 1961.-77-79 б.

1962

98. ШЫҒАРМАЛАР: Екі томдық / Кіріспе мақала К.Шәмкеновтікі; Соңғы сөзі Б.Кенжебаев пен К.Шамкеновтікі.-Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1962.

Т. 1.-292 б.

Т. 2. – 269 б.

99. АФОРИЗМЫ // “Шарк юлдузи”, 1962.-№4.-С.79.

100. БЕДНЯК // Сильченко М. Казахская литература. Учебник – хрестоматия для 9-класса рус школ Казахстана.-Алма-Ата, 1962.-С.109-112.

1963

101.АНАУ-мынау. Арыстан мен тышқан. Мағынасыз мешіт. Қымыз. Тұрмысқа. Айт. Көшу. Бір адамға. Туған еліме. Келді хатың, мен шаршап. Шәкірт ойы. Неге жасаймын? Алты аяқ. Сарыарқаның жаңбыры. Адасқан өмір // XX ғасырдың басындағы қазақ ақындарының шығармалар жинағы.- Алматы, 1963.-237-273 б.

102.БІР адамға. Шәкірт ойы // Әдебиеттік оқу кітабы. Сегізжылдық және орта мектептің 7-класына арналған / Құраст.: Ш.Ахметов, Ш.Аманов.- Алматы, 1963.-89-91 б.

103.Ж...Шәкірт ойы. Бір палуанға қарап // Лениншіл жас.-1963.-28нояб. Өлеңдер.

104.ТУҒАН еліме. Ендігі бет алыс. Неге жасаймын. Шәкірт ойы // Социалистік Қазақстан.-1963.-28нояб. Өлеңдер.

105.КАК придет его черед / Пер. Ш.,Мастон // “Маориф ва маданият”.- 1963.-19 сент. Стихи.

106.МЕЧТА ученика / Пер. Ш.Мастон // “Маориф ва маданият”.-1963.- 19 сент. Стихи.

107.МОЕМУ любимому народу / Пер.Ш. Мастон // “Маориф ва маданият”.-1963.-19сент.

1964

108.БІР адамға. Шәкірт ойы // Әдебиеттік оқу кітабы. Сегізжылдық және орта мектептің 7-класына арналған / Құраст.: Ш.Ахметов, Ш.Аманов.- Алматы, 1964.-87-89 б.

1965

109.АҚЫН арманы // Қазақ әдебиеті.-1965.-26 февр.
Өлең.

110.ҚЫМЫЗ. Тұрмысқа. Айт. Көшу. Бір адамға. Туған еліме. Келді хатың, мен шаршап. Шәкірт ойы. Неге жасаймын? Алты аяқ. Сарыарқаның жаңбыры // Үш ғасыр жырлайды.-Алматы, 1965.-601-614 б.
Өлеңдер.

1967

111. БІР адамға. Шәкірт ойы // Әдебиеттік оқу кітабы. Сегізжылдық және орта мектептің 6-класына арналған / Құраст.: Ш.Ахметов, Ш.Аманов.- Алматы, 1967.-87-89 б.

112.ШЫҒАРМАЛАР. Екі томдық / Соңғы сөзін жазған Ы. Дүйсенбиев. Суретші А.Дяукін.-Алматы: Жазушы баспасы, 1967.
Т. 1. - (Өлеңдер).-380 б.
Т. 2. – (Романдар). – 319 б.

113.БЕДНЯК // Смирнова Н., Сильченко М. Казахская литература. Учебник – хрестоматия для средней школы. Часть 1. – Алма-Ата, 1967.- С.193-197.

114.ПРОИЗВЕДЕНИЯ / Послесл. И. Дүйсенбаева.-Алма-Ата: Жазушы, 1967.
Т. 1. – (Стихи).-С.377.
Т. 2. – (Романы).-С.319.

1968

115.БІР адамға. Шәкірт ойы / Әдебиеттік оқу кітабы. Сегізжылдық және орта мектептің 7-класына арналған / Құраст.: Ш.Ахметов, Ш.Аманов.- Алматы, 1968.-87-89 б.

1969

116. БІР адамға. Шәкірт ойы / Әдебиеттік оқу кітабы. Сегізжылдық және орта мектептің 7-класына арналған / Құраст.: Ш.Ахметов, Ш.Аманов.- Алматы, 1969.-87-89 б.

117.КҮЗГІ түн, шөптің басын қырау көмген...// Лениншіл жас.-1969.-18окт.
Өлең.

1970

118. БІР адамға. Шәкірт ойы / Әдебиеттік оқу кітабы. Сегізжылдық және орта мектептің 7-класына арналған / Құраст.: Ш.Ахметов, Ш.Аманов.- Алматы, 1970.-87-89 б.

1971

119.АРЫСТАН мен тышқан. Туған еліме. Тұмағымның құлағын. Шықай мен шағала.-Алматы: Жазушы, 1971.-12 б.
Өлендер.

120.ӨЛЕҢДЕР.-Алматы: Жазушы, 1971.-64 б.

121.ШӘКІРТ ойы // Әдебиеттік оқу кітабы. Сегізжылдық және орта мектептің 6-класына арналған / Құраст.: Ш.Ахметов, Ш.Аманов.-Алматы, 1971.-73-74 б.

122.Избраное / Перевод. ил. А.Гурьев.-Алма-Ата: Жазушы, 1971.-С.256.

1972

123.ШӘКІРТ ойы // Әдебиеттік оқу кітабы. Сегізжылдық және орта мектептің 6-класына арналған / Құраст.: Ш.Ахметов, Ш.Аманов.-Алматы, 1972.-73-74 б.

1973

124.АРМАНЫМ // Қазақ әдебиеті.-1973.-28 дек.
Өлең.

125.ЕНДІГІ беталыс. Өмірімнің уәдесі. Жас жүрек. Неге жасаймын? // Қызыл ту.-1973.-30окт.
Өлендер.

126.ШЫҒАМЫН тірі болсам адам болып. Шәкірт ойы. Туған еліме.
Қожеке, келдіңіз бе көңілім сұрай? // Оңтүстік Қазақстан.-1973.-27окт.

1977

127.ЖИЛ некий человек среди людей. Пожелание. Национальность /
Пер. с каз. А.Жовтис // Звезда.-1977.-№6.-С.6-7.; №11.-С.9.
Стихи.

1978

128.САРЫБАС. К. Жизни. Светлый луг, любимая... Обещание. Слово
Абая. Национальность / Пер.с каз. А. Жовтис // Простор.-1978.-№4.-С.75-76.

1979

129.ОГОНЕК в степи / Пер.с каз., Предисл. М.Ауезова. Примеч. А.Л.
Жовтиса. Худож.А.Ременик. – М.: Худож.лит., 1979.-С.196.
Избранные стихи.

1985

130.“СЫР тапсам дүниеден ашылмаған” // Қазақ әдебиеті.-1985.-7
июнь.
Өлендер және өнерге қатысты көзқарастар.

131. ШИКАЙ и Шагала: (Для младшего школьного возраста) / Пер. с
каз. С.Рыбакова. Худож. Л.Алин.-Алма-Ата: Жалын, 1985.-С.20.

1987

132.САРЫАРҚАНЫҢ ЖАҢБЫРЫ.-Алматы, 1987.

1988

133.АҚЫН ағаға. Халық. Адам керуен. Қасқырдың күшігі // Қызыл ту.-
1988.-12 нояб.
Өлендер.

134.КЕЗЕК келер. Құрбыма. Сағындым сені, Баянтау / Бапспаға
әзірлеген Қ.Биғожин // Орталақ Қазақстан.-1988.-7 авг.

135.ҚҰРБЫМА. Сағындым сен, Баянтау // Қызыл ту.-1988.-2 окт.
Өлендер.

136.ТЫ чего печалишься душа.../Пер.с каз. Ж.Садыков // Звезда Прииртышья.-1988.-28 окт.

1989

137.АЙТЫС // Жұлдыз.-1989.-№12.-156-168 б.
Поэма.

138.ЖҰМАҚ. Дозақ. Алғыс. Шығамын тірі болсам адам болып. Гүл // Мәдениет және тұрмыс.-1989.-№1.-14 б.
Өлеңдер.

139.МҰҢЛЫ Зейнеп / Газетке әзірлеген Қ.Биғожин // Орталық Қазақстан.-1989.-8 июль.
Өлең.

140.ШӘКІРТТЕР үмітті ақтасын // Семей таңы.-1989.-4дек.
Өлең.

1991

141.АЛАШ ұраны // Жұлдыз.-1991.-№5.-89 б.
Өлең.

142.“КІРСІЗ тіс, жұқа ерін, сөзге епті...” // Қазақ әдебиеті.-1991.-8 наурыз.
Өлең.

143.ТАНЫСТЫРУ: Поэма // Семей таңы.-1991.-18 мамыр.

1992

144.АЙТЫС // Ана тілі.-1992.-7 мамыр.
Дастан.

145.АЛАШ ұраны // Сарыарқа самалы.-1992.-15 желтоқсан; Қазақстан мектебі.-1993.-№9.-Тысының екінші беті.
Өлең.

146.ӘЛИХАННЫҢ Семейге келуі / Алғы сөзін жазып, ред. тапсырған А.Еспенбетов // Жас алаш.-1992.-25 сәуір.

Алашорда үкіметінің төрағасы, белгілі қоғам қайраткері, ғалым публицист - Ә.Н. Бөкейханов туралы.

147.ТАНЫСТЫРУ / Журн. ұсынған А.Еспенбетов // Жалын.-1992.-№6.-33-38 б.

148.ТОЛҒАНЫС // Ақорда.-1992.-№2.-12-15 б.
Ақынның туғанына 100 жыл толуына орай.

149.ОДНОМУ человеку. Кем я стану? Драгоценные наши слова. Зачем я живу? Это ли справедливость? / Пер.с каз. П.Щубин, А.Жовтис // Звезда Прииртышья.-1992.-15 сент.
Стихи.

1993

150.АДАМ – керуен // Қазақ әдебиеті.-1993.-23 шілде.
